Показатели свойств жаростойкого бетона, полученного с использованием карагандинского доменного шлака позволяет рекомендовать изготовление изделий на его основе с температурой применения 1000-1100 °С.

Технология изготовления жаростойкого бетона на основе доменного шлака практически не отличается от технологии изготовления жаростойкого бетона на основе барханного песка [3] и состоит из следующих основных переделов:

- приготовление силикат-натриевого композиционно вяжущего;
- дозирование и смешивание вяжущего и гранулированного доменного шлака (заполнитель);
- приготовление бетонной смеси и формование изделий;
- сушка изделий.

Технологическая схема производства изделий из жаростойкого бетона на основе доменного шлака, представлена на рисунке 2.




Рис. 2. Технологическая схема производства изделий из жаростойкого бетона на основе доменного шлака

Основные физико-механические и теплофизические свойства разработанных жаростойких бетонов представлены в таблице 4.

Таблица 4.

Основные технические характеристики жаростойких бетонов.

Показатели свойств	Вид бетона		
	Жаростойкий бетон на основе барханного песка	Жаростойкий бетон на основе кварцита	Жаростойкий бетон на основе доменного шлака
1	2	3	4
Прочность, МПа: при сжатии при изгибе	10,1-28,4 3,6-6,7	15-32 4,2-7,1	12-30 4,1-6,8
Теплопроводность, Вт/м °С (20-1000 °С)	1,95-2,7	2,5-3,49	1,8-2,5
Термическая стойкость, водяные теплосмены	2-3	3-4	1-2

при 1200 °С, (при всестороннем нагревании)			
Огнеупорность, °С	1320-1490	1410-1650	1150-1200
Средняя плотность, кг/м <sup>3</sup>	2100-2200	2200-2300	2000-2100

### Литература

1. Тотурбиев Б.Д. Силикат-натриевые композиции для жаростойких бетонов. // Бетон и железобетон, 1985, № 10, С.5-6.
2. Сулейменов С.Т., Вернер В.Ф., Орлова Г.В., Абдувалиев Т.А. Электротермические фосфорные шлаки – сырьё для получения стеклокристаллических материалов. Алматы, 1976, 206 с.
3. Сулейменов Ж.Т., Жугинисов М.Т., Баялиева Г.М. Получение стекловяжущего и изделий на основе барханного песка. // Наука и образование Южного Казахстана. Сер.:экология - 2000. – №11(18). - С.87-89.

УДК 661.68:666.9:974:666.88

## ТЕХНОЛОГИЯ СТЕНОВЫХ ИЗДЕЛИЙ НА ОСНОВЕ ШЛАКОВ

**Бердыбекулы Д., Баялиева Г.М.**

*Таразский государственный университет им. М.Х.Дулати, Тараз*

Вяжущие на основе шлаков характеризуются высокими прочностными показателями после твердения по сушильной технологии.

Для получения стеновых изделий используются шлаковые вяжущие составов СНФШ - 3 и СНДШ - 6, содержащие 30 % силикат-глыбы (таблица 1). Производство стеновых изделий на их основе можно осуществлять с использованием различных заполнителей. Обычно в качестве заполнителей применяются песок, керамзит, аглопорит, топливные шлаки и золы. В данной технологии используются рисовая шелуха, древесные опилки и керамзит. Свойства стеновых изделий определялись на образцах-кубах с размером ребра 10 см.

Сушка изделий проводится по двухступенчатому режиму. На первой ступени поднимают температуру до 90-100 °С в течении 1,5-2 часа, выдержка при 90 °С – 2 часа. На второй ступени температуру поднимают до 180-200 °С в течении 1 часа, выдержка при 200 °С 1-1,5 часа. Такой режим сушки способствует наиболее полному протеканию физико-химических процессов при твердении изделий.

В таблице 1 приведены составы и свойства бетонов для изготовления стеновых изделий с применением силикат-натриевых композиционных вяжущих на основе шлаков.

Таблица 1.

Составы и свойства стеновых изделий, полученных на основе минеральных и органических заполнителей

№ п/п	Состав бетона, мас.%			Свойства		
	Вяжущее	Заполнитель	Заполнитель	Прочность при сжатии	Плотность, кг/м <sup>3</sup>	Коэф-т размягчения
1	СНФШ-3-30	Барханный песок 67-68	Древесные опилки 2-3	13-16	1700-1740	0,6-0,65
2	СНФШ-3-30	Барханный песок 66-67	Рисовая шелуха 3-4	14-17	1750-1800	0,6-0,7
3	СНФШ-3-30	Барханный песок 20-30	Керамзит (фр.5-10мм) 40-50	19-21	1710-1750	0,7-0,75
4	СНДШ-6-30	Барханный песок 67-68	Древесные опилки 2-3	16-18	1750-1780	0,6-0,7
5	СНДШ-6-30	Барханный песок 66-67	Рисовая шелуха 3-4	17-19	1760-1810	0,65-0,7
6	СНДШ-6-30	Барханный песок 20-30	Керамзит (фр.5-10мм) 40-50	20-22	1720-1770	0,75-0,8

По прочностным характеристикам образцы изделий, полученные с применением вяжущих на основе шлаков не уступают стеновым изделиям, изготовленных с применением вяжущих на

основе барханного песка [1]. При этом у них средняя плотность меньше, а коэффициент размягчения выше.

Гранулированный фосфорный шлак при хранении и переработке выделяет такие токсичные газообразные вещества как фосфин ( $PH_3$ ) и фтористый водород ( $HF$ ), представляющие повышенную опасность для здоровья человека.

В настоящее время существует механохимический способ очистки фосфорного шлака различными активными реагентами, а также способ сушки и термической обработки фосфорного шлака с улавливанием  $PH_3$  в скрубберах с раствором медного купороса и  $HF$  – в скрубберах с известковым молоком или растворами щелочей [2].

Способ очистки фосфорного шлака от токсичных примесей основан на механохимическом окислении фосфина и нейтрализации фтористого водорода в процессе помола фосфорного шлака с различными активными реагентами – отходами некоторых производств и технически чистыми продуктами [3].

Для нейтрализации  $HF$  используется известь, цементная пыль или цемент, для окисления  $PH_3$  – гипсохлорит кальция  $Ca(OCl)_2$ , сталеплавильный шлак, феррошлак и др. Обезвреживание фосфорного шлака производится путем его совместного помола с добавками после предварительной сушки компонентов. Эти добавки являются одновременно активизаторами фосфорного шлака. Использование нейтрализаторов и окислителей для обезвреживания фосфорных шлаков больше подходит для технологического процесса приготовления шлаковязящего [2].

Гранулированные фосфорные шлаки, используемые для изготовления силикат-натриевого композиционного вяжущего, лучше всего обезвреживать путем одновременного помола и сушки в мельницах-сушилках с последующим улавливанием токсичных газов в скрубберах.

В технологическом процессе приготовления вяжущего и изделий на основе шлаков применяется такое же типовое технологическое оборудование, которое используется в производстве вяжущих и изделий на основе барханного песка и кварцитов [1].

Очищенный и измельченный фосфорный шлак с тонкостью помола  $2000-2500 \text{ см}^2/\text{г}$  подается с помощью ковшового элеватора в бункер запаса.

Силикат-глыба сначала дробится в щековой дробилке и затем подвергается помолу в конусной дробилке и тоже направляется в бункер запаса.

При использовании Карагандинского доменного шлака, который не выделяет при помолу токсичных газов, процесс подготовки силикат-натриевого композиционного вяжущего значительно упрощается. Доменный шлак только подвергается сушке и направляется в бункер запаса.

Подготовленные таким образом сырьевые компоненты дозируются в соотношении: 80(70) шлак: 20(30) силикат-глыба. После дозирования сырьевые компоненты смешиваются в шнековом смесителе и направляются в шаровую мельницу для совместного помола.

Технология изготовления стеновых изделий и силикат-натриевого композиционного вяжущего, полученного на основе фосфорных и доменных шлаков практически ничем не отличается от технологии получения стеновых изделий на силикат-натриевом композиционном вяжущем, полученного на основе барханного песка. Различие технологии заключается в использовании разных наполнителей при изготовлении вяжущего.

В качестве стеновых изделий изготавливаются кирпичи, камни и блоки стандартных размеров, а также армированные стеновые панели. На рисунке 1 показаны образцы стеновых кирпичей, полученных на основе вяжущего СНФШ – 3, барханного песка и керамзита.

Технологическая схема производства стеновых изделий с использованием керамзита, приведена на рисунке 2.



Рис.1. Стеновые кирпичи на основе вяжущего из доменных шлаков и керамзитового заполнителя




Рис. 2. Технологическая схема производства стеновых изделий с использованием керамзита.

Твердение стеновых изделий можно осуществлять и автоклавной обработкой при температуре 150-200<sup>0</sup>С и давлении пара 0,8-1,2 МПа. При этом повышается прочность изделий примерно в 1,5 раза, морозостойкость на 5-10 циклов.

### Литература

1. Баялиева Г.М. Изменения физико-механических свойств жаростойкого бетона на основе барханного песка при нагреве // Валихановские чтения – 9: материалы междунар. научно-практич. конф. - Кокшетау, 2004. - С.97-101.
2. Сулейменов С.Т. Физико-химические процессы структурообразования в строительных материалах из минеральных отходов промышленности. М.:Манускрипт, 1996, С. 206-227.
3. Дофман Я.А., Куатбаев К.К., Куракбаева Р.Х., Полимбетова Г.С. Определение и удаление фосфина и фосфора из электротермофосфорного шлака //Тез. докл. Всес. конф. по фосфатам «Фосфаты -84». Алма-Ата, 1984, С. 30.

УДК 666.942

## БАЛҚАШ ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯ ОРТАЛЫҒЫ КҮЛІН ҚОСУМЕН ОТАНДЫҚ ШИКІЗАТТАР НЕГІЗІНДЕ ПОРТЛАНДЦЕМЕНТ КЛИНКЕРІН АЛУ

Райымбекова М.Ә., Жаникулов Н.Н.

*М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент*

Қазіргі таңда Қазақстанда өндірілетін цементтің жалпы көлемі 8,5-9 млн тоннаны құрап отыр. Осы жалпы өнімнің 30 %-ын энергия көп тұтынатын ылғал әдістеі қолданып цемент өндіріледі. Елбасымыздың Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» [1] атты халыққа жолдауының 2-ші бағытында өнім өндірушілерге, кәсіпорындарға энергия үнемдеу, энергия сыйымдылығы төмен технологияны қолдану шараларын атап көрсеткен. Осыған орай, қазіргі ауыр нарықтық экономикалық жағдайға қарамастан елімізде экономиканы қалыпты ұстап тұруда бірқатар шаралар іске асырылуда. Солардың бірі жаңа инновациялық функционалды өнімдер алу болып табылады. Бұл мақаланың өзектілігі Балқаш Жылу электр



орталығының отынды күлін портландцемент алуда қоспа ретінде қолдану арқылы жаңа функционалды өнім алу болып табылады. Зерттеу жұмыстары М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «Цемент, керамика және шыны технологиялары» кафедра базасындағы «Заманауи құрылыс материалдары» кешенді лабораториясында және «САПА» кешенді лабораторияда жүргізілді.


Портландцемент клинкерін алуда қоспа ретінде Балқаш Жылу энергия орталығының күл қалдығын қосу арқылы портландцемент клинкерін алуда дәстүрлі шикізат материалдар – карбонатты жыныстар және сазды жыныстардың химиялық құрамдары сәйкес келеді, осы шикізаттарды қолданып клинкер алуға болады. Шикізат материалдарының химиялық құрамдары 1 кестеде келтірілген.

Кесте 1

Шикізат материалдарының химиялық құрамдары

Компоненттер	Химиялық құрамы, масс. %							
	SiO <sub>2</sub>	Al <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	Fe <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	CaO	MgO	SO <sub>3</sub>	ккж	жалпы
Әктас	3,53	0,96	1,17	52,94	1,07	0,04	40,29	100
Саз	40,02	8,53	2,81	21,62	3,62	0,15	19,12	95,87
Пиритті огарка	14,91	3,01	61,21	1,79	1,27	0,16	-	82,35
Балқаш Жылу энергия орталығының күлі	55,52	27,47	5,87	4,93	1,56	0,12	-	95,47

Рентгенофазалық анализды стационарлы рентгенографикалық аппарат ДРОН -3-те жүргізіледі [2]. Шикізат материалдарының рентгенограммалары 1-суретте келтірілген.



1 – әктас, 2 – саз; 3 – пиритті огарка; 4 – Балқаш Жылу энергия орталығының күлі.  
Сурет 1. Шикізат материалдарының рентгенограммалары

Рентгенофазалық анализдің нәтижесі бойынша: әктас құрамы негізгі минерал кальциттен тұрады  $d=3,89; 3,039; 2,287; 2,10; 1,925; 1,890; 1,610; 1,512\text{Å}$ ; және кварц қалдықтарынан  $d=4,32; 3,37; 2,504; 2,287; 1,89\text{Å}$ :

Рентгенофазалық анализдің саздың құрамында негізгі минерал кварц  $d=4,37; 3,42; 2,49; 2,305; 1,836; 1,634\text{Å}$ , кальцит  $d=3,06; 2,555; 2,112; 1,930; 1,892\text{Å}$ , доломит қоспаларынан  $d=2,926; 2,19; 2,011\text{Å}$  тұрады.

Рентгенофазалық анализдің нәтижесінде пиритті оғарка келесі дифракционды максимумдар анықталынды: гематит  $\text{Fe}_2\text{O}_3$   $d=3,326; 2,696; 2,201\text{Å}$ , магнетит  $\text{Fe}_3\text{O}_4$   $d=3,802; 2,527; 1,989; 1,487\text{Å}$  және вюстит  $\text{FeO}$   $d=1,533\text{Å}$ , кальцит қоспасынан  $d=4,398; 4,152; 3,648; 3,058; 2,761; 1,838; 1,463\text{Å}$  тұрады.

Рентгенофазалық анализдің нәтижесінде Балқаш Жылу энергия орталығының күлі келесі дифракционды максимумдардан тұрады: кварц ( $\text{SiO}_2$ )  $d=4,263; 3,37; 2,576; 2,032; 1,814; 1,574\text{Å}$ ; муллит ( $\text{Al}_4\text{SiO}_8$ )  $d=5,396; 3,561; 2,88; 2,208; 1,884; 1,525\text{Å}$ ; гематит ( $\text{Fe}_2\text{O}_3$ )  $d=3,162; 2,475; 1,685; 1,672\text{Å}$ ; магнетит ( $\text{FeFe}_2\text{O}_4$ )  $d=7,014; 6,055; 4,66; 2,488; 1,724\text{Å}$ ;

Жоғарыда көрсетілген шикізат материалдарды майдалап, ұнтақтап №008 електегі қалдығы 8-10 % арасында болды. Осы шикізат материалдардың химиялық құрамын анықтап Шихта программасында шикізат құрамыны есептедік [3]. Есептерді жүргізу персоналды компьютерде орындалады. Клинкер алуға қажетті шикізат материалдары ретінде әктас, саз және пиритті оғарка, оған қосымша Балқаш ЖЭО күлін қою жолдары есептелінеді: Төрт компонентті шикізат қоспасын есептеу жүргізілді: Әктас + саз + пиритті оғарка + және Балқаш Жылу энергия орталығының күлі. Есептеу нәтижелері 2 келтірілген.

Кесте 2

Оңтайлы шикізат қоспасының есебі (Әктас + саз + пиритті оғарка + Балқаш ЖЭО күлі)

Исходный химический состав, в %

Компонент	SiO2	Al2O3	Fe2O3	CaO	MgO	SO3	R2O	ППП	Прочее	Сумма
Известняк	3,53	0,96	1,17	52,94	1,07	0,04	0	40,29	0	100
Лесс	40,02	8,53	2,81	21,62	3,62	0,15	0	19,12	4,13	100
Огарки	14,91	3,01	61,21	1,79	1,27	0,16	0	0	17,65	100
Зола	55,52	27,47	5,87	4,93	1,56	0,12	0	0	4,53	100

В пересчете на 100%

Компонент	SiO2	Al2O3	Fe2O3	CaO	MgO	SO3	R2O	ППП	Прочее	Сумма
Известняк	3,53	0,96	1,17	52,94	1,07	0,04	0	40,29	0	100
Лесс	40,02	8,53	2,81	21,62	3,62	0,15	0	19,12	4,13	100
Огарки	14,91	3,01	61,21	1,79	1,27	0,16	0	0	17,65	100
Зола КарГРЭС-1	55,52	27,47	5,87	4,93	1,56	0,12	0	0	4,53	100

Результаты расчета химического состава сырьевой смеси и клинкера

Компонент	SiO2	Al2O3	Fe2O3	CaO	MgO	SO3	R2O	ППП	Прочее	Сумма
Известняк 72,07 вес.ч.	2,54	0,69	0,84	38,15	0,77	0,03	0,00	29,04	0,00	72,06
Лесс 20,50 вес.ч.	8,20	1,75	0,58	4,43	0,74	0,03	0,00	3,92	0,85	20,5
Огарки 2,15 вес.ч.	0,32	0,06	1,31	0,04	0,03	0,00	0,00	0,00	0,38	2,14
Зола КарГРЭС-1 5,29 вес.ч.	2,94	1,45	0,31	0,26	0,08	0,01	0,00	0,00	0,24	5,29
Состав сырьевой смеси в %	14,00	3,95	3,04	42,88	1,62	0,07	0,00	32,96	1,47	100
Состав Клинкера в %	20,88	5,89	4,53	63,96	2,42	0,10	0,00		2,19	100

Расчет минералогического состава:

С3S	С2S	С3А	С4АF	MgO	Сумма
55,54	17,98	7,93	13,77	2,42	97,64

Төрт компонентті (Әктас + саз + пиритті оғарка + Балқаш ЖЭО күлі) шикізат қоспасының оптимальды құрамы төмендегідей болып таңдап алынды: әктас – 72,0 %; саз – 20,4 %; пиритті оғарка – 2,14 %; Балқаш ЖЭО күлі – 5,30 %.

Оптимальды құрамды шикізат қоспасынан алынатын клинкер минералының құрамы келесідей: алит–55,54 %, белит–17,98 %, үш кальцийлі алюминат – 7,93 %, төрт кальцийлі алюмоферрит–13,77 %, периклаз – 2,42 %. Күйдіру индексі–2,56; пісіру коэффициенті–0,49; гидравликалық модуль – 2,04; Калориметриялық модуль 2,00 тең болды. ТЭК – 1558 кДж/кг кл (372 ккал/кг кл) құрады.

Төрт компонентті шикізат қоспасын есептеу нәтижесін қорытындылай келе, төрт компонентті шикізат қоспасы Эктас + саз + пиритті огарка + Балқаш ЖЭО күлі кестеде көрсетілгендей силикатты модульді  $n = 2,0-2,5$  дейін өзгертілді, ал глиноземды модуль  $p = 1,3$  тұрақты болып алынды. Қанығу коэффициенті артқан сайын силикаты және глиноземды модуль мөлшеріде артып жатыр. Силикаты модуль артқан сайын  $C_3A = 8,16-6,42$  % аздап қана төмендеп жатыр. Силикатты модульдің төмен болуы клинкердің сұйық фазасының түзілуіне және  $C_3A$ ,  $C_4AF$  минералдарының құрамдарының артуына алып келеді. Бұл көрсеткіш сапалы құрылысқа арналған цемент клинкерін алуға болатын клинкер құрамын көрсетіп тұр. ҚК жоғарлауы (0,85-0,98) клинкер құрамындағы негізгі минерал  $C_3S$  (44,97-68,34 %) айтарлықтай артып жатыр, керісінше  $C_4AF = 14,22-11,19$  % кеміп жатыр, сәйкесінше  $C_2S$  мөлшеріде (27,76-9,180 %) азайып жатыр.

Қорытынды. Біздің көзқараста, бұл шикізат қоспалары ішінде №7 оптималды оңтайлы құрам деп тағдап алынды. Себебі Балқаш ЖЭО күлінің қолдану мөлшері жоғары, әрі клинкердегі негізгі минерал алиттің мөлшері айтарлықтай жоғары.

### Әдебиет

1. 1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» халыққа жолдауы. – Астана, 2018 ж
2. Есимов Б.О., Адырбаева Т.А., Жакипбаев Б.Е. Рентгенометрический определитель минералов В.И. Михеева: методическое указание для вузов. –Шымкент: ЮКГУ, 2012. – 164 с.
3. Перескок С.А., Бандурин А.А., Филиппов П.А., Серкина Н.Н., Ширшов Д.С. Методическое руководство по применению программы «Шихта 2» -Белгород, БГТУ им. В.Г. Шухова, 2010 г

ӘОЖ 631.6.02

## БЪЕФ ЖАЛҒАСТЫРУ ҚҰРЫЛЫМДАРЫНЫҢ ЖАҢА ТҮРЛЕРІ

**Рүстем Е.І., Қойшыбаева Г.Ж., Серимбетова Қ.Е.**

*М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз*

Қазіргі уақытта пайдаланымдағы көптеген гидротехникалық құрылымдар көп жыл бойы пайдалану салдарынан, істен шығу алдында тұр. Сол себепті конструкциясы жаңа инновациялық түрдегі құрылымдарды пайдалану бүгінгі күннің талабы. Су шаруашылығында бьеф жалғастыру құрылымдары, яғни, тезағарлар мен құламалар – су арнасы жоғарғы бьефтен төменгі бьефке өту кезінде, бір деңгейден екінші бір деңгейге су өтімін, қауіпсіз, ең қысқа жолмен өткізуге арналған құрылымдарға жатады, және аталған құрылымдарды әртүрлі салаларда пайдалануға арналған каналдардың барлығында байланыстырушы ретінде де пайдалануға болады. М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінде, білікті ғалымдар басшылығымен, жалғастыру құрылымдарының жаңа конструкцияларына бірнеше өнертабысқа инновациялық патент алынды. Солардың екеуінің жұмыс істеу принципіне тоқталып өтеміз.

Салыстыру үшін екі үлгі нұсқа алынды. Кіре беріс бөлігі – суағардан тұратын, тікбұрышты қималы көлбеу науалы, науасында сатылы бұжырлық орнатылған [1] тезағар белгілі. Сатылы бұжырлық ұзындығының  $l$  саты биіктігіне  $\Delta$  қатынасы  $l/\Delta = 4 \div 6$  құрайды (бұл үшін жылдамдық коэффициенті тезағардың ені тұрақты болуымен сипатталады). Аталған құрылымның кемшілігі, науада шартты түрде жылдамдық тұрақты деп қабылдануы. Бұл шарт өндірісте орындала бермейді. Тағы бір кемшілігі тезағарды соғу кезінде көлемді жұмыстардың, оның ішінде арнайы жұмыстардың көп болуы, материал шығыны мен адам еңбегін көп қажет етеді, бұл өз кезегінде құрылым құнының артуына әкеп соқтырады.

Техникалық негізі мен қол жететін әсеріне қарай өнертабысқа әлде қайда жақын болып, [2] ағын энергиясын бәсеңдеткіш жатады. Арын энергиясын бәсеңдеткіш – камерада және бойлық саңылаулы құрылғыдан тұрады. Тығыздалған капрон арқан түріндегі арын төмендету құрылғысы, бір ұшы камераға бекітілген параллель орналасқан бойлық арын төмендету элементтері түрінде орындалған. Архимед күші және ағынның динамикалық әсері, камерада орнатылған және өзінің

бастапқы бөлігінде бекітілген арқанды жоғары қарай су бетіне көтереді, ал олардың бекітілген соңғы жағы күш әсерімен тербелмелі қозғалыс жасай бастайды. Арынды төмендету тиімділігі, арқандардың бұрандалы қималы етіп орналасуымен үдей түседі, құйынды қозғалыс гидравликалық кедергілікті көтеріп, энергияның басым мөлшерінің сөнуіне алып келеді.

Арын бәсеңдеткіштің кемшілігіне – тығыздалған капрон арқандардың бір ұшының камераның басына бекітілуі, конструкция ұзындығын қысқартқанымен, оның беріктігінің мөлшері - арнадағы су мөлшері мен ағын жылдамдығына тәуелді болуы жатады. Тығыздалған капроннан орындалған арқандар, арнадағы судың жылдамдығы мен өтімі өзгеруіне байланысты үнемі тербелісті қозғалыста болады. Бұл өз кезегінде арқан бекітілген жердің тез бүлінуіне алып келуі мүмкін. Параллель орналасқан арқандар тізбегінен бірі істен шыкса, арнадағы қозғалыс режимі өзгереді, бұл арын бәсеңдеткіш құрылғының дұрыс жұмыс істеуіне кедергі жасайды. Сондықтан, бір бөлшектің бүлінуінен бүкіл арын бәсеңдеткіш құрылғысының жұмыс істеу тиімділігі төмендеп, қызмет ету мерзімі қысқарады.

Біз ұсынатын өнертабыстың техникалық жетістігі болып, су энергиясын төмендетудің сенімді әсер етуіне - конструкциясының қарапайымдылығы, материал шығынының аздығы, жұмыс істеу сенімділігі мен оң әсерлігі және құрылымның ұзақ уақыт жұмыс істеу мерзімі табылады.

Өнертабыстың техникалық жетістікке қол жеткізілуі, кіру бөлігі алдында тасынды-қоқыс тұту торы, арын энергиясын бәсеңдетуге арналған науа ұзындығының 2/3 бөлігінде аралықта, биіктігі алмағайып тереңдікке тең, ұшы қиғаш кесілген бойлық құбырдың орналасуы.

Тезағардың кіру бөлігі алдында тасынды-қоқыс тұту торы сумен ағып келген ірі тасынды-қоқыстарды ұстап қалуынан, науадағы бойлық құбырдың тез жарамсыз болуын тоқтатады. Тығыздалған капроннан орындалған арқандар түріндегі жасанды бұжырлықтарды, ұшы қиғаш кесілген бойлық құбырмен алмастырылуы, жұмыстың көлемі мен уақытты үнемдеуге себін тигізіп, су арынын төмендетуге әсер етіп, гидротехникалық құрылым жұмысының тиімділігін жоғарылатады [8].

Құбырлы тезағар – тасынды-қоқысты тұтатын тордан, торда жиналған жүзбе заттарды алып тастауға арналған көпірден, кіру бөлігінен, транзитті бөлігі еңісті науадан, тезағар ұзындығының 2/3 бөлігінде арақашықтықта орнатылған ұшы қиғаш кесілген бойлық құбырдан және науа енінен канал түбі еніне дейін кеңейген шығу бөлігі телімінен тұрады [3].

Кіру бөлігі алдында тасынды-қоқыс тұту торы бойлық құбырдың жақсы жұмыс істеуі үшін ірі қоқыс-тасындыларды тұтып отырады, тұтылған жүзбе қоқыстар көпір көмегімен алынып сыртқа шығарылады, науа ұзындығының 2/3 бөлігінде аралығында арын энергиясын бәсеңдетуге арналған биіктігі алмағайып тереңдікке тең ұшы қиғаш кесілген бойлық құбырдың ағынға қарсы екі қатар орнатылуы өтім мөлшерінің басым бөлігін құбыр ішімен жүргізіп, шығу бөлігіне суды шығаруы кезінде кері ағын пайда болып, энергияны сөндірсек, қиғаш құбырға еңбеген су бөлігі науа қабырғаларының және құбыраралық бүйірлік сығылудан ағын ақпалары бір-бірімен соқтығысып, энергияның кемуіне себін тигізеді.

Тезағар соңындағы кері ағын мен құбырға еңбеген ағынның бір-біріне соқтығысуы энергияның бәсеңдеуіне тағы да әсер етеді. Бұл науаның гидравликалық режимін жақсартады және суұрма құдықты соғу қажеттігін жояды.

Бізбенен тезағардың тағы бір жаңа конструкциясы ұсынылады. Бұл өнертабыстағы техникалық жетістік, су энергиясын төмендетудің сенімді әсері, конструкцияның қарапайымдылығы, материал қажеттілігінің аздығы, жұмыс істеу барысының сенімділігі мен оң әсерлігі және құрылымның ұзақ уақыт жұмыс істеу мерзімі, экономикалық жағынан тиімді болуымен сипатталады.

Техникалық жетістікке жету, тезағардың транзитті науадан шығу бөлігіне өту жерінде көлденең бітік құбыр орнату және көтерілген су ағынын науа қабырғасы биіктігімен жабық етіп, науа биіктігіне тең ұзындықта энергия бәсеңдеткіш орнатумен іске асырылады.


Көлденең тік төртбұрышты тақтайлар түрінде жасалған бұжырлық орнына, тезағардың транзитті науадан шығу бөлігіне өту жерінде көлденең бітік құбыр орнату және көтерілген су ағынын науа қабырғасы биіктігімен жабық етіп, науа биіктігіне тең ұзындықта энергия төмендеткіш плитамен алмастырылуы, тезағар конструкциясын қарапайым етеді, экономикалық жағынан тиімді, жұмыс көлемі мен уақыты үнемдейді, су арынын төмендетуге және тезағар жұмысы тиімділігін көтеруге мүмкіндік береді.

1-суретте [4], тезағардың бойлық А-А қимасы және тезағардың планығы үстінен қарағандағы көрінісі көрсетілген.

Тезағар – кіру бөлігінен 1, еңісті транзитті науадан 2, шығу бөлігінен 3, тезағардың транзитті науадан шығу бөлігіне өту жерінде көлденең орнатылған, биіктігі алмағайып (критикалық) тереңдікке тең бітік құбырдан 4 және көтерілген су ағынын сөндіру үшін науа қабырғасы биіктігіне тең жабын ретінде орнатылған, ұзындығы науа биіктігіне тең энергия бәсеңдеткіш плитадан 5 тұрады [4].

Тезағар былай жұмыс істейді. Су - каналмен тезағардың кіру бөлігі 1 арқылы еңісті транзитті науадан 2 өтіп, шығу бөлігіне 3 енеді, транзитті бөліктен шығу теліміне өту жерінде көлденең орнатылған биіктігі алмағайып (критикалық) тереңдікке тең бітік құбырға 4 үлкен жылдамдықпен соқтығысып, жоғары қарай атқылап көтерілген су ағынын сөндіру, науа қабырғасы биіктігіне тең жабын ретінде орнатылған, ұзындығы науа биіктігіне тең энергия төмендеткіш плитамен 5 іске асады.

Судың кинетикалық энергиясының төмендеуі науа қабырғасы биіктігі шамасына тең, жабын ретінде орнатылған энергия бәсеңдеткіш науа есебінен жүреді.



Сурет 2. Тезағар арын бәсеңдеткіш

Судың кинетикалық энергиясының төмендеуі науа қабырғасы биіктігі шамасына тең, жабын ретінде орнатылған энергия бәсеңдеткіш науа есебінен жүреді. Шығу бөлігінде 3 арнайы, судың күші энергиясын шамалы түсіріп, жоғары қарай атқылауына ықпал ететін бітік құбырдың 4 болуы, су ағынының жоғары қарай ытқып, жабын-плитаға 5 ұрынуына әсерін тигізеді, осылайша жабын-плитаға ұзындығы бойымен екі-үш рет ұрынған толқынды кинетикалық энергияның, тезағардың шығу бөлігінен шыққанша бар энергиясы сарқылады. Жабын-плитаның пайдалану мерзімін ұзарту және арын күшін жақсы бәсеңдету үшін, плитаның төмен жағынан қосымша жасанды бұжырлық жасалады.

#### Әдебиет

1. Койбақов С.М., Утеғалиев Т.Т., Джолдасов С. КZ (A) 12215. 15.11.2002, бюл.11.
2. Абдураманов А.А., Утеғалиев Т.Т., КZ (B) 5316. 15.10.1997, бюл.4
3. Джолдасов С.К., Қойбақов С.М., Шилібек К.Қ. Құбырлы тезағар // Инновациялық патент №27759, 26.04.12.
4. Джолдасов С.К. және т.б. Арын бәсеңдеткіш тезағар // Инновациялық патент №27760, 26.04.12.

УДК 666.913

### ҚЫЗЫЛОРДА ЖӘНЕ ҚАРАҒАНДЫ ОТЫНДЫ КҮЛДЕРІН ГИПСОЦЕМЕНТТІ-ПУЦЦОЛАНДЫ ТҮТАСТЫРҒЫШ ЗАТТАР АЛУДА БЕРІКТІГІНЕ ӘСЕРІН ЗЕРТТЕУ

Сабет Ж.Қ., Таймасов Б.Т.

*М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент*

2015-2019 жылдарға арналған ҚР индустриалды-инновациялық даму бағдарламасын [1] жүзеге асыру арқылы құрылыс материалын өндіруші кәсіпорындардың жобалық қуатылығы артып жатыр. Солардың бірі Шымкент қаласындағы ЖШС «Стандарт Цемент» зауытының өнімділігі 2

есеге артып жылына 2 млн тонна цемент шығаруда. Германиялық HeidelbergCement групп өндіруші компанияның АО «Шымкентцемент» зауытының заманауи құрғақ әдіске ауысуы энергия үнемдеу технологиясын қолданудағы басты жетістіктер екендігі белгілі. Тараз қаласындағы «Жамбыл гипс» АҚ зауытында жаңа цехтардың құрылысы аяқталып, өнімділігі 5 есе артты. Зауыт құрылыс материалдарының 14 түрін шығарып, Ресей, Тәжікстан, Қырғызстанға экспортқа жіберіп жатыр. «Құрылыс материалдарын шығару өнеркәсіптің қаржы көп бөлінетін 14 бағыттың қатарына енген. Құрылыс индустриясына қажет материалдарды шығаруда отандық кәсіпкерлер мен шетелдік инвесторларға қолдау көретіліп жатыр. Оның ішінде гипс, цемент өндірісі және гипс-цемент материалынан алынған өнімдер де бар [2].

Гипсоцементті-пуццоланды тұтастырғыш заттар (ГЦПТ) – 50-75% гипсті тұтастырғыш, 15-25% портландцементпен немесе шлакопортландцемент және 10-25% пуццоланды қоспа - трепел, диатомит, опока және т.б мұқият араластырып, ұнтақтау нәтижесінде алынған өнімді айтамыз. Бұл тұтастырғыштарда жарты сулы гипстің болуына байланысты беріктігі жылдам өседі және гипстен айырмашылығы ылғалды жағдайларда гидравликалық цементтерге ұқсас қатаю қабілеті бар. ГЦПТ заттарға белсенді минералды қоспаны қосу қажеттілігі гипс қоспасының цементпен қатаюы кезінде бірнеше айдан кейін бұзылуы мүмкін тас түзіледі. Бұл құбылыстың себебі кальций гидросульфоалюминаты - эттрингит  $3CaO \cdot Al_2O_3 \cdot 3CaSO_4 \cdot (31...32)H_2O$  үлкен көлеммен өсуімен байқалады. Егер мұндай қатаю жүйесінде кальций гидроксидінің концентрациясын қатты төмендететін болса, онда  $Ca(OH)_2$  гидросиликатқа байланыстыратын белсенді минералды қоспаны енгізумен қол жеткізілсе, онда эттрингит іс жүзінде пайда болмайды. Бұл жағдайда көрсетілген жүйенің гидравликалық қатаюына ықпал ететін көлемнің елеулі ұлғаюынсыз төмен негізді кальций гидросульфоалюминаты пайда болады. Гипсоцементті-пуццоланды тұтастырғыштар тез ұстасады және қатады, бұл қысқарған жылу-ылғалмен өңдеу кезінде немесе онсыз құрылыс бұйымдарын дайындауға мүмкіндік береді. ГЦПТ негізінде беріктігі 15-20 МПа және оданда жоғары бетондар алуға болады. ГЦПТ бетондарының жұмсарту коэффициенті 0,6-0,8, аязға төзімділігі 25-50 цикл. ГЦПТ сульфатқа төзімділігі бойынша сульфатқа төзімді портландцементке тең [3].

Гипсоцементті-пуццоланды тұтастырғыш заттар санитарлық-техникалық кабиналарды, еден негізінің панелдерін, желдеткіш блоктарды, аз қабатты тұрғын үйлер мен ауыл шаруашылығы мақсатындағы ғимараттарға арналған бұйымдарды жасау үшін пайдаланылады.

Зерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде Бағаналы кен орнының гипсі [4], портландцемент және Қызылорда, Қарағанды ЖЭО-ның отынды күлі қолданылды. Бағаналы кен орнының гипсінің химиялық құрамы 1 кестеде келтірілген.

Кесте 1

Бағаналы кен орнының гипсінің химиялық құрамы

Материал	SiO <sub>2</sub>	CaO	R <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	SO <sub>3</sub>	H <sub>2</sub> O	MgO	CaSO <sub>4</sub>
Бағаналы гипсі	0,93	35,93	0,48	45,72	18,22	2,53	94,45

Бағаналы гипсін қолдану арқылы ешқандай қоспасыз етіп алып, 2x2x2 см болатын қалыпта беріктігі анықталды, нәтижелер 2 кестеде келтірілген.

Кесте 2

2x2x2 см қалыпта гипс беріктігі

№	Гипс	С/Г	Беріктігі, 2x2x2, МПа			
			2 сағ	Құрғақ	3 тәулік	7 тәулік
1	100	0,5	6,8	18,04	15,2	21,3
2	100	0,6	6,06	14,42	13,62	18,9

Бағаналы гипсін 0,5 және 0,6 су-гипс қатынастарында 2 сағат, құрғақ, 3 тәулік және 7 тәуліктегі беріктігі анықталды. Нәтижесінде 0,5 С/Г қатынасында 2 сағатта 6,8 МПа, ал құрғақ кезінде 18 МПа болды. 3 тәуліктік көрсеткіш 15,2 МПа төмендеп 7 тәулікте 21,3 МПа құрады. Гипстен алынған бұйымның беріктігі айтарлықтай жоғары болғандығын көреді. 0,6 С/Г қатынасында судың мөлшерін жоғарлату нәтижесі көрсеткендей 2 сағатта 6 МПа құрап төменгі нәтиже берді. Ал құрғақ кезінде 14,42 МПа болды. 3 тәуліктік көрсеткіш 13,6 МПа төмендеп 7 тәулікте 18,9 МПа құрады. 0,6 С/Г Гипстен алынған бұйымның беріктігі 0,5 С/Г қатынасында алынған бұйымнан айтарлықтай төмен нәтиже көретті.

Гипсоцементті-пуццоланды тұтастырғыш заттар алуда Қызылорда және Қарағанды күлін 10-20 % дейін қосып зерттеу жұмысы жүргізілді. ГЦПТ заттар құрамына Қызылорда және Қарағанды күлін қосып беріктігін 2x2x2 см қалыпта анықтау нәтижелері 3-4 кестелерде келтірілген.

Кесте 3

2x2x2 см қалыпта ГЦПТ құрамына Қызылорда күлін қосқандағы беріктігі

№	ГЦПТ құрамы, %			С/Г	Беріктігі, 2x2x2, МПа			
	Гипс	ПЦ	Қызылорда күлі		2 сағ.	Құрғақ	3 тәу.	7 тәу.
1	65	25	10	0,5	6,2	14,67	11,9	19,35
2	55	25	20	0,5	5,8	12,4	11,0	18,23
3	65	25	10	0,6	5,53	12,4	11,1	18,92
4	55	25	20	0,6	5,18	9,94	10,5	18,0

Кесте 4

2x2x2 см қалыпта ГЦПТ құрамына Қарағанды күлін қосқандағы беріктігі

№	ГЦПТ құрамы, %			С/Г	Беріктігі, 2x2x2, МПа			
	Гипс	ПЦ	Қарағанды күлі		2 сағ.	Құрғақ	3 тәу.	7 тәу.
1	65	25	10	0,5	5,6	12,79	12,2	18,94
2	55	25	20	0,5	5,4	10,74	11,3	17,9
3	65	25	10	0,6	5,2	11,03	11,3	19,69
4	55	25	20	0,6	4,5	11,64	9,6	18,5

1. ГЦПТ құрамына Қызылорда күлін 10-20 % қосып су гипс қатынасын (С/Г) 0,5-0,6 етіп алынды. Портландцемент 25 % мөлшерінде қосылды. Гипс мөлшері 55-65 % аралығында өзгертілді. Нәтижесінде 2x2x2 см қалыпта алынған үлгілерді 2 сағат, құрғақ, 3 тәулік және 7 тәуліктегі беріктігі анықталды. Нәтижесінде Қызылорда күлі мөлшерін 10%-дан 20 %-ға жоғарлатқанда беріктігі 10-15 % шамасында төмендеді. С/Г қатнасының артуыда беріктікке кері әсерін тигізді. С/Г=0,5-те 2 сағатта 6,2 МПа болса, құрғақ және 7 тәуліктегі беріктігі 14,67 МПа-дан 19,35 МПа дейін жоғарлады. Бұл нәтижелер бойынша жоғары маркалы ГЦПТ бетондарын алуға жарамды екендігін дәлелдейді. С/Г=0,6-да 2 сағатта 5,53 МПа болса, құрғақ және 7 тәуліктегі беріктігі 12,4 МПа-дан 18,92 МПа дейін жоғарлады. Су гипс қатынасының жоғарлауы маркаға кері әсерін тигізді.

2. ГЦПТ құрамына Қарағанды күлін 10-20 % қосып су гипс қатынасын (С/Г) 0,5-0,6 етіп алынды. Портландцемент 25 % мөлшерінде қосылды. Гипс мөлшері 55-65 % аралығында өзгертілді. Нәтижесінде 2x2x2 см қалыпта алынған үлгілерді 2 сағат, құрғақ, 3 тәулік және 7 тәуліктегі беріктігі анықталды. Нәтижесінде Қарағанды күлі мөлшерін 10%-дан 20 %-ға жоғарлатқанда беріктігі 5-10 % шамасында төмендеді. С/Г қатнасының артуыда беріктікке айтарлықтар кері әсерін тигізді. С/Г=0,5-те 2 сағатта 5,6 МПа болса, құрғақ және 7 тәуліктегі беріктігі 12,7 МПа-дан 18,94 МПа дейін жоғарлады. Бұл нәтижелер бойынша жоғары маркалы ГЦПТ бетондарын алуға жарамды екендігін дәлелдейді. С/Г=0,6-да 2 сағатта 5,2 МПа болса, құрғақ және 7 тәуліктегі беріктігі 11,03 МПа-дан 19,69 МПа дейін жоғарлады. С/Г=0,6-да 7 тәуліктегі беріктігі ең жоғары нәтиже көрсетті. Қарағанды күлін 10 % мөлшерде қосу оптималды екендігін дәлелдейді.

Қорытынды. Қызылорда және Қарағанды жылу электр орталықтарының отынды күлін ГЦПТ заттар алуға қолдану мүмкіндігі анықталды. Алынған нәтижелер бойынша ГЦПТ заттарына күлді 10 % мөлшерде қосу тиімді екендігі дәлелденді. Физика-механикалық сынақ нәтижелері бойынша 10 % мөлшерде қосылған күлдің ГЦПТ беріктігі 7 тәулікте 17,9-19,69 МПа аралығында болды. Ал таза гипстен алынған үлгінің 7 тәуліктегі беріктігі 18,0-19,35 МПа құрады.

Осылайша, Қызылорда және Қарағанды жылу электр орталықтарының отынды күлін 10 %-дан жоғары мөлшерде қолдану ГЦПТ беріктігін төмендетеді. Су гипс қатынасын С/Г 0,5-тен жоғарлату беріктікке кері әсерін тигізеді.

### Әдебиет

1. Қазақстан Республикасының 2015-2019 жылдарғы «Индустриалды инновациялық даму - 2» мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2015 ж
2. Өнеркәсіп. Цемент өндірісі. Мына сілтемеде: <https://24.kz/kz/teleproject/nerk-sib/item/228556-nerk-sip-tsement-ndirisi>
3. Таймасов, Б.Т. Тұтастырғыш заттардың арнайы технологиясы: Оқулық / Б.Т. Таймасов, А.Ж. Әлжанова. - Алматы: Эверо, 2015. – 328 бет.



4. Бишимбаев, В.К. Минерально-сырьевая и технологическая база Южно-Казахстанского кластера строительных и силикатных материалов / В.К. Бишимбаев, Б.О. Есимов, Т.А. Адырбаева, В.В. Руснак, Ю.В. Егоров. Монография. – Алматы, 2009– 266 с.

ӘОЖ 502.74.591.5:504.3.054

### АЛЮМОХРОМЦИРКОНИЙЛІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЗА ИЛЕГІШТЕРДІҢ ИЛЕГІШТІК ҚАСИЕТІН ЗЕРТТЕУ

Тулєпова Р.З., Аман А.А., Асу А.А.

*М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз*


Экологиялық қауіпсіз алюмохромцирконийлі комплексті өндірісте пайдалану мүмкіндігін лабораториялық зерттеулер арқылы жүргізілген. Типтік әдіс бойынша жібітіп күлдендіру үрдісінен өткен ірі қара мал терісінің көнін ассиметриялық бахрома әдісі бойынша алты топқа іріктелді [1, 2, 3].

Үш бақылау тобы АХЦ комплекстерді алуға негіз болған қос комплексті илегіштермен өңделді.

Бірінші топтың құрамы  $\text{Cr}_2(\text{SO}_4)_3 \cdot \text{Al}_2(\text{SO}_4)_3 \cdot 16\text{H}_2\text{O}$  тұратын хромалюминийлі комплекспен, екіншісі хромцирконийлі ( $\text{Cr}_2(\text{SO}_4)_3 \cdot 4\text{Zr}(\text{SO}_4)_2 \cdot 14\text{H}_2\text{O}$ ) илегішпен және үшіншісі алюмоцирконийлі ( $1,5\text{Al}_2(\text{SO}_4)_3 \cdot \text{Zr}(\text{SO}_4)_2 \cdot 21\text{H}_2\text{O}$ ) илегішпен иледі. Қалған үш топтағы үлгілер қатты түрде синтезделініп алынған жаңа АХЦ (алюмохромцирконийлі) комплексті қосылыстармен өңделді. Төртінші топқа құрамы  $\text{Al}_2(\text{SO}_4)_3 \cdot \text{Cr}_2(\text{SO}_4)_3 \cdot \text{Zr}(\text{SO}_4)_2 \cdot 38\text{H}_2\text{O}$  АХЦК-1-ді, бесінші және алтыншы топтар келесі илегіш қосылыстарымен  $\text{Al}_2(\text{SO}_4)_3 \cdot \text{Cr}_2(\text{SO}_4)_3 \cdot \text{Zr}(\text{SO}_4)_2 \cdot 38\text{H}_2\text{O}$  АХЦК-1-ді, бесінші және алтыншы топтарды  $\text{Al}_2(\text{SO}_4)_3 \cdot \text{Cr}_2(\text{SO}_4)_3 \cdot \text{Zr}(\text{SO}_4)_2 \cdot 32\text{H}_2\text{O}$  (АХЦК-2) және  $3\text{Al}_2(\text{SO}_4)_3 \cdot 5\text{Cr}_2(\text{SO}_4)_3 \cdot \text{Zr}(\text{SO}_4)_2 \cdot 85\text{H}_2\text{O}$  (АХЦК-2) иленді.

Илеуді температурасы  $25^\circ\text{C}$  пайдаланылған пикельдік сұйықтықта көннің алғашқы салмағын ескере отырып (металл оксидтері қосындыларын есептеу арқылы) илегіш заттардың шығымына 2,5% есептеу жүргізілді.

Эксперимент барысында алынған шикізаттың пісу температурасының өзгеру барысы 1 суретте бейнеленген.



Сурет 1. Алюмохромцирконийлі комплекстің илеу кинетикасы

Абсцисса осі- илеу ұзақтығы (сағ); ординат осі- пісу температурасы ( $^\circ\text{C}$ ). Қысықтарды белгіледі: ХАК(1); ХЦК(2); АЦК(3); АХЦК-1(4); АХЦК-2(5); АХЦК-3(6).

Зерттеліп отырған алты илегіштің арасында теріні төмен ( $91^\circ\text{C}$ ) температурада пісетін алюмоцирконийлі комплекс (АЦК) болып тұр. Хромцирконийлі және хромалюминийлі комплекстермен иленген былғарылардың пісу температуралары  $98^\circ$  және  $112^\circ\text{C}$ -қа жетті. Зерттеліп отырған АХЦ комплексті қосылыстармен иленген былғарылардың пісу температурасының мәндері жоғарыда аталған илегіштердің аралығынан орын алып отыр. АХЦК-1 комплексімен иленген шикізаттың пісу температурасы  $97^\circ\text{C}$  болса, АХЦК-2,3 комплексімен иленген шикізаттың пісу температуралары  $99^\circ\text{C}$  және  $104^\circ\text{C}$  жетіп тұр.

Алюмохромцирконийлі комплекспен иленген былғарының химиялық құрамы мен физика-механикалық көрсеткіштері 1 кестеде көрсетілген.



Кесте 1.


Алюмохромцирконийлі комплекспен иленген былғарының химиялық құрамы мен физика-механикалық көрсеткіштері

Рет саны	Көрсеткіштері	Сыналған партия			Бақыланған партия
		АХЦК-1	АХЦК-2	АХЦК-3	
1	Стандартты нүктедегі қалыңдық, Н,мм	1,4	1,4	1,4	1,3
2	Массалық үлес,% - судың - алюминий оксидінің - хром оксидінің - цирконий оксидінің	14,7 1,2 2,0 1,82	15 1,1 2,3 1,93	15,3 1,3 2,1 1,87	16 1,8 3,5 -
3	Созған кездегі шыдамдылық шегі, МПа	20	19	21	19
4	Кедергі кезіндегі ұзаруы 10 МПа,%	27	26	28	31
5	Беткі қабатында жарық пайда болғандағы кедергі МПа	19	20	17	20
6	Бет жабынының бірнеше рет майыстырғандағы тұрақтылығы (балл)	2	2	2	2
7	Қаттылығы, Н	0,27	0,28	0,26	0,24

1-ші кестеден көріп отырғандай алюмохромцирконийлі гетерополиядролы зиянсыз илегішпен иленген терілердің сапасы мемлекеттік стандартқа [4, 5, 6, 7] сай.

Жартылай өндірістік сынақтан өткізілген алюмохромцирконийлі илегіштермен иленген былғарылар бақылауға алынған былғарыға қарағанда толығырақ оксидтермен қаныққан және созылғыш қасиеті аздау.

Гетерополиядролы АХЦ комплексті қосылыстарды илегіш ретінде пайдаланғанда төмендегідей [8] технологиялық схеманы (сурет 2) пайдалану ұсынылады. Мұндай технологияны пайдалану кезінде су жүйесі тұйықталғандықтан шығымның болмайтындығын, синтезделген үш компонентті гетерополиядролы комплексті қолданудың экологиялық қауіпсіздігін, ал осы қосылыстармен теріні илеу таза технологияға жататындығын көрсетеді.



Сурет 2. Тері илеу өндірісінде гетерополиядролы комплексті қосылыстарды пайдаланудың схемасы

1 - комплексті илегіш ерітінділеріне арналған ыдыс; 2 - илеуге арналған аппарат;

3 - механикалық қоспаларды ажырату сүзгісі; 4 - майларды бөліп алуға арналған аппарат;

5 - металл гидроксидтерін тұндыруға арналған реактор; 6 - гидроксидтерді нейтралдауға арналған реактор.

Технологиялық үрдістің экологиялық тиімділігі шығынсыз деңгеймен анықталады, яғни онда табиғи - шикізат ресурстарының аумағы, өндірілетін өнімнің көлемі, қоршаған ортаға бөлінетін қалдықтардың салмағы мен қауіптілік деңгейі ескеріледі [9, 10].

Қалдықсыз үрдістің интегралдық коэффициенті төмендегі формуламен есептелінеді:

$$K_{\xi} = K_m \cdot K_e \quad (1)$$

Мұндағы:  $K_m$  - материалдың шикізат ресурсының толық қолданылғанын көрсететін (коэффициент) көрсеткіш;

$K_e$  - экологиялық (коэффициент) көрсеткіш.

Материалдық шикізат ресурстарының толық қолданылғанын көрсететін көрсеткіш төмендегі формуламен анықталады.

$$K_m = \frac{\sum G_i (V_p - V_0)}{\sum G_i V_p} \quad (2)$$

мұндағы:  $G_i$  - өндірілетін өнімнің белгілі санына шығындалатын (i-компоненттің) нақты шығыны;

$V_p$  - өндірілетін өнімнің көлемі;

$V_0$  - пайдаланылатын қалдықтың көлемі.

Экологиялық көрсеткіш төмендегіше анықталады:

$$K_e = 1 - K_0 \quad (3)$$

мұндағы:  $K_0$  - қалдық коэффициенті

Қалдық коэффициенті мына формуламен анықталады:

$$K_0 = \frac{\sum V_i P_i}{\sum G_i V_p} \quad (4)$$

мұндағы:  $V_i$  – қоршаған ортаға бөлінетін i-түрлі қалдықтың пайдалану көлемі.

$P_i$  – i- түрлі қалдықтың салыстырмалы қауіптілік көрсеткіші.

Егер  $k_{\xi}=0,9-1,0$  аралығында болса технология «шартты түрде қалдықсыз», ал  $k_{\xi}=0,7-0,9$  аралығында болса «аз қалдықты» категорияға жатады.

АХЦ комплексінің шығыны металл оксидтерінің қосындысының көн массасына есептегенде 2,5%, яғни көнді өңдеу үшін 700 кг илегіш зат керек.

Синтезделген комплекс құрамына кіретін алюминий, цирконий экологиялық қауіпсіз илегіш қосылыстар болғандықтан [11] алюмохромцирконийлі гетерополиядролы комплекстер үшін илегіш зат шығынын хром оксидіне есептейміз.

### Әдебиет

1. Бимурзаева З.Е. Изучение дубящих свойств экологический безвредных гетерополиядерных комплексных соединений // Материалы международной научно-практической конференции «Валихановские чтения» Кокшетау. 2009 г. 24-26 апрель.. Т. 11. с.105-108
2. Бимурзаева З.Е., Сахы М.С., Винокуров Ю.И. Изучение дубящих свойств алюмохромциркониевых гетерополиядерных комплексных соединений // Журнал Мир науки, культуры и образования. РФ. г.Барнаул №2, 2010. с.272-274.
3. Комаров В.И., Мунайлова Т.А. Инженерная экология производств пищевых продуктов.// Инженерная экология.-1997.-№3.-с.17-22.
4. ГОСТ 938.3-77 «Кожа. Метод определения содержания окиси хрома»
5. ГОСТ 938.4-70 «Кожа. Метод определения расчетных показателей химического состава»
6. ГОСТ 938.12-70 «Кожа. Метод подготовки образцов к физико-механическим испытаниям»

7. ГОСТ 485-82 «Юфть для верха обуви. Технические условия»
8. Позоровская Э.Н., Ерюхина О.И., Спицын В.И. Кинетика дегидратации тетрагидрата дисульфата циркония. //Журнал неорганической химии. -1977.№9.-С.2323-2328.
9. Захаров Л.Н. Техника безопасности в химических лабораториях.-Л.Химия.-1985.-182с.
10. Временно-типовая методика определения экономической эффективности осуществления природоохранных мероприятий и оценка экологического ущерба, причиняемого природному хозяйству загрязнением окружающей среды.-М.:Экономика.-2001-104с.
11. Бимурзаева З.Е. Изучение строения экологически безвредных железохромциркониевых комплексов.//Сборник трудов международной конференции «Становление современной науки», Секция экология. Экологическая и метеорологическая проблема больших городов и промышленных зон. Чехия, 2010 г.

УДК 628.974.

## ҒИМАРАТТАРДЫҢ ЖАРЫҚ ӨТКІЗГІШ МӨЛДІР КОНСТРУКЦИЯЛАРЫНЫҢ ҚОРШАУ КОНСТРУКЦИЯЛАРЫ РЕТІНДЕ ЭНЕРГИЯ ШЫҒЫНЫН ҮНЕМДЕУГЕ ӘСЕРІ

**Усенкулов Ж.А., Умирзакова У.Н., Усенкулова Ш.Ж.**

*М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент*

Кәзіргі кездегі көптеген зерттеулер нәтижесі бойынша құрылыс жобалау нормаларын жетілдіру нәтижесінде ғимараттарды пайдалану кезінде энергияның жылдық шығынын 15% - ға дейін үнемдеуге болады (қоршау конструкцияларының жылу оқшаулағыш деңгейін шамамен 4% - ға арттыруды қоса алғанда).

Бірқатар шет елдердің құрылыстық жобалау нормаларында көлемдік-жоспарлау шешімін ұтымды тандау, күн радиациясы жылуын пайдаланудың бағдарламалар дайындауы бойынша ғимараттардың энергия тұтынуын төмендетудің арнайы нұсқаулары бар.[1]

Ғимараттың пішіні мен көлемін тандау кезінде ұзындығы еніне ең аз қатынасы бар көлемдік - жоспарлау шешімдеріне, сондай-ақ үй-жайларды жылытуға және салқындатуға арналған энергия шығынын азайту үшін ғимараттың көлеміне сыртқы қоршаулардың ауданына артықшылық беріледі. Сол мақсатпен ғимарат қабаттар саны мен ауданы арасындағы ұтымды қатынас белгіленеді. Төртбұрышты жоспарда ғимараттың 2:2,5 бөлік арақатынасымен салыстырғанда 5-6 %, ал дөңгелек ғимаратта-15% дейін энергия үнемдеуге қол жеткізуі мүмкін. Ғимараттың солтүстік қасбеті ауданының азаюы және қабырғалардағы жарық ойықтарының оңтайлы ауданын және қалыпты климаттық аймаққа арналған жабынды қоршаушы конструкцияларды орнату арқылы жылу шығынын қысқартуға мүмкіншілік туады.

Тек шынылау алаңының 75-тен 25% - ға дейін төмендеуі нәтижесінде энергия үнемдеу 50% - ға дейін құрауы мүмкін.[2]

Жылу бөлетін жабдықтарды ғимараттың орта бөлігінде, ғимараттың солтүстік жағында немесе солтүстік бөлігінде орналастыру ұсынылады және де бөлмелерге түсетін табиғи жылуды барынша тиімді пайдалануды қарастыру қажет. Ғимараттың конфигурациясын, ғимараттың бағдарын және орналасуын анықтағанда конструкцияның сыртқы қоршаулары арқылы ауа инфильтрациясына желдің және күн радиациясының әсер етуі маңызды орын алады.

Ғимараттардың оңтүстік бағыттағы қасбеттері солтүстікке қарағанда, аудан бірлігіне салыстырғанда күн энергиясын 2-3 есе көп алады. Ғимарат бағдарынан басқа, күн энергиясын пайдалану мүмкіндігі оның пішінімен, терезелердің орналасуымен, үй-жайлардың өлшемімен, жоспарлауымен, қабырғалар мен жабындардың шешімдерімен анықталады. Ендік бағдарында ұзындығы еніне қатынасы 4-тен кем емес ғимараттарда күн радиациясы есебінен энергияның жалпы келіп түсуі жылу беру кезеңінде меридионалды шамаға қарағанда 5-11% - ға артық екені анықталды.

Ғимаратты пайдалану барысында энергия шығынын үнемдеу көбінесе қоршау конструкцияларының жылу қорғау деңгейіне байланысты. Жылу шығыны ғимараттарындағы жылу шығынының барлық сомасынан қоршау конструкцияларына келеді. Жылу шығыны ғимараттың қабығы арқылы келесі шектерде бөлінеді:

- қабырғалар арқылы-32-37%;
- терезелер арқылы-46-54%;

- шатыр жабындары арқылы;
- жылы шатыр-5,4%;
- мансардты жабу-7,8%;
- жертөле жабыны арқылы-7%.

Осылайша, жабындар, фонарлар және терезелер арқылы жалпы жылу жоғалту, қоршау конструкциялары арқылы барлық жылу жоғалтуының 60% - дан астамын құрайды. Терезелер бөлменің микроклиматының қалыптасуына елеулі әсер ететіні белгілі.

Шынылаудың үлкен алаңдар әдетте эстетикалық және сәулеттік-композициялық талаптармен тағайындалады. Бірақ бұл ретте жылу және желдету жүйелерін орнатуға тиісті шығындарды ескере отырып, қабырғалардың шыныланған учаскелерінің сметалық құны 1,5 есе, ал елдің кейбір аудандары үшін саңырау учаскелердің құнынан 2-3 есе асып түсетіні назарға алынбайды. Сонымен қатар, шынылаудың өзгеруі кәсіпорындардағы еңбек жағдайын нашарлатады, жазғы кезеңде үй-жайлардың шамадан тыс инсоляциясына және қысқы уақытта жылудың үлкен шығындарына әкеледі.[5]

Біздің аумағымызда өндірістік ғимараттарын пайдалану тәжірибесін талдау (Оңтүстік Қазақстан) терезелер ауданының қабырға алаңына қатынасы 0,23-тен 0,6-ға дейін өскен кезде жылыту жүйесіне жылдық пайдалану шығыстары 1,5 есеге, ал желдету және ауаны конденциялау жүйелерін орнатуға жұмсалатын шығыстар терезелердің сметалық құнынан 40-60% - ға асып түсетінін көрсетті.

Ғимараттың жарықтандыру жүйесін таңдау кезінде жарық ойықтарының оңтайлы ауданын және олардың талап етілетін жылу оқшаулағыш қабілетін орнату ең маңыздысы болып табылады. Жарықтандыру құрылысының экономика мәселелері қазіргі кезеңде өзекті болып табылады.[4]

Ғимарат алаңының оның көлеміне қатынасына талдау жүргіземіз (кесте.1).

Кесте.1

Экономикалық географиялық мақсаттылығы	<i>Терезе ауданының қабырға алаңына оңтайлы ауытқуы</i>							
	<i>қабырғалары бар бірқабатты ғимараттарда</i>				<i>қабырғалары бар көпқабатты ғимараттарда</i>			
	<i>Кермзитобетон панельдері</i>	<i>3- қабатты ж.б. панельдері</i>	<i>«сендвич» металл панельдері</i>	<i>Қабаттап жинаудың мин. Мақта-меноқшаулағышы бар болатқаптамасы</i>	<i>Кермзитобетон панельдері</i>	<i>«сендвич» металл панельдері</i>	<i>«сендвич» металл панельдері</i>	<i>Қабаттап жинаудың мин. Мақта-меноқшаулағышы бар болатқаптамасы</i>
<i>Шымкент</i>	<i>0,07</i>	<i>0,21</i>	<i>0,14</i>	<i>0,35</i>	<i>0,08</i>	<i>0,08</i>	<i>0,08</i>	<i>0,08</i>

Мәліметтерді талдауда терезелердің қабырғалар ауданына оңтайлы қатынасы, құрылыс аймағының климаттық жағдайларына ғана емес, қабырғалардың құрылымына да байланысты екенін анықтайды. Оңтүстік өңірлерде салынып жатқан ғимараттар үшін терезелердің оңтайлы ауданы орта аймақтар мен солтүстікке қарағанда 1,5-2 есе аз. Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, і-жарық өткізгіш мөлдір қоршауды таңдау жасыл-гигиеналық, жарық-техникалық, жылу техникалық, акустикалық және беріктік нормалардың, үнемділік пен ұзақ мерзімділіктің талаптарын қамтамасыз етуді ескере отырып жүргізіледі.

Терезелер мен фонарлардың физикалық-техникалық сапасына олардың жарық өткізгіштігі айтарлықтай әсер етеді. Шыны элементтерінің беріктігі маңызды. Жарық өткізгіш мөлдір қоршау конструкцияларын келесі әдістеме бойынша таңдау ұсынылады:

Сертификаттау сынақтарының нәтижесінде алынған  $R_{0f}$  жылу берілісінің келтірілген кедергісінің мәні бойынша В класының ауа өткізгіштігі бойынша немесе В класының жарық өткізгіш мөлдір қоршау конструкциясын таңдайды. Егер таңдалған  $R_{0f} \geq R_{0f}^{req}$  жарық өткізгіш мөлдір

конструкциясының жылу берілісіне келтірілген кедергі болса, онда бұл конструкция нормалардың талаптарын қанағаттандырады. Жобалау кезінде сертификатталған деректер болмаған кезде 7-қосымшада келтірілген  $R_{0f}$  мәндерін пайдалануға болады. [3]

Жарық өткізгіш мөлдір қоршаулардың ішкі бетінде ең төменгі температураны қамтамасыз ету бойынша талаптарды тексеру кезінде 10-бөлімшеге сәйкес температура  $t_{int}$  қоршауларды шынылау мен қатар, мөлдір емес элементтерді де анықтаған жөн.

Терезе конструкцияларындағы және II-тәрізді жарықәрациялық шамдардағы шынының қалыңдығын жел жүктемесі бойынша, ал бағдар шамдардың конструкцияларында - желден, қардан және меншікті массадан түсетін жүктемелердің бірлескен әсеріне есептеу арқылы анықтайды. Соңғы жағдайда жел сору әсерін есепке алу кезінде есептеу осы массаны есепке ала отырып, жүктемелердің үлкен комбинациясына жүргізіледі. Көп қабатты шыныланған терезелер мен фонарларда тек сыртқы әйнек есептеледі. Шынылаудың астында сақтандырғыш тор болған кезде есептік жүктемені 20% - ға төмендетуге болады. Қардан, желден және шыны массасынан түсетін жүктемелердің бірлескен әсері кезінде шынының қалыңдығын арнайы формула бойынша анықтайды.

Табақты шыныны қолданған кезде ол бекіту элементтерінің салыстырмалы майысуы терезелер мен жарықәрациялық фонарлар үшін 1/150 - ден аспайтын, ал бағдар фонарлар үшін 1/200-ден аспайтын болуы тиіс. [5]

### **Қорытынды**

Энергия шығынын үнемдеуге әсер ететін пайдаланылатын ғимараттардың жарық өткізгіш мөлдір конструкцияларына жүргізілген талдау:

1. Бүйірлік табиғи жарықтандыруды жобалау кезінде терезе ойықтарының ауданын үй-жай биіктігінен 1,5 аспайтын тереңдікте ТЖК нормаланған мәнін қамтамасыз ету шарттарына сүйене отырып орнату керек.
Адам әріптестермен, басшы мен немесе қол астындағы қызметкерлермен кәсібиқарым-қатынаста, қандай да болмасын жоба бойынша бірлесіп жұмысжасаған кезде, бизнес бойынша серіктестермен келіссөздер жүргізгенде әртүрлі эмоцияларды сезінеді.

Адамға оң эмоциялармен қатар, теріс эмоциялар да қажет. Оң эмоциялардың не үшін қажетті екендігі нақты белгілі болғанмен, көбіне теріс эмоциялардың не үшін қажеттілігі жайында сұрақтар туындайды.

Егер қорыныш эмоциясы болмаса, біздің денсаулығымызға, мүлкімізге және басқаларға төнетін тосын қауіптілік туындағанда біздің әрекетіміз қандай болар еді?

Жұмыста келісім-шарт жасасуға немесе жоба бойынша жұмыстар бастауға талаптанғанда қорқыныш эмоциясы іске қосылады, яғни біз шарттың заңды түрде дұрыс жасалуы, жобаның уақытында тапсырылуы және тиімді болуы жөнінен уайымдаймыз, олай болмаса шығынға ұшырауымыз мүмкін. Әрине, ең алдымен ақшалай шығын келтіріледі, ал адам ақшамен өзін қауіпсіз сезінеді.

Келісім-шарт сәтті жасалғанда, жоба уақытында тапсырылғанда, жүзеге асырылып, өз жемісін бергенде, біз қуаныш эмоциясын сезінеміз, сонан кейін қызығушылық эмоциясымен

келесі жобаны қолға аламыз, өйткені оны аяқтаған кезде қанағаттанушылық, яғни қуаныш эмоциясын бастан кешіретіндігімізді түйсігімізбен сезінеміз.

Эмоция өмірімізді, тіршілік әрекетімізді мазмұнды, қызықты, жарқын қылады. Эмоция - адамның өмір сүруі үшін қажетті энергия болып табылады.

#### **Эмоционалды күйіп кету дегеніміз не?**

Эмоционалды күйіп кету, бұл – адамның қандай да болмасын эмоцияларды сезінуді жоғалтуы, адам эмоциялық реакция қабілеттілігін жоғалтады.

Эмоционалды күйіп кету-бұл адам энергиясының жоғалуы және оның орны толтырылмайтын құбылыс.

Көп жағдайларда кәсіби қызметтері адамдармен тікелей қарым-қатынас жасаумен байланысты боп келетін мамандар эмоционалды түрде күйіп кетуге бейім:

- әлеуметтік қызметкерлер
- барлық деңгейдегі менеджерлер
- ауруханалар мен емханалардың қызметкерлері
- әр түрлі ведомстволардың мамандары
- психологтар, оқытушылар, мұғалімдер.

Сондай-ақ, кәсіби қызметі зияткерлік жұмыспен байланысты адамдар, мысалы IT-мамандар эмоционалды күйіп кетуге ұшырайды. Өйткені мұндай қызмет түрлері энергияның көп шығынын, үлкен эмоционалды, энергетикалық ресурстарды, сондай-ақ зияткерлік қабілеттерін талап етеді.

#### **Эмоционалды күйіп кету неге және қай уақытта пайда болады?**

Отбасындағы пәтер мәселесін талқылауға немесе компаниядағы жобамен жұмыс жасауға қайта оралайық, бұл жерде өзара әрекеттесуші тараптың әрқайсысы өз ұсыныстарын енгізеді, мүмкіндігінше жақсы үлес қосуды талап етеді, барлығы жақсы болуын қалайды және тиімді болуы үшін жеке ресурстарын, энергиясын жұмсап жан-тәнін салады.

Алайда, осы өзара әрекеттесуші тараптардың арасында өзара түсіністік болмаса, бір-бірінен тиісті қолдау болмаса, алда тұрған міндеттерді шешуде қабылданатын іс-әрекеттерге оң бекіту болмаса, көңілсіздік туындайды, реніш, ашу пайда болады. Егер бұл жағдайда адам көңіл-күйін көрсетпесе, оның барлығын ішінде сақтаса, бойында негатив жинақталады, адам эмоциялық күйзелістен шаршайды, оның энергиясы өшеді, бұл эмоционалды күйіп кетуге ықпал етеді.

Адамның көңіл-күйі жоғалады, ол өз күшіне деген сенімділігін, өзіне деген сенімділігін жоғалтады, құлшынысы жоғалады, жұмысқа деген қызығушылығын жоғалтады.

Адам өмірге құштарлық сезінуін тоқтатады, шабыт жоғалады, пайдасыздық пен бос жүріс сезімі пайда болады.

Адам мамандықты ата-анасының, жақындарының немесе қоғамның қалауымен таңдаған жағдайда, өзіне мүлдем ұнамайтын, моральдық қанағаттанбайтын жұмысты жасаған кезде эмоционалды күйіп кетуі мүмкін. Ол жан-жақты дамуды сезбейді, автоматты түрде жұмыс істейді.

Адамға таңдаған мамандығы өзіне ұнаса немесе жасаған бизнесі ұнаған кезде де эмоционалды күйіп кетуі мүмкін. Бұл жағдайда, ол өзін, демалуды, отбасы, достарымен қарым-қатынас, қарапайым ойын-сауық туралы ұмытып, таңдаған кәсіптің дамуына немесе өз бизнесін дамытуға шамадан тыс күш жұмсауы да мүмкін.

#### **Эмоционалды күйіп кетумен қалай күресуге болады?**

Әрине, эмоционалды күйіп кету жағдайына жол бермеу керек және ол үшін алдын алу, яғни эмоционалды күйіп кетудің пайда болуын алдын алу іс-әрекеттері қажет.

Пайда болған эмоцияларды сол бойда бірден көрсете білуді үйрену қажет. Егер адам қандай да бір тапсырманы орындай алса, қандай да бір мәселенің оң шешімін тапса, оған шын жүректен қуанып, өзін-өзі мақтау қажет.

Сондай-ақ егер пайда болған жағымсыз эмоциялардың аспектісіне келер болсақ, оларды да іште сақтап, басуға болмайды. Әрине, егер адам ашу эмоциясын сезсе, бірден айқайлау, қолды сілкілеу, аяқпен жерді тепкілеу керек дегенді білдірмейді. Бұл, егер біреу жеке шекараны бұзуға немесе басқаруға тырысса және мұны адам сезінсе, мұның барлығы ұнамаса, тікелей өз наразылығын білдіру керек.

Туындаған эмоцияларды көндіріп бағындыру, олардан арылуға мүмкіндік береді.

Егер эмоцияны бірден шығаруға, жауап қайтаруға мүмкіндік жоқ болса, мысалы, *басшы – қол астындағы қызметкер* қарым – қатынасында қызметкер басшының іс-әрекеттеріне қатысты өзінің наразылығын әрдайым білдіре алмайды, алайда, бәрібір эмоцияларды шығаруды ұзақ уақытқа қалдыруға болмайды. Теріс эмоциялардың жинақталуы эмоциялық күйзеліске әкеп соқтырады.

Негативті кез келген спорт түрімен шұғылдану кезінде шығаруға болады, бұл жүгіру, велосипедпен серуендеу, семсерлесу және т.б. болуы мүмкін. Бұл адам үшін ең қолайлы, пайдалы шешім.

Сондай-ақ, эмоционалды күйіп кетудің алдын алуға жүзеге асыру кезінде атқарған қызметтің нәтижесі емес, нақтырақ айтқанда, процесі қуаныш әкелетін іс, хобби жақсы ықпал етеді. Бұл: сурет салу, ән айту, би, саздан мүсін жасау және т. б. болуы мүмкін.

Күніне 15-20 минут бос уақыт пен кеңістікті өзіңіз үшін ұйымдастыру қажет. Бұл кезде алдыңызда тұрған міндеттер туралы, күнделікті мәселелер туралы ұмытып, отыруға немесе аз уақытқа жатуға және жай ғана демалуға, дәл осы уақыт ішінде осы кезеңнен ләззат алуға болады.

Күн аяқталар алдында қаламды алуды, блакнот ашуды, өткен күн ішінде қандай жақсы нәрселер жасай алғандығыңыз туралы талдау жасауды және жазуды әдетке айналдыруға болады. Сіз күні бойына ненің ұнағандығын, қандай мақсаттарға қол жеткізе алғаныңызды жазыңыз, әрине бұны алдыңызға қойған мақсаттың ақырғы нәтижесі болуы міндетті емес, олар мақсатқа қол жеткізуге ықпал етуші шағын қадамдар да болуы мүмкін. Осылайша, сіз неге шын жүректен қуана алатыныңызды, келесі күнгі жақсылыққа жақсы рухта әрі қарай жылжуға мүмкіндік беретін жағымды энергияға сізді ненің толтыратындығын түсіне аласыз.

Таза ауада орманда мақсатсыз серуендеуге уақыт табыңыз. Мысалы, ормандағы ерекше ағаштың айналасы, көлдің немесе өзеннің жағасы, төбешік, яғни табиғат көрінісінен ләззат алатын және сол арқылы жағымды энергиямен қуаттанатын орындарға, жан дүниеніңізді сезінетін орындарға барыңыз.

Егер сіз кәсіпкер болсаңыз және бизнеспен айналыссаңыз, тек бизнесті дамытуға ғана емес, жанұяңызға да, достарыңызға да, күш-жігеріңізді қалпына келтіру үшін өз демалысыңызға да уақыт бөлу үшін, тапсырмаларды бөліп беруді үйреніңіз. Қарамағыңыздағы қызметкерлеріңізді үйретіңіз және оларға бизнесті тиімді жүргізуге қатысты бірқатар мәселелерді шешуге көмектесе алатын өкілеттіктер беріңіз.

Егер сіз өз бетіңізше эмоционалды күйіп кетуді жеңудің қиындығын сезінсеңіз, эмоционалды күйіп кетуден шығуға көмектесетін, өзіңізге деген сенімділікті дамытатын және өмірге деген талғамды қайтаруға көмектесетін білімі, дағдылары, әдістері мен құралдары бар тиісті маманды, сарапшыны табыңыз.

Эмоционалды күйіп кетудің ұзаққа созылуы депрессияға әкеп соқтыруы мүмкін, онымен күресу үшін тек психотерапиялық әсер ғана емес, дәрі-дәрмектік араласу қажет болады.

Өзіңізге қамқор болыңыз!

### **Әдебиет**

1. Майерс Д. Әлеуметтік психология: 12-басылым / Д. Майерс, Ж. Туенж, [б. м.], 2018. - 648 б
2. Н. Водопьянова, Е. Старченкова Синдром выгорания 2-басылым \ 2009 - 440 стр.

УДК 81-139

## **ТІЛДІК ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА КИНОФИЛЬМДЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

**Асанбаева Е.Б.**

*Л.Н.Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан*

Бүгінде еліміздің білім беру саласы түбегейлі өзгерістерді басынан кешіруде. Қазіргі заман талабына сәйкес оқушылардың теориялық білімге ие болуы ғана жеткіліксіз, ендігі кезекте олардың алған білімдерін шынайы өмірде қолдана алатын функционалды сауатты тұлға болып қалыптасуы басты назарда тұр. Осыған орай еліміздің білім беру жүйесі кезең-кезеңімен жанартылған білім мазмұнына көшуде. Аталған мазмұнға сай білім алушылар тілдік пәндерді меңгеруде бұрынғыдай жаттанды ережелердің ауқымды көлемі мен олар бойынша берілген терме жаттығуларды орындамай, тілді дискурс аясында яғни шынайы өмір жағдайында үйреніп, коммуникациялық дағдыларын дамытады. Осы орайда оқытушылар сабақ жоспарын әзірлеуде білім алушылық, дамытушылық, тәрбиелік мақсаттарды емес, оқушылардың сөйлеу әрекеттерін (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) жетілдіруге тікелей бағытталған тапсырмаларды дайындайды.

Білім мазмұнының осындай бетбұрысы жағдайында педагогикалық үдерісті ұйымдастыру кезінде оқытушылар жана әдістер мен көмекші құралдарға жүгінуі керек. Білім алушылардың қызығушылығын оятып, сабақ тақырыбын қабылдауын жеңілдетуде әрі алға қойылған мақсатқа жетуде кинофильмдердің атқара алатын мүмкіндіктері зор.

Кино – қоғам өмірінің ажырамас бөлігіне айналған күрделі құрылым. Жасы да, кәрісі де, еңбектеген сәби де, еңкейген қарт та көгілдір экранға телміріп, сан алуан кинотуындыларды қызыға қарайтыны белгілі. Кинофильмдер көбіне-көп өмірде болатын жағдайларды көрсетіп, көрермендеріне ой салып, қандай да бір іс-әрекетке не тұжырымға итермелейді. Алайда өнердің бұл туындысын педагогикалық үдерісте тиімді пайдаланып, оң нәтижелерге қол жеткізуге болатындығы өткен ғасырдың соңынан бастап қана назарға алынып, зерттеле бастады.

Қазақтың тұңғыш педагог-ғалымдарының бірі Жүсіпбек Аймауытов: «...әр сабақ, әр пән бір жағынан өзіне тән мақсатын көздесе, екінші жағынан тіл түзетуге, тіл сабағының міндетін атқаруға тырысуы жөн,» - дей келе, тілді дұрыс үйретудегі басты қағидаларды атап өтеді. Солардың алғашқы екеуі: «1) Бала әуелі затты, нәрсені көру керек. Оны көрген бала сол зат туралы айтады, яғни сөйлейді. Сондықтан тыңдау, сөйлеу процесі алғашқы болады да, оқу, жазу кейінгі болуы қажет; 2) Баланың өз бетімен сөйлеуіне көп мүмкіндік беру керек. Сондықтан материал бала ұғымына сәйкес болып: өмір кітапқа қарай емес, кітаптар өмірге бейімделіп жазылсын» [1, 8]. Осы кездің өзінде Алаш арысы жазып өткен қағидалар оқушылардың құрғақ материалды оқып қоймай, бірінші көріп, тыңдап барып, кейін оны ой елегінен өткізген соң ғана оқу, жазу керектігін, оқу материалдарының балалар үшін қызықты етіп икемделіп жасалуға тиістігін басты назарға алған. Бұл орайда кинотуындылардың аталмыш талаптарға сәйкес келетіндігін атап өтуімізге болады.

Кинофильмдердің дидактикалық мүмкіндіктері зор: сабақ кезінде оқушыларға /студенттерге қандай да бір бейнефильмнен үзінді көрсету олардың өтетін материалды (кейде бейсаналы түрде) есте сақтап қалуына негіз болады. Одан басқа көрермендердің эмоционалды және зияткерлік әрекеттерін белсендендіріп, пікірталасқа қатысып, ой бөлісу (сөйлеу әрекетіне қатысу) уәжін тудырады. Ал кинофильмдердің эстетикалық сипатын айтпаса да болады. Аталған құрылымның осындай сан қырлы табиғаты оны оқу үдерісінде пайдалану мүмкіндіктерін зерттеуге негіз болды. Ғалымдар оны «оқу әрекетінің түрлерін құбылтып» [2, 188], «білім алушылардың мәдениеттанымдық құзыреттіліктерін дамытуға мүмкіндік беретін» [3, 155] «оқу процессін ынталандыратын генератор» [4] деп атап көрсетеді.

Осыған дейін мектеп қабырғасында болсын, жоғары оқу орнында болсын бейнефильмдер сабақ барысында қолданылмады деуге болмайды. Олар бұрын да қолданылды, десе де ол кезде оқытушылар бейнеролиқтерді сабақ барысында көбіне-көп дәріс не тақырып материалына қосымша, көркемдегіш құрал ретінде пайдаланды. Ал біз ендігі кезекте кинотуындыларды тілдік пәндерді оқытуда білім алушылардың коммуникативті дағдыларын жетілдіріп, тілдік тұлғасын қалыптастыру әлеуеті жоғары оқу материалы ретінде қарастыруды жөн санаймыз.

Сабақта кинофильмді қолданудың негізгі екі мақсатты бағдарын атап өтуге болады: біріншісі – фильмді жалпы (тұтас) қабылдау және екіншісі – «берілген нәрсені қабылдау» [5, 77]. Тілдік, коммуникативті пәндерді оқытуда мақсаттың екінші түрін қолдану тиімді, себебі ол оқу үдерісінің жүйелі әрі нақты болуына көмектеседі және білім алушылардың назарын неге шоғырландыру керектігін бірден айғақтайды.

Тілдік пәндерді оқытуда, әсіресе шетел тілі сабағында бейнефильмдерді қолданудың оңтайлы тұстары көп. Себебі тіл үйренушілер (тілді меңгерудің қандай деңгейінде екеніне қарамастан) оны қызықсыз ережелер мен «білу», «түсіну» деңгейіне арналған тапсырмалар шегінде, қағаз бетіндегі «жансыз» қалпында оқып үйренуден гөрі кино дискурсы негізінде шынайы өмірлік аяда көріп, тыңдап, түсініп үйренсе, тілді меңгеру үдерісі анағұрлым қызықты әрі жылдам жүреді. Мысалы, қандай да бір тілді екінші тіл ретінде үйрететін пәндерде білім алушылар бейнефильмдерді көру арқылы сол тілдегі сөздердің дұрыс дыбысталуы (орфоэпиясы), ауызекі сөйлеу стиліне тән ерекшеліктер, сөйлемдерді дұрыс құру тәртібі, сөздердің ауыспалы мағынадағы қолданысы және басқа да көптеген мәселелерді дискурстық мәтіндер шеңберінде танып біледі.

Қандай да бір тіл білімінің түрлі салалары бойынша арнайы пәндерде не мектеп бағдарламасындағы аталған салаларға қатысты сабақтарда да кинофильмдерден келтірілген үзінділер таптырмас құрал болатыны хақ. Айталық, фонетикада сөздерді дыбыстаудағы түрлі фонетикалық құбылыстар, үндестік заңы, интонация, екпін түрлері; сөзжасамда мәнмәтіндегі

туынды сөздердің жасалу жолдары, олардың сөзжасамдық тәсілдері мен типтері; морфологияда сөздердің түрлену ерекшеліктері, олардың сөйлемдегі бір-бірімен байланысы; синтаксисте сөйлемдердің құрылымы мен айтылу сазына қарай құрылу ерекшелігі, күрделі синтаксистік тұтастық, контекст т.б. мәселелерді кітап бетіндегі мәтіндерде емес, шынайы тілдесім аясындағы жағдаяттық кино дискурсы негізінде меңгеру тақырыпты түсіну және қабылдау үдерісін анағұрлым жақсартатыны айдан анық.

«Қарым-қатынас теориясына кіріспе», «Сөйлеу мәдениеті», «Іскерлік коммуникация» сияқты жоғары оқу орындарындағы арнайы пәндерде де кинофильмдер оқытушыға сабақты қызықты әрі тиімді өткізуге көп мүмкіндік береді. Кинотуындыдан келтірілген үзіндіні тамашалаған студенттер ондағы кейіпкерлердің сөйлеу әрекеті барасында өздерінің бастапқы тілдесім мақсатына сай тілдік және тілдік емес (ым-ишара) құралдарды қолдану ерекшеліктері, олардың реципиентке әсері, қарым-қатынас орнатудағы қателіктер, стилистикалық бояма лексиканың қолданысы, тілдесім әрекетіндегі экстралингвистикалық факторлар сияқты сөйлеу әрекетінің шынайы коммуникация барысындағы көптеген қырларын танып біліп, талдап үйренеді.

Сонымен көріп отырғанымыздай, оқу үдерісінде кинофильмдерді дидактикалық құрал ретінде қолдану, біріншіден, білім алушылардың тақырыпты қабылдауын жеңілдетіп, олардың қызығушылығын арттырады әрі жаңа материалды жақсы есте сақтауға негіз болады, екіншіден, тілді шынайы әрекетте, дискурс аясында зерттеп тануға мүмкіндік береді. Мұндайда көрермен рөліне енетін оқушылар тыңдалым әрекеттерін жетілдіріп, аудиовизуалды түрде қабылдаған мәтіннің мазмұнын түсініп қана қоймай, эстетикалық, рухани, тәрбиелік тұрғыда да байиды. Және сабақ мақсаттарына сай кинотуындыда көрініс тапқан дискурстың тілдік табиғатын, онда қолданылған түрлі лексикалық, стилистикалық т.б. бірліктердің қызметін анықтап, талдап үйренеді. Осылайша тілдік пәндерді оқытуда кинофильмдер зор лингводидактикалық әлеуетке ие әрі оқу үдерісінің таптырмас құралы бола алатындығына көз жеткіземіз.

#### Әдебиет

1. Ж.Аймауытов. Тәрбиеге жетекші. Орынбор, Қазмембас, 1924 ж.
2. В.А.Планкова. Практический аспект проблемы использования видеофильмов при обучении аудированию на старшей ступени обучения. *MagisterDixit*. 2011. №4. 188-199 с.
3. Г.В.Воробьева, Л.А.Батурина. Роль аудиовизуальных средств обучения в процессе преподавания русского языка как иностранного (из опыта работы). *Известия ВолгГТУ*, 2012, №10. 153-155 с.
4. Веако J.C. Qu'est-ce que l'éducation plurilingue? *Le francais dans le monde*, 2008, Janvierfevrier, no. 355, pp. 40-41.
5. О.С.Бегийович. Кино в обучении иностранным языкам // *Вестник ЮУрГУ. Сер.: Лингвистика*. 2009. №2 (135). 75-77 с.

ӨОЖ 34: 342

### КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ – ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Ахметова Г.Ж., Садвақасова Ж.Қ.**

*«Өзін-өзі тану» Адамның үйлесімді дамуы гуманитарлық колледжі, Алматы*

Кәмелетке толмағандардың түрлі деформацияларға бейім құқықтық санасын бағалау, субъектілердің мінез-құлқына әсер етуге, олардың позитивті әрекеттерімен байланысты құқықтық бағыттарды қалыптастыруға арналған заңи құралдармен қатар тұратын құқықтық тәрбиелеудің маңызын жоғарылатады.

В.В. Сорокин «құқықтық сананың сәйкес деңгейі объективті қажеттіліктің автоматты салдары болып табылмайды. Ол құқық субъектілерінің құқықтық ағарту және тәрбиелеу жолдарында өздігінше мақсатты бағытталған әрекеті барысында қалыптасады» деген пікірі біздің ойымызша әділетті [1].

Кәмелетке толмағандардың құқықтық тәрбиесінің міндеттерін, мақсаттарын, басым нысандарын анықтау, аталған түсінікті жалпытеориялық тұрғыдан сипаттауды талап етеді.

«Тәрбиелеу» - дегеніміз оқушының тұлғалық дамуына, қалыптасуына бағыт-бағдар берер жағдайлар жасау арқылы басқару. Тұлғалық дамыту дегеніміз – гуманизм қасиеттерін қалыптастыру, оқушы шығармашылығын дамыту, өмірге қалыптасуын игерту, ұжымдылық қасиеттерін дамыту, интеллекттігін тәрбиелеу рухани адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру [2].

Н.И.Матузов пікірі бойынша, құқықтық тәрбиелеуді мемлекеттің, қоғамдық құрылымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының, еңбек ұжымдарының азаматтардың жоғары құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған мақсатты әрекеттері деп түсіндіреді [3]. Бұл анықтама өзіне аталған құбылыстың мәнінің негізін, оның міндеттері мен күтілетін нәтижелерін жинақтап алатынын айта кету керек.

Дегенмен де, Т.В. Синюкова біздің көзқарасымыз бойынша, құқықтық тәрбиелеу түсінігінің анықтамасына елеулі түрде толықтырулар енгізген. Бірінші кезекте, автор құқықтық тәрбиелеу қызметінің сипатына көңіл аударған. Ол адамның санасы мен мінез-құлқына жүйелі түрде әсер ету деп қарастырылады [4].

Құқықтық тәрбиелеу өзінің басты және тікелей мақсаты ретінде жеке тұлғаның құқықтық белгілерін қалыптастыру деп анықтайды. Н.И. Матузов аталған салада басым бағыттар ретінде келесілерді атайды:

- азаматта құқықты дұрыс сезуді, прогрессивті заңи дүниетануды қалыптастыру;
- өзінің құқықтарымен мүмкіндіктерін жақсы білетін, оларды қорғау жөнінде барлық заңи мүмкіндіктері пайдалана алатын, әлеуметтік белсенді жеке тұлғаны дайындау;
- әділетсіздік пен бассыздыққа жаны қас, заң мен тәртіпті сыйлайтын, құқық бұзушылықтар мен шексіздіктерге қарсы әрекеттерге көмектесетін жоғары өнегелі жеке тұлға тәрбиелеу [3].

Құқықтық тәрбиенің атқаратын қызметтерінің мәнін Р.Б. Кульжакаева зерттеу жұмыстарында былай түсіндіреді: ”Біріншісі заң білімдерін, құқықтық ақпараттанудеңгейін кеңейтуге бағытталса, екіншісі – жеке тұлғаның диспозициялық құрылымының құндылықты-нормативті ядросын пайда болуымен, оның құқықтық санасының мінез-құлықтық компонентінің қалыптасуымен, құқықтық құндылықтарды меңгеру және пайдаланумен байланысты; үшіншісі құқыққа сай мінез-құлықты, құқықтық тәртіпті қорғау және қолдауды қамтамасыз ететін құқықтық тәрбиелеу қызметтерінің кешенінде көрініс табады” [4].

А.Б. Венгеров құқықтық мәдениеттің қалыптасуымен байланысты барлық құбылыстардың синергетикалығын айтады, алайда, бұл құқықтық тәрбиелеудің мүмкіндігін жоймайды, оны өздігінен дамып жатқан процесстің өмір сүруінің бір талабы етеді [5].

Жеке тұлғаның құқықтық санасының қалыптасуы – адамның бүкіл өмірінде жалғасатын, көптеген түрлі факторлармен бірге жүретін, ұзақ процесс. Өзінің даму сатыларының әрқайсысында жеке тұлға тек белгілі-бір құқықтық білім, құқықтық тәжірбиелерге ие болып, оны жетілдіреді.

Жеке тұлғаның құқыққа қатынасын сипаттайтын, негізгі құқықтық қасиеттерінің ішінен, Н.И. Тюрина мыналарды бөліп қарастырады: жауапкершілік, құқықпен ниеттестік, әділеттілік, заңдылық, құқықтық парыз, заңды (құқықты) сыйлау сезімдері [6].

Жауапкершілік сезімі деп, автор, жеке тұлғаның өзінің құқықтары мен міндеттеріне саналы түрде қатынас, өзінің әрекеттерін бағалау және түсінуі айтады.

Құқықтық парыз сезімі жеке тұлғаның құқықтық құралдардың маңызын түсіну, оларды тәжірбиелік қызметте қоғамдық мүдделерді немесе басқа тұлғалардың мүдделерін қамтамасыз етуге дайындық деңгейін түсіну сипатын көрсетеді.

Құқықтық сана мен құқықтық тәрбиелеудің өзара байланысы айдан анық, бірақ, олардың байланыстылығы қатаң емес, өйтпесе құқықтық сананы құқықтық әсер ету өлшемдерімен көтеру мәселесі әлдеқашан шешілген болар еді [7].

Құқықтық насихаттың ерекше нысаны болып, көпшілікке белгілі құқықтық басылымдар – кітаптар, журналдар, брошюралар тарату табылады, онда оқырмандарға күрделі заң сұрақтарына талдаулар беріліп, өздерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауда тәжірбиелік кеңестер беріледі.

Құқықтық білім жеке тұлғаның кез-келген мінез-құлықтық актілерін ескертетін, қажетті компонентпен маңызды талаптарын құрайды [8, 116-117бб].

Құқықтық білімді бірқатар негіздермен классификациялауға болады:

1. даму тереңдігіне, дамуына байланысты:

- жүйеленбеген, яғни құқықтың жалпы бейнесі мен идеяларын құрмайтын, жеке, үзілмелі теоретикалық білімдер;
  - жүйеленген білім, әдеттегідей құқықтық оқыту процессінде қалыптасып, құқықтық институттар мен ережелер туралы құқықтық пікірлердің бүтіндігін көрсетеді;
- 2.көрініс табу пәні бойынша:
- құқық туралы жалпы білім, оны реттеуші және қорғаушы қызметтер, соның ішінде жеке тұлғаның өзі қатысушы болып табылатын қатынастарды құқықтық реттеудің ерекшіліктері жөніндегі білім;
  - ұйымдастырушылық-құқықтық немесе басқа да қызметтерді орындаумен байланысты құқықтық реттеу саласындағы нақты қызметтерді жүзеге асыру үшін қажетті арнайы құқықтық білім;
  - кәсіби құқықтық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті кәсіби білім;
  - құқық теория мамандары мен кейбір заңгер-тәжірибешілер категорияларына тән теоретикалық білім [8, 116-117бб].

Сондай-ақ, құқықтық тәрбиелеу мәселесі жеке тұлғаның дамуымен өзара тығыз байланыста болатынын айта кету керек. Бүгінгі таңда қоғамда рухани-өнегелік тәрбиелеудің жетілдіру сұрақтарына көп назар аударылады.

«Құқықтық тәрбиелеудің барлық процесі, - дейді Н.И. Матузов, - бүгінгі таңда аталған мақсаттарға жетуге, жақсылық жамандықтан, құқықты құқық еместен, әділеттілікті әділетсіздіктен қорғауға қабілетті жеке тұлғаның жоғары еріктілік қасиеттерін қалыптастыруға бағытталуы керек, деп ойын бекітеді» [9, 255б].

Жеке тұлғаны рухани-өнегелік тәрбиелеу мен балаларды оқытудың бір бағыты ретінде білім берудің мынандай маңызды міндеттерін шешумен байланысты:

- өзіне жалпыадамзаттық идеялар мен қағидаларды, ұлттық-мәдени мұралардың ең жақсы үлгілерін үйлестіретін кәмілетке толмағандардың дүниетанымдық тұғырын қалыптастыру;
- Қазақстанда тұратын түрлі ұлт азаматтарының тарихи тағдырларының сезімдерінің ортақтылығын дамыту және бекіту;
- түрлі этникалық, нәсілдік және діни топтардың өзіндік мәдениеттерінің ұлттық ерекшіліктерін сақтап қала отырып, мәдени интеграция шеңберінде жалпы қалаулар, идеяларға ұмтылу;
- жеке тұлғаның жоғары өнегелік-этникалық қасиеттерін қалыптастыру және дамыту;
- өздігінше және әмбебап ойлаушы адамды адамгершілік құндылық негізінде тәрбиелеу.

Осы бағытта Республикамызда тұңғыш рет, С.А. Назарбаеваның бастамасымен 1995 жылдың маусым айында құрылған «Бөбек» Ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығының басты мақсаты да осы, яғни:

- еліміздегі адамзаттық капиталдың сапасын «Өзін-өзі тану» рухани- адамгершілік білім беру идеясын қоғамда дамыту арқылы жүйелі түрде жақсарту және тұлғаның үйлесімді дамуына қолайлы жағдай туғызу;
- рухани-адамгершілік білім беру сапасын қамтамасыз ету және жақсарту;
- рухани-адамгершілік білім беру үрдісін кешенді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету;
- рухани-адамгершілік білім беру саласында сауықтыру және әлеуметтік-педагогикалық қызметтерді жетілдіру;
- рухани-адамгершілік білім беруді тиімді басқару, әлеуметтік серіктестік және ресурстық қамтамасыз ету болып табылады.

«Білім туралы» Заңның 1 бабының 28 тармағына сәйкес: «жалпы білім беру мектебі - әрқайсысы өздігінше қызмет ете алатын – бастауыш, негізгі және жоғары үш деңгейінен тұратын, негізгі және қосымша бағдарламаларды жүзеге асыратын орта білім беруші оқу мекемесі болып табылады».

Заңның 24 бабы: «Қазақстан республикасының азаматтарына мемлекеттік оқу мекемелерінен ақысыз орта білім алуға кепіл беріледі. Орта білім міндетті» деп көрсетілген.

Осыған сәйкес, өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуде мемлекеттің жүзеге асыратын саясатында мектеп жетекші рол атқаратынын көріп отырмыз. Мектеп баланың, жеке тұлға ретінде, оның көзқарастарын, дарынын, қабілетін, өзін-өзі кәсіби анықтау, жалпы азаматтық өнеге, физикалық жетілу, табиғат жөніндегі танымдарын жан-жақты дамуын қамтамасыз етуі қажет.



Әлемдік тәжірибе көрсеткеніндей, адамның құқықтарын жариялап қоя салу жеткіліксіз, олар қоғам дайын кезде ғана жүзеге асырыла бастайды.

Біздің көзқарасымыз бойынша құқықтық тәрбиелеу процесстеріне заманауи ақпараттық ортаның әсер етуі жөніндегі сұрақ ерекше назар аударуға лайық.

Заманауи ақпараттық орта, күмәнсіз, жас буынның, соның ішінде кәмелетке толмағандар құрайтын бөлігінің құқықтық санасына үлкен әсерін тигізеді.

Кәмелетке толмағандардың құқықтық санасының деформациялану талаптарында, оны жеңуде ұйымдастырылатын жұмыстар өзінің белгілі-бір стратегиясына ие болуы керек. Оның негізгі элементтері, келесілер болып табылады:

- алға қойылған мақсаттарды шешуді көздеу;
- әлеуметтік өмірдің шынайы процесстері мен қарама-қайшылықтарын есепке алу;
- құқықтық сананың жекелеген түрлерінің деформациялануын жеңу үшін негізгі бағыттарды анықтау;
- аталған қызметтің мақсаттарын, әдіс, тәсілдерін тұжырымдау.

Құқықтық тәрбиелеу құқықтық тәжірибемен байланысты және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінің сабына тұруы керек.

Кәмелетке толмағандарды құқықтық тәрбиелеуді ұйымдастыру барлық қоғам мен мемлекет тарапынан жауапкершілікті қатынасты талап етеді. Ол формальды, декларативті сипатта болмау керек, керісінше оның нысандары мен әдістері өскелең ұрпақтың мүдделерін ескеріп, олар үшін қызықты және жастардың қызығушылықтарына бағытталуы керек. Заманауи ақпараттық технологиялар мен құқықтық тәрбиелеу қызметтерін сауатты түрде пайдалану, құқықтық тәрбиелеудің барлық нысандарының, құқықтық насихатында, құқықтық оқытудың да, өз бетінше білім алудың да тиімділігін күшейтеді.

### **Әдебиет**

1. Сорокин В.В. Концепция эволюционного преобразования правовых систем в переходный период. С. 321
2. Сапарғалиев Ғ.С. ҚР Этномәдени білім беру тұжырымдамасы. – Алматы, 1991. – 15 б.
3. Матузов Н.И. Правосознание и правовая культура. С. 252
4. Синюкова Т.В. Правосознание и правовое воспитание //Теория государства и права/ Под.ред. Н.И. Матузова, А.В Малько. М. 1997. с. 568.
5. Кульжакаева Р.Б. Правовое воспитание на этапе развитого социализма. – Караганда, 1982. – 135 с.
6. Венгеров А.Б. Теория государства и права: Учебник. М., 1998. с. 585.
7. Тюрина Н.И. Правомерное поведение как объект юридического исследования. Дис. К.ю.н. Саратов, 2003. с. 119
8. Тапчанян Н.М. . Правосознание и правовая культура личности в условиях современной России: Автореф. дис. ... к.ю.н. М., 1999.С. 7.
9. Керимов К.К. Праволық тәрбие жүйесі. – Алматы, 1991. – 15 б.

УДК 37.015.3

## **ИНКЛЮЗИВНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ: КАК НЕОТЪЕМЛЕМАЯ ЧАСТЬ СОВРЕМЕННОГО ОБЩЕСТВА**

**Ахметова Э.К., Алметов Н.Ш.**

*Южно-Казахстанский государственный университет им. М.Ауэзова, Шымкент*

Одной из важнейших основ образовательной политики мирового сообщества является обеспечение всех граждан равным доступом к высококачественному образованию, о котором прописано в целях устойчивого развития (ЦУР) 4 (17 Глобальных целей в области устойчивого развития, принятые 193 государствами-членами ООН 1 января 2016 года), где ЦУР4 провозглашает обязательность «обеспечения инклюзивного и справедливого качественного образования и поощрения возможности обучения на протяжении всей жизни для всех» [1].

В настоящее время Правительством Казахстана уделяется большое внимание инклюзивному образованию, об этом в своем послании народу Казахстана «Конструктивный общественный диалог – основа стабильности и процветания Казахстана» говорил и Президент страны К.-Ж.К. Токаев: *«Поддержка института семьи и детства, создание инклюзивного общества. Особое внимание должно уделяться семьям, у которых на попечении находятся дети с ограниченными возможностями. Только по официальной статистике на учете по инвалидности состоит более 80 тысяч детей. Необходимо расширить сеть малых и средних центров реабилитации для детей в «шаговой доступности». Мы обязаны создавать равные возможности для людей с особыми потребностями. Теперь поручаю Правительству выделить на данные цели не менее 58 млрд. тенге в течение трех лет»* [2].

В Государственной программе развития образования и науки Республики Казахстан на 2016-2019 годы заявлена политика по развитию инклюзивного образования, однако, до сих пор не выработаны единый понятийный аппарат и механизм реализации данной политики на всех уровнях образования от дошкольного до высшего; отсутствуют четкие индикаторы мониторинга инклюзивного образования и методика их расчета. Все это, несомненно, является актуальной задачей современного общества, так как вложения в инклюзивное образование сейчас благоприятно отразятся на человеческом и экономическом потенциале Казахстана в будущем как успешная социальная адаптация и возможность самореализации [1-2].

Инклюзивное образование является совместным обучением и воспитанием лиц с ограниченными возможностями, предусматривающие равный доступ с иными категориями обучающихся к соответствующим образовательным учебным программам обучения, коррекционно-педагогическую и социальную поддержку развития посредством обеспечения специальных условий [3].

Согласно статистике, в 2018 году в общеобразовательные школы ходили 61 336 детей с особыми образовательными потребностями (ООП), которым нужно инклюзивное образование, хотя их насчитывается около 150 тысяч в возрасте от 0 до 18 лет [1, 4].

По данным МОН РК (главный орган, занимающийся вопросами инклюзивного образования), до конца 2019 года для инклюзивного обучения приспособят 30% детских садов, 70% школ и 40% колледжей; уже разработаны 318 учебных программ. Ежегодно, на базе Национального научно-практического центра коррекционной педагогики более 320 специальных педагогов, а на базе АО НЦПК «Орлеу» свыше 3000 педагогов прошли курсы повышения квалификации по работе с детьми с ООП и инклюзивному образованию для учителей школ [4].

Например, в Италии работают специальные учителя-помощники, которые являются главными координаторами инклюзивных процессов в школе. Они преподают детям с / без ООП, разделяют ответственность с другими учителями по вопросам преподавания и обучения, участвуют в процессе планирования и оценивания учебных достижений школьников с ООП. Для того, чтобы стать специальным учителем-помощником, кроме обучения в ВУЗе и стажировки (объемом не менее 300 часов / 12 кредитов), нужно пройти двухгодичные специализированные курсы обучения для получения специальной квалификации (не менее 60 кредитов) [1-4].

Адаптация международного опыта по созданию учебно-информационного центра для родителей как в США, проведению образовательных акций как в России и создание центра исследования по инклюзивному образованию как в Великобритании является актуальным для Казахстана, потому что в странах, где ведется активное развитие инклюзивных процессов в системе образования, отмечается высокий уровень участия всех заинтересованных сторон: от родительской общественности до органов власти, так как это связано с широкой оглаской проводимой образовательной политики, мероприятий и инициатив, оказанием информационной и консультационной поддержки.

Таким образом, все это свидетельствует о важности развития инклюзивной культуры в стране через оказание информационно-консультативной поддержки обучающимся с ООП, их родителям и учителям [1-4].

### **Литература**

1. Ногайбаева Г., Жумажанова С., Коротких Е. Рамка мониторинга инклюзивного образования в Республике Казахстан. Астана: АО ИАЦ, 2017 – 185 с.
2. Послание Президента народу Казахстана от 2 сентября 2019 года // [http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses\\_of\\_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana](http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana)

3. Страновой базовый отчет Казахстана. ОЭСР Обзор политики по улучшению эффективности использования ресурсов в школах (обзор образовательных ресурсов). АО «Информационно-аналитический центр» при МОН РК. Астана, 2014, - 267 с.
4. Инклюзивное образование: как в Казахстане учат детей с особыми потребностями? // <https://informburo.kz/cards/inklyuzivnoe-obrazovanie-kak-v-kazahstane-uchat-detey-s-osobymi-obrazovatelnyimi-potrebnostyami.html>

УДК 7.05

## **ИМПРОВИЗАЦИЯ КАК СРЕДСТВО РАЗВИТИЯ И ВОСПИТАНИЯ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ У СТУДЕНТОВ**

**Ахметшина З.Р.**

*Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати, Тараз*

Жизнь в изменчивом мире предполагает творческое отношение человека к происходящему в этом мире. Возрастает спрос на творческую личность во всех сферах общественной жизни.

Настоящее хореографическое искусство, с его чувственной природой, подлинно творческим духом, обладает действенной силой, способной подарить студентам и педагогам радость многогранного художественного творчества. Формирование творческого потенциала студентов института искусств и культуры может помочь решению вышеназванной проблемы, так как хореографическое творчество есть свободное проявление внутренних резервов, основанное на любви к данному виду деятельности. Прежде чем говорить о воспитании творческих способностей у студентов, следует выяснить суть понятия "творчество. Творчество, как известно, сложный процесс продуктивного преобразования действительности. Это свойство человека тонко чувствовать и понимать прекрасное. Без него немислим труд ни одного работника, связанного с хореографией и вообще с искусством.

Творчество - это деятельность, порождающая нечто качественно новое, отличающееся неповторимостью, оригинальностью и т.д. Творчество предполагает оригинальный склад мышления, то есть способность постоянно ломать привычные рамки накопленного опыта. Проблема формирования творческой личности студента особенно актуальна для вузов искусств и культуры, факультетов народного художественного творчества, выпускники которых свою профессиональную деятельность будут осуществлять, работая с людьми и для людей. Многообразные функции руководителя любительского хореографического коллектива или же преподавателя хореографических дисциплин требуют от него как развитых общеэстетических, специальных хореографических, так и творческих способностей. Ведь невозможно представить себе этих специалистов без фантазии, изобретательности, не умеющих придумывать, эдакими серыми личностями. Одним из факторов, влияющих на развитие творческих способностей, является признание самими студентами ценности творчества. Развитие творчества студентов предполагает использование в педагогическом процессе специальных методов, организацию продуктивного творческого мышления, основанную на новых принципах. Соотнося процесс творчества и процесс обучения, вероятно, необходимо вести разговор о создании таких условий, которые содействовали бы возникновению и развитию у всех обучаемых качеств и склонностей, обычно выделяемых как характерные черты творческой личности. Если говорить о творчестве в процессе обучения, то необходимо иметь в виду как творчество педагога, так и творчество студента. Творческий подход педагога может проявиться в создании новых, интересных процессов обучения, которые влекут за собой изменения содержания программы или создание новых комбинаций из известных методов и приёмов обучения, либо в руководстве самостоятельной и творческой деятельностью студентов, направленной на создание хореографических номеров. В первую очередь педагогу необходимо развивать у студентов фантазию, нестандартное мышление, воображение и т.д. Главное в этом - доброжелательное отношение к студенту, желание помочь ему в развитии его способностей и склонностей. Конечно, сделать всех творческими личностями нельзя, но учить этому нужно. Анализируя процесс обучения студентов хореографической специализации, можно выделить ряд эффективных форм развития и совершенствования творческих способностей, сущность которых заключается в формировании их активной деятельности, результатом которой является рождение новых культурных ценностей. Опыт работы показывает, что занятия по развитию творческих начал у студентов должны идти по двум

направлениям. 1. Организация коллективной творческой и мыслительной деятельности на практических занятиях по специальным дисциплинам. 2. Самостоятельное выполнение индивидуальных творческих начал. Методика коллективной творческой деятельности представляет собой, прежде всего, состязание в творчестве, а не в чём-нибудь другом. Это даёт возможность научить студентов умению слушать и слышать друг друга, сделать всех соавторами, и постепенно даже самые нетворческие ребята начинают предлагать свои идеи. Творчество становится обязательной и необходимой составной частью обучения профессии. Но одного лишь коллективного творчества недостаточно в подготовке хорошего специалиста, ведь в его будущей профессиональной деятельности ему предстоит быть лидером. Практика работы вузов искусств и культуры показывает, что индивидуализация самостоятельной работы - одно из основных средств совершенствования преподавания и повышения интенсивности процесса обучения, качества подготовки молодых специалистов. Студенты не только должны знать предмет, но и уметь думать, искать и находить собственное отношение к творческому приложению этих знаний. И поэтому необходимо создание программы, предусматривающей самостоятельное выполнение индивидуальных творческих заданий, предлагаемых студенту с учётом его возможностей, индивидуальных интересов и склонностей, направленных на его дальнейшее развитие и совершенствование. Главным в оценке выполнения или невыполнения программы в целом является творческий рост студента. Хореографическое творчество даёт широкий простор для развития творческого потенциала студентов, позволяет наряду с распространённой исполнительской практикой внести в систему танцевально-творческой деятельности такой элемент, как импровизация. Импровизацией можно заниматься на всех уроках специального цикла, будь то классический танец или казахский, народный танец или композиция и постановка и т.д. На 1-й курс зачисляются абитуриенты, как правило, с желанием к обучению, но без готовности к творчеству. И задача педагога - пробудить у студента творческое начало, составной частью которого является импровизация. Импровизация - это внутренняя свобода человека, основанная на действенном воображении. Её необходимо развивать в студентах с самых первых уроков по всем предметам специального цикла. Импровизационная способность к танцу уходит своими корнями в глубокую древность. Дикие племена, объединённые единой деятельностью, выражали в танце своё отношение к жизни, например, к предстоящей охоте или к её результату. Изображая в танце животных, птиц, имитируя процесс охоты, они импровизировали движения, одновременно познавая и обобщая явления окружающей действительности. Позже известная американская танцовщица Айседора Дункан, преподававшая на заре XX века "Свободный танец", писала: "Движения дикаря, жившего на свободе в теснейшей связи с природой, были непосредственны и прекрасны". Именно их естественный характер и использовала в своём импровизационном творчестве А. Дункан, достигая большой музыкальности и выразительности. Она обладала большим талантом импровизатора. "Прежде чем идти на сцену, - говорила А. Дункан, - я должна положить себе в душу какой-то мотор, он начинает внутри работать, и тогда сами ноги, и руки, и тело, помимо моей воли, будут двигаться". Вместе с тем известно, что А. Дункан обладала большой общей культурой, чему способствовало постоянное её общение с писателями, музыкантами, художниками своего времени. Айседора Дункан танцевала то, что другие люди говорят, поют, пишут, играют и рисуют. Несомненно, А. Дункан являла собой пример особой одарённости, однако частицей этого дара обладают многие люди. Но вместе с тем обучение "языку танца" (танцевальной лексике) не противоречит развитию импровизационных способностей и, наоборот, обогащает их качество. Импровизация состоит как бы из двух частей: первая - материальная, это как раз знание танцевальной лексики, вторая - то, что составляет внутреннюю культуру и творческое воображение, т.е. знание литературы, музыки, живописи, скульптуры, прикладного искусства и т.д. Косвенное влияние на внутреннюю культуру и творческое воображение студента хореографической специализации смежных видов искусства очень ценно в процессе обучения в институте искусств и культуры. Взаимодействие этих двух частей способствует повышению качества танцевальной импровизации. При создании учебных заданий на танцевальную импровизацию необходимо опираться на хореографическую подготовку, на тематику импровизации и музыкальный материал, способный вызвать в студентах положительный эмоциональный отклик. Как показали занятия, "творческая установка" стимулирует воображение и фантазию студентов, заставляет их мыслить категориями искусства, что сразу непосредственно сказывается на качестве импровизации. Своего рода установкой является раскрытие студентами способа импровизационного действия, который резко отличается от способа "подражания", наиболее распространённого метода разучивания и "обыгрывания" движений. Как правило, студенты младших курсов, исполняя движения у станка, не задумываются о способах их сочинения педагогом, психологически эта область целиком и полностью переключается на педагога. Чтобы побудить их исполнить

простую импровизацию на тему упражнения у станка, необходимо раскрыть им способ сочинения комбинации, рассказать о квадратности построения движений, завершённости и незавершённости их, показать возможность использования различных направлений, сочетаний разных движений в одной комбинации, а затем попросить исполнить свою комбинацию на определённый музыкальный материал. Студент должен всецело отдаваться музыке, подчиниться возникающему у него чувству и не думать о том, как и сколько ему сделать тех или иных движений. В этом многое будет зависеть от педагога. Как он сумеет воспитать музыкальный вкус, научит чувствовать музыку, слышать каждую интонацию, как даст представление о сценическом образе, как разовьёт фантазию и приучит думать, т.е. как он заведёт в каждом студенте внутренний "душевный мотор". Система К.С. Станиславского как нельзя более соответствует решению задач повышения творческого потенциала личности студента через импровизационное творчество. В своей книге "Работа с актёром" К.С. Станиславский говорит о последовательности работы над образом. Так, например, прежде чем приступить к разучиванию пьесы, артисты должны пройти через подготовительный период, помогающий ему, актёру, обрести необходимую физическую, психологическую и интеллектуальную свободу в сценическом поведении. Поскольку танцевальная импровизация является физической - непосредственной реакцией исполнителя на содержание и форму музыкального произведения, - отнесём изначальный период работы над импровизацией к первому этапу, аналогичному по своему характеру, методу "физических действий" К.С. Станиславского.

На первом этапе проигрывается музыкальное произведение, а затем исполняется импровизация, которая на данном этапе является как бы стартовой площадкой, трамплином для дальнейшей работы над художественным качеством импровизации. На этом подготовительном этапе резко заметна разница в исполнении импровизации у разных студентов. Одни из них быстро реагируют на музыку, интуитивно набирают различные движения, другие не решаются начать. Причина здесь в разной степени одарённости студентов, раскованности, фантазии. Но тем не менее этот важный момент физического действия под музыку, вне зависимости от качества исполнения, должен быть пройден всеми, он-то и является пробой творческих сил каждого студента. Второй этап можно охарактеризовать как поиск средств формирования духовно-интеллектуальной сферы студентов, овладения ими методом ассоциативно-образного художественного мышления. Этот этап представляет собой наиболее трудоёмкий вид работы, требующий и от педагога, и от студента, интенсивного творческого труда. Здесь главная задача - обогащение внутреннего мира исполнителя с помощью аннотаций к музыке. Для того чтобы импровизация получилась более выразительной и содержательной, необходимо раскрыть содержание и форму музыкального произведения, раскрыть сценарную драматургию образа, используя при этом образные сравнения, аналогии, а иногда и показывая студентам приёмы выразительности движений. Большую помощь здесь может оказать использование поэзии и прозы, показа произведений изобразительного искусства, близких по содержанию музыке и теме импровизации. Для импровизации следует отбирать такие темы, которые сами по себе, по своей значимости способны волновать фантазию студентов. И поэтому естественно, что многокомпетентность танцевально-импровизационного образа и является материалом качества импровизации, как, впрочем, качества любого танцевального образа. Развивая и воспитывая у своих студентов творческие способности с помощью импровизации, преподавателю самому необходимо научиться художественно мыслить, чтобы выбрать из произведений литературы и искусства в качестве воздействующего материала наиболее выразительные образные сравнения. Чтобы импровизация постепенно становилась более насыщенной, необходимо использовать принцип создания "ориентиров". Студент должен знать, к чему стремиться в своей импровизационной деятельности. Импровизация упражнений развивает такие качества, как способность к быстрому слуховому анализу, внимательность, сообразительность, быстрота реакции, самостоятельность мышления. Логичность, способность к самоконтролю. Специфика импровизации как активнейшего вида творчества заключается в том, что студент, передавая в танце своё индивидуальное отношение к музыкальному образу, никого не повторяет, а создаёт совершенно новый продукт творчества. Рекомендовать методику занятий импровизацией можно лишь частично, условно предложить то или иное упражнение, тот или иной музыкальный материал - здесь каждый педагог должен проявить инициативу, фантазию, изобретательность, чтобы втянуть всех в импровизационную деятельность, так как это является первой пробой творческих сил каждого студента. Ведь без творческого подхода к делу, как уже говорилось ранее, не получится первоклассного специалиста.

## Литература

1. А.Вербицкая « Основы сценического движения», Москва, 1983г.
2. Л.Шахматова «Сценические этюды», Учебное пособие, Москва, 1966г.
3. Т.Васильева « Секрет танца», Москва, 1977г.

ӘОЖ 5.31.31

### 5-6 ЖАС АРАЛЫҒЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МОДЕЛІ

**Байденов Ж.М**

*4 орта мектеп, Талдықорған*

Білім беру және ғылым саласына елеулі өзгерістер енгізіліп жатқан қазіргі кезеңде мектепке дейінгі ұйымдарда баланың жеке басын дамыту, жас ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеуді жаңа сапалық деңгейге көтеру міндеті бүгінгі күннің кезек күтірмейтін көкейкесті мәселесі. Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы сатысы ретінде өзгермелі өмірге табысты бейімделуге қабілетті жас ұрпақты қалыптастыру мен дамытуға жағдай жасайды. Балалардың ерте жас кезеңінен бастап денсаулығын сақтауға, тамақтануға, қауіпсіз ортасына, психологиялық-әлеуметтік және танымдық дамуына деген қажеттіліктері назардан тыс қалмай, бірін-бірі толықтырып, өзара байланыста және асқан үйлесімділікпен қанағаттандырылуы қажет. Қазіргі мәліметтері бойынша, бұл бала өміріндегі шешуші кезең және оның болашақтағы психологиялық дамуына негіз болады. Бұл жас кезеңінде балада үш негізгі өмірлік дағдылары: *тік жүруі, тілдік қарым-қатынас жасауы және заттық әрекеттері* қалыптасатын айырықша маңыздылығымен түсіндіріледі. Ең бастысы бұл жаста баланың болашақтағы мінез-құлқы, зияткерлік және тұлғалық дамуына ықпал ететін біліктерді, соның ішінде түсінуі және адамдармен қарым-қатынас жасауда тілді қолдану қабілеттерін игереді.

Біздің зерттеуімізде алға қойған мақсаттардың бірі-5-6 жас аралығындағы балалардың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру моделін барысында педагогикалық әдебиеттер мен ғылыми зерттеулерді зерделеу негізінде «моделі» ұғымының мәнін сипаттаудан бастауды жөн көрдік.

Модель – физикалық конструкциялардың, таңбалы формалар мен формулалардың зерттелетін нысанға (немесе құбылысқа) ұқсас схема түріндегі жасанды нысаны. Осы нысанның элементтері арасындағы өзара байланысы мен қатынасын, қасиетін біршама қарапайым және күрделі түрдегі құрылымын бейнелеп көрсетеді және жаңғыртады. Осыған орай маңызды әдіснамалық ереже бар. Ғалым Ш.Т. Таубаеваның «Педагогика әдіснамасы» атты зерттеу еңбегінде педагогика саласындағы модельдеу мәселесіне кеңірек тоқталған. Ол «модель» түсінігінің, латынның «modules» сөзінен туындағандығына, ол «өлшем», «бейне» деген түсінікті білдіретіндігіне тоқталып, модельдеу – математикалық таңбалау формуласы, физикалық конструкциялар, құрастырулар түсінігі ғылым саласындағы әртүрлі мағынада пайдаланылатындығын атап өтеді. {1} Бұл нақты мағынада «модельдеу» объектінің арнайы жасалған пішінінің, нақты нысанының сипаттамасын өңдеу жасауы деген қорытынды жасауға негіз болады. Логикалық түсіндірме сөздікте «модельдеу» нысанын қолдан құрастырылған нұсқасы, қисындық «Модель» сөзі француз тілінен «үлгі» деген мағынаны білдіреді. Педагогикадағы модельдеу – педагогикалық материалдардың, құбылыстардың, үрдістердің модельдерін, көшірмесін құрастыру. Зерттелетін педагогикалық жүйелерді схемалық бейнелеу үшін қолданылады. *В.А.Штоффтың* модельге берген түсінігінің, модельдеуге деген ұстанымының педагогикалық зерттеулерде мәні зор. Автордың айтуынша модель-зерттеу нысаны бейнелеп, шығаратын және сол нысанның орнын басып, жаңа ақпарат бере білетін, ойда бейнеленіп немесе материалды түрде іске асатын жүйесі болып табылады-деген. {2} Біздің жағдайымызда, 5-6 жас аралығындағы балалардың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру мақсатын модельдеу, баланың әлеуметтеуіне, құзыреттігін жоғары деңгей артыру. Баланың

әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру үшін ата-ана мен тәрбиешілер арасындағы тығыз қарым-қатынас ортану қажет.

Қазіргі заманда модель ұғымын материалдық немесе тұжырымдамалық жүйе ретінде түсіндіреді:

- қандай да бір формада түпнұсқаның маңызды қасиеттері мен қарым-қатынасын бейнелеп,көрсетті;
- нақты берілген мағынада оның орнын басады;
- түпнұсқасы туралы жаңа ақпарат ұсынады.

Осы орайда алдымен модельдің мақсатын 5-6 жас аралығындағы балалардың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру деп белгіледік.


Одан төмендегі міндеттер туындайды:

- 5-6 жас аралығындағы балалардың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру үшін қарым-қатынас ортасын құру;
- 5-6 жас аралығындағы әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыруда арналған жаттығулар ойындар әзірлеу;
- 5-6 жас аралығындағы балалардың ата-аналары және тәрбиешілеріне әлеуметтік құзыреттілігі туралы білімдерін қалыптастыру;
- 5-6 жас аралығындағы әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру шарттарын дәйектеу.

Біздің жағдайымызда 5-6 жас аралығындағы балалардың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастырудың моделі – бұл қарым-қатынасқа түсе алатын немесе тұлғалық – әлеуметтенген жеке тұлға болып қалыптасқан.Осы айтылғандарды негізге ала отырып, біз педагогикада модельдеу мынандай жағдайларда қолданылатынын байқадық;

- а)педагогикалық міндеттерді және педагогикалық жағдаяттарды модельдеу;
- б)оқыту,тәрбие және үйренушілерді дамыту үдерісін модельдеу;
- в)ата-ана тәрбиешілер арасында тығыз қарым-қатынас нығайтуын модельдеу;

Онда 5-6 жас аралығындағы балалардың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастырудың мақсаты, міндеттері, білім мазмұны, әдістері, мен ұстанымдары,осыларды жүзеге асырудың нысаны оқу үдерісі,ондағы жүйесі,келтірілдіОсыған орай модельдеу 5-6 жас аралығындағы балалардың әлеуметтік құзыреттілігінің ұғымдар,түсініктер,қағидалар,оны қалыптастыруға ықпал ететін факторлар т.б берілді. Біздің ойымызша аталғандарды ескеру арқылы 5-6 жас аралығындағы балалардың әлеуметтік құзыреттілігін жоғары деңгейде қалыптастыруға мүмкіндік болады. Төмендегі суретте біз 5-6 жас аралығындағы балалардың әлеуметтік құзыреттілігінің қалыптастыруының теориялық құрылымдық моделін ұсынамыз.(1-сурет.)



Сурет 1. 5-6 аралығындағы балалардың әлеуметтік қалыптастыруының теориялық құрылымдық моделі

Ұсынылып отырған модель: 5-6 жас аралығындағы балалардың әлеуметтік құзыреттілігінің қалыптасуының әдіснамалық негіздері айқындалған, мәдени ,танымдық, қарым-қатынас компоненттерден тұратын, өлшемдері мен көрсеткіштері,қалыптасу деңгейлері анықталған, әдістемелік жолдары негізделген күрделі құрылым. Енді осы модельдің ішкі жүйе

элементтеріне сипаттама береміз. Философиялық тұрғыдан әдіснама таным және объективтілік шынайылықты өзгерту үдерісінің мен жолдары жөніндегі ғылым. Философиялық энциклопедиялық сөздікте әдіснама (грек сөзінен *methodos* – зерттеу жолы, таным, ілім, білім; *logos* – сөз, түсінік) қағидалар жүйесі және тәжірибелік теориялық іс-әрекетті ұйымдастыру және құру тәсілдері, ғылыми таным әдістері туралы оқу; қандай да бір ғылымда қолданатын әдістердің жиындығы дегенді білдіреді делінген. {3} Ұсынылып отырған 5-6 жас аралығындағы балалардың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық моделі: *танымдық құзыреттілік, қарым-қатынас құзыреттілік, тұлғалық құзыреттілік*, көрсеткіштерден тұрады. Бұдан әрі солардың сипаттамасына көшеміз.

*Танымдық құзыреттілік* – ерекше психологиялық феномен, оның негізінде танымдық процестер қалыптасады, дамиды, жетіледі, әрі психикалық күй өзгереді. Психологияның зерттеу пәні мен нысанына сай: психикалық, яғни танымдық, эмоциялық сезімдік, ерік-жігер процестерінің дамуынан, психикалық қасиеттері мен сапаларының, психикалық күйі-кейпінің, жағдайының және жаңа психикалық жасалымның қалыптасуынан құралады. Балалардың қоршаған әлемнің тұтас бейнесін, адам мен табиғат әлемі арасындағы өзара байланысты қалыптастырып, қоршаған әлемге деген қызығушылығын арттырып, зерттеу кезінде баланың танымдық-тілдік құзыреттілігін қалыптастырып, дамытады. {4} Бала күнделікті серуен кезіндегі немесе бөлме ішіндегі өсімдіктерді, жәндіктерді және т.б. Құбылыстарды бақылау, зерттеу, күту арқылы табиғатпен тығыз байланыста болады, таным үдерісі кезінде түсініксіз сұрақтар туындайды: «қалай?», «неге?», «неліктен?» т.б. Осы сұрақтарды қызметіне қарай шартты түрде екіге бөлуге болады: Ойлауды білдіретін: «қалай?», «неге?», «неліктен?» т.б. нұсқалары Жадыны дамытар: «не?», «қандай?», «қашан?», «қанша?», «қайда?» Балаға сұрақ қою барысында баланың есіне, ойлау қабілетін, танымын дамытуға арналғанын қадағалаған жөн. Мысалы: «Бұл қашан болды?» - дегенде, оқиғаның есте қалған уақытымен жауап береді, ал «Бұл неліктен болды?» - деген сұраққа ойлануды талап етеді. Мұнда, «Ал сен, қалай ойлайсың?» деген сауал арқылы баланың ойын ары қарай жалғастыруға болады, яғни ақыл-ойдың, танымдық-тілдің дамуына жол ашады. *Қарым-қатынас құзыреттілік* – (лат. *competere* – «қол жеткізу», «сәйкес келу» сөзінен шыққан) – балалар және қоғам үшін күнделікті оқуда, қатысымдық міндеттердің тіл арқылы шеше білу қабілеттілігі; қатысымдық мақсатты іске асыруда баланың тіл және сөз құралдарын пайдалана алуы. Егер бала сол тілде сөйлеушілермен тікелей немесе аралық қарым-қатынас барысында сол тілдің нормалары мен мәдени дәстүріне сәйкес өзара түсінісе алса, коммуникативтік құзыреттілікті меңгергені болып саналады. *Ғалым Д.Хаймз «коммуникативті құзыреттілік» ұғымын келесідей құзыреттіліктермен біріктіреді:*

- лингвистикалық (дұрыс тілдік қатынастың болуы);
- әлеуметтік-лингвистикалық (диалектикалық сөздер ережесі);
- дискурсивті (айтылатын ойдың дұрыс құрабылу ережесі);
- стратегиялық (серіктесімен қарым-қатынасты сақтау ережесі).

*Тұлғалық құзыреттілік* - теориялық білімі мен практикалық тәжірибесін белгілі бір міндеттерді орындауға даярлығы мен қабілеті. Ол жансыз жаттанды білім түрінде емес жеке тұлғаның танымға, ойлауға қатысын және әрекетке, белгілі мәселелерді ұсынып, шешім жасауға, оның барысы мен нәтижелерін талдауға, ұдайы түрде ұтымды түзетулер енгізіп отыруға деген икемділігінің белсенділігінен көрінеді. Өзін-өзі тану, жетілдіру тәуелсіз іс-қимылдардың ауқымы – өзін-өзі ұстаудан және өз денсаулығына деген саналы қарым-қатынастан жеке қасиеттерді қалыптастыруға, өзін-өзі тәртіпке, ережелерге бағынуға қабілеті. Тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруын қолдайтын әр педагогикалық істің мазмұнына апаратын бетбұрыс. Жалпы айтқанда әрбір міндет (өндірістік-экономикалық, әлеуметтік-мәдени, білім беру) оны шешудің әдіснамасы ретінде тұлғалық бағытты қолданған жағдайда ғана, адам жасаушы болады. Жеке құзыреттілік - өзін-өзі дамыту әдістерін меңгеруге және өздігінен өзін-өзі анықтау әдістерін дамытуға әкеп соқтыратын мәселелерді шешуге, өзіндік қызмет әдістерін меңгеруге бағытталған құзыреттілік; сондай-ақ жеке тұлға ретінде өзін-өзі тану, тәуелсіз таңдау жасау және осы таңдау үшін жауапкершілікті қабылдау мүмкіндігі. Өзін-өзі тану және өзін-өзі дамытуға әкелетін тәуелсіз іс-қимылдардың ауқымы - өзін-өзі ұстаудан және өз денсаулығына деген саналы қарым-қатынастан жеке қасиеттерді дамытуға, өзін-өзі тәртіптеуге, ережелерге бағынуға қабілеттілігіне байланысты. Біз ұсынған модельді іске асырудың негізі М.Монтессоридің педагогикалық технологиясының құралдары мен принциптерін қолдану:

- арнайы дайындалған пәндік-кеңістіктік ортаға балалардың еркін, тәуелсіз және бірлескен қызметін ұйымдастыру;
- оқу үрдісінің барлық субъектілерінің пәндік-позициялық ұстанымдарын қалыптастыру.

Бұдан басқа, балаларды әртүрлі деңгейде өзара әрекеттесуге, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік беретін: мәселелік жағдайларды құру, жобалық әдіс, рефлексиялық



әдіс, бірлескен шығармашылық жұмыс, өзара оқыту әдісі сияқты интерактивті және рефлексиялық оқу үрдісін ұйымдастыру әдістері пайдаланылды. Әлеуметтік құзыреттілікті дамыту балалардың барлық қызметінде жүзеге асырылды. бала МДҰ-да болған барлық уақыт ішінде педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың әр түрлі нысандары арқылы: (дербес, топтық, кіші және жеке) жүзеге асырылады. Диагностикалық блокта бастапқы құзыреттердің даму динамикасын және оның нәтижесін - әлеуметтік құзыреттілікті қалыптастыру деңгейін қадағалауға мүмкіндік беретін диагностикалық құралдар ұсынылған. Анықталған көрсеткіштер негізінде 5-6 жас аралығындағы балалардың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру деңгейі анықталды.

*Жоғары деңгейі* 5-6 жас аралығындағы балалардың әлеуметтік құзыреттіліктерді меңгеруге қызығушылығы тұрақты; әлеуметтік құзыреттіліктердің мәнін ұғып, машықтануға ынтасы жоғары балалардың әлеуметтік құзыреттіліктерінің теориялық әдіснамалық, әдістемелік негіздері меңгерген, жалпы мәдени, танымдық, қарым-қатынас біліктері қалыптасқан, әр бір адам мен қиындықсыз қарым-қатынасқа түсе алады, өз ойын көпшіліктің алдында айта алады.

*Орташа деңгейі* 5-6 жас аралығындағы балалардың -әлеуметтік құзыреттілікке деген жағымды көзқараста, олар жайындағы теориялық білімдерін хабардар, мәдениаралық қарым-қатынас біліктері біршама қалыптасқан, 5-6 жас аралығындағы балалардың оқытудың әдіс-тәсілдерін, технологияларын қолдануға, шығармашылықпен жұмыс істеуге қабілеті бар, бірақ тұрақты қолдануға машықтанбаған.

*Төменгі деңгейі* әлеуметтік құзыреттілік жайлы білімдері, қызығушылықтары бар, бірақ тұрақты емес, құзыретті бала болудың қажеттілігін сезінеді, танымдық, мәдениаралық қарым-қатынас біліктері болғанымен, оны іс жүзінде қолнауы нашар, көмек қажет етеді, балалармен тығыз қарым-қатынас орната және өзің ойын жетік айта алмайды. 5-6 жас аралығындағы балалардың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру мәселелеріне байланысты теориялық және тәжірибелік материалдарды зерттеу және өз ізденістеріміз бен тәжірибеміздегі жинақтай келе, балалардың әлеуметтік-құзыреттілігін қалыптастыруды құрылымдық-функционалдық модель негізінде жүзеге асыруды ұсынамыз. Осылайша, біз өзара байланысқан құрылымдық блоктардан тұратын және балалардың әлеуметтік қасиеттерін дамытудың мақсатты үдерісіне нақты көзқарас беретін құрылымдық-функционалдық модель негізінде ұсып отырмыз.

#### **Әдебиет**

1. А.Ж.Салиева, З.М.Иманбаева, Г.Б.Кульджанова Балаларды ерте жастан дамытуға арналған тәрбиелік оқыту процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік құрал // Астана 2015 4-5
2. Ә. Меңжанова «Мектепке дейінгі педагогика» кітабы Алматы Рауан //1992 113-114бет
3. О.Ф. Борисова «Формирование социальной компетентности детей дошкольного возраста» диссертация Челябинск, 2009 стр 29-33
4. Қ.Жарықбаев, О.Санғылбаев Психология Қазақ энциклопедия сөздік //Алматы 2011 297-299 бет

UDC: 338.439.222:342.542.5:347.726 (045)

### **COOPERATION AS A METHOD OF INCREASING THE EFFICIENCY OF FUNCTIONING OF PEASANT (FARM) FARMS**

**Bakkozhaev A.**

*2-year undergraduate specialty 6M0600 Economics*

In the early 90s, changes in the structure of the economy began to take place in Kazakhstan, including new forms of management, such as, for example, peasant (farmer) farms.

Peasant (farmer) farms have become a new high-quality sector of the agricultural economy. Their main goal was to provide the country's food markets with quality food.

The presence and development of peasant (farmer) farms in the country contributes to the development of competition between agricultural producers, and, of course, ensures the quality of products [1].

The development of agriculture plays a leading role in the agrarian policy of the Akmola region. At present, in Akmola region, 4261 peasant (farmer) farms are registered (with the number of employees 7.5 thousand people), of which 4002 farms (85% of the total) are active. 2590 are engaged in crop production (61.3% of the total).

Over the past five years, there has been a tendency towards an increase in farms engaged in raising livestock and poultry. So, if in 2010 the number of livestock farmers was 281 farms (5% of the total), in 2017 it reached 896 farms (21.2%).

Consider the main factors affecting the effectiveness of the peasant (farm) economy. Accounting and application of such factors will help farmers to overcome economic difficulties, and will determine priority areas for development. But at the same time, it must be taken into account that all these factors act only in complex use.

In table 1 we tried to systematize the factors affecting the efficiency of peasant (farm) households.

Table 1.  
Factors of the effectiveness of peasant (farmer) farms [2]

<b>Factors of efficiency of peasant (farmer) farms</b>	<b>Signs</b>
Economic	- micro level; -macro level.
Market	profit planning, the study of the behavior of producers and intermediaries in an environment of market competition
Managerial	organization of labor and management, planning, accounting, analysis and control, communication, information
Personal	high-quality performance of individual managerial functions, the style and working methods of the head of the peasant farm, its character, etc.
Information	use in the management of information technology

This systematization of factors can allow us to determine the exact direction of the development of farms with a view to their effective development.

Peasant (farmer) farms may face a number of problems characteristic of this legal form of management.

Let us dwell on some problems in more detail. The vast majority of small private farms are not able to equip their farmsteads with appropriate technical equipment, which negatively affects the quality of their products. The state does not have the ability to fully monitor all households at once. This leads to small commodity production, while the tribal direction in livestock farming is particularly affected. Along with this, a problem arises with the reproduction of animals [3].

Also, the main factors that hinder the development of peasant (farmer) farms include the low level of technology, outdated equipment. But a very important problem is the shortage of labor resources in the countryside. Young qualified personnel consider rural working conditions unattractive, therefore, sometimes even the children of the owners of these households do not return to peasant (farmer) households [4].

In February 2015, the Akmola Regional Maslikhat approved the “Comprehensive Program for the Development of the Food Belt around the City of Astana for 2015-2018,” which sets the task of increasing the production of agricultural products and processed products in the food belt around the city of Astana [5].

Meat and meat products are integral elements of the country's strategic food security structure. In the peasant (farm) enterprises of Akmola region, 39.4% of all meat production is poultry, 28.1% is cattle meat production, horse meat production is 13%, pork is 11.8%, the remaining 7.3% is sheep meat (Figure 1).




Figure 1. The structure of meat production in peasant (farmer) farms of the Akmola region as of January 1, 2019, %

Table 2.

Production of livestock products in peasant (farmer) farms of the Akmola region for 2016-2018.

Types of products	2016	2017	2018	Growth rate, %	
				2017 to 2016	2018 to 2017
Production of meat of all types of livestock and poultry in slaughter weight, tons	3782.9	4265.2	4268.3	112.8	100.1
Milk, tons	17205	18858	19277	109.6	102.2
Eggs, thousand pieces	77.5	78.7	86.4	101.5	109.8

According to table 2, we can observe a stable growth in livestock production in the peasant farms. So, the increase in meat production of all types of livestock and poultry in 2017 compared to 2016 occurred by 12.8%; milk production increased by 9.6%. An increase in egg production is also observed.

Farm enterprises are characterized by the use of primitive technologies for keeping and feeding animals, outdated production and processing technologies, and a low level of mechanization and automation; poor feed base, lack of complete feed; non-compliance of the content of farm animals with hygiene and veterinary and sanitary requirements; non-compliance of cattle cemeteries and slaughterhouses with standards; insemination of cows is problematic. As a result, low productivity of livestock and poultry [6].

After analyzing these problems, we come to the conclusion that at present, qualitative changes in the work of peasant (farmer) farms are necessary.

Today, there are factors that adversely affect the interest of rural residents to unite or form peasant (farm) enterprises. Among them, the most significant are the low soil fertility of the allotted land for the organization of peasant farms, difficulties in obtaining state support, the mismatch of purchase prices with market prices and much more [7].

In this regard, we see the cooperation of peasant (farmer) farms as a prerequisite for increasing the efficiency of their activities. An important condition here is to strengthen their material and technical base, because every household needs financial resources, especially at the initial stage of

development. But even the peasant (farmer) economy that has taken place does not always have the necessary amount of money for effective functioning due to the fact that the volume of production and the size of the economy are small.

Cooperation is an association of farms in order to use the benefits of concentration and specialization to maximize profits. Effective development of the economy is based on the interaction of resources of commodity producers on the principles of cooperation [8, p. 78].

The union of peasant (farmer) farms into cooperatives will allow them to avoid the participation of intermediaries in the process of selling their products, and will also help protect their interests from monopolists in this area. Cooperatives respond quickly to changes in demand for products, can effectively use the features of local production conditions, etc.

As world practice shows, farming is one of the most common industries, where producers have 60-70% of the retail price. Farming is based on family relationships, when the farm works from generation to generation. This distinguishes this type of management from others.

In addition, cooperation leads to a synergistic effect for the peasant (farmer) households themselves. This effect is manifested in an increase in output, while the cost of resources does not change, but rather, they are reduced, and the quality of the products is improved. In addition, the unification of peasant (farmer) households into cooperatives can solve environmental problems. So, for example, farms engaged in crop production can use livestock waste (manure) as fertilizers, and vice versa.

Thus, the cooperation of peasant (farmer) farms is necessary for their further accelerated and stable development in order to mobilize intersectoral reserves for increasing efficiency.

### **Literature**

1. Gumerov R. Ten years of agrarian reform: where did they come and what to do? // Russian Economic Journal. - 2000. - No. 9. - S. 39.
2. Khezhev A. M. Increasing the efficiency of the functioning and development of peasant (farmer) farms in conditions of resource constraints: on the materials of the Kabardino-Balkarian Republic: a dissertation for the degree of candidate of economic sciences. Nalchik, 2010.206 s.
3. Akhmetova K.N. Problems of livestock development in Kazakhstan and their solutions // Theoretical scientific and practical journal "Problems of the agricultural market". - 2013. - No. 3. - S. 45-48.
4. Semin A.N. Efficiency of agricultural production is the central link of the state's productive security: problems and solutions // Economics of agricultural and processing enterprises. 2010. No1. S. 22-24.
5. Okutaeva S.T. Development of innovations as the basis of competitiveness of Kazakhstan's economy // Mater. IX international scientific-practical conf. "Ask the keys to modern science 2013". - Sofia, 2013. -- T. 9. - S. 79-80.
6. Kenzhebolatova M.Sh., Okutaeva S.T. Kazakhstan Respublasy mal sharuashylyy salasy zhadayyna taldau // Theoretical and scientific-practical journal "Problems of the agricultural market." - 2014. - No. 1. - S. 117-121.
7. Gorelova, N. S. Cooperation as a form of economic activity / N. S. Gorelova // Problems of the modern economy: international materials. scientific conf. (Chelyabinsk, December 2011). - Chelyabinsk: Two Komsomol members, 2011. - S. 33-36.
8. Korbut L. V. The mechanism of increasing the efficiency of the functioning of peasant (farmer) farms: abstract. dis. can ek. Sciences 08.00.05 / Larisa Vladimirovna Korbut - Minsk, 2011.31 p.

УДК 616.12-008.1

## ФОРМИРОВАНИЕ СОВРЕМЕННЫХ ПРЕДСТАВЛЕНИЙ О ДИАГНОСТИКИ ПЕРИПАРТАЛЬНОЙКАРДИОМИОПАТИИ

Бауржан М.Б., Абзалиев К.Б.

АО «КазМУНО» и АО «НИИ К и ВБ», Алматы

**Актуальность:** Перипартальнаякардиомиопатия (ППКМ) или синдром Медоуза, представляет собой идиопатическую кардиомиопатию, которая возникает вовремя или в течении 6 месяцев после беременности, и определяется как сердечная недостаточность с фракцией систолического выброса левого желудочка менее 45%[1].ППКМ редкое патологическое состояние, частотой случаев в среднем 1 на 2289 рожениц [2]. В США, где наиболее пристально изучают это заболевание в последнее десятилетие, частота ППКМсоставляет 1 случай на 3000-4000 родов, что соответствует ежегодному появлению 1000-1300 женщин больных ППКМ. [3]В 2015 году была проведена работа по анализу заболеваемости перипартальнойкардиомиопатией в Южно-Казахстанской области Республики Казахстан, согласно которой заболеваемость ППКМ в ЮКО ежегодно увеличивается и 78% заболеваемости приходится на женщин молодого, репродуктивного возраста [6].Патофизиологический механизмППКМ до сих пор остается неясным, однако ППКМ чаще диагностируется в возрасте старше 30 лет, у женщин с ожирением, преимущественно с многоплодной беременностью и длительным токсикозом длительностью более 4 недель.[4]

В 2010 г. рабочей группой по изучению ПКМП при Ассоциации сердечной недостаточности Европейского общества кардиологов, было предложено четыре диагностических критерия ППКМ [5]:

- Развитие сердечной недостаточности в соответствующие сроки (конец беременности и первые месяцы после родов);
- Эхокардиографические признаки систолической дисфункции левого желудочка (фракция выброса менее 45%)и расширение желудочка ( $> 27 \text{ мм/м}^2$ );
- Отсутствие других причин сердечной недостаточности;
- Отсутствие болезней сердца в анамнезе

Несмотря на различные рекомендации, выявление ППКМ затруднено, так как в поздних сроках беременности многие здоровые женщины жалуются на утомляемость, отеки и одышку, т.е. отмечают признаки сердечной недостаточности.

**Целью** данной работы является формирование современных представлений о диагностике ППКМ.

**Методы исследования:** анализ и обобщение данных современной научной литературы.

Для достижения поставленной цели был выполнен поиск литературы на онлайн-ресурсах PubMed, WebofScience, поисковых системах GoogleScholar, электронных библиотеках eLibrary, CyberLeninka. Глубина поиска составила 10 лет (2009-2019), было найдено 116 источников и 37 было выбрано для анализа. Основные позиции поисковых запросов для поиска литературы представлены следующими ключевыми словами: «перипартальнаякардиомиопатия», «синдром медоуза».

**Результаты исследования:**

Электрокардиография (ЭКГ)-простой, но эффективный метод определения предикторов неблагоприятного исхода ППКМ. В 2019 г кардиологи Ekizler и др., научно-исследовательской больницы в Турции продемонстрировали прогностическое значение положительной зубца Т в отведении aVR (TaVR) на ЭКГ в качестве нового 100% специфичного маркера для неблагоприятного исхода ППКМ, как стойкая систолическая дисфункция ЛЖ, аритмические события и внезапная смерть.[7] Кроме того определяется постоянная тахикардии и удлинение QT в случае сердечной декомпенсации, и гипертрофия предсердий\желудочек и БЛНПГ в 30% [8]

Эхокардиография (ЭхоКГ)-это ключевое обследование для подтверждения диагностики ППКМ, которое позволяет точно идентифицировать и оценить систолическую дисфункцию левого желудочка и расширение желудочка. Однако изолированная дилатация левого желудочка не является точным диагностическим критерием, так как сердце беременной женщины имеет некоторую физиологическую дилатацию в ответ на стресс во время беременности. В то же время, у больных ППКМ при ЭхоКГ нередко выявляется увеличение всех камер сердца, выраженное снижение систолической функции ЛЖ и относительная

недостаточность атриовентрикулярных клапанов. Кроме того, иногда визуализируются пристеночные интракардиальные тромбы инезначительный либо умеренный перикардиальный выпот [9].

Магнитно-резонансная томография (МРТ) более точный портрет сердца в сравнении эхокардиографическим исследованием. МРТ сердца – может быть полезно для дифференциального диагноза, наблюдения и прогностической оценки пациентов. Этот метод не противопоказан при беременности и лактации, так не обладает тератогенным эффектом независимо от срока беременности, а низкий уровень прохождения в грудном молоке не оказывает влияния на ребенка. Качество изображений и контрасты между кровью и стенками позволяют точно оценить функцию левого желудочка, а также объемы. Кроме того, чувствительность МРТ в два раза выше, чем у ультразвука для выявления тромбов при ППКМ. [9].

**Обсуждение:** Таким образом, когда при ППКМ отмечается снижение систолической функции левого желудочка, что выражается резким снижением фракции изгнания и повышением индикаторов сердечной недостаточности мы можем использовать ЭКГ, ЭхоКГ и МРТ-сердце. На сегодняшний день актуальна проблема разработки специфических биомаркеров ППКМоснованный на генетическом анализе, а также разработка алгоритма диагностики и стратегии лечения, а также ведения пациентов с ППКМ в зависимости от тяжести заболевания.

### Литература

1. Bauersachs J, König T, Meer P, Petrie MC, Hilfiker-Kleiner D, Mbakwem A, Hamdan R, Jackson AM, Forsyth P, Boer RA, Mueller C, Lyon AR, Lund LH, Piepoli MF, Heymans S, Chioncel O, Anker SD, Ponikowski P, Seferovic PM, Johnson MR, Mebazaa A, Sliwa K. Pathophysiology, diagnosis and management of peripartum cardiomyopathy: a position statement from the Heart Failure Association of the European Society of Cardiology Study Group on peripartum cardiomyopathy. *Eur J Heart Fail* 2019;21:827.
2. Перипортальнаякардиомиопатия. Республиканский центр развития здравоохранения МЗ РК. Версия: Клинические протоколы МЗ РК –2014. [diseases.medelement.com/disease/13919](http://diseases.medelement.com/disease/13919)
3. Карен Слива, Марк К. Петри, Буркерт Писке, Луиджи Тавацци и др. Современные представления об этиологии, диагностике и лечении перипартальнойкардиомиопатии: рекомендации рабочей группы по изучению перипартальнойкардиомиопатии при ассоциации сердечной недостаточности Европейского кардиологического общества. Рекомендации. Серцеванедостатність. №3.2010. С.72-83.
4. Cardiomyopathie du péripartum Peripartum cardiomyopathy Frédéric Mouquet, Nadia Bouabdallaoui *La PresseMédicale* Volume 44, Issues 7-8, July-August 2015, Pages 798-804 <https://doi.org/10.1016/j.lpm.2015.05.010>
5. Pyatt J.R. Peripartum cardiomyopathy: current understanding, comprehensivemanagement review and new developments/ J.R. Pyatt, G. Dubey// *Postgrad. Med. J.* – 2010.– Vol. 87. – P. 34-39.
6. ММКенжехановаР. Н.; д.м.н., профессор Айдаргалиева Н.Е. «Анализ заболеваемости перипартальнойкардиомиопатией в южно-казахстанской области Республики Казахстан» International Scientific and Practical Conference “WORLD SCIENCE” ISSN 2413-103№1(1), September 2015
7. Ekizler FA, Cay S, Kafes H, Ozeke O, Ozcan F, Topaloglu S, Temizhan A, Aras D. The prognostic value of positive T wave in lead aVR: a novel marker of adverse cardiac outcomes in peripartum cardiomyopathy. *Ann Noninvasive Electrocardiol* 2019;24:e12631.
8. Honigberg MC, Elkayam U, Rajagopalan N, Modi K, Briller JE, Drazner MH, Wells GL, McNamara DM, Givertz MM, Investigators I. Electrocardiographic findings in peripartum cardiomyopathy. *ClinCardiol* 2019;42:524–529.
9. «Современные представления о перипартальнойкардиомиопатии (часть 2): клиника, диагностика, течение, лечение» Ватутин Н.Т. Тарадин Г.Г. Корниенко С.М. Тараторина А.А. Риджок В.В. *Российский кардиологический журнал* № 1 (117) | 2015 98 стр.

## I. ЖАНСҮГІРОВТІҢ «ҚҰЛАГЕР» ПОЭМАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ҚОҒАМДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

**Бегимжанова И.М.**

*С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар*

Қазақ әдебиетіндегі шоқтығы биік ақындардың бірі де бірегейі – Ілияс Жансүгіров. Ақынның өнер тақырыбында қалам тартқан шығармаларының бірі – «Құлагер» поэмасы. Бұл поэма – Ақан сері Қорамсаұлының өміріне арналады. Құлагер – Ақан сері үшін жан досы, сырласы, мұңдасы, жол серігі еді.

Серінің атын асқақтатқан ең әуелі жомарт табиғат тарту еткен сан қырлы талант болса, екіншісі Ақан есімімен қатар аталатын пырағы – Құлагер еді. Ол астындағы атын бейне бір туған баласындай бөбектейді. Аламан бәйгенің алдын бермей даңқы бүкіл Арқаға тараған Құлагер Сағынайдың асында қастандықпен өлтірілгенін білеміз.

Осы бір қарабет қастандық ақынның жүрегін жаралайды. Құлагердің басын құшақтап: «Құлагер, әкең – тұлпар, шешен – сұңқар...» деп жоқтау айтады.[1] Ақаннан Құлагерді айырған адам баласының қара ниетінің нәтижесі. Бұл жерде іштарлық, көреалмаушылық сияқты қасиеттердің сол заманның да басты жауы болғанына көзіміз жетеді. «Құлагер» поэмасы бір ғана жүйрік тұлпарға арналмаған. Мұнда әділетсіздікке деген Ақан серінің ашуы жатыр.

Құлагердің жүйрік, нағыз сәйгүлік болуы көптің ішіне іштарлық құртын түсіргені белгілі. Сол замандағы әлеуметтік мәселені қозғайтын болсақ таяқтың бір ұшы осыған келіп тиеді. Бұл тек сол заманның ғана емес адамзат баласының тарихында әр кезде басты мәселе болатыны анық.

«...Тірегі көңілімнің бәйтерегім, Бұл жерге қалайша құлап едің?» - деген жолдарды оқып отырғанда, Ақан серінің жанына жара салған күйзелісті басып тығырыққа тірелген ауыр да, азапты сәттердің шыны мен сырына қаныға түсеміз. [2] Адам баласына айтатын жоқтауды Құлагерге айтқызған ғасырдың қаталдығы ма, әлде адамзат атаулының зұлымдығының шексіздігі ме? Менің ойымша, адамдардың пендешілігінен. Егер адам баласы пендешілікке салынбай ақыл мен жүрегіннің үнімен жүрсе, ешқашан ақ жолдан адаспас еді. Бұл жоқтаудан Құлагердің сері өміріндегі орнына ғана емес, ақынның жылқы малына деген ерекше құрметінің куәсі боламыз. Сонымен қатар, поэмадағы сұлу және айқын бейнелер, нәзік лирикалық сезім, ұйқасы сыңғырлаған он бір буынды қара өлеңнің мінсіз-мүлтіксіз үлгілері «Құлагер» поэмасын шын мағынасында поэзияның «сұлу сарайы» және Ілияс Жансүгіровтің шығармашылығының биік шыңы екенін көрсетеді. Сондықтан, тілінің байлығы, тазалығы, мөлдірлігі мен бейнелігі жағынан «Құлагер» – қазақ поэзиясындағы ең үздік поэмалардың бірі.

«Құлагер» поэмасы ақын туралы, оның тағдыры туралы десек те, оның негізгі өзегі – Ақан трагедиясы арқылы әлеуметтік орта және замана лебі, қуанышы мен қайғысы кең көлемде жырланған ірі лиро-эпикалық поэма болып есептеледі. Бұл поэма ақынның өзінің қатыгез заманына мойынсұнбай өткен тәкаппар бейнесін танытады. Ілияс Жансүгіров өзінің шығармашылығында: «Тұсында сері болсын, пері болсын,

Ұнайды өмірімен Ақан маған», – деп кейіпкеріне деген ілтипатын жасырмай, ашық айтқан [3].

Ақан өмірі – өнер адамының, жалпы адамның рухани тазалығының үлгісі, өнердің тіршілік тартысынан жоғары тұрғанының белгісі. Қазақ қиялының ғажайып аты өрен тұлпарға «Құлагердей» ән шығарып, халқына таратқан Ақан – өз кезіндегі әнші-ақындар тобының аса көрнекті өкілі. Әлеуметтік өмірдің өзекті мәселелерін өлеңіне арқау еткен Ақан өрнерімен де, ерлік өмірімен де кейінгі ұрпаққа, туған халқына үлгі болды. «Халық жадында Ақан мен Құлагер есімі егіз ұғым олып мәңгі қалмақ!».

Қорыта келгенде, бұл оқиғаға қанық әрбір адам алты алаштың арқалы азаматы, өз заманында әділетсіздіктің құрбаны болып, рухани дағдарысқа ұшырағанына қапаланамыз. Барлық адамзат баласы пейілін кеңге салып, жүрегін мейірімге толтыратын болса мұндай мәселелер болмас еді. «Қолда бар алтынның қадірі жоқ» – демекші кез келген нәрсенің қадірін білейік.

## Әдебиет

1. Жансүгіров І. Алтын қалам. Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2009. – 320 б.
2. Жансүгіров І. Шығармалар (5 том). Алматы: «Көркем әдебиет» баспасы, 1964. – 324 бет.
3. Иманғазин М. Илияс Жансүгіров. – Алматы: «Қазақ университеті», 2004. – 352 б.

ӘОЖ. 159.9

## МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ГАДЖЕТТЕРДЕН АЛШАҚТАТУДА АСЫҚ ТЕРАПИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ

**Букешова С.С., Керимбаева Р.К.**

*М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз*

Мектепке дейінгі кезең – баланың тұлға болып қалыптасуындағы маңызды кезең. Айналасындағылардың барлығына қызығушылығы оянып, көкейіне өмірге қатысты түрлі сұрақтар туындай бастайды. Қоғаммен байланысты орнатып, ақыл-ой деңгейі де толыға бастайды. Дәл осы кезеңде балаға берілген білімді жеңіл қабылданады, санасында ұзақ сақталып қалады. 1-6 жас аралығында балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды тікелей сезімдік қабылдау арқылы меңгереді. Яғни заттарды ұстап көріп, сипап сезіп түйсіктері дами бастайды, кинестикалық қабылдауы қалыптасады. Балалардың сенсорлық даму деңгейін арттыру үшін балабақша бағдарламасында біз қолданатын қағаздарды қиып, желімдеу, моншақтармен бұйымдар жасау сияқты жұмыс түрлері қолданылады. Біз өзіміздің зерттеу жұмысымызда мектеп жасына дейінгі балалардың сенсорлық дамуын арттыруды ұлттық педагогиканың асыл қазынасы ретінде асық ойындарын қолданудың инновациялық жолдарын ұсынамыз.

Баланы дамытудың негізгі құралы – ойын. Ойын арқылы бала әлеммен танысып, қоғамдық тәжірибемен таныс болады. Бүлдіршіннің психикалық ерекшеліктері қалыптасып, ұжымда өзін-өзі сезініп, топтық іс-әрекетте белсенділі байқала бастайды [1].

Қазіргі ХХІ ғасыр – әлемдік техника мен технологияның даму заманы. Осындай қарқынды дамып отырған әлемде «ақылды құрылғылар» – гаджеттер адамның қоғамдағы өміріне тікелей еніп кетті. Тіпті, жылап мазасызданған бала ойымызды бөлмесін деп қолына техника құралдарын (ұялы телефон, планшет т.б.) ұстата саламыз. Әлемдік зерттеулер бойынша 3-5 жастағы балалардың 93%-ы аптасына 28 сағатын теледидар алдында өткізеді. Оның көз жанарына келтіретін зиянын айтпаса да белгілі [2].

«Экран тәрбиесінде» болған балалардың қалыптасуы мен денсаулық дәрежесінде айтарлықтай өзгерістер байқалады. Бүгінгі таңда дүниеге келген балалардың дамуында көптеген ауытқушылықтар жиі кездеседі. Әсіресе, тіл кемістігі, ақыл-ой дамуы ауытқушылығы, аутизм, даун синдромы сияқты кемістіктер бар. Мектеп жасына дейінгі балалардың 25%-ында тіл кемістігі бар. Ал 70-ші жылдары бұл көрсеткіш тек 4%-ды құраған. Мұның негізгі себебі, ғылыми техникалық прогрестің адам өміріне қарыштап енуі. Осы тұрғыда балалардың дамуына әсер ететін зиянды құбылыстар бар. Гаджеттерден бөлінетін инфражарықтар мен ультрасәулелер көз жанарына және ұйқы режимін бұзады. Бір орында тапжылмай отырып, телефонмен ойнаған балалардың бойында артық салмақ, омыртқа қисаюы, сүйектер әлсіздігі, тірек-қимылдарының кеш жетілуі сияқты денсаулықтың нашарлауына әкеледі.

Бүгінгі қоғамның болашағы ретінде балалардың психологиялық денсаулығының мығым болуы маңызды. Сондықтан да, індет болып кеткен гаджеттерді басқа ойыншықтармен алмастыру қажеттігі заман талабының сұранысына айналды. Қазіргі дүкен сөрелерінде балаларға арналған Отандық төл ойыншықтар жоқтың қасы. Дегенмен, ұлттық брендке айналған «Бал-бала» ойыншықтары барлық балалар үшін қолжетімді бағада емес. Сонда қазақ балалары кезінде ойыншықпен ойнамаған ба?

Алайда, әр заман балаларының өз ойыншықтары болғаны анық. Қазақ халқының бабалар мұрасынан қалған асық ойындарының сол кезеңдегі балалардың негізгі ойын құралы болған. Яғни асық қазақ халқының «төл» ойыншығы.

Қазақтың ұлттық ойындарының жалпы қалыптасу кезеңі біздің заманымызға дейінгі VII-IX ғасырлар. Қазақ жеріндегі көшпелі тайпалардың қай-қайсысы болмасын, қай кезеңде



дамымасын олар тек өндірістік құралына пайдалануға жарамды тас, ағаш, сүйек тағы басқа табиғи заттар осы дәуірде қалыптасқан ұлт ойындарында қолданылады.

Асық – қазақтың ықылымнан келе жатқан ұлттық-спорттық, мәдени-сауықтыру ойындарының түрі ретінде танылған. Оны қазақтардан басқа қырғыздар, қарақалпақтар, алтайлықтар да ойнаған.

Асық – төрт түлік малдың тілерсегінен, буынына біткен қызметі күрделі шымыр сүйек. Яғни, қой, ешкі, сиыр, түйе, жылқы асығы қазақ халқының төл ойындары арқылы танымал. Оның ішінде қой, ешкі, түйе асықтары үлкен-кішілігіне қарамастан бір пішінде. Ал, жылқы асығы пішінімен ерекшеленіп тұрады. Қазақ халқында «Ханталапай», «Үш табан», «Шеңбер» сынды асық арқылы ойынлатын ойынның түрлері бар. Асық ойындары балаларды мергендікке, шеберлікке және бәсекелестікке баули алады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Халқымның тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діні ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын», деп жазған болатын[3]. Демек, мектепке дейінгі кезеңнен бастап ұлттық тәрбиені шыңдап, баланың физикалық және ой-өрісінің дамуын қамтамасыз ететін жаңа технологияларды іздестіру өте өзекті.

Біз зерттеу жұмысымызда асық ойындарын педагогикалық тұрғыда ойын ретінде, ал психологиялық бағытта асық терапиясы деп қарастырамыз.

Асық терапиясын қолдануда балаларға берілетін ойын түрлері жеңілден күрделіге қарай, сатылай кезең-кезеңімен қиындай түседі. Бұл баланың тиісті дәрежеде дамуына ықпалын тигізеді. Ойын барысында бала өз қабілеттеріне сай асықпен ойнауда жекелей және топтық түрде де жұмыс жасай алады.

Сондықтан да, бұл уақыт аралығында жоспарлау және өлшеу сынды қабілеттерді жоғарғы деңгейде дамыту қажет. Мектепке дейінгі білім беру уақытысы аяқталмай тұрып жоспарлау және ұжымдық ережелерді сақтау сынды қабілеттерді әдетке айналдырып оны қажетті деңгейіне дейін жетілдіріп үлгеру шарт.

Қазақтың ежелден келе жатқан ұлттық ойыны асық, бүгінгі таңда жалпы халыққа ұмытылып балалардың ойын нысанынан тысқары қалды. Біздің мақсатымыз асық ойындарын инновациялық бағытта, психологиялық тұрғыда асық терапиясы ретінде жаңғырту. Асық ойнаған баланың жылдамдығы, мергендігі дамып, алыстан көру қабілеті артады, аяқ-қолы ширақ қимылдап, епті бола түседі. Асық ату үшін балаға логикалық ойлау да қажет, бұл бүлдіршіндердің ой-өрісін дамытады.

*Заман талабына сай лайықталып, ойлап табылған ойыншықтар.*

«АСЫҚТЫ ҚОРАП». Балалардың мектеп бағдарламасына дайындалуға арналған әмбебап ойыншық десек те болады. Қораптың әрбір беті түрлі тапсырмаларға толы. Әлбетте, асық негізгі құрылым болып табылады. Түрлі түстер баланың қызығушылығын оятуда негізгі көмекші.

«АСЫҚТЫ ШАХМАТ». Ойын шахмат негізінде емес, дойбы негізінде ойлап табылған. Көлемі кіші асықтарды ақ және қара түстерге бояу арқылы дойбы тастарына алмастырылған. Бұл тастарды ұстау арқылы, оның әрбір ойысы баланың ұсақ қол моторикасын дамытуға көмектеседі. Арнайы дойбы алаңшасы матадан тігіліп жасалған. Ойын ережесі дойбы ойынымен сәйкес.

«КӨҢІЛДІ СМАЙЛИК». Смайл үлгісінде жасалған ағаш тақташа жіптермен толықтырылған. Көлемі кіші асықтарды бала сол жіптерге тізіп ойнайды. Бұл баланы ұқыптылыққа әрі өмір жағдайына бейімделуге үйретеді. Ойын логикаға емес, көбінде физикалық қабілеттерге негізделген.

«БАУ БАЙЛАУ». Аяқ киім негізінде жасалған ойыншық көбінде қыз балаларға лайықты деп есептеледі. Асықтың ортасы тесілген. Сол аралықтан жіптерді өткізу арқылы бау байлау техникасын үйренуге болады. Біз байқағанымыздай көп балалар үшін бау байлау өте қиын. Ал бұл мәселені біз ойын арқылы шеше аламыз.

«ОРНЫҢДЫ ТАП». Бала бұл ойыншық арқылы түстерді танып, ажыратып және сәйкестендіріп үйренеді. Жеке ойналатын ойын баланың дамуына мүмкіндік жасайды. Модуль іспетті көлемі кіші ойыншықтағы асықтар түрлі түстерге боялған. Баланың мақсаты сол асықтарды сәйкес түстерінің қасына алып бару. Бұл қолдың күшін талап етеді.

«РЕТІМЕН САНАУ». Бұл ойын арқылы бала сандармен танысып оларды жаттай алады. Негізгі ағаш құрылымды тақтайшада 1-10 аралығындағы сандар желімделген. Әр санның артында таяқшалар орналасқан. Сол таяқшаларға санына байланысты асықтарды тізбектеу қажет. Түсі маңызды емес.

«ТҮСІНЕ ҚАРАЙ ЖИНА». ағаш құрылымда таяқшалар желімделген. Сол таяқшаларға асықтарды түсіне қарай жинау функциясы беріледі. Бұл баланың түстерді ажыратып үйренуіне көмектеседі.

«ҚОРЖЫНҒА АСЫҚ ЖИНАЙЫҚ». Ойын тақтайшасы қоржын формасында кесіліп жасалған. Балалардың қызығушылығын ояту мақсатында оюлармен көмкеріліп, түрлі түстерге боялған. Асықтың формасы бастырып ойылған. Сол орынға асықты сәйкестендіре отырып орналастыру қажет. Балда бұл жағдайда асықтың орналасу формалаымен танысып, оларды ажыратып, байқампаздық, сәйкестендіре білу қабілеттеріне үйренеді.

«АСЫҚТЫ ШОТ». Шот баршамызға таныс. Бірақ бұл шоттың ерекшелігі – қазақы нақышта жасалған. Шоттың тастары асықпен алмастырылған. Бала бұл ойыншық көмегімен математикалық есептерді орындап үйрене алады.

«ӘРІПТЕР МЕН САНДАР». Көлемі кіші асықтардың бетіне әріптер мен сандар жапсырылған. Сәйкесінше, бала әріптермен және сандармен танысып, сөздер мен математикалық сауаттылыққа үйрене бастайды. Мүнің барлығы баланың мектепалды даярлығы болып есептеліп, мектепке деген бейімделу кезеңінің жеңіл өткерілуіне септігін тигізеді.

«АСЫҚТЫ МОДУЛЬ». Негізі модуль «Монтессори» кабинетіндегі ойыншықтармен ұқсас келеді. Бала асықты ұстап арнайы жолақша модуль арқылы жүргізеді. Мұндай ойын түрлері баланың қол бұлшықеттерінің дамуына көмек береді. Біз білетіміз – монтессори ойыншықтары қымбат болып келеді. Ал асықты модернизациялау арқылы біз қол жетімді ете аламыз.

«АСЫҚТЫ МАССАЖ». Асықтарды ағаш тақтайшаға немесе фетр материалдарға тізбектеу арқылы массажды кілемшеге қол жеткіземіз. Тек кілемше ғана емес, асықтар тігілген қолғапты жасап шығаруға болады. Кілемше үстімен жүріп, табандағы нерв түйіндеріне әсер ете аламыз. Денсаулық жағдайына оң әсер беретіні сөзсіз.

Әлемдік дамыған 30 елдердің қатарына кіру үшін бәсекеге қабілетті адамзат капиталын қалыптастыру мектепке дейінгі кезеңнен басталады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту және тәрбиелеуде ұлттық құндылықтарды енгізу, өз Отанын сүйетін, патриот, ұлттық дүниетанымы қалыптасқан тұлға тәрбиелеуді міндеттейді. Осы тұрғыда, біздің ұсынып отырған асық ойыны жобасы, ұлттық педагогиканың асыл қазынасы ретінде, болашақ ұрпақтың қазақ халқының ұлттық құндылықтарын тануға, ұлттық сананы, ұлттық кодты қалыптастыруға бағытталған.

Асық ойынын мектепке дейінгі білім беру жүйесіне ендіру жас ұрпақтың рухани жаңғыруының тәжірибелік жолы болып табылады. Өскелең ұрпақтың рухани жаңғыруы дегеніміз – ұлттық санамен тығыз байланысты. Яғни, баланың балабақша қабырғасынан ұлттық дәстүрлерді білуі, ұлттық ойындар ойнауы, өзінің ана тілінде сөйлеуі, халық ауыз әдебиетімен сусындап өсуі ұлттық кодтың негізін қалыптастырады.

## **Әдебиет**

1. Алдамұратов Ә. Жалпы психология. – Алматы: Білім, 1996 – 224 бет.
2. Уоллейс П. Интернет психологиясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 356 бет.
3. Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» //Егемен Қазақстан 2017 жыл.

ӘОЖ 34: 342

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АҚША ЖҮЙЕСІНІҢ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

**Болат А.Б., Садвакасова Ж.Қ.**

*«Өзін-өзі тану» Адамның үйлесімді дамуы гуманитарлық колледжі, Алматы*

«Ақша жүйесінің құқықтық негіздері» дегеніміз, еліміздің ақша бірлігін «теңге» және оның құрамын, ақшалардың түрлері мен формаларын, оларды айналымға шығару және қамтамасыз ету тәртібін, ақша жүйесін және ұлттық валютаны қорғау шараларын, сондай-ақ еліміздің ақша айналымын ұйымдастырудың негіздерін белгілейтін қаржылық құқықтың жалпы бөлімінің институты.

Бір айта кететін жай, бұрын бұл институт ғылыми қалыптасқан, дәстүрлі көзқарастар бойынша «ақша айналымын құқықпен реттеу» деген атпен, қаржылық құқықтың институтына жатқызылған болатын.

Мұндай көзқарас қателікке әкеп соғуы мүмкін, өйткені көпшілікке мәлім, қаржылық құқықтың ерекше бөлімінің жүйесі, қаржы жүйесінің туынды шамасы болғандықтан бұл қаржылық-құқықтық институттар белгілі бір ақша қорлары арқылы белгіленген қаржылық экономикалық институттарды объективті түрде қамтып көрсетеді.

Ал, қаржы жүйесінде «Ақша айналымы» деген экономикалық институт жоқ. Ақша айналымын реттеу, қаржы жүйесінің құрамына кіретін, сондай-ақ қаржылық құқықтың ерекше бөлімінің әр түрлі құқықтық институттарына жататын барлық ақша қорлары қаражаттарын бірдей қамтиды. Сондықтан «Ақша айналымын құқықпен реттеу» институты ерекше бөлімінің институты болып табылады.

Сонымен қатар, экономикалық әдебиеттерде «ақша айналымы» деген термин, қолда бар, нақты ақша қаражаттарының айналымын қарастыруға байланысты болады. Ал біз қарастыратын «Ақша жүйесінің құқықтық негіздері» атты институт қолда бар ақша айналымын, сондай-ақ қолда жоқ (құжат жүзіндегі) ақша айналымдарын бірден қамтиды.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 13 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының ақша жүйесі туралы» заңының 2 бабында: «Қазақстан Республикасының ақша айналысы, тауар айналысы, қызмет көрсету және түрлі төлемдер жасау процесінде нақты төленетін және нақты төленбейтін ақша қозғалысын қамтиды» деп айтылған.

Енді Қазақстан Республикасының ақша жүйесіне тоқталайық. Ақша жүйесі деп құқықтық нормалармен ретке келтірілген, еліміздің ақша айналымын жоспарлы түрде ұйымдастыратын формалар мен тәсілдердің жиынтығын айтамыз.

ҚР ақша жүйесіне мына элементтер кіреді:

1. ақша бірлігі
2. ақша түрлері
3. ақша эмиссиялау тәртібі
4. валюта режимі
5. ақша айналымын ретке келтіру тәртібі.

Осыларға қысқаша тоқталып өтсек, 1. Ақша бірлігі еліміздегі барлық тауарлардың бағасын өлшеу жөнінде қызмет атқаратын заңмен белгіленген ақша номиналы.

2. Ақша түрлері – заңды төлемдік күші бар ақшалардың белгілері мен олардың номиналдары.

ҚР ақшалардың екі түрі шығарылады а) қағаз ақшалар б) ұсақтаушы металл мәнәталар.

Ақшалар

- күн өлшемі ретінде
- төлем құралы ретінде
- айнылым құралы ретінде
- қазына жию құралы ретінде көрініс табады.

3. Ақшаны эмиссиялау тәртібі. Қазіргі кезде банкноттар мен тиындарды шығару құқығы тек Қазақстан Республикасының Ұлттық банкісіне берілген. Бұл жөнінде «Қазақстан Республикасының ақша жүйесі туралы» Заңының 5 бабында: «Қазақстан Республикасы аумағында нақты ақша қаражаттарын шығару, оның айналысын ұйымдастыру және айналыстан алынып тасталуын ... Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі жүзеге асырады» деп айтылған.

Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы» Заңының 19 бабында «Нақты ақша қаражаттарын шығару Ұлттық банкінің банктерге банкноттар мен теңгелер сатып, баламасын қолма-қол алмау түрінде жүзеге асырылады» деп белгіленген.

Сондықтан да, мемлекетіміздегі тікелей эмиссиялық орталық алтынмен қамтамасыз етілген банкноттарды және ұсақтаушы мәнәталарды шығару түріндегі пассивті операцияны жүзеге асыратын және де Қазақстан Республикасындағы бірден бір эмитент ҚР Ұлттық Банкі болып табылады.

4. Валюта режимі ұлттық валюта сондай-ақ шетел валютасы тарапынан мемлекет белгілеген валюталық шектеулер.

Валюталар:

А) толығымен айналымға түсетін валюта;

- Б) жартылай айналымға түсетін валюта;  
 В) айналымға түспейтін валюта болып бөлінеді.

5. Ақша айналымы тауарлар, сондай-ақ тауарсыз төлемдер айналасына қызмет көрсету жөніндегі қолда бар және қолда жоқ түріндегі ақша қозғалысын білдіреді.

Нақты ақшаларға: банкноттар, металл мәнеталар жатады.

Қолда жоқ ақшаларға: чектер кредиттік карточкалар және т.б. жатады.

Ақша жүйесінің құқықтық негіздері еліміздің ақша жүйесін белгілейтін және оның қоғам және мемлекет мүддесіне сай ойдағыдай жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қаржылық құқықтың жалпы бөлімінің институты.

Осы институттың реттеу объектісі мына басты үш элемент болып табылады.

1. ақша жүйесінің құрылымы.
2. ақша айналымын ұйымдастыру оған қоса бағалы қағаздар айналымын ұйымдастыру негіздері.
3. валюталық реттеу.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкісі Қазақстан Республикасының аумағында нақты ақша қаражатын шығару, оның айналысын ұйымдастыру қозғалыстарын қамтиды. «Қазақстан Республикасының ақша жүйесі туралы» Заңы – ресми ақша өлшемін қамтитын ақша айналымын ұйымдастырудың құқықтық негіздері мен түрлерін, тиын соғу мен ақша айналысын ұйымдастырудың құқықтық негіздері мен түрлерін, тиын соғу мен ақша айналысын ұйымдастыру мен реттеуді белгілейді.

Ал Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі 1993 жылғы 13 сәуірдегі «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы» Заңға сәйкес:

- ақша айналысын басқаруды;
- айналыстағы ақша массасының көлемі мен құрылымын реттеуді;
- банкноттар мен теңгелер шығаруды;
- еліміздің валютасының курсы шет мемлекеттердің валютасына айырбастау курсы белгілеуді;
Кейбір құжаттардың адамдар үшін маңызы үлкен, мысалы төлқұжат пен жүргізушінің куәлігі әрқашан адаммен бірге болуы қажет. Оларды жоғалудан және бүлінуден сақтау қажет, себебі олар бүлінген немесе жоғалған жағдайда иесіне әкімшілік жаза-айыппұл салынады. Олар күнделікті қолданыста болғандықтан, бүлінбес үшін сапалы, жақсы қаптамаларға салып жүрген дұрыс.

Арнайы жасалған файлдарда жүргізуші куәлігі, техникалық байқау талоны, тіркелу куәлігі тіпті қамсыздандыру полисіне ыңғайлы орындар қарастырылған. Олар әртүрлі материалдар мен текстуралардан, суретпен, суретсіз, батырма оюмен, қосымша қалталармен жасалады. Мұндай аксессуар бизнес - серіктеске жақсы кәдесый, ал компания қызметкерлеріне естелік сыйлық бола алады. Былғары қалдықтарынан жасалған аксессуар бетінің мұқабасына компания логотипі мен атауын бастырып дайындау корпоративтік мәдениет элементі болып саналады (сурет 2).



Сурет 2. Мұқабасына логотип басылған аксессуарлар

Кардхолдар, визитница, төлқұжат пен жүргізушінің куәлік қаптамалары қазіргі заманда адамдарға қажетті бұйымдар болып табылады. Күн өткен сайын пластикалық карталардың үлес салмағы артып, қолма-қол ақшаны ығыстыруда. Соған байланысты банк карталарының саны артуда. Сол пластикалық карталарды сақтауға кардхолдер, несие карталары қаптамалары қажет.

Төмендегі бірнеше факторларға: біріншіден, материал фактурасына назар аудару қажет. Былғарыдан жасалған классикалық несие карталарына арналған қаптамалар ең көп таралған және ең көп тапсырыс берілетін бұйымдарға жатады.

Олардың танымалдығы оңай түсіндіріледі: былғарыдан жасалған барлық бұйымдар практикалық, берік, тозуға төзімді, ылғалды өткізбейді және қазіргі заманғы іскерлік адамның стиліне жақсы үйлесуі тиіс. Банк картасының қаптамасының өлшемі әр түрлі карталар үшін бірнеше жеке қалташалардан болғаны дұрыс.

Жақсы есте қалатын корпоративтік сыйлық ретінде пайдалану үшін логотипі бар кредиттік карталарға арналған кардхолдерлер, несие карталарына арналған қаптамаларды әртүрлі түстер мен реңктерде жасауға болады. Кез келген үлгіні бірнеше түсте орындау мүмкін.

Қорытынды жасай отырып, туристік кәдесыйдың функционалдық мәні өте шартты, толық көлемде символдық құрамдастармен алмастырылатынын атап өткен жөн, бұл туристердің утилитарлық емес қажеттіліктерін қанағаттандырады.

### **Әдебиет**

1. Большая советская энциклопедия. – М.: Советская энциклопедия, 1978.
2. Абрамов Н. Словарь русских синонимов и сходных по смыслу выражений, 7-е изд., стереотип. Москва: Русские словари, 1999.
3. Философия сувенира // Дом культуры декабрь 2012. с. 41-55.
4. Корецкая, М.А. Сувенир / М.А. Корецкая // Вестник Самарской гуманитарной академии. Серия: Философия. Филология. 2008. №1. с.38-43.
5. Мень, Е.Е. Экономика современной культуры и творчества: Сборник статей / Перевод с английского. Общ. ред. сост. Е.Е. Мень. – М.: Фонд научных исследований «Прагматика культуры», 2006 – 448 с.

УДК 377.8

## **МАМАНДЫҚ ТАҢДАУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ МЕН СҰРАНЫСҚА САЙ БОЛЫП ЖҮРМІЗ БЕ?**

**Дүйсенбеков Е.Б.**

*Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы*

*Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез келгеніне икемділік қажет. Бұл – жай күнелту, тамақ асырау жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе.*  
*Жүсіпбек Аймауытов*

XXI ғасырдың басында елімізде басталған мемлекеттік жүйенің, идеологияның, қоғамдық құрылыстың түбегейлі қайта құрылуы қоғамның барлық салаларын, мемлекеттік институттарды, әсіресе халыққа білім беру жүйесінің құрылымдарын қамтиды. Әлемде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси және мәдени-дүниетанымдық жаһандану үдерістері мен инновациялық дамулар қазақстандық білім беру жүйесінің алдына жаңа маңызды мәселелер қойды. Солардың бірі жалпы білім беретін мектептерде бейіндік бағдарлы оқытуды енгізу мәселесі болып табылады. Қазіргі жағдайда қоғамның дамуында уақыт талабына сай жоғары білікті маман даярлайтын оқыту әдістерін өңдеу, болашақ кәсіп иелерін тәрбиелеу мәнді болып отыр. Жаңа талаптар заманауи жоғары кәсіби біліктілікті иемденетін педагогикалық кадрларды кәсіби даярлауды бірінші орынға шығарып отыр.

Сонымен «инновация» термині латын тілінен алынған, ол - «жаңару, өзгеру» дегенді білдіреді. Бұл түсінік XIX ғасырдағы зерттеулерде пайда болып, белгілі бір мәдениеттің кейбір элементтердің бірінен екіншісіне енгізу дегенді білдірген. XX ғасырдың 30-жылдарында Еуропада ғылымның жаңа саласы, жаңашылдық ғылымы пайда болып, ал 50 жылдары педагогикалық инноватика қалыптасты. КСРО-да бұл термин XX ғасырдың 70 жылдарынан бастап қолданыла бастады [1]. Ал инновациялық даму дегеніміз - экономикалық жүйенің қарыштап дамуы, ғылыми білімдерді инновацияларға және өндірістік қызметке айналдыру үдерісі. Оның ажырамас бөліктері ретінде сарапшылар жаңа технологиялық құралдарды енгізу, ұлттық ғылыми-техникалық әлеуетті дамыту, ғылым мен өндіріс арасындағы алшақтықты жою, инновациялық қызметті ынталандыру, алдыңғы қатарлы технологиялар мен халықаралық стандарттарды енгізуді қамтамасыз етуді атап отыр.

Инновациялық даму мен жаңа технологияларды ойлап табу арқылы дамыған мемлекеттер өз халқының тұрмыс-тіршілігін жеңілдетіп, денсаулығын нығайтып, өмір сүру жастары да ұзарып жатыр. Соңғы инновациялық жаңалықтар нанотехнологиялар, жасанды интеллект, роботтехнология және т.б. Шетелдің қарыштап дамып кеткен технологияларына тамсанып, дайын өнімдерін тек қолданып, «бізге де осылай жасау керек» отыра берсек, алға емес, артқа құлдырайтынымыз анық. Сондықтан еліміз негізгі басымдықты цифрландыруға қарай бұрды. Елбасы Н.Назарбаевтың «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы 2017 жылы қабылданып, қазіргі таңда жүзеге асырылуда. Бұл мемлекеттік бағдарламада цифрландыруға күш салу адами капитал белсенді түрде дамитын - болашақтың білімі мен дағдылары ерте жастан бастап тәрбиеленетінін, автоматтандыру және басқа да жаңа технологиялар есебінен бизнес жұмысының тиімділігі мен жылдамдығы артатынын, ал азаматтардың өз мемлекеттерімен диалогы қарапайым әрі ашық болатын жаңа қоғамды құруға әкелетіні кеңінен көрсетілді [2]. Сонымен қатар цифрландыру еңбек нарығында қамтылған мамандықтар құрамына қойылатын өндірістік талаптардың қолданыстағы жүйесінен айтарлықтай озып отыр. Еңбек нарығы мен білім беру жүйесі арасында жедел байланыстың болмауы бір мезгілде талап етілмеген кадрларды даярлауға және «өлмелі» мамандықтар бойынша кадрлардың босауына әкелуі мүмкін. Білім берудің барлық деңгейінің мазмұнын барлық мамандардың цифрлық дағдыларын дамыту арқылы толығымен қайта қарау қажет.

Осыған байланысты өз мүмкіндіктерін іске асыруға қабілетті, кративті тұрғыда өз стратегиясын жасауға бейімді, кәсіби әрекетте және өмірдің басқа да салаларында табыс биігіне жетуді мақсат ететін тұлғаны дамыту, бәсекеге қабілетті сапалы адам капиталын құруды қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесі алдындағы аса жауапты міндет болып қойылды. Бұл туралы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында айтылған тың ойлардың бірі – Еліміздің бюджетінің негізгі екі мақсатқа – экономиканы дамыту мен әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталатынын атап көрсету болды.

«Әлеуметтік жаңғырудың жаңа кезеңі» атты 4 бөлімінде «Білім беру сапасын жақсарту» деген тараушасында елімізде еңбек ресурстарының балансын есепке алудың тиімді әдістемесін әзірлемегенін, оның мамандар даярлаудың отандық жүйесі нақты еңбек нарығынан тыс қалғанын, соның әсерінен 21 мыңға жуық мектеп түлектері кәсіби орта және жоғары оқу орындарына түсе алмауы, одан жұмыссыздар мен маргиналдардың негізін құрайтыны, олар жастар амалынан жоқтығынан қылмыстық және экстремистік ағымдардың ықпалына түсу себептерін нақты айтып өтеді. Сонымен қатар «Біз оқушылардың қабілетін айқындап, кәсіби бағыт-бағдар беру саясатына көшуіміз қажет» - деп оның негізгі себептері қала мен ауыл мектептері арасындағы орта білім сапасы көрсеткіштерінің алшақтығы, ауылдық жердегі білікті кадрлардың жетіспеушілігін және оны шешудің тиімді жолдарын ашып көрсетті [3,4]. Әрине, бұл экономиканы жоспарламайтын мемлекетте қай кәсіпорындарына қандай маманның қажет екенін кім білсін?! Себебі біз нарықтық экономикада көп жағдайларға бақылау жасай алмай отырмыз. Көптеген отандық және шетелдік компаниялар кадрлық саясатты өз беттерінше жүргізуде. Оларға жұмысқа тұрған жастар ары барса аудармашы, көлік жүргізуші және күзетші болуда. Ал кәсіби маман ретінде жұмысқа тұрғандар саны өте аз. Сондықтан, Үкіметтің жанынан мемлекеттік жоспарлау комитетін қайта ашып, экономика мен шаруашылықты мемлекеттік деңгейде ұйымдастыруды қолға алу қажет деп ойлаймыз. Осы жоспарлау комитеті ішінен оқушылар мен жұмыссыздарға республикалық кәсіби бағдар беру орталығын ашу қажет.

Бүгінгі ұрпаққа дұрыс кәсіби бағдар беру кезек күттірмес мәселелердің бірі. Мамандық таңдау тек жеке адамға ғана емес, мемлекет үшін де жауапты іс. Себебі мамандық таңдау – әр адам үшін, қоғам үшін де өте күрделі және жауапты міндет. Бұл таңдау тұлғаның рухани өсуі, әлеуметтік орны мен азаматтық көзқарасын қалыптастыруда үлкен рөл атқарады.

Сонымен индустриалды-инновациялық дамуының қажеттіліктеріне сәйкес келетін және қазіргі заман сұраныстарына сай төменде бірнеше мамандықтар көрсетілген.

#### *Инженерлік мамандықтар*

Мамандардың болжамы бойынша озық ұстанымдарға өндірістік шығарылыммен байланысты инженерлік мамандықтар жатады. Бүгінгі күнде ең қажет етілгендер құрылысшылар, технологиялық машиналар мен техникаларды, сонымен қатар машина жасаушылар болып табылады. Олардан кейін металлургтар, энергетиктер, мұнай және газ саласының, есептеу техникасының, радиотехника, электроника және телекоммуникация жұмысшылары тұрады, сонымен қатар жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің технологиясы мен құрастыру. Және содан кейін тау-кен ісі, автоматтандыру және басқару, прибор жасау және жылу энергетикасы саласының мамандары тұрады.

Қазіргі сәтте өнеркәсіпте кәсіби инженерлердің, орта топтың техникалық мамандары мен жетекшілерінің қатты жетіспеушілігі туындайды. Әсіресе техникалық және экономикалық немесе заңдық білімнің үйлесімдігі, ағылшын немесе кез келген еуропалық тілдік білу бағаланатын болады. Барлық өнеркәсіп салаласында инженер-маркетологтардың және менеджерлердің қажеттілігі артуда.

*АТ және компьютерлік аппараттық қамтамасыз етуді жасаушылар*

Бағдарлама жасаушы - бағдарламалық жасақтаманы құратын және міндетін және оның жұмысқа қабілеттілігін қолдаушы маман. Қазіргі әлемде фирманың имиджі біршама үлкен мәнге ие және сайт - ұйымның деңгейі мен сенімділігінің көрсеткіші болып табылады. Тиісінше, веб-әрлеуші - ең жоғары ақылы «компьютерлік» мамандықтардың бірі.

*Нанотехнологиялар*

Бұдан кейінгі жақын болашақтың біршама талап етілетін мамандықтары нанотехнологиялармен байланысты.

Нанотехнология – бұл молекулалармен және атомдармен жұмысқа негізделген технология, бұл біршама заттардың жасырын және бағалы қасиеттерін пайдаланатын технология. Нанотехнология – бұл үлкен сала, оны үш бөлікке бөлуше болады: микросұлбаларды жасау, наноөлшемдегі роботтарды жасау, сонымен қатар атомдық деңгейдегі инженерия.

Нанотехнология барлық ғылым салаларымен байланыста болады.

*Биотехнология* – биологиялық жүйелер мен олардың элементтерін пайдаланатын технологиялар.

Қазіргі уақытта биотехнология ауыл шаруашылығында кеңінен қолданылады, онда гендік инженерия мен микробиология әдістерінің көмегімен гендік модификацияланған өнімдер алады. Биотехнология молекулярлық медицинада, биофармацевтикалық өндірістерде және басқа салаларда қолданылады.

Электроника мен биотехнологияның түйіскен жеріндегі мамандықтар маманнан электроникада да, биоинженерияда да терең білімді талап етеді.

*Педагогикалық мамандықтар* – қазіргі уақыттағы ең белгілі мамандықтардың бірі, тіпті осы мамандық басқа да мамандықтарды анықтайды деп айтуға болады, себебі еңбектің басқа түрлері арнайы ұйымдастырылған мақсатты педагогикалық қызметтің барысында меңгеріледі. Қазіргі таңда математика, физика, биология, бастауыш сынып, ағылшын тілі мұғалімдерінің жетіспеушілігі білінуде.

*Сервиспен байланысты мамандықтар*

Тұрғындардың табысы артуда, орта санаттың саны да өсуде. Бұл үрдістің көрсетішінің бірі - күн өткен сайын сапалы сервиске қажеттілік.

*Логистика*

Логистика саласы кәсіпорынның қызмет етуінде бірінші кезекті маңыздылыққа ие. Логист мамандығы қатаң шеңберде жұмыстан шаршаған, шаблондар мен берілген шектеулерді жақсы көрмейтіндер үшін оңтайлы. Жемісті мансапты жасау үшін, логистке аналитикалық ақыл мен жүйелі ойлау, интуиция, қиын жағдайлардан тез шыға білу, адамдармен қарым-қатынас жасау дағдысы, тіл тапқыштық қажет. Тәжірибелік тәжірибесіз, сонымен қатар математиканы, техниканы, қолданыстағы заңнаманы терең білмей және әрине бизнес процесстерін түсінбей мүмкін емес. Табиғатынан ойыншы, тауарлар мен жүктерді шахмат тақтасындағы фигуралар сияқты жылжыта алатын дарынға ие адам ғана жақсы логист бола алатына көптеген кәсіпкерлер көз жеткізген.

*Экология*

«Экология» термині бұрын 1866 жылы пайда болған. Және бұдан әрі де қоршаған ортаны сақтау мәселелері үлкен орынға ие болады. Атмосфераға зиянды қалдықтардың өсуі болашақ жаһандық әлемде бірінші орындардың бірінде экология мәселесін қояды. Бір жағынан, кәсіби экологтарға сұраныс арта бастайды, ал екінші жағынан - табиғат қорғаушылардың талаптарының спектрі кеңиді. Болашақта эколог-полиция қызметі қоғамға енетін болады.

*Медициналық мамандықтар*

Медицина бүгінге енді ғана құрылып, зерттеліп келе жатқан, ал 10 жылдан кейін тәжірибеге еніп, медицинада үйреншікті іс болатын, электроника, битотехнология саласының жетістіктерін жемісті пайдаланады.

*Химия*

Химия саласының мамандары энергетика саласында ерекше қажет болады. Энергияның баламалы көздері аса қажет болады. Химия - инновация мен болашақтың ғылымы.

*Тағамдық өнеркәсіп*

Агроном және фермер мамандықтарын сарапшылардың басым бөлігі жойылып бара жатқан мамандықтар қатарына жатқызады: Әлемнің дамыған елдерінде кішігірім фермерлік шаруашылықтар 15 жылдан артық уақыт тұрақты түрде кедейшілік шегінде тепе-теңдік ұстап келеді, негізінен мемлекеттік дотация есебінен күн көреді. Болашақ тағамы болжамдардың көпшілігі бойынша – бұл табиғи емес, «нағыз» тағам, ал қоспалардың артып келе жатқан үлесі бар тағам немесе біз үшін қалыпты емес көздерден алынған қоспалары бар тағам. Инженерия және биологиядағы білімдерге ие тағам өнеркәсібі мамандары көптеген елдердің тұрғындары үшін негізгі өндірушілер болады.

*Қала құрылысы*

Жер ауылдар емес, қалалар планетасы болып барады. БҰҰ ақпараты бойынша, 2009 жылы қалалықтар саны ауыл тұрғындарынан асып түсті. 2025 жылы қала халқының үлесі 77% дейін артады. Pricewater house Cooper's деректері бойынша, 2005 жылы дүниежүзінің 100 ірі қаласы дүниежүзілік ЖІӨ 25% өндірді, 2008 жылы 30%. 2025 жылға қарай ең үлкен мегаполистердің 30 27% артады. Жаңа, тез өсіп келе жатқан мегаполистерді жоспарлау, құру және қызмет көрсетуді қолайлы қалалық ортаны құра алатын мамандар класы жасайтын болады. Мемлекет және жеке құрылыс компаниялары аумақтарды кешенді дамыту бойынша мамандарға үлкен сұранысты қалыптастыратын болады (көлік, әлеуметтік орта, инвестицияларды тарту және т.б.), әсіресе қалалық жерлерде.

Сонымен қорытындылай келегенде, оқушылардың дұрыс мамандық таңдауы оның келешек өмірімен тығыз байланысты болмақ. Кәсіби бағдар беру жұмыстарына тек мектеп пен университетті ғана жауапты қылмай, қоғам болып үлкен жауапкершілікпен мойынымызға алсақ, республикалық кәсіби бағдар беру орталығы құрылса жастардың болашағы және мемлекеттің дамуы үшін игілікті іс болары анық.

**Әдебиет**

1. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Әлеуметтану және саясаттану бойынша / Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын - Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ. 2006. - 569 б. ISBN 9965-808-89-9
2. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы.
3. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың Жолдауы «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі»// «Егемен Қазақстан», №169 (29648) 3 қыркүйек, 2019ж. 1-6 бб.

УДК339.138:677/687

**СТРУКТУРА КОНКУРЕНТНОГО ПОТЕНЦИАЛА  
ПРЕДПРИЯТИЙ ЛЕГКОЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ**

**Дюсембекова Ж.М.**

*Университет Нархоз, Алматы*

Вхождение Казахстана в 30 наиболее развитых стран является стратегическим приоритетом, достижение которого зависит от вклада и конкурентоспособности предприятий всех отраслей экономики. Конкурентный потенциал является источником его конкурентоспособности предприятия, что обуславливает актуальность исследования и научный интерес к этой проблематике как зарубежных, так и отечественных ученых, среди них труды: А.Азоева, А.П.Челенкова [1], Джон О'Шонесси [2], М. Портера [3; 4], О. Сабдена [5], Я.Ю. Салиховой [6], Т.Г. Старостиной [7] и др. Существуют различные трактовки понятия «конкурентный потенциал»:

- включает в себя совокупность располагаемых природных, материальных, трудовых, финансовых и нематериальных ресурсов и возможности объектов и/или субъектов хозяйствования, позволяющие им получить конкурентные преимущества перед другими

участниками рынка; представляет собой внутренние и внешние конкурентные возможности фирмы, которые позволяют предприятию вести эффективную конкурентную борьбу на рынке за счет формирования конкурентных преимуществ на основе использования материальных или нематериальных ресурсов (Салихова Я.Ю.) [6, с. 10-11];

- степень мощности, уровень возможностей для обеспечения своей конкурентоспособности, обусловленные имеющимися в распоряжении организации ресурсами и способностью организации к их эффективному использованию и воспроизводству (Старостина Т.Г.) [7, с. 47];
- совокупность конкурентных преимуществ и степень их реализации в текущей и перспективной деятельности предприятия; совокупность конкурентных преимуществ предприятия, которые определяют возможности его развития в долгосрочном периоде по сравнению с конкурентами (Семченко А.А) [8, с. 30].

Многие ученые определяют конкурентный потенциал как отражение наличия внутренних и внешних возможностей для формирования устойчивых конкурентных преимуществ. Предприятия легкой промышленности сосредоточены на производстве текстильной продукции, одежды, обуви и кожаной и относящейся к ней продукции. Конкурентный потенциал предприятий легкой промышленности (таблица 1) также формируется на основе оценки его внутренних (маркетинговый, инновационный, ресурсный и творческий) и внешних (рыночный) конкурентных возможностей, которые в дальнейшем можно будет преобразовать в его конкурентные преимущества.

Таблица 1.

Структура конкурентного потенциала предприятий легкой промышленности

№	Структура конкурентного потенциала	Факторы, формирующие конкурентный потенциал	Показатели, характеризующие конкурентоспособность предприятия
1	<b>Внутренний конкурентный потенциал</b>		
	1.1 Маркетинговый потенциал	- управление маркетинговой деятельностью предприятия; - инвестиции в продвижение и сбыт продукции легкой промышленности	- имидж предприятия; - известность бренда; - степень удовлетворенности и лояльности клиентов; - показатели результативности маркетинговой деятельности и др.
	1.2 Ресурсный (экономический) потенциал: - финансовый, - производственный, - организационный, - кадровый	- уровень финансового положения предприятия; - объем инвестиции в основной капитал; - МТБ предприятия; - продуманность организационной структуры предприятия; - квалифицированный персонал, заинтересованный в работе и др.	- платежеспособность и финансовая устойчивость предприятия; - загрузка производственных мощностей; - объем и рентабельность производства; - внедрение системы менеджмента качества на предприятии; - конкурентоспособность продукции легкой промышленности; - степень удовлетворенности персонала и др.

	1.3 Инновационный потенциал	- Инновационная политика предприятия, - стратегия дифференцирования продукции легкой промышленности	- степень инновационности предприятия; - время на разработку и запуск инноваций; - показатель «затраты-качество» инноваций; - степень защищенности инновации от копирования конкурентами и др.
	1.4 Творческий потенциал	- стимулирование и поддержка творческих идей персонала предприятия	- количество предложенных и реализованных творческих идей
2	Внешний конкурентный потенциал		
	Рыночный потенциал	- факторы макроокружения предприятия; - конъюнктура рынка; - конкурентные стратегии предприятия	- емкость рынка; - доля на рынке; - обеспеченность рынка продукцией легкой промышленности; - рыночные окна и ниши.
Примечание – составлена автором			

Внутренний конкурентный потенциал направлен на формирование и наращивание долговременных конкурентных преимуществ предприятия легкой промышленности, а внешний – на обеспечение способности его адаптации к условиям конкурентной внешней среды.

В целом, управление конкурентным потенциалом позволяет усилить конкурентные позиции на рынке легкой промышленности, обрести дополнительные конкурентные преимущества и повысить конкурентоспособность предприятия. Как видим из данных таблицы 1, структура конкурентного потенциала предприятия легкой промышленности включает:

1. ресурсный (экономический) потенциал, включающий финансовый, производственный, организационный и кадровый потенциал;
2. творческий потенциал – направлен на развитие нематериальной системы мотивации персонала в области разработки творческих идей, обеспечение благоприятного морально-психологического климата в коллективе, создание креативных групп и развитие креативности персонала в решении поставленных задач;
3. инновационный потенциал – повышение инновационной активности предприятий легкой промышленности путем увеличения расходов на НИОКР, разработка новой продукции и технологий ведения бизнеса;
4. маркетинговый потенциал – клиентоориентированность предприятия легкой промышленности, организация и проведение маркетинговых исследований предпочтений потребителей на рынке легкой промышленности, использование интегрированных маркетинговых коммуникаций для продвижения продукции легкой промышленности, повышения степени осведомленности и лояльности потребителей к товарам «Сделано в Казахстане»;
5. рыночный – поиск неудовлетворенных потребностей, рыночных ниш, формирование и стимулирование спроса на отечественную продукцию легкой промышленности.

Полный учет факторов, формирующих конкурентный потенциал предприятия, будет способствовать полному использованию внутренних и внешних конкурентных возможностей, что в свою очередь, создаст платформу для развития и усиления устойчивых конкурентных преимуществ предприятия на рынке легкой промышленности.

Таким образом, в контексте развития существующей концепции конкурентного потенциала предприятия легкой промышленности можно заключить:

- ресурсный потенциал (финансовый, производственный, организационный, кадровый) является необходимой платформой для формирования конкурентного потенциала предприятия легкой промышленности;



- использование инструментов маркетинга позволяет превратить конкурентный маркетинговый потенциал в устойчивые конкурентные преимущества предприятия легкой промышленности;
- для удержания конкурентных позиций требуется проведение сравнительного анализа конкурентного потенциала конкурирующих предприятий легкой промышленности с целью выработки стратегии устойчивого маркетинга;
- формирование конкурентного потенциала следует проводить на основе результатов анализа факторов макросреды функционирования предприятия легкой промышленности и внутренних возможностей предприятия легкой промышленности;
- следует постоянно проводить оценку конкурентного потенциала предприятия легкой промышленности, так как он влияет на уровень конкурентоспособности предприятия легкой промышленности, а также в целом, на конкурентоспособность отрасли и страны.

### **Литература**

1. Азоев А., Челенков А. П. Конкурентные преимущества фирмы. – М.: ОАО «Типография «НОВОСТИ». – 2000. – 252 с.
2. Джон О'Шонесси. Конкурентный маркетинг: стратегический подход / Пер. с англ. под ред. Д. О. Ямпольской. – СПб: Питер, 2002. – 864 с.: ил.
3. Портер М. Конкурентная стратегия: методика анализа отраслей и конкурентов. – М.: Альпина Бизнес Букс. – 2005. – 454 с.
4. Портер М. Конкурентное преимущество. Как достичь высокого результата и обеспечить его устойчивость. – М.: Альпина Бизнес Букс. – 2016 – 716 с.
5. Сабден О. Экономика. Избранные труды. – Алматы: Институт экономики КН МОН РК, 2011. Т. IX: Конкурентоспособность национальной экономики: критерии оценки и пути повышения: Монография – Издание второе / Кошанов Л. К., Хусаинова Б. Д., Днишев Ф. М., Додонов В. Ю., Аханов С. А., Нурланова Н. К., Альжанова Ф. Г. / Под науч. ред. д.э.н., проф., академика НИА РК О. Сабденова. – 200 с.
6. Салихова Я. Ю. Конкурентный потенциал предприятия: сущность, структура, методика оценки: учебное пособие / Я. Ю. Салихова. – СПб.: Изд-во СПбГУЭФ, 2008. – 52 с.
7. Старостина Т. Г. Конкурентный потенциал организации / Т. Г. Старостина – Ульяновск: УлГТУ, 2014. – 115.
8. Семченко А. А. Конкурентный потенциал и конкурентные преимущества предприятия // Современная конкуренция и конкурентоспособность. – 2008. – №4 (10). – С. 30-37.

ӘОЖ:327

## **ЕЛБАСЫ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ЕУРАЗИЯ КЕҢІСТІГІНДЕГІ САЯСИ ШИЕЛЕНІСТЕРДІ РЕТТЕУ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ШЫҒЫС ПЕН БАТЫС АРАСЫНДАҒЫ МЕДИАТОРЛЫҚ РӨЛІ**

**Ерланқызы А.**

*М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент*

Қазіргі кездегі әлемдегі геосаясатта, халықаралық қауымдастықтың кеңістіктік – саяси ұйымдастырылуына («Жаңа әлемдік тәртіп» мәселесі және оның шеңберіндегі өзгерістер мен жекелеген елдердің осы үдерістегі орны мен ролі) аса назар аударуда. Жаһандану дәуіріндегі әлемнің саяси және экономикалық архитектурасы көпқырлығымен ерекшеленеді. ХХІ ғасырда халықаралық деңгейдегі дауларды, жанжалдарды бейбіт жолмен шешіп, бітімгершілік процедураларын ұсыну, саяси және экономикалық қайшылықтарды шешудің басым бағыттарының бірі. Елдің, аймақтың дамуындағы үлкен рөлді саяси тұлға атқарады. Тарихты да жасайтын осы тұлғалар. «Жаңа әлемдік тәртіп» жағдайында қауіпсіздікті нығайтып, келісімге, бейбіт дамуға елді ғана емес, тұтастай аймақты, әлемдік қауымдастықты шоғырландыратын, белсенді ұстанымы бар саяси лидерлердің ішінен Елбасы Н. Назарбаев ұсынған бастамалар өзінің прагматикалық қырымен, өзектілігімен, өміршеңдігімен ерекшеленеді.

Аймақтық және халықаралық деңгейде пайда болған дауларлы реттеудің негізгі технологиясы – үшінші бейтарап тараптың (медиатор) көмегімен тығырықтан шығудың жолын іздестіру медиация болып табылады. Бастапқыда, тек қана құқық саласында қолданылған аталмыш термин, қазіргі таңда саяси-экономикалық деңгейде жиі қолданылуда. Қазіргі таңда медиатор рөлін түрлі саяси көшбасшылар орындауда. Дегенмен, медиатор рөлі–халықаралық беделге, үлкен дәрежедегі коммуникативті қабілеттерге ие, келіссөздер үрдісіне ықпал жасай алатын ірі тұлғалардың ғана еншісінде болады. Біз, халықаралық саясаттың маңызды оқиғаларына талдау жасай отыра, осындай жауапты рөлді ірі тұлғалық қасиеттерге ие Қазақстан Республикасының бірінші Президенті Н. Назарбаевқа тән екенін байқаймыз.

Қазақстан Республикасының бірінші Президентінің Еуразия кеңістігіндегі қақтығыстарды шешу және алдын-алу шаралары бойынша қызметінің шеңберінде Сирия дағдарысын шешудегі Астана процесін ұйымдастыру қызметі, Украина-Ресей қайшылықтарын шешудегі орны және Түркия-Ресей саяси шиеленістерді және Сирия қақтығысын реттеудегі қызметін ерекшелеуге болады.

*Украина дағдарысын реттеу бойынша Елбасы қызметі.* 2014 жылы наурыз айының басында «Украина дағдарысы» басталған кезеңде Н. Назарбаев барлық мүдделі тараптардың қатысуымен диалог арқылы қайшылықтарды дипломатиялық жолмен реттеудің маңызы туралы мәлімдеген еді. 2014 жылы 12 қыркүйекте Душанбеде өткен Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына мүше-мемлекеттер басшылары кеңесінің кеңейтілген құрамдағы отырысында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Біздің барлығымызды да Украинадағы ахуал барынша аландатады. Дағдарыстың ауқымы мен ықпалы бұл елден баяғыда-ақ тысқары шығып кетті, проблеманың ұзақ мерзімді жалғыз шешімі — бұл саяси диалог пен консенсус» [1], деген Елбасы тараптарды бейбіт келісімді ұстануға шақырды. Елбасының мұндай мәлімдемесінің астарында, өзінің осы қайшылықты реттеуге күш-жігерін аямай жұмсауға дайын екендігі айқындалды.

Ең алдымен осы мәселе төңірегінде 2014 жылдың 10-14 наурыз аралықтарында Қазақстан Республикасының бірінші Президенті Ресей Федерациясының Америка Құрама Штаттарының президенттерімен, Германия Федеративтік Республикасының канцлерімен телефон арқылы келіссөздер жүргізді. Н. Назарбаевтың бұл қадамы – оның Шығыс пен батыс арасындағы медиаторлық рөлін айқындайды. 2014 жылы 29 шілде күні Н. Назарбаев, Италия республикасының премьер-министрі Маттео Ренцимен телефон арқылы сөйлесуінде, Украинаға қатысты келіссөз үдерісіне Ресей, Еуропа, Украинаны тарту керектігін айқындады [2]. 2014 жылы 19 тамыз күні Н. Назарбаев және Еуропалық комиссияның төрағасы Ж.М. Баррозу арасындағы телефон арқылы сөйлесуде, Еурокомиссия төрағасы, 2014 жылы 26 тамыз күні Минск қаласында кездесу өткізу туралы Қазақстанның ұсынысын қолдайтындығын білдірді. Бұл сәт, Кедендік Одақ қатысушыларының және ЕуроОдақ басшыларының 2014 жылғы 22 тамыздан бастап Минск қаласындағы белсенді қарым-қатынастарының бастамасына айналды.

Осы мәселе төңірегінде, қазақстандық дипломат Нұрлан Онжанов: «Неліктен Ресей, Украина, Германия және Франция елдерінің басшылары, қақтығыс аумағынан мыңдаған шақырым жерде орналасқан ел – Қазақстан Президентіне ықыласын аударды? Өйткені, оған сенім артады. Нұрсұлтан Әбішұлы әлемді қауымдастыққа дәйекті саясат жүргізіп отырған және өз принциптері мен міндеттемелерін айқын орындайтын, бейбіт қатар өмір сүру идеясының жақтаушысы ретіндегі «шынайы көзқарастағы менеджер» ретінде танымал», деп сипаттайды [3, 107 б.].

Украина дағдарысына қатысты Елбасы: «Мен Қазақстан Ресейге де, Украинаға да бірдей қарайды деп есептеймін. Бізде ешқандай мүдде қақтығысы жоқ. «Мен – ешбір тарапты жақтамайтын, бейтарап ұстанымдағы әрі қандай да бір үлес қоса алатын, шынайы көзқарастағы менеджермін. Украина, Ресей және Еуропаның талпыныстары тоғысатын тұстар бойынша келісімге келу керек. Бұл дегеніміз – соғысты тоқтату, тұтқындарды босату, Шығыс Украинаны қалпына келтіруге жәрдемдесу, тілдердің мәртебесін айқындау. Осы мәселелерді президенттер деңгейіне шығарып, еуропалықтармен бірге келісімге келу қажет», - деді [4].

*Ресей –Түркия арасындағы саяси шиеленісте реттеудегі Елбасының рөлі.*

Елбасының бітімгешілік миссиясының тағы бір жарқын көрінісі 2015 жылы Түркия мен Ресей арасындағы шиеленісте өзінің жарқын көрінісін тапты. 2015 жылы қараша айында Түркияның әсері-әуе үштері Сирия аумағында Ресейлік бомбардировщик Су-24 ұшқышын атып түсірді, нәтижесінде Ресейлік ұшқыш қаза тапты. Бұл оқиға екі ел арасында шиеленісті

тудырып, оның салдары Еуразия кеңістігіндегі көлік транзитіне кері әскерін тигізу қаупі ушықты. Түркі әлеміне бірегейленетін және Ресейді басты стратегиялық әріптес деп танытын Қазақстан елі үшін, қақтығысқа ұласпай, бейбіт шешімін табуға ықпал тигізу жауапкершілігі жүктелді [5, 62 б]

Елбасы сол кезеңде, Түркия Премьер-министрі Ахмет Дәуітоғлымен кездесіп, Ресей Федерациясының президенті В.Путинмен телефон арқылы сөйлесіп мәселеге алаңдаушылығын білдірді. Түркия мен Ресей арасындағы осы саяси шиеленісті Әзірбайжан президенті Ильхам Алиев те реттеуге ат салысқаны белгілі. Дегенмен, түркі жұрты, соынмен қатар ресей тарабы да Елбасының еңбегіне аса ықыласпен алғысын білдірді. Бұл дегеніміз, саяси шиеленісті шешуге атсалысу әлемдік ауқымдағы тұлғалардың ғана еншісі екендігін білдіреді. Осыған байланысты Түркияның БАҚ және саяси сараптамашылары Ресей мен Түркия арасын бітімдестіру Қазақстан басшысының ғана қолынан келетіндігін жариялады. Мәселен, «Ankara politikalar merkezi» сараптамалық орталығының директоры Хасан Қанболат 2016 жылдың 22 қаңтарында ағылшын тілінде жариялаған «Түркия мен Ресей арасындағы шиеленіс Назарбаев басшылығымен тарқатыла алады» (Hasan Kanbolat "Turkish-Russian tension could be solved by Nazarbayev's leadership") мақаласында Елбасының халықаралық қауымдастықтағы үлкен беделі, осы қақтығысты шешуде үлкен рөл атқаратындығын алға тартқан [6]. Түркияның зерттеушілерінің пікірінше, «Түркі жұртшылығының ақсақалы» ретінде Елбасы ушыққан Ресей-Түркия қарым қатынастарын жақсарта білді. [7].

Нәтижесінде, Елбасының осы шиеленісті реттеудегі еңбектері ақталып, «Үлкен жиырмалықтың» (G20) Қытайдың Ханчжоу қаласында өткен екі күндік саммитінің қорытындысы бойынша баспасөз конференциясында, РФ президенті В.В. Путин: «екі ел арасында толық форматтағы ынтымақтастықтың жалғасуы үшін негіз бар деп», деп мәлімдеді.

*Сирия қақтығысы бойынша Астана процесі.* Таяу Шығыс аймағына қатысты, оның ішінде Сирия қақтығысы бойынша Қазақстан Республикасы өзіндік ұстанымда. Себебі, аймақтағы қақтығыс экспортталып Орталық Азияға да ауысуы мүмкін, сондықтан қатерлердің алдын алу бойынша Қазақстан Республикасы Сирия мәселесін реттеуге байланысты қомақты рөл атқаруда.

2017 жылы 23-24 қаңтарда Астанада, Ресей, Түркия және Иран бастамалары бойынша бейбіт келіссөздер жүргізілді. Оның басты мақсаты – Сириядағы азаматтық соғысты тоқтату еді. Келіссөз арнасында Сирияның ресми билік өкілдерімен қатар олардың қарсыластары – оппозиция өкілдері де қатысты.

Астана процесінің бірінші кездесуінде, кепіл беруші мемлекеттер, Сириядағы қақтығысты тоқтатуға бақылау жасау бойынша үш жақты механизмдерін құру бойынша уәделесті. ДАИШ/ИГИЛ және Ан-Нусрамен күресте ынтымақтастыққа дайындығын мәлімдеді.

2017 жылдың 15-16 ақпанындағы кездесуде, соғысты тоқтату режимін бақылау бойынша БҰҰ бағыныстағы бірлескен топ құру бойынша келісімге келіп, тұтқындармен алмасу туралы ереженің жобасын талқылады. 14-15 наурыздағы үшінші кездесуде, кепіл беруші мемлекеттер, Сирия конституциясы бойынша жұмыс тобын құрып, Сириядағы ЮНЕСКО Дүниежүзілік рухани құндылықтар нысандарын минадан тазарту туралы мәселе көтерілді. 3-4 мамыр және 4-5 шілдедегі кездесуде, Сириядағы деэскалация аумақтарын құру туралы Меморандумға қол қойылды. 14-15 қыркүйектегі кездесуде, Иран, Ресей, Түркия елдерінің делегациялары, Шығыс Гута, Хомс, Идлиб, Латакия, Хама және Алеппо провинцияларының белгілі бөліктерінде деэскалация аумақтарын құру туралы келісімге келді. Сонымен қатар, осыған бақылау жасау үшін бірлескен иран-ресей-түркия үйлестіру орталығын құру туралы да сөз болды.

БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің мүшелері Астана процесі БҰҰ аясында Сирия аралық келіссөздерді қалпына келтіруде маңызды қадам екенін мойындап, Астана үдерісінің айқын жетістігі үкіметтік делегация мен қарсыластардың бір келіссөздер үстелінде отыруға мүмкіндігі болғандығын атап өтті.

Астана процесі Қазақстанды халықаралық саясаттың «адал менеджері» ретінде танытуға мүмкіндік беріп, еліміздің сыртқы саясаты қақтығысты шешуге бағытталғанының жеімсті нәтижесіне айналды.

Астанада келіссөздер жүргізуге ден қойған еліміз, геосаяси қайшылықтар тоғысында бейтараптықты сақтап қалды, блокаралық қайшылықтарға араласпай, өзінің сыртқы саясатының негізгі қағидаттары ретіндегі көпвекторлы көзқарас пен прагматизмді қайтадан айқындады

Дүниежүзілік тәжірибеде, аз ғана уақытта халықаралық қауымдастыққа танылған мемлекеттер ішінен, халықаралық бейбітшілікті нығайту жолында бастамалар көтеріп, әлемдік деңгейде танылып отырған мемлекеттер жиі кездеспейді. Қазақстан Республикасына БҰҰ тарапынан және халықаралық қауымдастық тарапынан жоғары баға беріліп, сенім артуы еліміз үшін маңызды болып табылады.

Жаһан үшін «ортақ күн тәртібін қалыптастыру, сол арқылы орнықты, әділ, қауіпсіз, еркін әлемді қалыптастыру» маңызды міндет болғанын ескерсек, Сирия қақтығысын шешуге бағытталған жаңа формат ретіндегі айқындалған Астана процесінің қызметі заңды әрі барынша құптарлық дүние екені даусыз.

Қазіргі таңдағы сыртқы күштердің тосқауылына және «Ақпараттық соғыстарға» төтеп беру үшін, оппозициялық күштердің Елбасы еңбектерін жоққа шығаруға ұмтылған әрекеттеріне ұтымды жауап іздеу үшін, Қазақстан Республикасының бірінші Президенті Н. Назарбаевтың халықаралық беделін, атқарған қызметін, әлемдік қауымдастықтың мойындауын дәйектейтін ғылыми әдебиеттерді кеңінен шығару маңызды іс болып табылады.

«Өз елінің ерекше елшісі сынды ұлы бабаларының есімдерін мақтан тұтатын Ұлы даланың ұлы есімдері» жобасы аясында, қазақ елінің тарихи жетістіктерін, біртуар ұлы ретіндегі Елбасының сыртқы саясаттағы ұтымды қызметін Қазақстан Республикасының халықаралық аренадағы «Жұмсақ күш» саясатына айналдыру да маңызды. «Жұмсақ күш» бағытын дамыту мақсатында, қалыптасқан көзқарастар және тиімділікке жету үшін маркетингтік әдістерді үйлестіретін халықтық дипломатияның жүйесін құру қажеттігі анық.

### **Әдебиет**

1. Н.Назарбаев: Украинадағы дағдарыстың жалғыз шешімі - бұл саяси диалог пен консенсус, – [Электрондық ресурс]. – URL: <http://anatili.kazgazeta.kz/?p=22498>
2. Президент РК обсудил с Премьер-Министром Италии актуальные вопросы международной повестки дня.
3. Онжанов Н. Миротворец. Записки дипломата. – Астана: Фолиант, 2015. – 240 с.
4. Н. Назарбаев Украинадағы қақтығыс тараптарына келісімге келуді ұсынды. – [Электрондық ресурс]. – URL: «[www.strategy2050.kz](http://www.strategy2050.kz)».
5. Serdar Yilmaz The Role of The Leadership of Nursultan Nazarbayev in Kazakhstan's Stability //International Journal of Liberal Arts and Social Science. – 2017. – № 2. –Vol. 5. – P. 61-72
6. Kazakhstan through the eyes of foreign mass media. – [Электрондық ресурс]. – URL: [https://www.inform.kz/en/kazakhstan-through-the-eyes-of-foreign-mass-media\\_a2925293](https://www.inform.kz/en/kazakhstan-through-the-eyes-of-foreign-mass-media_a2925293)
7. Yaşar Sari Nursultan Nazarbayev: Last Soviet leader or Kazakhstan's founding president? // <https://www.dailysabah.com/op-ed/2019/03/26/nursultan-nazarbayev-last-soviet-leader-or-kazakhstan-founding-president>

UDC 81'243:372.3

## **THE USE OF POTENTIAL OF COMMUNICATIVE APPROACH IN TEACHING FOREIGN LANGUAGE IN NON-LANGUAGE HIGHER EDUCATIONAL INSTITUTIONS**

**Yesenbayeva A.Y.**

*M.Kh.Dulati Taraz State University, Taraz*

The study of foreign languages in modern society is becoming an integral part of the professional training of specialists in various fields, and their further career growth can largely depend on the degree of their language training. Consequently, the university should provide a certain level of knowledge of a foreign language, however, we should not forget that the success of training largely depends on the methodology of working a foreign language teacher in the context of solving specific educational problems. Learning a foreign language promotes the development of communicative competence, forms the student's ability to use it as a communication tool, which today is especially appreciated among graduates of non-linguistic HEI.

The article presents both theoretical and practical justification of the need and importance of developing communicative competence through the study of a foreign language, as well as ways to eliminate difficulties in the learning process.

The main goal of the article is to study the potential of the communicative approach in teaching students of non-language higher education institutions for foreign language.

Learning a foreign language is a process of direct actual development and self-development of a student, for this reason, a foreign language should be treated as a discipline that develops practical skills, moving away from the grammar-translation approach in teaching [6]. The main goal of learning a foreign language is to develop the communicative competence of students, which is the basis for language skills. The development of communicative competence depends on sociocultural and sociolinguistic knowledge and skills that ensure interconnection with society and contribute to the socialization of the individual in this society.

The communicative approach provides for the maximum immersion of the student in the language process, the main purpose of this approach is to teach the student first to speak English fluently and then think in it. The possibilities of implementing a communicative approach in a specialized university are significantly higher than in a non-linguistic educational institution

It is no secret that in a non-linguistic university when studying a foreign language a number of difficulties arise due to the following factors:

1. the emphasis on teaching is placed on professional disciplines to which a foreign language does not belong. When studying a foreign language, as well as secondary disciplines, most students have exclusively external motivation;
2. in non-linguistic universities, often, students with different levels of proficiency in a foreign language study in the same group, as a result of which the motivation of strong students is reduced, and there is a lack of interests of the weak;
3. the limited number of hours allocated for studying a foreign language in a non-linguistic university does not allow it to be mastered at the proper level.

Effective teaching encourages the teacher to determine what "works" in the learning process. Richards said that a lot depends on the skills and personal qualities of an individual teacher [1]. Thus, a teacher of a non-linguistic university should determine ways to solve the above difficulties.

All students have their own intellectual characteristics, which should be taken into account in the learning process. These differences should also be encouraged by the teacher, develop innovative thinking in students, and critically determine the characteristics of each student in the learning situation. There are various ways to improve the quality of teaching, while the learning process should be of interest to the student. The communicative approach is based on the fact that the success of language learning is associated with its direct use. When students participate in real communication, their natural intentions of mastering the language are used - this is what will allow them to use the language.

Motivation is one of the most important factors influencing the study of a foreign language. Intrinsic motivation leads to long-term success. Extrinsic motivation is believed to be more associated with short-term success. Based on the above factors, the teacher should stimulate internal motivation among students, causing interest and curiosity, promoting self-development students [4].

Based on the capabilities of the motivation factor [2], we consider ways to solve the first problem, i.e. transformation of external motivation (getting an assessment) into internal:

- the impact on direct behavior in relation to specific goals (career prospects);
- stimulation of perseverance in educational activities (additional bonuses);
- increase in cognitive activity (students interested in professional activities use information from foreign sources, professional sites), which in turn will lead to the development of communicative competence.

The solution to the problem associated with the difference in student knowledge can be carried out through a tiered approach to the formation of groups, which involves:

- selection of students by level of knowledge (group A, B, C);
- planning of the educational process through the degree of activation of the student's speech activity;
- the possibility of subsequent transfer of the student to a group with a higher level of knowledge.

A solution to the third problem can be proposed directly using elements of a communicative technique in working with text. The communicative approach to the language has various characteristics that distinguish it from previous methods:

- understanding occurs through the active interaction of students in a foreign language, involving such methods of enhancing communication skills as video, interactive whiteboard, game simulations;
- training takes place using authentic English texts;
- students not only learn the language, they also receive additional linguistic and cultural knowledge in the process of mastering the language (the information they are interested in should be contained in the material they study);
- the use of a new language in the conditions of repetition of various speech structures creates opportunities for learning outside the classroom in the process of self-development [6] (the possibility of out-of-class communication).

However, to make the learning process more effective, the teacher should adhere to the guidelines and recommendations in the process of conducting classes:

- frequent repetition of the material is a prerequisite for the successful assimilation of lexical and grammatical units.
- training material in a foreign language should be presented gradually, in small parts, combining business games and educational activities.
- priority should be given to communicative tasks and exercises for texts that provide mastery of the language as a means of communication.
- the organization of group work in foreign language lessons is a very important stage in the development of students' communication skills (discussion).

At different stages of the lesson, goals may vary, depending on the material of controlled communicative practice, which gives students the opportunity to use the language. However, a large role should be given to working with text, which, in turn, accumulates in itself the possibility of both forming and activating students' communication skills.

Many students become passive when faced with reading text. The teacher can offer simplified exercises, choose graduated tasks, but the motivational factor should not be neglected. So it is obvious that the choice of text should not be random, the text should meet the needs of students. Students should also have sufficient basic knowledge, topics should correspond to their professional interests.

The use of small passages of text, hints, phrases, and vocabulary help to activate lexical skills in the study of thematic vocabulary and understanding of meanings. The paragraphs in each text should be clearly defined. The teacher should always remember that the ultimate goal is communication and the ability to explain the situation.

So when working with text, you can follow the scheme:

- to offer students a professional-oriented text in order to obtain useful additional information on a specific issue.
- to perform an exercise to restore the semantic content of the text by substituting the missing lexical units, which, in turn, helps to develop memory and helps to memorize both lexical units and clichéd phrases.
- the multiple choice test allows you to improve English language skills and assess students' ability to understand the text, ability to navigate in grammatical elements and structures;
- the task of completing a sentence or substituting a missing phrase helps in expressing one's own ideas, teaches us to understand the coherence of sentences, parts of the text with each other;
- assignment for compliance: definition-word, word-definition trains cognitive abilities and helps to develop memory.
- answers to special questions stimulate feedback in the group, activate the acquired communication skills.
- tasks related to solving simulated situations (simulations) that are possible in professional situations are an effective way to acquire professional skills.

Thus, the development of communicative competence is impossible without the preparation of oral and written speech skills. However, knowledge of lexical and grammatical material does not provide the formation of communication skills. These skills are formed through the active involvement of the student in the educational process, increasing the motivational factor, solving certain pedagogical difficulties in the learning process, the ability to operate educational material with a view to its further use in certain areas of communication.

**Literature**

1. Richards J.C. Approaches and methods in language teaching / J.C. Richards, T.S. Rodgers. – Cambridge, 2001.–171p
2. Williams R.L., Stockdale S.L. Classroom Motivation Strategies for Prospective Teachers / R.L. Williams, S.L. Stockdale // *The Teacher Educator*. – 2004. –240 p.
3. Sasson Dorit. Six Tips for Teaching Lower Level Junior High School ESL Students <http://iteslj.org/Techniques/Sasson-LowerLevelJHS.html>
4. Guirong Pan. A Survey on English Learning Motivation of Students in Qingdao Agricultural University / Guirong Pan, Yiming Zang, Dan Wu // *Journal of Language Teaching and Research*, Vol. 1, No. 2, 2010. – pp. 151–156.
5. Dörnyei, Z. The 2010s Communicative language teaching in the 21st century The “principled communicative approach”. 34<sup>th</sup> National 3. Convention of TESOL, 2009, 33-42.
6. *The Communicative Approach to Language Teaching* / Ed. by Ch. Brumfit and K. Johnson. – Oxford : Oxford Univ. Press, 1991. – 243 p.

UDC 81'243:371.3

**THE OPPORTUNITIES OF STUDENT'S INDEPENDENT WORK IN TEACHING FOREIGN LANGUAGES IN HIGHER EDUCATIONAL INSTITUTIONS****Yesenbayeva A.Y.***M.Kh.Dulati Taraz State University, Taraz*

One of the main goals of modern professional education is to improve students on the basis of self-development, self-education, which is impossible without independent active participation in the work on educational material. Student's independent work (SIW) is a form of organization of the educational process in which the planned tasks are performed by the student independently under the guidance of the teacher. The study of foreign languages in modern society is becoming an integral part of the professional training of specialists in universities of various fields, and his further career growth may depend on the degree of a student's language training.

To master the material on a foreign language at universities of a different profile, in addition to practical lessons a significant attention must be paid to independent work, which is a constant fixation of the studied material during homework, individual work and preparation for presentations. In the course of independent work, the student must become an active participant in the educational process, learn to be conscious in mastering theoretical and practical knowledge, freely navigate in the information space, and bear individual responsibility for the quality of his professional training.

Thus, a university graduate must master the necessary skills and abilities, however, one should not forget that the success of training depends largely on the working method of a foreign language teacher in the context of solving specific educational problems. Learning a foreign language contributes to the development of communicative competence, forms the student's ability to use it as a tool in communication.

The subject of the article is the study of the opportunities of independent work in teaching students of higher educational institutions.

The goal of the article is the justification and modeling of the task system in the process of teaching a foreign language.

The goals of the study determined the solution of the following tasks:

- to reveal the structural and logical-emotional opportunities that contribute to the process of independent study of a foreign language.
- develop a model for the successful development and activation of students' language skills through independent work in the process of learning a foreign language.

The main goal of studying a foreign language is the development of students' communicative competence, which is the basis for language skills and is usually based on personal contact between teacher and student during practical classes, however, when learning a foreign language, a number of difficulties arise due to the following factors:

a) in the process of learning a foreign language, students often have only external motivation;  
b) students with different language levels study in the same group, and lose interest in the language in the learning process;

c) a strictly regulated number of hours reduces motivation, both external and internal.

Thus, the significance of the role of independent work in language learning should not be neglected, and correctly constructed work can increase both interest in the language and the quality of knowledge. The effectiveness of the SIW may depend on a number of factors:

a) the correct ratio of classroom and independent work.

b) methodically correctly organized student work during classes and outside the classroom.

c) the presence of the necessary methodological instructions, tips, links in order to correct the student's work.

The student's ability to self-preparation, self-development and creativity is associated with the psychological characteristics of the individual.

K. Rogers said that creative process is the creation of a new product related both to the uniqueness of the individual and to his social environment. He considered the main motive for creativity to be the desire of a person to realize himself, to show his capabilities. Thus, creativity is expressed in the search for trends to meet needs [1].

Analysis of the theoretical works of scientists and an introspective approach to teaching students allows us to determine the mechanisms of self-improvement of the student's personality in the process of learning a foreign language:

- the transformation of external motivation into internal (conversion of quantity into quality);
- the degree of implementation of opportunities (improved with regular work on yourself);
- possession of forms of self-education, self-improvement and methods of self-realization;
- ability to self-control;
- mastering the information intellectual space.

The mastery of informational intellectual space, from our point of view, is based on the interaction of the following indicators:

a) ability to work with various sources of information, to carry out information search;

b) the use of innovative cognitive tools in the course of independent work;

c) the level of encyclopedic knowledge;

The mastering the informational intellectual space enables the student to fulfill his inner potential and is characterized by the following indicators:

- development of cognitive opportunities;
- independence;
- personal creative activity;
- personal activity.

Therefore, one of the main tasks solved by the teacher is to teach to learn. Lessons should be built so that they teach students a creative, scientific approach to any issue, the acquisition of skills and independent work [3].

However, the main attention should be paid to the correct organization of the SIW in the process of learning a foreign language during the educational process, which, first of all, depends on the teacher. The student's independent work can be conditionally considered as a type of activity that begins with pre-class work related to the student's interest in the language and external motivation, which contributes to the acquisition of quality knowledge in the classroom learning process. Providing the student with the necessary teaching materials in order to transform the SIW into the creative process is the key to success in independent language learning.

Thus, we can distinguish following stages in the organization of student work:

- structuring, modeling of technologies that contribute to increasing the student's knowledge when completing tasks on their own;
- encouraging the student to complete assignments on their own, translating the learning process into a search-creative process by attracting new information technologies;
- providing the student with relevant educational materials aimed at improving the student's linguistic competence.

Tasks for independent work should correspond to the level of knowledge of the student, reflect the content of each type of communicative activity (reading, speaking, listening, writing), include various types of cognitive activity of students.



Independent work in a foreign language can be offered as types of activities built thematically using a number of Internet sources, offering English-language sites, with the aim of enhancing the student's language skills. However, it should be taken into account the sequence and continuity of the language material when structuring the student's work.

So, the student's extracurricular work independently can activate both listening and grammar skills, and accordingly improve the quality of foreign language knowledge. Let's see a student's self-study model using the Internet.

1. Watching a training video on the topic of the lesson in YouTube independently (a link to the source is offered by the teacher) with exercises developed by the teacher. The text selected by the teacher should serve as a source of useful and interesting additional information, motivate to obtain additional knowledge

There are some types of exercises:

- to restore the semantic content of the text by substituting the missing lexical units (after watching the video on YouTube). This exercise develops memory and helps to memorize both lexical units and clichéd phrases. Working independently, the student is not limited in the number of auditions, which leads to the successful completion of the task;
- the multiple choice test concentrates the student's memory on recognizing and understanding both standard vocabulary and terminology, moreover, it makes it possible to check the understanding of both explicit and hidden information.
- the task of completing a sentence or substituting a missing phrase helps in expressing student's own ideas, teaches us to understand the coherence of sentences, parts of the text with each other;
- compliance assignment: definition-word, word-definition develop memory and activate communication skills [2].
- to answer to special questions are an incentive for independent expression.
- tasks related to solving simulated situations (simulations) that are possible in professional situations are an effective way to acquire professional skills.

2. Listening to songs independently enables students not only to reproduce the intonation of English speech, a number of tasks are offered to fill in the blanks with vocabulary of the song, student can fix the desired result by passing the online test.

3. The development and activation of grammar skills can be offered by the teacher as passing a number of developed tests in the online system at special training sites (English Grammar Online, BBC Learning, EnglishMediaLab, etc.).

4. Familiarization of students with training sites containing foreign-language radio resources (Scientific American, BBC, Australia's ABC Radio, Scientific American), audio books, films stimulate students to engage in classroom work.

Monitoring the organization and progress of independent work is also one of the important components of independent work and includes an assessment system with the definition of measures to encourage the student for its high-quality implementation. Control, in one form or another, should not be so much administrative as a full didactic condition that positively affects the effectiveness of the SIW generally.

Thus, the teacher's creative approach stimulates the student's creative self-development and self-education process. Communicative skills are formed through the active involvement of the student in the creative process of independent work, by increasing the motivational factor, solving certain pedagogical and methodological difficulties in the learning process, the ability to operate educational material.

### **Literature**

1. Rogers K.R. Creativity as a Strengthening of self / K.R. Rogers // Questions of Psychology.– 1990. - №1. – 164-168 p.
2. Fomina S.B. Using the potential of the communicative approach in teaching foreign language students of non-language higher education institutions / Fomina SB // Electronic periodical peer-reviewed scientific journal SCI-ARTICLE, 2015. - P.46-57 - No. 26 (October) - 323 p.
3. Gladilina G.A. The use of information and communication technologies in the formation of professional competencies of students in the organization of independent work [Electronic resource] - Access mode: <http://jdanova-ren.narod.ru/obob/gladilina.htm>
4. Abylkasymova A.E. The formation of the cognitive independence of mathematics students in the system of methodological training at the university: diss. - Almaty, 1995 .-- 389 p.

УДК 338.434

**АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНДІ ЦИФРЛАНДЫРУ ҮРДІСІНЕ  
ИНВЕСТИЦИЯЛАУДЫҢ МАҢЫЗЫ****Еслямова А.Е., Агумбаева А.Е.***С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан*

Аннотация. В статье рассмотрена важность процесса цифровизации агропромышленного комплекса, а также роль цифровизации в сельскохозяйственной отрасли. Обозначены выгоды от применения инновационных цифровых технологий, пошаговые методы для успешного инвестирования в область информационно коммуникационных технологий в сельском хозяйстве. А также, в статье описаны функционирующие в настоящее время программы цифровизации АПК

Аңдатпа. Мақалада агроөнеркәсіптік кешенді цифрландырудың маңыздылығы, сондай-ақ агроөнеркәсіптік кешендегі цифрландырудың рөлі туралы айтылады. Инновациялық цифрлық технологияларды қолдану пайдасы, агроөнеркәсіптік кешенде ақпараттық және коммуникациялық технологиялар саласындағы табысты инвестициялаудың кезең-кезеңімен әдістері көрсетілген. Сондай-ақ мақалада ауыл шаруашылығын цифрландырудың қазіргі бағдарламалары сипатталған

Abstract. The article discusses the importance of the digitalization of the agricultural sector, as well as the role of digitalization in the agricultural industry. The benefits from the use of innovative digital technologies, step-by-step methods for successful investment in the field of information and communication technologies in agriculture are indicated. In addition to this, the article describes the current agricultural digitalization programs

Экономикалық, және, ең бастысы, технологиялық жағынан дамыған елдерде, соңғы жылдары ауыл шаруашылығында жаңа технологияларды қолданудың қарқынды өсуі байқалды, бұл еңбек өнімділігінің едәуір өсуімен, өнім өндірудің және сатудың жалпы құнының төмендеуімен, сапаның өсуімен және өндірілген өнімдер мен қызметтердің тұтынушылық сипаттамалардың әлеуетінің едәуір жақсаруымен қатар жүреді. Қазіргі таңда, консервативті технологиялармен және бизнесті ұйымдастырумен дәстүрлі саладан шыққан ауыл шаруашылығы біртіндеп заманауи технологиялық революцияның біріне айналуға бастады. Бұл ғылыми прогресс және түбегейлі жаңа технологиялардың пайда болуы, соның арқасында өсімдіктер мен мал шаруашылығының барлық циклын әр объектінің және оның қоршаған ортасының ағымдағы параметрлерін (топырақ, өсімдіктер, микроклимат, жануарлардың сипаттамалары мен өлшемдерін өлшейтін жабдықтар мен датчиктер т.б.) беретін және өңдейтін ақылды құрылғылар арқылы басқаруға мүмкіндік туады, сондай-ақ олардың және олардың сыртқы серіктестері арасындағы үзіліссіз байланыс арналары ғылыми қоғамдастықта «цифрландыру» терминінің пайда болуына әкелді. «Интеллектуалды» ауыл шаруашылығы шешімдер қабылдаудың автоматтандырылған жүйелеріне, өндірісті кешенді автоматтандыру және роботтандыру, экожүйелерді жобалау және модельдеу, технологияларды қолдануға негізделген, және де зиянкестермен тиімді, экологиялық таза, топырақ пен жер асты суларының пайдалы қасиеттерін қалпына келтіруді және сақтауды, қашықтықтан кешенді бақылауды қамтамасыз ете алады.

Ауыл шаруашылығы көптеген дамушы елдердегі ең маңызды экономикалық қызметі болып табылады. Жалпы ауыл шаруашылығын цифрландыру сонымен қатар өндірілетін өнімге деген сұранысты зерттеудің ғылыми тәсілі болып табылады, оны сақтау, тасымалдау, өңдеу және өткізу үшін оңтайлы жүйені құру, осы процестен қажетсіз байланыстарды жою, реттелетін процестерге ұтымды ғылыми, ақпараттық және қаржылық қолдау жасауды білдіреді. Цифрландыру ашық мәліметтер базасын, процестерге қатысушылардың технологиялар, қалыптасқан топтардың алгоритмдері және қабылданатын шешімдер туралы білімдерін болжайды.

Агроөнеркәсіптік кешендегі ғылыми-техникалық прогресс өндіріс тиімділігінің үнемі жоғарылауының негізгі факторы болып табылады. Елбасының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» жолдауында цифрландыру, соның ішінде ақылды технологияларды дамыту, экономиканың барлық салаларында, оның ішінде

агроөнеркәсіптік кешенде серпіліс жасау мүмкіндігі деп аталады. Президенттің Жолдауында «агроөнеркәсіптік кешендегі еңбек өнімділігін және өңделген ауылшаруашылық өнімдерін экспорттауды 5 жыл ішінде кемінде 2,5 есеге арттыру» міндеті қойылған және «инвестициялық жобаларымен және экспорттық әлеуетімен білім беруді экономиканың жеке секторы ретінде қарастыратын уақыт жетті» деп айтылған [1].

Қазақстандағы цифрлық технологиялар ұлттық экономиканы әртараптандырудың, оны шикізаттан индустриялық-сервистік модельге бағыттаудың негізгі тәсілі ретінде қарастырылады. Цифрландыруды 2020 жылға дейінгі кезеңге жеделдету үшін «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы қабылданды, оның ішінде «цифрлық экожүйені үдемелі дамыту арқылы халықтың өмір сүру сапасын және Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жақсартуға болады» деп атап көрсетілген. Осы бағдарламаны іске асыруға жұмсалатын шығындар 384,2 млрд. теңгені құрайды [2].

Қазіргі уақытта ауылдық жерлерде мүдделі тараптардың ауылшаруашылығы үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларға қол жетімділігін жеңілдету үшін осы аудандарға 4G желілерін кеңейтуге үлкен инвестициялық потенциал бар. Мобильді қосымшалар мен басқа жабдықтарды пайдалану сенімді және қол жетімді энергияны қажет етеді. Бұл ауылдық жерлердегі базалық станцияларды, ұялы телефондар мен басқа сымсыз құрылғыларды желілік қосылысты қамтамасыз ететін орталық хабқа қосатын қысқа қашықтықтағы таратқыштарды орнатуға мүмкіндік беретін инвестициялық сала. Қол жетімділік тұрғысынан қарағанда, дамушы және аз дамыған елдерде кең жолақты байланыс бағасын төмендетуге мүмкіндік беретін алуан түрлі шешімдер бар.

Ауыл шаруашылығында ақпараттық-коммуникациялық технологияларға сәтті инвестициялау үшін қатаң және жұмсақ шектеулерді жеңілдетудің үш қадамы бар. 3 қадам келесі компоненттерден тұрады: тұрақты даму саласындағы мақсаттар, ұялы телефондарды қолданудың өсуі, үлкен деректерді талдау (қаржы, жабдықтау тізбегі, бақылау мүмкіндігі және т.б.), егіншілік, бұлтты есептеу, орталықтандырылмаған бухгалтерлік технология, машина жасау, дақылдарды өсіру, климаттың өзгеруіне және ауыл шаруашылығында білікті АКТ мамандарының жетіспеуіне бейімделу [3]. Тірі организмдегідей, корпоративті ДНҚ жеке сектордағы компаниялардың іс-әрекеттері мен іс-әрекеттері үшін генетикалық нұсқауларды кодтайды, ол жобаны алдын-ала дайындау, жобаны әзірлеу және іске асыру үшін ұсынылады:

1. Техникалық-экономикалық негіздеме, зерттеу және талдау;
2. Таңдалған ауылшаруашылық құрылымдарымен басқару станциясының жайларын құру және агробизнесі, ұялы байланыс операторларын, қаржы институттарын және технологияларды шешудің жергілікті провайдерін қоса алғанда, барлық тиісті субъектілердің ішкі жұмысына ауылшаруашылық бастамасы үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу;
3. Агроөнеркәсіптік кешенге ақпараттық-коммуникациялық технологияларды төлем жүйелеріне, маркетингке, ауылшаруашылық өндірісті кеңейтуге, жеткізілім тізбегін басқаруға және агробизнеске, фермерлерге және басқа да мүдделі тұлғаларға ақпараттандыру және оқыту арқылы басқа бағдарламалар арқылы енгізу.

Инвестициялаудың осы үш негізгі қадамы тұрақты даму үшін жеке, қоғамдық және азаматтық қоғамның жеке серіктестерінің мүмкіндіктері мен мүмкіндіктерін пайдалану үшін қажетті шарт ретінде белгіленді. Бұл үшін алдымен ауылшаруашылық саласы тұрғысынан цифрландыруды түсіну керек.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында «The Boston Consulting Group жасаған рейтингте экономиканы цифрландыру деңгейі бойынша Қазақстан 85 елдің ішінде 50 орынды иемденгені» атап өтілді [4].

Алдын-ала бағалау бойынша, 2025 жылға қарай экономиканы цифрландырудың тікелей әсері 1,7-2,2 трлн теңге қосымша құнын құрайды. Цифрландыру тауарларды сатып алу-сату бойынша транзакциялық шығындарды күрт азайтуға және жеткізілім тізбегін өрістен тұтынушыға жеңілдетуге, атап айтқанда ауылшаруашылық өнімдеріне бөлшек сауда бағасын төмендетуге мүмкіндік береді. Фермерлерге ақпараттық және коммуникациялық технологиялар саласындағы сауаттылықты арттыру және шығармашылық ойлауды дамыту қажет. Мемлекет барлық ауылшаруашылық өнімдерін өндірушілерге жан-жақты қолдау көрсетуі тиіс. Алайда, цифрландыруды жеделдету үшін ауыл кәсіпкерлеріне қосымша қаржылық ресурстар қажет.

Инвестицияларды тарту тұрғысынан айтарлықтай әлеуеті бар агроөнеркәсіптік кешенінің цифрландыруын дамытуы дағдарыстық құбылыстар аясында елдегі экономикалық ахуалды жақсартуға пайдалы әсер етеді. Салалық бағдарламаның мақсаттарын арттыруға бағытталған белсенді жұмыс агроөнеркәсіптік кешенді цифрландыруға инвестициялар ағынының айтарлықтай артуына ықпал етеді, және де ол еңбек өнімділігін арттырып, әлемдік аренада қазақстандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

#### **Әдебиет**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына жолдауы . – <http://www.akorda.kz/>
2. [www.kazpravda.kz/articles/view/tsifrovizatsiya-kluchevoi-faktor-razvitiya](http://www.kazpravda.kz/articles/view/tsifrovizatsiya-kluchevoi-faktor-razvitiya)
3. Кепілдендірілген инвестициялық сертификат бойынша директорлар (2015). КИС 2020 дағдыларын бағалау. Халықаралық кәсіптік тәжірибе серіктестігі: IT-кәсіптік тәжірибені қайта құру.)
4. <https://kapital.kz/info/cifrovizaciya-rk>

ӘОЖ:327

### **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСИ БАҒЫТЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МҮДДЕЛЕРІНІҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ**

**Тауасарова Ә.**

*М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Тараз*

АҚШ геосаясатшыларының бірі болып табылатын Николас Спайкмен елдің геосаяси тұрғыдағы қуатын айқындайтын 10 межесін көрсетеді. Олар:

- мемлекет территориясының ұзақтығы;
- тарихи қалыптасқан шекара аумағының сипаты;
- елді мекендеген халықтың саны;
- жер астындағы пайдалы қазбаларының қоры;
- экономикалық және технологиялық тұрғыдағы қуаты;
- қаржы көлемі;
- ұлттық бірегейлігі;
- әлеуметтік тұрғыда интеграциялану барысы;
- мемлекеттің ішіндегі саяси тұрақтылығы;
- ұлттық сана-сезімі [1].

Қазіргі Қазақстан Республикасында аталған мәселелердің барлығы қамтылады. Ұлан-ғайыр территориямыз бар, саяси тұрақтылық сақталған, ұлттық сананы дамытуды қолға алып отырған, пайдалы қазбаларға бай елміз.

Тағы да бір АҚШ геосаясатшысы Н. Спайкман ұсынған жаңа геосаяси әдіс бойынша жер шарының нақты аймақтары 4 геосаяси құрамдастарға бөлінуі қажет:

- сауда флоттары және порттарына тәуелді сыртқы теңіз (су) ортасы;
- жағалаудан алыс ішкі аймақтарды білдіретін континенталды ядро (nucleus),
- дисконтинуалды белдеу (жағалау секторлары);
- осы ансамбльден геосаяси түрде тәуелсіз аймақтар [2, 80 б.].

Қазақстан Республикасының геосаяси орналасуын жағалаудан алыс ішкі аймақтарды білдіретін континенталды ядро (nucleus) ретінде айқындауға болады. Біз «Еуразиялық құрлықтық кеңістікте» орналасқан мемлекетпіз. Бұл біздің артықшылығымыз болып табылғанымен, әлемдік мұхиттар мен теңіздерге шығуда бірқатар қиындықтар да туғызуда.

Осы тұрғыдан алып қарағанда Қазақстанның негізгі екі мүмкіндігін ерекше бөліп қарастыруға болады.

*Бірінші мүмкіндік*, Қазақстан Республикасының Еуразия аймағындағы жолдардың түйіскен торабында орналасуы. Әлемдік экономикалық және саяси үрдістердің шешілуіне

атақты Жібек жолының қайтадан жанданып, бұрынғы тарихи маңызына ие бола бастауы, яғни Еуропа мен Азия елдерінің арасындағы сауда қатынастарының дамуына Қазақстанның тоғыз жолдың торабында орналасуының үлкен мәні бар.

*Екінші мүмкіндікке* Қазақстанның мелекет құрылысы мен реформаларды жүргізудің үрдістеріне шетелдік мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың тарапынан қолдауы жатады. Халықаралық қатынастардағы, әлемдік саясаттағы Қазақстанның жетістіктері баршаға танымал. Ұлттық рухта, ұлттың идеясына нығыз берік ел ретінде, Қазақстан Республикасы бейбітсүйгіш, демократиялық қағидаттарға берік мемлекет ретінде танылуда.

Жаһандану кезеңінде әлемдік саясатта, халықаралық қатынастар жүйесінде өзіндік орын алып отырған қазақ елінің жетістіктері, бейбітсүйгіш саясаты, табыстары Елбасы Н. А. Назарбаевпен тығыз байланысты. Кемел тұлға ретіндегі Елбасымыздың дарындылығының нәтижесінде, посткеңестік кезеңдегі қиын-қыстау кезеңде қазақ елін жарқын болашаққа бастай білді. Құнды тәжірибелерді халық даналығымен ұштастырып келе жатқан Президентіміз, қазіргі ғаламдану кезеңінің қауіп-қатерлеріне тосқауыл қойып, өз халқының және әлем мемлекеттерінің болашақта «бейбіт өмір сүріп, жаңа серпіндер, жетістіктерге жете беруін» қандай жағдайда жүзеге асыруға болады деген маңызды мәселелерді көтеріп келеді. Осы бағытта жаңа қағидатқа негізделген, тұжырымдамалық – мазмұндағы және рухани жауапкершілікті жүктейтін жаңа өмірлік ұстанымдары бар көреген басшы.

Қазақстанның сыртқы саяси стратегияларының іске асырылуы және халықаралық аренадағы орны да Елбасы тұлғасымен тікелей байланыста.

Жалпы, Елбасының халықаралық деңгейдегі бастамаларына терең талдау жасай отыра, осы жолдағы екі маңызды бағытты айқындауға болады.

- біріншісі, өңірлік, халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға арналған бастамалары болса;
- екіншісі, аймақтық, халықаралық қауіпсіздікті сақтауға бағытталған күш жігері мен іс – шаралары;

Өңірлік, халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға арналған бастамалары ішінен Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастығы Кеңесінің құрылуы, Еуразия Одағын, Шанхай Ынтымақтастығы Ұйымын, Азиядағы Өзара ықпалдастық және Сенім шаралары жөніндегі кеңесті ерекшелеуге болады.

Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастығы, одақтастығы ТМД құрамындағы мемлекеттердің тәуелсіздігін, тұтастығын сақтаудың бірден-бір алғышарты болып табылады. Себебі, әрбір түркітілдес ел бір-бірімен жақындасып, биліктегілері ғана емес, сол елдердің халқы да ынтымақтасатын болса, болашақта одақ құрып, үлкен саяси және экономикалық нарыққа, ең бастысы, әлеуметтік-рухани нарыққа айналуға болады. Кеңестің құрылуында, Қазақстан Республикасының бірінші Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың көшбасшылығы, бастамашылдығы талассыз. 1994 жылы Стамбулда, түркі тілдес елдер арасында саяси үйлесімді қамтамасыз ететін ұйым құру туралы бастаманы Елбасы көтеріп, жоғарғы деңгейдегі ұйым құрудың мерзімі жетті, ұйым, біртарапқа қарсы бағытталған әскери құрылым емес, ол бейбітшілік мақсатында құрылады және *бейбітшілік үшін, халықтардың әл ауқатын көтеру үшін, деп мәлімдеді. 2011 жылы өткен Алматыда Түркі тілдес мемлекеттердің Ынтымақтастық кеңесінің I Саммитінде, Елбасы: «Барша түркінің қасиетті шағырағы - Қазақстан - өз тәуелсіздігінің алғашқы күнінен бастап осы бағытта нақты шараларды жүзеге асырып келеді. Біз этносаралық үйлесім мен келісім, өзара төзімділік идеяларын берік ұстанамыз», - деді[3].*

2004 ж. 19 наурыздағы «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін» Президенттің Қазақстан халқына Жолдауында: «Қазақстан өзін ықпалдасу мен көп қырлы ынтымақтастықты табанды жақтаушы ретінде көрсетті. Осыған байланысты Біртұтас экономикалық кеңістік, ЕурАзЭҚ, Шанхай ынтымақтастық ұйымы және Орта Азиялық ынтымақтастық шеңберіндегі жұмысты жалғастырған абзал» [4], деп айқындаған.

Ресей Федерациясының президенті В.В. Путин 2019 жылы 20 наурыз күні «Нұрсұлтан Назарбаев – біздің елдер арасындағы интеграцияның бастамашысы. Ол, қазіргі таңда табысты қызметін көрсетіп отырған Еуразиялық экономикалық одақтың авторы», деп Елбасының Еуразиялық Одақты құрудағы рөлін жоғары қояды [5].

Қазіргі кездегі жағдайда, Елбасы атап көрсеткендей, тек аймақтық ықпалдастық шеңберінде ғана қауіпсіздікті қамтамасыз етуге болатындығын уақыт көрсетіп отыр. Елбасының бастамасының өміршеңдігін, 2018 жылы 22 маусым күні БҰҰ Бас Ассамблеясы «Орталық Азия аймағындағы бейбітшілікті, тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында аймақтық және халықаралық ынтымақтастықты бекіту» резолюциясын мақұлдады.

Аймақтағы қауіп-қатерлердің алдын алу үшін күш жігерін жұмсап, бірлестік, ынтымақтастық, серіктестікке шақырған Елбасының аймақтық қауіпсіздікке қосқан үлесі ерекше.

Аймақтық, халықаралық қауіпсіздікті сақтауға бағытталған күш жігері мен іс – шараларының ішінен, посткеңестік кеңістіктегі қауіпті қақтығыстардың қатарынан орын алып отырған Таулы Карабах мәселесін шешудегі алғашқы талпыныс 1991 жылы Қазақстан Республикасының президенті Н. Назарбаев тарапынан жасалғанын ерекшелеуге болады. Бұл мәселеде қазақ елінің президенті: қақтығысты тоқтату, жаңа сайлау өткізу, босқындарды қайтару және Таулы Карабахта мемлекет құру туралы ұсыныстарды қарастырған.

2010 жылы сәуір айында Америка Құрама Штаттарында өткен «Ядролық қауіпсіздік жөніндегі жаһандық саммит» кезінде сол кездегі АҚШ Президенті Барак Обама, Қазақстан Республикасының Президентін «Әлемдік деңгейдегі ядролық қаруды таратпау үдерісінің көшбасшысы» деп атады.

2012 жылы 29 тамыз күні Н. Назарбаев Астанадағы Халықаралық парламенттік конференцияда, ядролық сынақтарды толық тоқтату және ядролық қаруды толықтай жою үшін «АТОМ» жобасын ұсынды. Қазіргі таңда 300 000 астам адам «АТОМ» жобасының онлайн-петициясына қол қойып отыр.

2017 жылы 21 қыркүйек күні АҚШ бастамасымен министрлер деңгейінде жаппай қырып жоятын қаруды таратпау бойынша БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің мәжілісінде, АҚШ Мемлекеттік хатшысы Р. Тиллерсон, Қазақстанның жаһандық қарусыздану және ядролық қаруды таратпау үдерісіндегі орнын ерекше айқындады.

Р. Тиллерсон өз сөзінде: ««Қазақстан Республикасы - ядролық қарудан бас тартудың даналығының айрықша көрінісі болып табылады. Құрама Штаттармен біріге отыра Қазақстан өз аумағынан бұрынғы кеңестік қару-жарақты және ядролық технологияны жойып, таратпау туралы шартқа қарусыз мемлекет ретінде қосылды. Қазақстанның көшбасшысының бұл батыл шешімі ядролық қарудың, ядролық қарудың құрамдас бөліктерінің немесе ядролық материалдардың және қосарлы технологиялардың теріс пиғылдағы топтардың қолына түсуінің ықтималдығын едәуір азайтты. Қазақстанның мұндай маңызды қадамы – елді ұлттар қауымдастығының маңызды мүшесіне айналуын қамтамасыз етті», деп Қазақстанның ядролық қарудан бас тарту қадамына оң баға берді [6].

Атлант кеңесінің аға қызметкері және мемлекеттік хатшының бұрынғы орынбасары және Джордж Буш әкімшілігінің ұлттық қауіпсіздік Кеңесінің директоры Дэвид А. Меркель пікірінше: «Ауғанстандағы жағдайды реттеу үшін, Орталық Азия аймағының көшбасшысы ретіндегі Қазақстан айрықша орны бар ел. Қазіргі таңдағы АҚШ және Пакистан арасындағы күрделі қатынастар кезеңінде, басқа елдермен Ауғанстан мәселесі бойынша ынтымақтастықты дамытқан маңызды. Тәуелсіздіктің 26 жылы ішінде Қазақстан бес республиканың ішінде тұрақтылыққа, экономикасының диверсификациясына қол жеткізген бірден-бір ел болып табылады» [15]. Дэвид А. Меркель өз сөзінде Қазақстанның АҚШ үшін маңыздылығын айқындай отыра, қауіпсіздік мәселесінде ынтымақтастық орнату үшін ОА елдерінің ішіндегі ықтимал ел екендігін айқындайды. Бұл мәселе, қазіргі таңда елде «түрлі-түсті революцияларды» орнатып, қарсылық қозғалыстарын ұйымдастырып жүрген және еліміздің батыс қауымдастығының алдында беделі жоқ деген жалған уәждерді таратып жүрген топтарға, АҚШ елінің берген жауабы деп есептеймін.

Сонымен қатар Вашингтондағы ядролық қауіпсіздік жөніндегі төртінші саммит аясында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Әлем. XXI ғасыр» манифесі жария етілді. Манифесте бес бағыт айқындалған. Бірінші бағытта, БҰҰ –да жаппай қырып-жоятын қару жасау және жетілдіру үшін пайдалануға болатын ғылыми жаңалықтардың Тіркеу реестрін құру, екінші бағытында, Таяу Шығыс елдерінде ядролық қарудан азат аймақ құру қажеттілігі, үшінші бағытта, XXI ғасырда милитаризмнің жаһандық қауіпсіздікке қатер төндіріп, кең ауқымды халықаралық ынтымақтастыққа кедергі келтіретін әскери блоктар секілді рудиментін еңсеру керектігі, төртінші, халықаралық қарусыздану үдерістерін жаңа тарихи жағдайларға бейімдеу,

бесінші, соғыссыз әлем – бұл, бірінші кезекте, халықаралық қаржы, сауда-саттық және даму саласындағы жаһандық бәсекелестіктің әділетті парадигмасы, деп дәйектеген [7].

Біздің ойымызша, бұл тарихи маңызы жоғары қадам. Жетекші мемлекеттер тарапынан көтерілген бастамалардың маңызын ғана мойындайтын, қазіргі таңдағы халықаралық қатынастар жүйесінде қазақ елінің байыпты, жасампаз саясатын әлем жұртшылығының мойындауының, елдің қауіпсіздік саласындағы елеулі саясатының көрінісі. Бұл қадам Елбасымыздың, оның соңынан ере білген халқымыздың мақтан тұтарлық жетістігі, жас ұрпақты алға жетелейтін желкені.

### **Әдебиет**

1. Steven R. Mann «Chaos theory and strategic thought» // <http://www.dtic.mil/cgi-bin/>
2. Spykman N. America's Strategy in World Politics: The United States and the Balance of Power. – N. Y.: University Press, 1992. – 369 p.
3. Н. Назарбаев: түркітілдес елдердің жаһандық дағдарысқа қарсы бірлескен іс-қимыл тетіктерін құру қажет. – [Электронды ресурсы]. – URL: <http://old.baq.kz/kk/news/sayasat/n-nazarbaev-turkitildes-elderdin-zhahandik-dagdariska-karsi-birlesken-is-kimil-t-6535>
4. «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін» Президенттің Қазақстан халқына Жолдауы. 2004 ж. 19 наурыз. – [Электронды ресурсы]. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K040002005>
5. В меру жёсткий, практичный и решительный. Что говорили о Президенте Назарбаеве мировые лидеры. – [Электронды ресурсы]. – URL: <https://informburo.kz/stati/v-meru-zhyostkiy-praktichnyy-i-reshitelnyy-chto-govorili-o-prezidente-nazarbaeve-mirovye-lidery-.html>
6. Peter Heinlein. Visiting Kazakhstan Leader Offers US Help on N. Korea, Vexing Issues.// <https://www.voanews.com/usa/visiting-kazakhstan-leader-offers-us-help-n-korea-vexing-issues>
7. Манифест. Әлем. XXI ғасыр. – [Электронды ресурсы]. – URL: [http://www.akorda.kz/kz/speeches/external\\_political\\_affairs/ext\\_other\\_events/manifest-elem-hhi-gasyr](http://www.akorda.kz/kz/speeches/external_political_affairs/ext_other_events/manifest-elem-hhi-gasyr)

ӘОЖ 364.016

## **ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕТІМДІК – ҚОҒАМДЫҚ ҚҰБЫЛЫС РЕТІНДЕ**

**Жаксыбаева Б.Ф.**

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан*

Қазіргі қоғамда белең алып келе жатқан өзекті мәселелердің бірі – әлеуметтік жетімдік. Ол жаңа құбылыс емес, кез келген мемлекетте, кез келген қоғамда жетім балалар мен түрлі себептерге байланысты ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар болған, бар және болады. Бұл жағдайда қоғам мен мемлекет осындай балаларды дамыту және тәрбиелеу жауапкершілігін өз мойнына алады. Әлеуметтік жетім дегеніміз биологиялық ата-анасы бар, бірақ ата-ана құқықтарының шектелуіне немесе олардан айырылуына, ата-анасы хабар-ошарсыз кетті деп танылуына, олар өлді деп жариялануына, әрекетке қабілетсіз (әрекет қабілеті шектеулі) деп танылуына, ата-анасының бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуіне, ата-анасының баласын тәрбиелеуден немесе оның құқықтары мен мүдделерін қорғаудан жалтаруына, оның ішінде ата-анасының өз баласын тәрбиелеу немесе емдеу мекемелерінен алудан бас тартуына байланысты, сондай-ақ ата-анасы қамқорлық жасамаған өзге де жағдайларда жалғызбасты ата-анасының немесе екеуінің де қамқорлығынсыз қалған бала болып табылады [1].

Қазіргі таңда республикамызда 18 жасқа дейінгі 5 млн-ға жуық балалар бар. ҚР білім және ғылым министрлігінің мәліметі бойынша елімізде ата-аналары тірі бола тұра, жетім қалғандар 35 мыңға жуық, ал өңірлер бойынша 1600-ден астам. Сонымен қатар, ішкі істер органдарының есебінде тұрған қолайсыз отбасылар саны 257-ні құрайды, ол отбасыларда 500-ден астам кәмелетке толмаған балалар тәрбиеленеді. 24 баланың ата-анасы ата-аналық құқығынан айрылған, ал 22 ата-ана балаларға қатысты түрлі қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылған.

Жетімдік – баланың психикалық дамуына қатты әсер етеді. Ата-анасынан айрылған және интернат үйлеріне тәрбиеленуге түскен балалардың жалпы психикалық жағдайы төмендейді, өзін-өзі реттеп-бағыттауы бұзылады, көңіл-күйі жабырқау болады. Балалардың басым көпшілігінің өмірге құштарлығы жоғалып, өз-өзіне сенімсіздігі күшейіп, бойын үрей билей бастайды. Эмоциялық-танымдық талпынысы төмендейді де, интеллектуалдық дамуы тежеледі. Отбасына деген қажеттілік – баланың ең басты қажеттіліктерінің бірі [2, 1926].

Әлеуметтік жетімдіктің негізгі себептері – отбасы рөлінің және ата-ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігінің төмендеуі; отбасының, әсіресе, жас отбасының материал-дық-тұрмыстық қиындықтарға төзе алмауы; мектеп, отбасы және қоғам арасында қарым-қатынастың жетіспеуі; отбасылық тәрбие құндылығының тиісті деңгейде насихатталмауы; балалар мен ата-ананың денсаулық жағдайы; некесіз бала туудың өсуі; ажырасу санының артуы; құқықты қолдану практикасының жетілмеуі.

Қазіргі уақытта отбасы балаға әлеуметтік тарихи тәжірибені, ең алдымен адамдар арасындағы эмоциялық және іскерлік қарым-қатынастарды берудің көзі және негізгі бөлімшесі болып табылады. Отбасын жоғалту – баланың тағдырында терең із қалдыратын өміріндегі аса ауыр жағдай. Мемлекеттік жетім балалар мекемелерінде тәрбиелеу, мекемелер және бала қамқоршыларының ауысымы, кейінірек асырап алу-бала психологиясын жарақаттайтын, оның әлуетті мүмкіндіктерінің жүзеге асырылуын қиындататын, тағдырын түбегейлі өзгертетін, қоршаған әлеммен қарым-қатынасты ұзаққа бұзатын және әлеуметтендіру үрдісіне әсер ететін факторлар. Экономикалық, саяси, мәдени-демографиялық ахуалдарға әлеуметтік бейімделген тұлға интеллектуалды, рухани, физикалық, өнегелік тұрғыдан дамуға қабілетті.

Соңғы уақытта жетімдіктің өсуін түсіндіретін әлеуметтік-экономикалық себептер көбейді. Әрбір аймақ бойынша жыл сайын орташа 2-4 мың балалар анықталады, түрлі себептер бойынша ата-ана қамқорлығынан айрылғандар болып әлеуметтік жетімдер табылуда.

Интернаттар, балалар үйлері әлеуметтік бейімдеу үшін маңызсыз оқу жоспарының әрбір пәні бойынша білімдер мен шеберліктердің қалыптасуына бағытталған. Әдебиеттерді талдау көрсеткендей (М.И.Лисина, В.С.Мухина, А.Н.Прихожан, А.Г.Ружская, Е.А.Стребелева, Н.Н.Толстых т.б.), қазіргі таңда «жетім» және «әлеуметтік жетім» ұғымдары арасында нақты айырмашылық жоқ. Жетімдік анықтамасын талдай отырып (Л.М.Шипицина, Е.И.Казанова т.б.), зерттеуімізде біз берілген терминдерді нақтылау мен олардың бір-бірімен логикалық байланысын ұсындық. Л.Я.Олиференко, Г.И.Шульга (1997) пікірінше әлеуметтік жетімдер – бұл әлеуметтік-экономикалық, сонымен қатар моральдық-өнегелік себептер бойынша ата-ана қамқорлығынан айрылған 0-18 жас аралығындағы ерекше әлеуметтік-демографиялық балалар тобы, яғни ата-анасы бар, ата-ана құқығынан айрылған, күрделі аурулармен, оның ішінде психикалық аурулармен ауыратын, нашақорлық салдарынан, алкоголизм салдарынан ауыратын, өз балаларынан бас тартқан ата-анасы бар балалар. Осылайша, әлеуметтік жетім – бұл биологиялық ата-анасы бар, белгілі себептер бойынша оны тәрбиелеумен айналыспайтын, оны бағып-қақпайтын ата-аналары бар бала. Сондықтан осындай балалардың барлығы мемлекеттік интернаттық мекемелерде орнын табады.

Ата-ана қамқорлығынан айрылған жасөспірімдерге көмек көрсетудің қазіргі жағдайына арналған теорияларды зерттей отырып төмендегідей интернат мекемелері іс-әрекетінің мәселелері анықталды:

- әлеуметтік (баланың әлеуметтік статусының өзгеруі) медициналық (өте ауыр тектілік, невротизация), психологиялық (әлеуметтік-педагогикалық қараусыз қалғандық) сипаттағы себептер кешені салдарынан тәрбиеленушілерді қолайсыз бейімдеу;
- ұйымдық-тәрбиелеу педагогтар мен тәрбиешілердің шамадан артық жүктемесі салдарынан балалардың уақытын түрлі іс-шаралармен қажетті көлемде дұрыс өткізбеу, бала шынайы социумдағы өмірге дайындалмайды;
- жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынан айрылған жасөспірімдерді мемлекеттік қолдау мекемелері мен бөлімшелердің әлсіз үйлестіруі;
- жетім балаларға медициналық, әлеуметтік-құқықтық қызмет көрсетудегі кемшіліктер [3].

Көрсетілген мәселелер берілген категориядағы балаларды әлеуметтендіру үрдісінің тиімділігін төмендетеді. Әлеуметтендіру дағдарушылықтарының нәтижесі әлеуметтік бейімдеудің төменгі деңгейі, әлеуметтік белсенділіктің, балалар үйінің тәрбиеленушілерінің әлеуметтік жете білушілігінің, әлеуметтік құндылықтарының жетілуі төменгі деңгейі болып табылады. Балалар үй мектебіндегі жетім балаларды жетелеудің басты ұйымдық формасы



элеуметтік-психологиялық педагогикалық жетелеу моделі болып табылады. Басты элементтері: жетім балаларды бейімдеу деңгейін бағалау жүйесін анықтайтын басты элеуметтік және элеуметтік-психологиялық компетенциялары арқылы сипатталатын балалар үйі түлегінің мінездемесі; элеуметтік компетенция деңгейін бағалауына басты назар аударатын білім алып жатқан жасөспірімдерді кешендік диагностикалық (психологиялық-медициналық-педагогикалық) тексеріс жүргізу жүйесі; дәстүрлі және арнайы ұйымдастырылған балалар үй бөлімшелері мен олардың жетім балаларды оңалту мен жетелеу бойынша іс-әрекеттерінің өзара әрекеттесу жүйесі; жетім балаларды элеуметтік бейімдеудің тиімді жағдайларын қамтамасыз ететін балалар үйінің сыртқы байланыстар жүйесі; балалар үйіндегі жетім-балалар мен жұмыс жүргізетін маманның функционалдық және кәсіби жете білушілігі оның ішінде оларды кәсіби даярлау мен біліктілікті арттыру бағдарламасы.

Элеуметтік орталықтар көп мазмұнды кең ұғым. Кең мағынада алғанда, бұл ұғым жеке балалар мен топтардың әрекет ету тәсілдерінің жүйесін, элеуметтік бақылау құралдары мен әрекетін, балалар үйіндегі тәрбиеленушілердің элеуметтік өмірін реттеп, қамтамасыз ететін, олардың келешек өмірде орын алып отыратын қақтығыстар мен проблемаларды шешіп отыру жүйесін білдіреді.

Формальды элеуметтік орталықтар жұмысы тиісті қоғамдық мекемелер тағайындаған ережелерді, құқықтық тәртіпті сақтау жолымен реттеледі, Формальды емес орталықтар күнделікті өзара әрекеттесу барысында туып, қалыптасқан әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер арқылы ұрпақтан ұрпаққа ауысып отыратын ауытқымалы мінез-құлық нормаларын орындудан көрінеді. Мұндай орталықтар элеуметтік топта қоғамда қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз етеді [4].

Қоғамда орнатылған тәртіп бұзылмау үшін, ауытқымалы мінез-құлықтарды болдырмау үшін элеуметтік бақылау жасалады, яғни тағайындалған мінез-құлық нормалары мен ережелер жиынтығын орындату ұйымдары әрекет етеді. Бұл үшін үгіттеу, сендіру әдістерімен қатар зорлау әдістері де қолданылады. Дамыған елдер жүзжылдықтың басында-ақ өз адамдарына қауіп төнген жағдайда, жұмыс орнынан қысқарған сәтте, жұмыссыздық қауласа қаржылай жәрдем мақсатында элеуметтік қамсыздандыру жүйесін енгізген.

Қазіргі балалар үйіндегі тәрбиеленушілердің даму деңгейіндегі ерекшеліктеріне орай, балалардың ойлауын дамыту, қарапайым логикалық ой-қорытындыларын жасауға үйрету, баланың психофизиологиялық мүмкіндіктерін дамыту, сезім, таным, ерік әрекеттерін жетілдіру, ой еңбегіне дайындау, ұлттық салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты меңгерту, қарапайым білім негіздерін қалыптастыру маңызды мәселе. Сонымен қатар баланың құқығын қорғау мәселесі мен тәлім-тәрбиені ізгілендіру, демократиялық бағытта жүргізу, баланың еркімен санасу, оның талап-тілегіне, көңіл-күйіне, мінез-құлқына назар аударып, бағыт беріп отыру, денсаулығын сақтау, жеке тұлғаны қалыптастыру, олармен элеуметтік жұмыстар жүргізу, қорғау бүгінгі күнгі өзекті мәселе.

Элеуметтік жұмыс арқылы осы жетім балалардың өмірлік күшін, оның жеке бастық және элеуметтік субъективтілігін қолдайтын элеуметтік механизм. Сондай-ақ элеуметтік жұмыс оларды элеуметтік қорғайтын элеуметтік саясат саласын жүзеге асырушы технология. Бұл технологияны элеуметтік қызмет орындары атқарады, балалар үйіндегі тәрбиешілер мен элеуметтік қорғау мекемелері мен элеуметтік педагог мамандары жүзеге асырады. Элеуметтік жұмыстың негізгі міндеті балалар үйінде тәрбиеленушілердің жақсы, жарамды адам болып қалыптасуына жетелейді және қадағалайды. Элеуметтік қызметкер оның қалыптасуы өмір сүруіне көмектеседі, басқа да нақтылай қолғабыс етеді.

Жетім қалған балалардың негізгі бөлігі білім беру және элеуметтік қорғау органдарының интернат мекемелерінде тәрбиеленуде. Мұндай мекемелерде бала, бірінші кезекте, ата-анасының қамқорлығына зәру, бұл оның табиғи дамуына кері әсер етіп, нәтижесінде ауыр психологиялық салдарларға әкелуі мүмкін. Интернат мекемелерінің қызметкерлері уақыттың шектеулілігіне және балалар санының көптігіне орай әр балаға тиісті көңіл бөлуге қабілетсіз.

Сонымен қатар интернаттық мекеме жағдайларында баланың элеуметтік дамуы біртекті қарым-қатынас ортасымен шектеулі және нақты шектелген тәрбиеленуші, оқушы сияқты өзіндік рөлдік орындары бар. Ал балаға табиғи жағдайларда қажетті бағыт-бағдар алу үшін элеуметтік рөлдердің тұтас спектрін игеру қажет. Барлық балалар үйлерінде тұру жағдайлары ұқсас: ортақ жатын бөлмелер, ойын бөлмесі, асхана, ванна және т.б. Нормативтердің осындай ұқсастығы және ортасының біртектілігі жағдайларында баланың жеке даралық танымы, өздігінен даму мүмкіндіктері жоқ.

Әлеуметтік жетімдікті болдырмаудың басты шараларының бірі – баланы қамқорлыққа алу. Қазақта тастанды мен жетім баланың болмауы - ұзақ ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық менталитет. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV Кодексіне «Ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау» деген арнайы тарау бар [5]. Бала асырап алудағы құқықтар мен міндеттер:

1. Баланы асырап алушы баланы тәрбиелеуге, оның денсаулығы, дене, психикалық, адамгершілік және рухани жағынан дамуы жөнінде қамқорлық етуге міндетті.
2. Бала асырап алушы баланың пікірін және уәкілетті қорғаншы мен қамқоршы органдардың нұсқамасын ескере отырып, заңға қайшы болмаған жағдайда өз бетінше тәрбие беруге құқылы.
3. Бала асырап алушы баланың пікірін ескере отырып, оның міндетті орта білім алғанға дейін білім беру мекемесін және баланы оқыту нысанын таңдауға құқығы бар және баланың міндетті түрде орта білім алуын қамтамасыз етуге міндетті.
4. Шетелдік бала асырап алушылар Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктеріне және консулдық мекемелеріне асырап алған баланың денсаулық жағдайы туралы есеп береді.
5. Шетелдік азаматтардың, соның ішінде балалардың туысқандары болып табылатын адамдардың, Қазақстан Республикасының аумағынан тыс тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының балаларды асырап алуы туралы істері аудандық (қалалық) соттарда қаралады. Бала асырап алушының және асырап алынған баланың құқықтары мен міндеттері баланы асырап алу туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап туындайды. Сот баланы асырап алу туралы соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш күн ішінде осы шешімнің көшірмесін шешім шығарған орны бойынша азаматтық хал актілерін жазатын орган мен қорғаншы және қамқоршы органға жіберуге міндетті. Бала асырап алу азаматтық хал актілерінің мемлекеттік тіркеуі үшін белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуге тиіс.

Қорыта келгенде, қоғамдағы жетім балалар жайлы қалыптасқан теріс көзқарасты сейілту үшін стратегия жасау, патронаттық отбасыларға балаларды қабылдаудың оң тәжірибесін таратуға бағытталған үгіт-насихат жүргізу әлеуметтік жетімдіктің алдын алуға өз септігін тигізері сөзсіз. Бұл мәселе бойынша, қоғамға әсер етудің мықты қаруы бұқаралық ақпарат құралдары болып табылады. Ата-анасыз қалған балалардың демеу үрдісіне азаматтар мен ұйым қызметкерлерін қатыстыру, мекемеаралық өзара әрекеттестік механизмдерін тудыру және қоғамның толық мүшесі болуы үшін жетім балалардың жағдайын өзгертудің негізін салу – қоғамның басты міндеті.

### **Әдебиет**

1. Әлеуметтік жетімдік қазіргі қоғамның мәселесі ретінде. Серикбекова А.С., Каирбекова Г.Е. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. <http://www.enu.kz>
2. Социологическое исследование проблемы социального сиротства и его профилактика: Учеб.пособие для работников образования, учителей, школьных психологов и студентов вузов. С.М.Джакупов, А.Т.Изакова, Т.А.Абдрашитова, Я.Н.Оспанова. - Астана: Издательство ТОО «Агроиздат», 2008. – 104 с.
3. Профилактика социального сиротства: ранее выявление семейного неблагополучия: учебное пособие / Бурганова Р.И., Абдрашитова Т.А., Оспанова Я.Н., Радионова К.В. – Астана: АФ АО «НЦ НТИ», 2011. – 250с.
4. Андреева Е.И. Замещающее воспитание в Казахстане: бюджетный аспект. – Детский фонд ООН, Казахстан, 2009. - 44с.
5. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV Кодексі.

УДК 1400

**SELF-ACTUALIZATION OF ELDERLY PEOPLE AS A WAY OF OVERCOMING  
SOCIAL EXCLUSION****Zhakyrbek A.A.***al-Farabi Kazakh National University***Orazymbetova Z.Sh.***Senior Lecturer of South Kazakhstan Medical Academy, Shymkent*

Modern society, which assesses itself as civilized, tries to solve the problems caused by demographic and social changes, taking into account the personal potential of social actors. Such problems include the social exclusion of older persons, which is of particular importance in the context of the ageing of mankind, which leads to a significant increase in the proportion of older and older persons in the structure of society.

The question of the exclusion of an individual from the flow of active social life by age criterion is usually associated with the limitations of his social space and social activities. Such restrictions have negative consequences both for the society, which is deprived of the bearers of social and professional experience, and for the person, who is denied the opportunity to realize his "I". The latter contradicts the idea of modern societies of the social subject as a person (Rudenskij, 2002).

The question of how to overcome social exclusion is exacerbated for societies of a transitive nature, such as Kazakhstan, as the desire to comply with the principles of developed countries is faced here with a low level of economic development. As a result, "getting into old age" occurs against the background of a decrease in the level of well-being, multidimensional social deprivation and pronounced social exclusion of the entire social group of the elderly. The main factor that provokes the formation and maintenance of social exclusion of the elderly is the problem of employment: society in most cases does not see the opportunity to use the experience of specialists, which accumulates with age.

However, during the economic crisis, pensioners become the most vulnerable category of workers – layoffs begin with them. Thus, there are two simultaneously existing, opposite trends: the desire to use the experience of the elderly, the understanding of the value of such experience and the exclusion of the elderly from the system of active social activity.

In defining personality as a basic value, modern society must take into account the personal problems of an exclusive elderly person. Exclusion from the usual social space is often accompanied by self-exclusion of the elderly, their voluntary departure from active life (Paugam, 1994).

Attempts to find an equivalent replacement of the previous active activities, but are not always successful, which contributes to feelings of loneliness, apathy, or skeptical attitude to the world, as a result of "return" in an active social activity becomes problematic. At the same time, an elderly person is unable to get rid of his social essence, manifested through the need to realize his "I" in activities for society and in society, through the desire to be appreciated by others (Korel, 2000).

The concept of "social exclusion" has evolved gradually through studies of poverty, marginalization and deprivation. Its appearance is associated with a change of emphasis in stratification analysis: class stratification, which divided people into vertical layers, is gradually replaced by horizontal differentiation into "insiders" and "outsiders". The understanding of social inequality developed from economic to complex, covering different sides and aspects of human life (Baxlov, 2001).

Новая редакция таблицы условных обозначений подготавливается в 1794 г., где наряду с нормированными знаками были приведены и не отвечающие строгим картографическим законам знаки, относящиеся к рельефу, который изображался методом косоугольного освещения, т.е. с использованием теневых штрихов [18].

Условные знаки, помещенные в них, с небольшими вариациями использовались на топографических картах до начала 1820-х гг. В дальнейшем наблюдается процесс унификации знаков, заимствованных из западноевропейской картографии.

В 1821 г. создаются «Правила для надписывания карт и планов...» разработанные генерал-майором А.И. Хатовым. В «Правилах» подчеркивалась необходимость выявления разных вариантов названий селений и урочищ, причем названия эти требовалось писать одно под другим - «вверху название обыкновенное и более употребляемое жителями того края, а внизу название не столь известное, и оба названия разделить тонкою чертою». Все надписи, кроме названий рек, ручьев, судоходных каналов, дорог и морских проливов, предписывалось располагать параллельно к верхней рамке карт. В случае невозможности расположить надпись параллельно верхней рамке или параллели, разрешалось «дать надписи какое-нибудь косвенное направление, лишь бы только с удобностию можно было прочесть оную». Названия проливов, рек, каналов и дорог требовалось располагать вдоль них [10, с.117].

6 июня 1822 г. были утверждены разработанные генерал-майором А.И. Хатовым и генерал-лейтенантом К.Ф. Толем единые «Условные знаки для употребления на топографических, географических и квартирных картах и военных планах...» [19], которые имели помимо графического изображения различных объектов на картах обширные пояснения, и были призваны обеспечить единообразие в составлении и оформлении картографических материалов и стали главным документом, который контролировал проведение съемочных и картосоставительных работ до середины XIX в. В документе «Условные знаки» неизменными остались знаки колодца, кладбища, указателей дорог, фруктовых садов и парков, паромов, подводных и надводных камней и некоторые другие.

Следует отметить, что сами условные знаки 1822 г., особенно в их сочетании, создавали впечатление о местности с высоты птичьего полета, чему немало способствовало обязательное оттенение контуров населенных пунктов, берегов рек и даже отдельных борозд на пашнях при



условном освещении с северо-запада («свет полагается всегда с левой руки, в верхнем углу рамки») [10, с.120].

21 мая 1822 г была утверждена «Инструкция к составлению маршрутной карты», разработанная К.И. Теннером. К примеру рассмотрим цвета, используемые для раскрашивания условных знаков по инструкции 1822г.: а) «кармин, а по не имению онаго бакан (Lake)» (красный краситель из карминовой кислоты); гуммигут (желтый или желто-красный цвет); б) лазурь (один из оттенков голубого цвета, цвет минерала азурита и красителя – аzur, цвет неба в ясный день; желтая охра (от светло-желтого до коричнево-желтого и темно-желтого; «кирпичная или жженная охра (Red)»); в) зеленая травяная (из смеси лазурей с хромовыми желтыми); умбра (коричневая краска, приготовляемая из железной охры); бистр (темно-коричневая краска из сажи); китайская черная тушь; «прочия краски, както: киноварь, индиго, сурик, голубая и проч. употребляются более для покрывания и означения мундиров войск» [20, с. 120].

«Правила для руководства при вычерчивании и надписывании топографических планов» (1831г.) стали не только основным учебным пособием по картографии, но и главным наставлением по оформлению и составлению топографических карт. В «Правилах», значительно расширены условные обозначения растительности по сравнению с предыдущими инструкциями [17, с.132-134]. В 1834 г. в дополнение к действующим руководящим документам были утверждены «Знаки для изображения на картах войск, крепостей, шоссе, военных дорог, водяных сообщений и разных военно-сухопутных заведений», предназначенные главным образом для военных карт, которые действовали вплоть до 1917 г. без каких-либо существенных изменений [10, с.171].

### **Заключение**

Таким образом, значительное влияние на эволюцию условных знаков картографических материалов по истории Казахстана XVIII – начала XX вв. данного периода оказало совершенствование технической оснащенности царской армии и повышение её наступательной активности на окраинах Российской империи и как следствие повышения спроса на точную и оперативную информацию об местности. Унификация условных документов происходила по принципу картографической генерализации, т.е. отбору и обобщению изображаемых на карте объектов, выделению их основных типичных черт и характерных особенностей. В этой связи общегеографическая карта пополняется все новыми условными знаками, прежде всего, по элементам географической ситуации, важным в стратегическом и тактическом отношении. К середине – XVIII в. при составлении общегеографических карт использовалось около пятидесяти значков.

По нашему мнению, дальнейшее развитие условных знаков картографической символики русских карт тесно связано со становлением в 60-е гг. XVIII в. ведомственного картографирования, положившим начало возникновению и широкому распространению тематических карт. В то же время продолжала развиваться и символика общегеографических карт, готовившихся с этих пор исключительно в рамках военного ведомства.

В этой связи общегеографическая карта пополняется все новыми информационными характеристиками, прежде всего, по элементам географической ситуации, важным в стратегическом и тактическом отношении, причем эти показатели все более формализуются. Вместе с тем, происходит отпочковывание от общегеографической карты (особых карт, специализированных на военной тематике (операционных, дислокационных и пр.). С первого десятилетия XIX в. системы условных знаков общегеографических и военных карт развиваются самостоятельно (издаются отдельные условные знаки).

В целом наблюдается возрастание объема картографических документов, а также повышения абстрактности и формализации изображения. Это обстоятельство стимулирует совершенствование условных знаков и их количества. Запоминание условных обозначений и чтение карты облегчается тем, что группам родственных объектов присваиваются близкие по форме условные обозначения. Так, например, железные дороги различных типов на топографических картах имеют условный знак, различающий лишь в деталях; то же можно сказать и о границах, ограждениях, шоссе-ных дорогах и т.д.

Большое количество условных знаков привело к необходимости разработки стандартных условных знаков. Одно из мероприятий такого рода было начато международными географическими конгрессами (1909 и 1912), установившими программу и условные знаки так

называемой «Международной миллионной карты». Однако полного единообразия условных знаков не было достигнуто.

### Литература

1. Кусов В.С. Памятники отечественной картографии. - М.: Издательство МГУ, 2003. - 146 с.
2. Багров Л.С. Картография Азиатской России. - С.1 - 4. // Атлас Азиатской России. Издано под руководством Г.В. Глинки. Текст редактирован И.И. Тхоржевским. Общая редакция карт – М.А. Цветков. – Санкт-Петербург: Переселенческое управление, 1914. -71 с.
3. Зыбин И. Записки военной топографии. Харьков: Типо - литография. Ю.А. Счастин, 1897. - 252 с.
4. Андрианов В.Н. Условные знаки военно-топографических карт (1,2, 3 верстных). С образцами и сборными таблицами. - СПб: Типография Товарищества Грамотность. - 28 с. Без года (между 1905 и 1917).
5. Виноградов Н.В. Карты и атласы. Москва - Ленинград: Издательство Академия наук СССР, 1941.- 202 с.
6. Гараевская Л.С. Картография. Второе издание, исправленное и дополненное. М: Издательство геодезической литературы. -1955. - 410 с.
7. Медушевская О.М. Картографические источники XVII-XVIII вв. /Отв. Ред. В.К. Яцунский. Учебное пособие по источниковедению истории СССР. М.: Московский государственный историко-архивный институт. – 1957 – 28 с.
8. Волков Н.М. Составление и редактирование карт. Москва: Издательство геодезической литературы. - 1961. -265 с.
9. Салищев К.А. Картография. Учебник для географических специальностей университетов, 3-е издание, переработанное и доп. – М.: Высшая школа, 1982. - 272 с.
10. Постников А.В. Развитие картографии и вопросы использования старых карт / Отв.ред. Федосеев И.А. ; АН СССР. Ин-т истории естествознания и техники. - М.: Наука, 1985. - 214 с.
11. Рычков С.Ю. Обзор условных знаков при топографической съёмке и картографировании местности русскими военными топографами в эпоху наполеоновских войн. [Электронный ресурс]. - 2017. [http:// www.borodino.ru/wp-content/ uploads /2017/09/ Ryckov.pdf](http://www.borodino.ru/wp-content/uploads/2017/09/Ryckov.pdf) (Дата обращения: 05.10.2018).
12. Паромов, В.В. Картография с основами топографии. Часть 2. Картография : учебно-методическое пособие / В. В. Паромов. – Томск : Изд-во ГОУ ВПО «Томский государственный педагогический университет», 2010. – 132 с.
13. Салищев К.А. Картоведение: Учебник, 3-е издание. –М.: Издательство МГУ, 1990. - 400 с.
14. РГАДА. Ф.248. Д. 1428.
15. Сотникова, С.И. Источниковедение русских карт XVII - начала XX вв.: Автореферат диссертации доктора исторических наук. Московский государственном историко-архитектурный институт. - М., 1990. - 43 с.
16. Карта «Течение рек Иртыша, Енисеи с их вершинами, и при них также и междуими лежащими местами», на которой изображена «Степь казачьей орды» //Атлас Российский, состоящий из девятнадцати карт, представляющих Всероссийскую империю с пограничными землями. - Санкт – Петербург: Имперская академия наук. - 1745. – Л.15.
17. Постников А. В. Развитие крупномасштабной картографии в России. - М.: Наука. 1989. - 229 с.
18. РГВИА РФ. Ф. 846. Д. 17862.
19. РГВИА РФ. Ф. 417. Д. 223.
20. РГВИА РФ Ф. 422. Оп. 1. Д. 275.

УДК 331.108

## ҰЙЫМДЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСҚАРУДА АДАМ РЕСУРСТАРЫН ЖОСПАРЛАУДЫҢ РӨЛІ МЕН МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

**Кудайбергенов Ж.Б.**

*Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан*

80-жылдардың басынан бастап әлемдегі қарқынды өзгерістер мен қайта құру үдерісі нәтижесінде қалыптасқан бәсекелестікке негізделген орта адам ресурсын бәсекенің негізгі айқындаушысы ретінде алдыңғы қатарға шығарды. Нарықтық экономикада өз тіршілігін сақтап қалып, оны әрі қарай жалғастыру кәсіпорындардың басты мақсаты болды. Осы кезеңнен бастап адам ресурстарын басқару стратегиялық функция ретінде дамыды. Ал адам ресурстары стратегиялық элемент ретінде маңызды бола бастады. Бұрын капитал және шикізат сияқты экономикалық ресурстарды жоспарлауға көп көңіл бөлінген болса, соңғы кездері адам ресурстарына аса мән беріліп отырғаны сөзсіз.

Адам ресурстарын басқару көбінесе қызметкерлерді жұмысқа қабылдауға, жалдауға, жұмыстан шығаруға және стратегиялық мақсаттарға бағытталған әрекеттер үдерісі ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда бірінші кезекте адам ресурстарын жоспарлау қажеттілігі туындайды. Адам ресурстарын жоспарлаудың мақсаты – компанияның ағымдағы және жақын болашақта қажет ететін жұмысшылар саны мен сапасын анықтау және осы қажеттілікті шешудің жолдарын табу [1].

Ұйымда адам ресурстарын жоспарлау өте маңызды. Өйткені болашақта адам ресурстарына деген қажеттілік туралы болжау жасау үшін компанияның қандай бағытта жүретінін білу қажет. Мысалы, компания келешекте өсе ме, әлде құлдырай ма, немесе қандай кадрлар қажет болады және т.б. Сонымен қатар, кәсіпорындардағы және жалпы нарықтағы адам ресурстарына қатысты ұсыныстар да ескерілуі керек. Мұндай ақпараттардан хабардар болып отыру үшін компаниялар адам ресурстарының ақпараттық жүйесін құрады. Қажет кадрлар туралы толық және уақтылы алынған ақпарат оларды жұмысқа қабылдау және дамыту іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етеді.

Адам ресурстарын жоспарлау – ұйымға қажетті адам жетіспеушілігін ішкі және сыртқы факторлардың өзгерістері мән дамуын ескере отырып, сапалы және сандық бағалау жасау арқылы қызметкерлердің жүріс-тұрысын қалыптастыруға бағытталған болжамды түрде жасалынатын жұмыстар [2].

Жоспарлау кезінде ұйымның мақсаттары нақтыланып, соған жетудің неғұрлым тиімді жолы анықталады. Яғни, қашан, қайда, неге, қалай, қандай тәсіл немесе әдіспен және кімдер арқылы қол жеткізуге болады деген сияқты мәселелерді қамтиды. Адам ресурстарын жоспарлау кезінде экономикалық, саяси және экологиялық жағдайларды ескеру қажет. Осы бағытта тактика, саясат және бағдарламалар жасалынуы керек. Ұйымдардың адам ресурстарын жоспарлау – үздіксіз процесс. Сондықтан, жасалған жоспарлар белгілі бір уақыт аралығында үнемі бақыланып отырғаны өте маңызды. Бұл бақылаудың мақсаты – жоспарланған мақсатқа қол жеткізілді ме немесе оған қаншалықты қол жеткізілгендігін анықтау.

Р.Гриффиннің айтуынша, адам ресурстарын жоспарлау мынадай ерекшеліктері ие:

1. Адам ресурстарын жоспарлау ұйымның кадрлық ресурстарымен тікелей байланысты.
2. Адам ресурстарын жоспарлау – бұл ұйымның болашағы туралы болжауды қажет ететін процесс.
3. Адам ресурстарын жоспарлау жоғары басшылық деңгейінде шешілетін мәселелермен байланысты болып, ұзақ мерзімді қамтитындықтан стратегиялық жоспарлау түрінде жасалуы керек.
4. Адам ресурстарын жоспарлау жұмыс күшімен қамтамасыз ету, жұмыс күшіне деген сұраныс, кадрларды даярлау, кадрлардың ақпараттық жүйесі, өнімділікті бағалау және қол жеткізген нәтижелерді бағалау сияқты мәселелерді қамтиды [3].

Армстронг ұйымдарда адам ресурстарын жоспарлаудың міндеттерін былай деп көрсетті [4]:

1. Адам ресурстары туралы ақпараттық жүйенің іскерлік және корпоративтік қызмет барысында пайдаланылуын қамтамасыз ету;
2. Адам ресурстарының тиімділігін арттыру;
3. Қызметтік пен корпоративтік мақсаттар арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз ету;
4. Адам ресурстарын басқару жөніндегі барлық қызметті үйлестіруге көмектесу;
5. Жаңадан қабылданған қызметкерлердің жұмысының тиімділігін арттыру[4].

Адам ресурстарын жоспарлау ұйымдар, олардың басшылары, жұмыс берушілер және тұтынушылар үшін үлкен маңызға ие. Алайда, адам ресурстарын жоспарлау басшылық тарапынан жасалатын процесс болғандықтан, басқарудың осы процесте назар аударуға тиісті мәселелері бар. Олар:

1. Адам ресурстарының болашақ қажеттіліктерін нақты болжау үшін қазіргі жағдай мен тарихи деректерді негізге алу қажет.
2. Адам ресурстарының болашақ қажеттіліктерін бағалау кезінде бірнеше жылдан кейін туындауы мүмкін оқиғалар мен мәселелерге назар аудармауға болмайды.
3. Жоспарлау кезеңінде басқа сегменттерді ескермей тек ғана білікті адам ресурстарына аса көңіл бөлуге болмайды.
4. Ұйымның тек шамадан тыс немесе аз жұмыс істейтін қызметкерлерімен ғана жұмыс істеуіне жол бермей, қоршаған ортаның өзгерістеріне бейімделуге бағытталған қызметті басқару керек.
5. Адам ресурстарымен байланысты негізгі мәселелер сапалық, ал адам ресурстарын жоспарлау кезінде енгізілетін шаралар сандық болып табылатындығын есте ұстаған жөн.
6. Жүргізіліп жатқан ұйым саясатының сәтсіздіктерін ескере отырып, адам ресурстарын жоспарлау кезінде сәтсіздік себептерін егжей-тегжейлі талдау керек [5].

Адам ресурстарын жоспарлау кезінде уақытқа, жағдайға, қайталану ықтималдығына және басшылардың көзқарасы мен мінез-құлқына байланысты әртүрлі жағдайларды анықтау сияқты мәселелер ескерілуі қажет. Жоспарлаудың төмендегідей үш түрге бөлуге болады:

1. Қайталану жағдайына сәйкес жасалатын жоспарлар:
  - Бір реттік жоспарлар;
  - Тұрақты жоспарлар – уақытқа қарамастан өзгермейтін жоспарлар. Бұл өз ішінде үшке бөлінеді:
  - Ережелер: бәрін біріктіретін құрылымға ие.
  - Саясат: Бұл не істеп не істемеу керектігін анықтайтын процес.
  - Рәсім: Бұл жұмыстың құрылымына байланысты дәйекті әрекеттің көрсеткіші.
2. Мерзіміне байланысты жасалатын жоспарлар:
  - Ұзақ мерзімді – бес жылдан көп уақытқа жасалынатын жоспарлар;
  - Орта мерзімді – бір жыл мен бес жыл аралығын қамтитын жоспарлар;
  - Қысқа мерзімді – бір жылдан аз уақытты қамтитын жоспарлар.
3. Басқару әдісіне қатысты жоспарлар:
  - Стратегиялық жоспар: Бұл ұйымның стратегиялық мақсаттарын анықтау арқылы экологиялық шарттар мен ұйымның қызмет саласын ескере отырып дайындалған жоспар.
  - Тактикалық жоспар: Бұл ұйымдардың күнделікті қызметінде стратегиялық мақсаттарды тиімді және дәл көрсету үшін іске асырылатын орта мерзімді жоспар.
  - Іс-шаралар жоспары: Ұйымның негізгі міндеттерін іске асыруға бағытталған жоспар.

Адам ресурстарын жоспарлаудың екі негізгі мақсаты бар деп айтуға болады. Біріншісі, ұйымның жұмыс күшін тиімді пайдалануын қамтамасыз ету, ал екіншісі, болашақта сапасы және саны жағынан жұмыс күшіне деген қажеттілікті қанағаттандыру. Осы мақсаттарды жүзеге асыруды көздемейтін адам ресурстарын жоспарлау ұйым үшін тек ғана шығындар әкеледі.

Адам ресурстарын тиімді жоспарлау қызметкерлер үшін де, кәсіпорындар мен ұйымдар үшін де маңызды. Себебі, бұл ұйым мен қызметкерлер арасындағы салауатты қарым-қатынастың нығаюына, қызметкерлердің өзін-өзі бағалау сезімінің, ынталандырудың және өнімділіктің артуына оң ықпал етеді. Мұндай қарым-қатынас ұйымдардың алға қойған мақсаттарына жетуде өте маңызды.

Басшылық үшін адам ресурстарын жоспарлау өмірлік және стратегиялық маңызға ие. Басшылық ұйымды басқару үшін және алға қойылған мақсаттарға жету үшін қызметкерлерге жақсы бағыт-бағдар беру, оларды ынталандыру, арадағы қарым-қатынасты жаңа бір деңгейге көтеру сияқты қажетті қасиеттерді бойына сіңіре алады.

Ұйым басшылары қызметкерлерді өндірісте оңтайлы деңгейге жеткізу үшін кейде өздері арасында, кейде сарапшылармен бірлесіп жоспарлар жасап тұрады. Бұл күрделі процесс. Өйткені, адамдар әртүрлі, бір-біріне ұқсамайды. Кейбіреулер ортаға тез бейімделіп, жұмысын тез үйреніп жалғастырып кетуге мүмкіндігі болса, кейбіреулердің бейімделуі өте қиын және белгілі бір уақытты қажет етуі мүмкін. Олардың бәрін бір стандартпен өлшеп, сапасын анықтау оңай жұмыс емес.

Барлық қиындықтарға қарамастан, қаржыландыру, қолдау, өндіріс, жабдықтау және маркетинг саласында бірлесе жасалатын жоспарлау басқарудың маңыздылығын арттырады. Адам ресурстарын жоспарлау басшылық үшін әрі қарай өсу мен даму мақсаттары үшін де маңызды. Сондықтан болашақта қажет болатын кадрлық ресурстарды анықтау өте маңызды. Табиғи процес болып табылатын белгісіздік пен қауіп-қатер сияқты факторларды азайту адам ресурстарын жоспарлау жетістіктеріне тікелей пропорционалды.

Адам ресурстарын жоспарлаудың тағы бір аспектісі – ұйымның барлық қызметкерлерінің қызмет сапасын, жұмыс жағдайын, өзара қарым-қатынасын дамытуға, сонымен қатар клиенттердің көңілінен шығуға бағытталған. Сапа мен клиентке бағытталған басқару түрі бүгінгі бизнес саласында шешуші болып табылады. Тұтынушыларды қанағаттандыру және жалпы сапа саласында тек үлкен компаниялар ғана емес, сонымен қатар шағын және орта бизнестің аянбай еңбек етіп жатқаны да байқалады. Бұл әрекеттердің барлығы адам ресурстарын жоспарлаудың клиент немесе тұтынушыға қаншалықты маңызды болатындығын көрсетеді.

Сонымен, адам ресурстарын жоспарлау ұйымдар мен бизнес үшін маңызды мәселе екені сөзсіз. Компанияда жұмыс жасауға ниет білдірген үміткерлердің теориялық және практикалық тәжірибесі, білімі және өзіндік жеке қасиеттері сияқты бірқатар бағалауды жоспарлау адам ресурстарын жоспарлаудың негізін құрайды деп айтуға болады.

Жоспарлау кезінде маңызды болып табылатын және жақсы талдауды талап ететін тағы бір мәселе – ұйымдағы қазіргі және болашақтағы қызметкерлер саны, үміткерлерге қойылатын талаптар, қандай бөлуде қалай жұмыс істеу керектігі, қызметкерлерді оқыту және ынталандыру критерийлері сияқты сапалық және сандық болжау жасау мүмкіндігі. Сонымен, жасалған осы барлық талдау нәтижесінде адам ресурстарын жоспарлау ұйымның шығындарын арттыратын факторларды азайтуда, бәсекелестік қабілетін жоғарылатуда, өнімділікті арттыруда, жұмыс күшін жоғалту қаупін азайтуда және өндірілетін тауарлар мен қызметтердің сапасы мен санын көбейтуде, ұйымның алға қойған мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруда үлкен рөл ойнайтындығы анықталды.

Қорытындылай келе, адам ресурстарын жоспарлау ұйымға болашақ қызметкерлердің сұранысы мен ұсынысын жүйелі түрде бағалауға мүмкіндік береді. Осылайша болашақта қажет болатын кадрлардың саны мен сипаттамалары, таңдау, іріктеу, оқыту және басқа да кадрлық іс-әрекеттерді жақсартуға және қажетті адамды қажетті уақытта қажетті бөлімге орналастыруға болады.

#### **Әдебиет**

1. Грэхем, Х.Т. Управление человеческими ресурсами. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2003. – 351 с.
2. Радкевич, А.П. Управление человеческими ресурсами: учеб. пособие /А. П. Радкевич, Т. Б. Саматова. – Ухта : УГТУ, 2014. – 167 с.
3. Гриффин, Р. Менеджмент. 12-басылым. – Алматы Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 768 б.
4. Armstrong, M. Essential human resource management practice: a guide to people management. – London: Kogan Page Limited, 2010. – p.433
5. Уилтон, Н. HR-менеджментке кіріспе. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019. – 532 б.

ӘОЖ 930.2:81'286

#### **АРМЯН ЖАЗУЛЫ ҚЫПШАҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІ (XVI-XVII ғғ.)**

**Құдасов С.Ж.**

*SILKWAY Халықаралық университеті*

**Жакипбаев Б.Е.**

*«Іргелі және қолданбалы зерттеулер» Ғылыми-зерттеу институты*

Белгілі ғалым-түрколог Э.Р. Тенишев XI-XVII ғасырлар аралығында Қырым, Подолия, Польша, Венгрия, Египет аумағында руна, латын, араб, армян, славян жазуларымен хатқа түсіп, бүгінгі күнге жеткен печенег, қыпшақ (половец, куман) тілдеріндегі жәдігерліктердің қазіргі түркі тілдері арасында алатын орны жайында айта келіп, бұл ескерткіштердің қазіргі қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдеріне өте жақын екендігін, қыпшақ ескерткіштері қазақ тілі тарихының ерте дәуірін зерттеуде аса маңызды қайнар көз болатындығына, аталған кезеңдегі жазба мұраларды жан-жақты зерттеу қажеттілігіне ғалымдар назарын аударған еді [1].

Осындай маңызды мұралар қатарына, қолда бар деректер бойынша, XIV ғасырда қазіргі Украина, Молдова, Румыния жерлеріне қоныс теуіп, қауым (община) болып өмір сүрген, христиан дінінің армян-григориан бұтағын тұтынып, қыпшақ тілінде сөйлеген этникалық топтың армян әліпбиімен қыпшақ тілінде жазып қалдырған, сипаты жағынан әртүрлі, көлемі мол мұралары – армян жазулы қыпшақ ескерткіштері жатады.

Қыпшақ тілінің XVI-XVII ғасырлардағы сипатынан мол мағлұмат беретін, әзірге белгілі, жазба деректер, негізінен, қазіргі Украинаның Каменец-Подольск, Львов қалаларында армян әліпбиімен қыпшақ тілінде хатқа түсірілген, сипаты жағынан әртүрлі, көлемі мол жазбалар түркітану ғылымында «армян-қыпшақ» ескерткіштері деген шартты атаумен белгілі.

Біздің дәуірімізге жеткен жазба ескерткіштер XVI ғасырдың 20 жылдары мен XVII ғасырдың аяғын қамтиды. Одан бұрынғы кезеңде жазылғандары жоғалған, әзірше тағдырлары белгісіз. Дегенмен, кейінгі кездерде табылып жатқан қолжазба кітаптарға қарағанда [2] бұл мол мұраның ерте дәуірінен хабар беретін жазбалардың бір жерлерде сақталып, табылып қалуы да мүмкін. Олай деуіміздің себебі, 2012 жылы Украинаға барған іссапарымызда, Каменец-Подольск Армян войттығы сотының 1572-1663 жылдарды қамтитын қыпшақ тіліндегі 28 акт кітабы мен Андрей Торосовичтің «Философия тасының құпиясы» (1631) атты шығармасы сақталған Киевтегі Украина мемлекеттік тарихи мұрағатының директоры И. Кисиль мырзадан Беларуссиядан тағы бір акт кітабының табылғанын, бірақ оның XIX ғасырда украин тілінде жазылған еңбек екенін білдік.

Армян жазулы қыпшақ ескерткіштері Украинаның Киев, Львов қалаларындағы мұрағаттарында, Арменияның Ереван қаласындағы көне қолжазбалар кітапханасы Матенадаран қорында, Мәскеу, Санкт-Петербург кітапханаларында, сондай-ақ Польша, Франция, Румыния, Нидерланды, Италия, Австрия елдеріндегі мұражайлар мен мұрағаттарда, жеке адамдардың қолдарында сақталған.

Бұл мұралар Арменияда емес, негізінен, қазіргі Украинаның Каменец-Подольск, Львов қалаларында жазылған. Матенадаранда сақтаулы «Қыпшақ тілінің грамматикасы», армянша-қыпшақша сөздіктер, жыл қайыру, діни еңбектер Украина жерінде жазылып, Арменияға кейіннен әкелінген дүниелер. Қыпшақ тілінде сөйлеп, христиан дінінің армян-григориан бұтағын тұтынған, қауым (колония) болып өмір сүрген бұл этникалық топтың қай халықтың – армяндар әлде қыпшақтар – өкілдері екендігі ғылымда басы ашық қалып келеді. Осы мәселеге байланысты пікір-таластарда: «Егер олар қыпшақтар болса, онда христиан дінін қабылдаған күннің өзінде ұлттық, рулық менталитеттерін жоғалтуға не себеп болды? Армяндардың әлемнің жартысын билеген қыпшақтарға діни, саяси әсері ондай дәрежеде бола алмаған, сондықтан олар қыпшақтар емес, Қырымда ассимиляцияланған армяндар» [3; 4; 5] деген пікірлермен қатар, лингвистикалық, яғни тілдік тұрғыдан зерттеушілер тарапынан: «Бір халықтың тілін екінші бір халықтың армян-қыпшақтар сияқты терең меңгеруі мүмкін емес, сондықтан олар – қыпшақтар болуы керек» деген пікірлер бар. Бұндай пікір қайшылықтары бұл мәселені әлі де түбегейлі түрде, жан-жақты – этнолингвистикалық, экстралингвистикалық, тарихи-этнографиялық, ареалдық тұрғыдан зерттеуді қажет етеді.

Армян -қыпшақтардың жазба мұралары олардың экономикалық, саяси-әлеуметтік, мәдени өмірінен мол мағлұмат беретін, жанры мен стилі жағынан әр түрлі, көлемі үлкен ескерткіштер. Осы саладағы кейінгі зерттеулерде бұл жазба мұралар алты топқа бөлініп қарастырылып жүр: 1) тарихи жазбалар; 2) құқық кодекстері мен акт құжаттары; 3) филологиялық еңбектер; 4) діни әдебиеттер; 5) көркем шығармалар; 6) жаратылыстану-ғылыми әдебиеттер [ 6, 12 б.].

Армян-қыпшақтардың жазба мұралары олардың экономикалық, саяси-әлеуметтік, мәдени өмірінен мол мағлұмат беретін, жанры мен стилі жағынан әр түрлі, көлемі үлкен жадығаттар. Армян-қыпшақ ескерткіштерін жариялауда Г. Алишан, Ж. Дени, Э. Шютц, Э. Трыярски, И. Вашари, М. Левицкий, Р. Кон, Т.И. Грунин, А.Н. Гаркавец, И. Абдуллин, Я.Р. Дашкевич сияқты ғалымдар көп еңбек сіңірді. Бұл саладағы зерттеулердің библиографиясы Я.Р. Дашкевич, А.Н. Гаркавец [7; 6, 20-27 б.] еңбектерінде келтірілген. Бұл тақырып соңғы кезде Түркия ғалымдары Мехмет Куталмыш, Надежда Чирли, Ердоған Алтынқайнак, Нулия Касапоглу Ченгел, Ибраһим Арихан тарапынан да зерттеле бастады.

Армян жазулы қыпшақ ескерткіштерінің тіліне қатысты Т.И. Грунин, Э.В. Севортян, Дж. Клосон, Ж. Дени, И. Абдуллиндер тарапынан құнды пікірлер айтылды. Мысалы, академик Э.В. Севортяның пікірінше: «Ценнейшим памятником разговорных кыпчакских языков или диалектов конца XIII – начала XIVв. по-прежнему остается «Codex Cumanicus» (CC). Судебные акты из Каменца составляют другой важнейший источник, из которого отныне можно черпать сведения об одном из старокыпчакских разговорных языков более позднего по сравнению с CC времени. Другие армяно-кыпчакские тексты можно было бы отнести к памятникам армяно-кыпчакского литературного языка, в котором мы вправе различать язык чисто религиозных сочинений, язык судебно-правовых документов и начатков художественной литературы назидательно-апокрифического направления» [8, 14 б.].

Түрлі жанрларды қамтыған армян-қыпшақ ескерткіштерінің тілі өте бай. Оларда түркі халықтарының мәдени-рухани дүниесіне, материалдық мәдениетіне, қоғамдық-әлеуметтік

өміріне, кәсібі мен тұрмыс-салтына қатысты сөздер мен сөз тіркестері кеңінен көрініс тапқан. Бұл тілдік материалдар сотқа келушілердің аузынан тікелей жазылып алынған акт кітаптарының жазбаларында молынан ұшырасады. Баламасы жоқ ұғымдар мен атауларды беру үшін қыпшақ тілінің грамматикалық заңдылығымен жаңа сөздер жасап отырған.

Ескерткіштерде көрініс тапқан тілдік фактілер қыпшақ тілі лексикасының барлық тақырыптық топтарын қамтиды. Негізгі сөздік қорын жалпытүркілік лексика құрайды. Тарихи даму мен сыртқы лингвистикалық әсерлерден сөз мағыналарының кеңеюі және жаңа ұғымдарды беру мақсатында қыпшақ тілінің негізінде жасалған жаңа сөзқолданыс байқалады. Бұл үрдіс кірме сөздерден сөзжасамдық жолмен, яғни жұрнақтар жалғау арқылы жаңа сөз тудыруда да қолданылған.

Ескерткіштер тілінде сол дәуірге тән түрлі құбылыстар мен заттар атауы, халықтың наным-сенімінен, мәдениетінен хабар беретін сөздер молынан қамтылған, қыпшақ тіліндегі баламасы жоқ болғандықтан түпнұсқа тілден қабылданған кірме атаулар да бар. Сөздік құрамда төл сөздермен қатар кірме сөздердің қамтылуы барлық тілдерге тән құбылыс болып есептеледі. Белгілі бір тілдің лексикасын зерттеуде «... халық өмір кешкен табиғи жағдайларды, халықтың негізгі кәсібін, шаруашылық, үй-тұрмыс ерекшеліктерін, қоғамдық-саяси құрылымын, халықтың көне наным-сенім ерекшеліктерін айқындап-нақтылауды өзіне мақсат етіп қоюға болады» [30, 12 б.].

Ескерткіштер тілінің негізгі сөздік қоры қазіргі қыпшақ және басқа да түркі тілдеріне ортақ сөздер, яғни жалпытүркілік сипаттағы сөздерден тұрады. Көне дәуірлерден жеткен түркілік сөздердің үлкен бір тобы, қазіргі түркі тілдерінің өзіндік жүйесін құрайтын фонетикалық өзгерістерге ұшырағанымен, негізгі тұлғалары мен лексикалық мағыналарын сақтағанын көреміз. Жазба дереккөздерге сүйене отырып, көне түркіден бастап, кейінгі дәуір ескерткіштері тілінен көрініс тапқан бұл сөздердің тілдің даму нәтижесінде фонетикалық, семантикалық, тұлғалық өзгеріске түсу процесін белгілі дәрежеде бағамдауға болады.

Әр тілдің өзіндік даму процесі барысында өзгерістерге ұшырап отыруы заңды құбылыс, оның үстіне салыстырылып отырған тілдердің арасын жүздеген жылдардың бөліп жатқаны тағы бар. Қалай болғанда да өз дәуірінде Еуразияның апайтөс даласында, Дунайдан Алтайға дейінгі аралықта халықаралық тіл қызметін атқарған қыпшақ тілінің аймақтық ерекшеліктері болғанымен, олардың негізі бір, тілдік құбылыстары ортақтығын және қазіргі қыпшақ тілдерімен генетикалық сабақтастығын тағдыр тәлкегімен түрлі дәуірлерде, түрлі әліпбилермен хатталып жеткен жазба дүниелерге жан-жақты, тиянақты зерттеулер жүргізу нәтижесінде нақтылап, айқындауға қол жеткізуге болады.

Жалпытүркілік сөздердің армян-қыпшақ ескерткіштері тілінде ауыспалы мағынада қолданулары және бұрыннан бар сөздің негізінде жасалған туынды сөздер арқылы жаңа ұғымдар мен атауларды берулері бұл жәдігерліктер тілінің өзіндік сипатты ерекшелігі болып табылады.

Араб әліпбиімен жазылған мұраларды оқып, түсінетін білікті мамандар қазір біршама болғанымен, көне готика, көне армян, сына жазулармен Еуропа, Кавказ аумағында жазылып, біздің заманымызға жеткен жәдігерлерді зерттейтін мамандар жоқтың қасы. Сондықтан осы салалар бойынша мамандар даярлау қажет.

## Әдебиет

1. Тенишев Э.Р. Место кыпчакского (половецкого, куманского) и печенежского языков среди современных тюркских языков // Изв. АН КазССР. Сер. обществ. наук. 1970, №5. 78-81 бб.
2. Гаркавец А.Н. Две новонайденные армяно-кыпчакские рукописи // Тюркологический сборник, 1977. -Москва: Наука, 1981. 76-80 беттер.
3. Дашкевич Я.Р. Кто они - «армяне-кыпчаки»? // ԲՍՆԲԷԴ ՄԱՏԵՆԱԴԱՐԱՆԻ. №16. ԵՂԵՉԱՆ, 1994. 58-110 бб.
4. Дашкевич Я.Р. Армяно-кыпчакский язык в освещении современников: Об использовании экстралингвистических данных для истории тюркских языков // Вопросы языкознания. - 1981, № 5. 79-92 бб.
5. Дашкевич Я.Р. Армяно-кыпчакский язык: Этапы истории // Вопросы языкознания. -1983, № 1. 91-107 беттер.
6. Гаркавец А.Н. Кыпчакское письменное наследие. Т. I. Каталог и тексты памятников армянским письмом. -Алматы: Дешт-и-Кыпчак, 2002. – 1084 б.
7. Дашкевич Я.Р. Армяно-кыпчакский язык: Библиография литературы 1802-1978 // Rocznik Orientalistyczny. - Т. 40, z. 2. 79-86 бб.

8. Документы на половецком языке XVI в. / Подготовил Т.И. Грунин. – Москва: Наука, 1967. – 430 с.
9. Мусаев К.М. Лексикология тюркских языков. - М.: Наука, 1984. – 228б.

ӘОЖ 124.2

## ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ ӨРКЕНИЕТТІ ҚОҒАМҒА ТӘН ҚҰБЫЛЫС

**Куненова П.С., Айдарова Д.**

*М.Х.Дулати атындағы Тараз Мемлекеттік университеті, Тараз*

«Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы байырғы қазақ жерінде мемлекет құра отырып» деп басталатын басты құжатта Қазақстанның тұрақты дамуы мен өркендеуінің берік негізі салынды. «Демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет» құру - Елдік мұраттың басты бағыттары болып бекітілді. Конституцияда этностық азшылық құқықтарын қорғау жөніндегі халықаралық өлшемдерге жауап беретін қоғамдық келісім мен этносаралық толеранттылықтың қазақстандық үлгісінің құқықтық негізі қаланды

Толеранттылық – бұл жергілікті халықтың басқа ұлт өкілдеріне және басқа діндегі адамдарға түсіністікпен қарап, оларды қудаламауының белгісі. Жалпы толеранттылық өркениетті қоғамға тән құбылыс. Мұндай қасиет тұтас ұлттың басына бір күнде орнай салмайтыны белгілі. Бұл – халықтың сана-сезімінің, дәстүрінің, рухани байлығының кемелденгенінің айқын көрінісі. Осы тұрғыдан алып қарасақ, Қазақстандағы қоғамдық қарым-қатынастардың белгілі бір дәрежеге көтерілгенін байқаймыз. Қазақстандағы полиэтникалық қоғамда негізінен екі мәдениеттің үстемдік құрып отырғаны белгілі. Біріншісі, сөз жоқ қазақ мәдениеті. Бұдан кейінгі орында орыс мәдениеті тұр. Дәл қазір өзге ұлт өкілдерінің діні мен салт-дәстүрін жаңғыртуға барынша жағдай жасалған. Осындай ынтымақты тірлікке дүниежүзінің көптеген елдері қол жеткізе алмауда. Керек десеңіз, Қазақстан – Орталық Азияда ұлтаралық татулықты сақтап, алауыздыққа жол бермеген жалғыз ел. Бүгінде кең-байтақ қазақ жерінде 11 тілде жастарға тәлім беретін мектептер жұмыс істейді. Қазіргі таңда өзге ұлт өкілдері Қазақстан халқы Ассамблеясының маңайына топтасып, өзінің салт-дәстүрі мен мәдениеттерін дамытуда. Осы орайда 1995 жылы құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясының алатын орны ерекше. Алдағы уақытта толеранттылық біздің халқымыздың күнделікті өмірінің дағдысына, дәстүріне айналуы керек. Сондай-ақ, біздер толерантты қоғам арқылы ұлттық болмысымызды жойып алмауға баса мән берген жөн. Қайта керісінше толерантты қоғамды пайдаланып тілдік, ұлттық басымдылыққа жетудің жолдарын қарастырғанымыз абзал. Мәселен, Қазақстан халқы ассамблеясы 2008 жылы Алматы қаласындағы «Достық үйі» жанынан «Лингва» тілдерді оқыту орталығын ашуды қолға алған болатын. Осы орталықта соңғы жылдары 150-ден аса мемлекеттік тілді үйренуші әртүрлі этнос өкілдері және 50-ден аса орыс тілін үйренуші шеттен келген қандастарымыз бітіріп шықты. Сонымен қатар әр этномәдени бірлестіктің осы бағытқа арналған арнайы бағдарламалары жүзеге асырылуда. Мысалы, Орыс қоғамы бірлестігі «Тіл - халық жанын танудың кілті», «Ахысқа» түрік қоғамы «Мемлекеттік тіл - менің тілім» конкурстары, өзбек орталығы «Мемлекеттік тілді білу - парызын» олимпиадасы, корей қауымдастығы «Мемлекеттік тіл - достық тілі» жастар форумы сияқты бағыттар арқылы мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту, өз этностық тобын қоғамдық белсенділікке тарту бағытында жұмыс атқарып жатыр. Жақында Ассамблеяның кезекті сессиясында тұңғыш елбасы Нұрсұлтан Назарбаев, қазақ тілі – елімізді мекендейтін халықтарды тұтастыратын негізі құрал деп ашық айтты. Осы ретте біздер қолдау көрсетіп, қазақ тілін дамытуға өзіміздің үлесімізді қосуымыз керек. Өйткені, қазақ мәдениеті әлемдік өркениеттің бір пұшпағы болып саналады. Келешекте мәдениетіміз адамзат өркениетінің азығына айналуы керек.

Тіл – халықтың қорғаны. Алдағы уақытта мемлекеттік тілді білмейтін азаматтар, қазақ тілінің тұғырына қонуын қоғамдық қайшылық деп қарамау керек. Сондықтан біздер толерантты қоғамға арқа сүйеп, тіл мәселесін түбегейлі шешіп алуымыз керек. Ел бірлігі доктринасында «біз бәріміз, бір Отанның ұлдары мен қыздары екендігімізді, ал біздің Тәуелсіздігіміз - сан ұрпақтың орындалмаған арманы, халқымыздың ерен еңбегінің, ерлігінің



және ерік-жігерінің жемісі екендігін әрқайсымыз түсінуге тиіспіз. Тәуелсіздік пен мемлекеттігімізді дамыту - біздің басты құндылығымыз болып табылады» деп көрсетілген. Осы ұстаным тамыры тереңде жатқан, ел азаматтарын ұлы мемлекеттік мұраттарға бастайтын асқақ идеядан өрбиді. Бір шаңырақ астында татулығы жарасып, ел тарихын жасасып жатқан жүз отыздан астам ұлт өкілдері қазіргі таңда өздерін «қазақстандықпыз» дегенді мақтанышпен айта алады.

Жас ұрпақтың толеранттылық пен ұлтаралық мәдениетін тәрбиелеу жолдарын қарастырсақ. Толеранттылық латын тілінен аударғанда *tolerantia* – шыдамдылық, өзге көзқарастарға, мінез-құлықтарға, әдеттерге төзімділік таныту, қолайсыз әсерлердің ықпалын бастан өткізе алушылық деген мағынаны білдіреді. Толеранттылыққа қарама-қарсы қайшылықтардың (интолеранттылық) адамзат тарихының барлық кезеңінде де болғаны рас. Интолеранттылық шыдамсыз, үрейлі адам, кінәні өзінен емес басқа адамнан іздейді. Сондай адамдардың өмірде жиі кездесуі қоғамда түрлі проблемаларды тудыруға ықпал етеді. Соның салдарынан түрлі соғыс, діни қудалаушылықтар мен идеологиялық қақтығыстар, ажырасулар, тастанды балалар, жасөспірімдер арасында суицидтар туындайтынын дәлелдеуді қажет етпейтін шындық.

Индивид пен қоғамның мәдениетінің даму деңгейінің сипаттамасы ретінде, адамның өзімен және өзгелерімен үйлесімді қатынаста өмір сүруін сипаттайтын мәселе – толеранттылық болып табылады. Қоғамның еркін дамуы мен жалпы өмір сүруіне деген күреске қажетті принциптер мен құндылықтарды алға қою бүгінгі таңда толеранттылыққа тәрбиелеу мәселелерімен тікелей байланысты.

Толеранттылыққа тәрбиелеу ең бірінші отбасынан басталады. Отбасы жас ұрпақтарды жеке тұлға ретінде қалыптастырудың қайнар бастауы. Бала үшін отбасы бір жағынан – тіршілік қоршауы болса, екінші жағынан – тәрбиелік орта. Отбасында толеранттылыққа тәрбиелеу жолдарына келетін болсақ, М.И.Рожков пен М.А.Ковальчук толеранттылыққа тәрбиелеуде оқушылармен ата-аналардың өзара қарым-қатынасының сәтті шешу үшін педагог-психологқа субъектілік, тепе-теңдік, жекелеу, рефлексивтік көзқарас, толерантты орта жасау принциптерін ұсынды.

Толерантты парасаттың үлгісі қазақ билерінде көп кездеседі. Мысалы, Қазыбек бидің қалмақ ханы Қоңтайшыға айтқан “біз қазақ деген мал баққан елміз” деп басталып, “досымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзды ақтай білген елміз, асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз”, “...берсең жөндеп бітімінді айт, не тұрысатын жерінді айт!” деп аяқталатын сөздері өзара сыйластыққа шақырады.

Тек өзінің ұлттық шығу тегін сыйлаған адам ғана басқалардың мәдениетін сыйлай алады. Басқа этностардың рухани дүниесін терең түсіне білгенде ғана сол түрлі ұлт адамдарының басын біріктіре алады.

Бірыңғай жалпықазақстандық мәдениетке тоғысқан, өзінің қайталанбас қырларымен көзге ұрарлық әртүрлі этностардың өнері мен салт-дәстүрлері Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың жүргізіп отырған ұлттық саясатына алып келді. Нұрсұлтан Назарбаев өзінің барлық баяндамаларында ең бастысы – ел ішіндегі тұрақтылық пен бейбітшілік, ұлтаралық келісім екенін баса айтуы тегіннен тегін емес.

Фордхэм университетінің профессоры П.Мордвидж “Қазақстан көп ұлтты мемлекеттердің ішінде жоғары жетістікке жеткен алғашқы ел, сондықтан ұлтаралық келісімнің қазақстандық моделін әлемдік тәжірибеде қолдану керек” дей отырып, еліміздегі бүгінгі жағдайға жоғары баға берді. Ал Ресейде біздің Ассамблеяның үлгісімен Ресей халықтарының Ассамблеясының құрылуы қазақстандық тәжірибенің маңыздылығының айқын дәлелі болып табылады.

«Қиындық атаулыны женетін бір-ақ күш бар, ол – бірлік». Елінді, жерінді қорғау үшін бірлік қаншалықты қажет болса, тәуелсіздік жемістерін, бүгінгі қол жеткен табыстарымызды сақтап қалу үшін де ол сондай қажет. «Бірлік бар жерде тірлік бар» демекші, бұл жолда да ел тұтастығы мен татулығының ықпалы мол. Қазақстанның қарымды қадамы қарыштап, бедел-абыройы шарықтап, шаңырағы шайқалмай, өзгелерден тайсалмай, тендігі мен тұрақтылығының баянды болғаны – осы бірліктің арқасы. Ұлы Абайдың «Азаматтың бәрін сүй бауырым» деп айтқан өсиетін, кеменгер, ойшыл Пифагордың «Жердің жемісін жылына бір көрсек, достың жемісін күнде көреміз» деген даналық сөзін басшылыққа алған елбасымыз «Көп ұлтты болуымыз – біздің байлығымыз, мақтанышымыз» дейді.

Қазақ тарихын зерттеуші ғалым Ш.Уәлиханов отансүйгіштік сезімнің қалыптасуы туралы «менің патриоттық сезімім ірбіт сандығындай, мен ең алдымен, өз отбасымды, туған-

туыстарымды қадірлеймін, одан соң ауыл-аймақ, ел жұртымды, руластарымды, одан соң халқымды қадірлеймін», – деген еді.

«Патриотизм, – дейді ұлтымыздың батыры Б.Момышұлы, – Отанға, мемлекетке деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығы, қоғамдық, мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, өзінің мемлекетке тәуелді екенін мойындау, яғни патриотизм дегеніміз – мемлекет деген ұғымды, оның жеке адаммен барлық жағынан өткені мен бүгінгі күні және болашағымен қарым-қатынасын білдіреді».

Қазақстандық патриотизмнің негізі – ежелгі ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып, аңыз, ертегілер, жырлар, кешегі кеңестік ортақ дәуір, Ұлы Отан соғысындағы түрлі ұлт өкілдері-қазақстандық батырлардың ерліктері туралы тарихи деректер болып табылады. Таза біржақты ұлттық тәрбие – ұлтаралық аразға соқтыруы мүмкін. Әсіресе патриоттық тәрбиеде бұл ерекше білінеді. Әрине, ұлттық тәрбиені әркім әртүрлі түсінеді. Кейбіреулер “ұлттық нақыштар сол күйінде болса екен” десе, ал кейбіреулер “ұлттық тәрбие қазіргі өмірмен байланысты болса екен”, дейді. Шындығында ескінің жаңамен қауышып жатқаны өміршең келеді.

Бүгінде байтақ елімізді мекендеген барлық ұлттар мен ұлыстар патриотизм ұғымын жаңаша түсіне бастады. Олар бұл ұғымды тек ата тегімен ғана байланыстырып қоймай, Қазақстанның мемлекеттілігі, басқа ұлттың мәдениеті мен дәстүріне деген толерантты көзқарас сияқты қасиеттер арқылы қарастыруда.

Толеранттылық қазіргі ғылымда әр түрлі аспектіде қарастырылады: әлеуметтік, діни, саяси, жыныстық, этникалық, т.б. Осылардың ішінен біздің зерттеу пәнімізге байланысты этникалық толеранттылықты жеке бөліп қарастырайық. Жетекші сарапшылардың пікіріне сүйенсек, қазақстандық қоғамдағы қалыптасқан толеранттылықтың негізінде бірнеше фактор жатыр.

Бірінші фактор – адамдардың елдің болашағына сеніммен қарауы. Қазақстанның 2030 жылға дейін даму Стратегиясы нақ өмірлік болашаққа деген сенімділікті, түсінушілікті арттырған құжатқа айналып, қоғамымыздың қарқынды түрде дамуын алға жетелеудің болжамды жоспарын ұсынды. Ал Стратегияда айтылған жоспарларды сатылай жүзеге асыру ел азаматтарының әлеуетін жүзеге асыруға зор мүмкіндіктер береді.

Екінші фактор – еліміздің өткен тарихы. Халқымыз бірде кең байтақ елінің ен даласынан көз алартқан сырт дұшпанға ұлтарактай да жерін қимай, жауымен қасық қаны қалғанша шайқасатын қаһарлы қазақ болса, енді бірде табалдырығын аттаған қонағын құдайдай күтіп, оған дастархан боп жайылуға, төсек боп төселуге дайын дархан қазақ. Толеранттылық сөзінің бір синонимі “қазақы мінез” болар, сірә.

Үшінші фактор – мемлекет құраушы жергілікті халықтың өзіндік ерекшелігі. Қазақтар мыңдаған жылдар бойы сыртқы жағдайлардың өзгеріп тұруында өзіндік бейімделу мүмкіндіктерін көрсете алған ұлы көшпенділер мәдениетінің мұрагерлері. Қазақ жері арқылы өткен Ұлы Жібек жолы Батыс пен Шығыс өркениетін байланыстырушы алтын көпір іспеттес қызмет атқарып, керуен жолдары мәдениет және біліммен екі бағытты да сусындатты. Көне қазақ жеріне өзіндік зор ықпалын тигізді. Жалпы, Жібек жолының қазақ жерінен өтуінің өзі мәдениет әртүрлілігін, басқалар мәдениетіне, тіліне және діни көзқарасына деген түсінушілігін қалыптастырғаны белгілі.

Төртінші фактор – қазақтың ұрпағын кек сақтамайтын етіп тәрбиелей алу қасиеті. Қазақ басынан тағдырдың талай қатал сынын кешірді. Беріден қайырғанның өзінде, XVII-XVIII ғасырлардағы Жоңғар шапқыншылығы, Ресей империясының езгісі мен кешегі Кеңес өкіметі заманындағы зобалаң аштықты басынан кешіріп, саяси қуғын-сүргіннің де құрбаны болған халық. Алайда, қылышынан қан тамған замандарда таңдары азаппен атса да, басқадан кек алу мақсатында қылышын қайрамаған, тағдырдың ауыртпалығына қайсарлық танытқан халық. Өткенге бой ұсынбай, келешекті аңсап ел бірлігі мен молшылығын бата тілегіне қосып ұрпағына аманат ретінде қалдырып отырған халық.

Бесіншіден, жазба әдебиеті кешірек дамығанмен, ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа аманат ретінде жеткен, сарқылмас мол қазына болып табылатын ауыз әдебиеті, батырлар жырлары, Қазтуған, Шалкиіз толғаулары мен Доспамбет, Бұқар жырау, Дулат, Махамбет сынды жауынгер ақын-жыраулардың отаншыл шығармашылығы арқылы бүгінгі ұрпағына Отанға деген сүйіспеншілікті дәріштеп, қазақ болып туғанын мақтанышпен ауыз толтыра айтуға мүмкіндік беріп отыр. Тарихы бар халық қана – ұлы халық.

Алтыншы – халықтың ұлылығын танытатын тағы бір белгі – оның тілі. Сонау XIX ғасырда қазақ мәдениеті мен тілін зерттеген Еуропа ғалымдары түркітанушылар В.Радлов, П.Мелиоранскийлер “түркі тілдерінің ішінде ең таза тіл – қазақ тілі” екенін атап кетеді. Қазақ

тіл білімінің негізін қалаушы А.Байтұрсынов қазақ тілін былай деп бағалайды: “түркі тілін ХХ ғасырға дейін аздырмай, қаз-қалпында сақтап келген алғыс пен абырой қазаққа тиіс”. Тілге деген бұдан асқан баға болмаса керек. Қандай қиын кезеңдерді бастан кешірсе де, қиыннан қиыстыра алатын тілінің байлығын, оның тазалығын кейінгі ұрпағына жеткізе алған халық ұлы халық емес пе?!

Жетінші– жаугершілік замандарды басынан кешіріп, халық ретінде жойылудың аз-ақ алдында болған қазақ “қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған” заманды аңсап, бейбіт өмірді қалаған халық екенін танытып, бауырына сан ұлттың баласын басып, дастарқанын бөлісіп, талайға баспана беріп отыр. Бүгінгі көп этносты Қазақстандағы татулық пен келісімнің болуы да, ең алдымен қазақтың ұлылығын танытса керек.

Ұлтына қарамастан Қазақстанда тұратын әрбір азамат Қазақстанды туған Отаным деп түсінуі қажет. Сонда ғана адамның жүрегінде қазақстандық патриотизм сезімінің, өз Отанына деген перзенттік мақтаныш сезімнің өркен ғажайып тамырлануына негіз қаланады. Яғни, этносаралық интеграцияның базасы емес, адамдардың өзін-өзі азаматтық билеуі, Қазақстан халқының бір бөлшегі ретінде сезімі дамып қалыптасады.

### **Әдебиет**

1. Кенжалин Ж. Ұлт рухын ұлықтаған ұрпақпыз. – Алматы, 2005.
2. Шаяхметова М. Жоғары білім беру жүйесінде болашақ педагог маманның этникалық толеранттылығын қалыптастырудың моделі // Ұлт тағылымы. -Алматы, 2009.
3. Жастарға отаншылдық тәрбие берудің кейбір өзекті мәселелері. //Қ.А.Яссауи атындағы ХҚТУ хабаршысы. – Түркістан, 2006.

ӘОЖ 008:392

## **ҒАСЫРЛАР ДӘСТҮРЛЕРІН САҚТАУ: ҚАЗАҚТАРДЫҢ МӘДЕНИ КОДЫ**

**Куненова П.С.**

*М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз*

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» - ең алдымен, еліміздің Біртұтас ұлт болуын мақсат етіп, соған барар жолдағы ұлттың рухани болмысының мәні қалай болуы керек, нені негізге алып, қандай базалық құндылықтарды сақтауымыз қажет, ертеңгі ұрпаққа табыстар мұрамыздың сипаты қандай болуы керек, бүгінгі жастар мұраты қандай, батысқа еліктеу Еліміздің болашақ межесіне үлгі бола ала ма деген бүгінде қазақ қоғамын іштей толғандырып жүрген басты мәселелердің шешімі мен оның бағдары осы бағдарламада кеңінен қозғалып, тиянақталған.

ХХ ғасырдағы батыстық жаңғырудың үлгісі бүгінгі егемен қазақ еліне үлгі бола алмайды дейді Елбасы, өйткені «жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу».

Ұлттық код қайда? Ұлттық код – ең алдымен, тілде, сосын дәстүріміз бен салтымызды, мінезімізді айқындайтын ділде, ұлттық мәдениетте. Қазақ баласының тағылымы мол тарихында мәдени-рухани болмысы ізгілікпен әдіптеліп, қарапайымдылықпен шындалып, парасатпен шырайланған. Ұлттық кодымызда ізгілік, адалдық, перзенттік инабаттылық, адамгершілік, парыз, этикет, ақыл-парасаттылық кеңінен өрістеген, молынан қамтылған.

Ұлттық кодта парыз бен әділдік қатар сомдалып, Ж. Баласағұни, М. Қашқари, А. Иасауи, Абай мен Шаһкәрім, Ақымет пен Әлихан, Мағжан мен Міржақып шығармашылығы арқылы халыққа дәріптелген, астары мен арқауы мықты оралымды сөз өрнегімен, ұғынықты тілмен өрілген. Қазақтың ұлттық кодында әділдік тұжырымдамасы ежелгі дәуірден бастап жинақталып, туыстығы жоқ үлкенге деген сыйластық болып танылған. Сыйластық пен ізгілік, ізеттілік пен имандылық қазір енді этикетке айналған тұста, осы ұлттық кодты дамыта отырып, рухани мәдениетімізді жаңғыртуымыз қажет. Ұлттық кодымызда ұят категориясы бар. Бесіктен белі шықпаған баладан бастап, ұят боладыны айтып өсірген ата-ана баласын жақсылық пен жауыздықтың бөлінетінін айтып, мінезін қалыптастырады. Жауыздықпен күрес пен жақсылықты дәріптеу коды қазіргі мораль мен өнегелік категориясын дамыта түседі.

Қазіргі ХХІ ғасырдың жаһандық жағдайында әлем елдері бір-бірімен аралас-құралас күй кешуде. Бұл заңды құбылыс. Өйткені, қоғамдағы өзгерістер заман талабына байланысты жүзеге

асуда. Жаһандандудың өзіндік оң және теріс әсерлері бар. Мысалы, оң әсері деп жылдам ақпарат алмасуды, теріс әсер деген бұқаралық мәдениеттің келеңсіз ықпалы мен әсерін атауға болады. 2017 жылы 12 сәуірде Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» деп аталатын мақаласында Қазақстанның болашақ дамуына байланысты бірқатар басым бағыттарды атады. Соның ішіндегі басым бір бағыт – «ұлттық бірегейлікті сақтау» мәселесі. Ол аса маңызды бағыттардың бірі екендігі анық.

Әлемдегі әрбір халықтың өзіндік ұлттық ерекшелігі бар. Мәселен, қазақ халқының көне замандардан бүгінгі күнге дейінгі тарихы, қалыптасу жолдары, материалдық және рухани мәдениеті, салт-дәстүрлері қалыптасқан. Ұлттық ерекшелік: тілі, салт-дәстүрі, діні және ұлттық құндылықтарына байланысты өзге елдерден бөлек ажыратылатыны айтпаса да түсінікті. Осы ұлттық өзгешелікті санау атам замандардан бері сақтап келген біздің ата-бабаларымыз Алтайдан Атырауға дейінгі аралықта ұлттық бірегейлікті қалыптасыра білді. Бірақ, қазіргі уақытта жаһандану үдерісіне байланысты қауіп-қатерлер де бар. Оған төтеп беретін әр ұлттың өзіндік болмысы (менталитет) мықты болуы қажет. Қазақ елі ежелден текті халық. Себебі, ата-бабаларымыз жеті атаға дейін қыз алыспаған. Оның мәні ұрпақты таза сақтау үшін 25 жас бір ата деп саналса, 7 атаға дейін 176 жылды қамтыған уақыт өтуін аса қатаң тәртіп ретінде ескерген. Одан кейін Оңтүстік Қазақстанның қызы Солтүстікке, ал Батыстың қызы Шығысқа тұрмысқа ұзатылып отырған. Сол арқылы ана тілі дамып, ортақ бірегейлік сақталып, текті халықтың ажарлы және дені сау ұрпақ дүниеге келіп отырған.

Ана тілі – ол ұлтымыздың басты ерекшелігі. Кезінде батыр Бауыржан Момышұлы: «Қазақ тілі еш уақытта өзімен көрші халықтардың тілдерінен сорлы болып, қатардан қалмағаны, өз сыбағасын ешкімге жібермегендігіне мың жылдық көне тарих куә», - деп жазған еді. Қазақ елі көне замандардан бері өзінің ұлттық салт-дәстүрлерін, ырым жоралғыларын сақтап келе жатқан халық. Оның барлығы дұрыс. Ол ұрпақтар сабақтастығымен жалғасын тауып отыруы керек. Сонда ғана ұлттық жаңғыру болады. Егер, халқымыз өзінің салт-санасынан айырылатын болса, онда үлкен қауіп төнеді. Өйткені, ұлт ретінде сақталу үшін ұлттық мүдде бірінші орында тұруы шарт.

Еліміздің рухани жаңғыруы үшін ғасырлар бойы жинақталған құндылықтарын құрметтеу қажет. Ол негізінен материалдық, мәдени, рухани мұраларды сақтау және салт-дәстүрлерді насихаттауға негізделуі керек. Өз елінің салт-дәстүрін қадірлеген халық қана келешекте ұлт ретінде сақталып, басқа өркениеттердің тегеурініне түспейді және жұтылмайды (ассимиляцияланбайды).

Ұлттық код – деген күрделі ұғым. Оған қазақ халқының ғасырлар бойы жинақтаған рухани-мәдени дамуы, тілі, өзіндік құндылықтары дәлел. Салт-дәстүр мәселесімен негізінен этнограф мамандар айналысады. Олардың елімізде бірқатар ғалымдар бастаған мектептері қалыптасқан. Бұл өте маңызды саланың бірі. Өйткені, тұтастай бір ұлт ретінде оның мәдениетін зерттеу және зерделеу, оны насихаттау жұмыстарын жүзеге асырады. Бұл бағытта этнограф мамандарды мемлекеттік деңгейде қолдау қажет. Ел ішінде этнографиялық экспедициялар ұйымдастыру керек. Әліде мұражай мен көрмелерге түспеген материалдық және рухани мұралар кездесуі мүмкін. Этнографиялық мұраларды насихаттауға мамандар үшін жағдай жасалуы тиіс. Олар телеарналар, радио, бұқаралық ақпарат құралдары және баспасөзде жүйелі түрде насихат жұмысын жүргізіп, қазақ халқының материалдық бай мұраларымен таныстырып, жас ұрпақтың тарихи танымын арттыру мен патриотизмді қалыптастыруда жұмыстар атқаруы керек.

Еліміздегі жас ұрпақтың тәрбиесіне байланысты этнопедагогика саласын дамыту қажет. Осы аталған салаға байланысты мамандардың қатары көп емес. Сондықтан, олардың қатарын көбейту үшін мамандар даярлау, олар арқылы жас ұрпаққа ұлттық негізде тәрбие беру бүгінгі күннің талабы. Ал, егер де еліміздегі жас ұрпақтың ұлттық тарихынан, әдебиетінен, салт-дәстүрі мен мәдениетінен хабары аз болса, білімі таяз болса, онда олардың пікірі жаңсақ, жасық және әркімнің соңынан ергіш, өзіндік ұстанымы жоқ, әлжуаз болып шығады. Сондықтан, аталған мәселелер елімізде жоғары деңгейде жүзеге асырылғанда ұлттық рух күшті болады. Рухы күшті халықтың қуаты – ұлттық кодта жатыр. Оны жаңғырту, елдікті сақтау уақыттың талабы.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасы әлемде өзге елдермен қатар, терезесі тең тәуелсіз мемлекет. Еліміз өзіндік «Қазақстан жолымен» қарыштап дамуда. Алда талай асулар мен белестер тұр. Оны бағындыру тек рухы күшті, тарихи зердесі нық, жасампаз елдің ғана қолынан келеді.

Қазақ халқының ұлттық болмысы ғасырлар бойы қалыптасып, бекем орныққан, сондықтан да ол қазақ рухын небір күйзелістерден аман алып келе жатқан айрықша қасиетке

ие. Халқымыздың сол қасиетін танытатын формула күллі материалдық байлықтан адами құндылықты биік қоятындығымен ерекшеленеді. Өйткені, бағзы заманда әділеттілік, адалдық, шыншылдық және ахлақ (мораль) дәулет атаулыдан әлдеқайда артығырақ бағаланатын. Бірақ заман ауысты, бір кездері құбылмалы саясат билеген уақыт ыңғайынан туындаған кемшіліктер кейіннен үлкен дертке айналды. Бұрындары «малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» делінетін, барша игіліктен арды, ұятты, ахлақты жоғары қоятын қазақтың өмір сүру ережесі қатты өзгеріске ұшырады. Тиісінше ұлттың этикалық коды бұзылды немесе бұзылып бара жатыр. Салдары – бүгінгі қоғамның барлық саласын жайлаған сыбайластық пен сыбайлас жемқорлық, көпке түсініктірек тілмен айтқанда – коррупция. Тілге тиек етіп отырған бағдарламалық мақала осы құбылыспен күресуге шақырады, адамгершілік ұстынымызды нығайтуға мегзейді. Тәуелсіз даму жолына түскен шақта «жаһандану үдерісі келе жатыр, одан ешқайда қашып құтыла алмаймыз» деген пікір естілген. Жаһандану дегеніміз тұрмысқа, ел басқару жүйесіне, шаруашылық, кәсіпорын, білім беру мен тәрбиелеу орындары біткеннің бәріне батыстың жаңа технологиясын ұсынған бұқаралық мәдениетінің жан-жақты шабуылы нәтижесінде пайда болатын заманауи жаңа түр болып шықты. Жаһандану үдерісі біздің тарапымыздан ешқандай тосқауыл көрген жоқ. Ешқандай кедергі кездеспегендіктен де жастар санасын тез жаулады. Ал бұл мәдени кодымыздан айырылудың алды еді.

Рухани кодымыздың басты тіні, ұлттың күллі қастерлі ұғымдарын, қасиеттерін бойына жиған өзегі тіл болып табылатыны құпия емес. Міне, сол қасиетті ана тіліміздің қуаты бүгінде әлі де алаңдатады. Турасын айтқанда, мемлекеттік мәртебесіне қарамастан, қазақ тілінің қолданыс аясын тиісті дәрежеде кеңейте алмау, оны өзге тілдермен қойыртпақтап, бұзу, дұрыс сөйлемей, тіпті мүлдем ұмыту өзіміздің ұлттық құндылықтарымыздың жүйесін сақтай алмауға әкеліп соғатыны анық. Елбасының мақаласында соның алдын алу әрекетіне көшу (қолданыстағы реформаланған кирилді латын графикасына ауыстыру) мәселесі қарастырылады. Біз бұл жөнінде басқа да ұлт мүддесіне жани аши қарайтын азаматтар қатарында әрәдік пікір білдіріп жүргендіктен, алфавитті, лажы болса, латын әріптерін қазақыландыру мақсатымен реформаламай, мүмкіндігінше Байтұрсынов тәсілімен өзгеріссіз таңбалау жағындамыз. Тек, екпін қойып айтарымыз – латынға көшу сәтті болу үшін, сөз-бұйдаға салмай, мемлекеттік тілді өз мәртебесі деңгейіне көтеру, яғни қоғамдық-саяси функциясын күрт арттырып, қолданыс аясын мейлінше кеңейту қажеттігін еске салумен шектелеміз. Қоғамдық сананы жаңарту бағдарламасын іске асыру жөнінде арнайы ұлттық комиссия құрылғаны, оның жұмысқа кірісіп кеткені белгілі. Осыларға байланысты бірер ой туады. Елбасы қай-қайсымыздың да «ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанымызды» қалайтынын айтты. Алғашқысы жоғарыда тілге тиек еткен ұлттық код жайында, ал екіншісі «ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту» керектігі турасында болатын. Мен бірінші кезекте осы кертартпа тұстар мен олардан арылу жолдарының бірі жайында пікір білдіргім келеді. Менің ұғымымда, өткеннің кертартпа тұстары кеңестік заманда қанға сіңірілген ұғымдар тұтқынынан шыға алмауымызда жатыр. Сананы жаңарту жұмыстарының тұғырында осы бір келеңсіз құбылысқа душар болған қандастарымызды туған ұясына қайтаруды көздейтін, елімізде қоян-қолтық өмір сүріп жатқан барша ұлт өкілдерінің халқымызбен бірлігін нығайта түсетін кешенді шаралар жүргізу сұранып тұр. Менің ойымша, барша жұртты қазақ төңірегіне тығыз топтастырып, қазақ мүддесін жалпыұлттық мүдде ретінде қорғауға жұмылдыратын, тиісінше ел бірлігін арттыра түсетін шарт – халықты тарихпен тәрбиелеуде, қазақтың кеңес тұсында жабық болған қаралы тарихы арқылы тәрбиелеуде жатыр.

Жалпы, қорытындылай айтқанда ұлттық бірегейлікті сақтау арқылы қазақ халқы өзге өркениеттер тегеурініне төтеп береді және біртұтас ұлт ретінде сақталады. Ол үшін қазақ тіліне, ұлттық салт-дәстүріне, материалдық және рухани мұраларға дұрыс мән беріп, оларға құрметпен қарау қажет. Елдің болашағы жастар, оларға дұрыс ұлттық тәрбие беру керек. Жас ұрпақтың тарихи танымы күшті болса, ұлттық рухы да жоғары болады. Сонда ғана ұлттық «МЕН» деген ұғым толық қалыптасады. Ал, ондай ұлттың жастары кез келген жаһандық сын-қатерлерге бой алдырмай, өзінің ұлттық мүддесін қорғап шығатындығы анық.

### Әдебиет

1. Назарбаев Н. Қазақстан – 2030. Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы.
2. Кенжалин Ж. Ұлт рухын ұлықтаған ұрпақпыз. – Алматы, 2005.
4. Шаяхметова М. Жоғары білім беру жүйесінде болашақ педагог маманның этникалық толеранттылығын қалыптастырудың моделі // Ұлт тағылымы. -Алматы, 2009.

5. Жастарға отаншылдық тәрбие берудің кейбір өзекті мәселелері. //Қ.А.Яссауи атындағы ХҚТУ хабаршысы. – Түркістан, 2006.
6. «Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы». Қ.Р. Президентінің Жарлығы Астана, Ақорда, 2006 ж. қазанның 10-ы. №200

ӘОЖ 008:392

## ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІ РЕТІНДЕ ЗЕРТТЕЛУІ

**Куркбасова Г.С.**

*А.Жұбанов атындағы Ақтөбе музыкалық колледжі, Ақтөбе*

Колледждің басты қызметі студенттерге оқыту мен тәрбие беру үдерісінде заманауи талаптарға сәйкес келетін және кәсіби іс-әрекетінде жетістікке кепілдік беретін сапалары мен тәжірибесі бар маманның тұлғасын қалыптастыруды қамтамасыз етуге бағытталған. Оқу мен тәрбие үдерісі студенттің жеке тұлғасына әсер етуімен қатар, оның дүниетанымы мен көзқарасының өзгеруіне, жоғары білімді болашақ маман ретінде қажетті кәсіби сапалары мен тәжірибесін қалыптастыруын қамтамасыз етуі қажет.

*Оқыту мен тәрбие* – бұл оқытушылар мен студенттердің бірлескен іс-әрекеті. Тәрбие мен оқу әрекеті колледжде студенттердің тұлғалық, танымдық, мінез-құлықтық қасиетінің дамуының негізгі алғышарты болып саналады. Барлық ғалымдарының тұжырымдамаларында студенттердің оқу кәсіби іс-әрекетінің нәтижелі болуын оның қарым-қатынас ерекшелігімен ұштастырады. Оқу-тәрбие үдерісінде студенттер оқу-танымдық және тәрбие іс-әрекетінің субъектісі, яғни білім мазмұның меңгеруде, танымдық әрекетті жүзеге асыру жолдарында қарым-қатынастың субъективтілік сипатынан көрінеді.

*Студенттерді тәрбиелеу* – бұл тұлғалық қасиеттері мен сапаларының бағыттылығын, жеке қабілеттерін, санасын, борыш сезімін, тәртіптілігін, адамдармен қарым-қатынасын, өзін-өзі ұстауын қалыптастыру мақсатында олардың санасына және іс-әрекетіне әсер ету.

*Студенттерді оқыту* – білім, іскерлік және дағдыларды меңгеруін, кәсіби біліктілігін арттырудың мақсатты, жоспарлы іс-әрекеті болып табылады.

Білім беру ұйымдарында тәрбие және оқу іс-әрекетінің маңызын Я.А.Коменский, И.Г.Песталоций, А.Дистервиг сияқты ғалымдарының еңбектерінен бастау алып, әлеуметтік-психологиялық мазмұнын П.П.Нечаев, С.Т.Щацкий, П.П.Блонский және т.б. ғалымдарының тұжырымдамалары теориялық-әдіснамалық негіз болса, қазіргі кезде білім беру жүйесінде студенттердің оқу кәсіби іс-әрекетін ұйымдастыруға әсер ететін қарым-қатынастың маңыздылығын В.В.Давыдов, Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, Д.Б.Эльконин, И.И.Ильясов, И.А.Зимняя сияқты ғалымдарының еңбектері арқау болды.

Қазақстан ғалымдарының оқу әрекеті мен қарым-қатынастың сипатын Б.Т.Кенжебеков, К.М.Арынгазин, Қ.Б.Жарықбаев, Х.Т.Шерьяданова, С.Елеусізова, А.Р.Ерментаева, С.М.Жақыповтың зерттеулерінде сипатталады.

Білім беру ұйымдарында барлық белгіленген құрылымдық жүйелері студенттердің қарым-қатынасына тигізетін ықпалына қарамастан, оларды құруы үшін әлеуметтік психологияда жетекші фактор ретінде адам құндылығы қарастырады. Болашақ маманның жеке тұлғасы қалыптасатын бірінші және негізгі ұяшығы – студенттік топ болып табылады.

*Студенттік топ* – жас ерекшеліктері бірдей, жалпы тікелей қарым-қатынаста болатын әлеуметтік қызметімен біріктірілген, құрамы бойынша аз ғана әлеуметтік топ.

Студенттік топтың төмендегі белгілері бойынша жіктеледі:

- бірнеше адамдардың бірлескен ұйымдастығы;
- білім беру ұйымында оқу мен тәрбие алу мақсатында адамдардың бірігуі;
- ынтымақтастық, өзара көмек және жауапкершілік қатынастарының болуы;
- ортақ мүдделерінің болуы;
- жалпы құндылық бағдарларының, мінез-құлық қағидалары мен нормаларының болуы.

Оқу мен тәрбиені жүзеге асыруда екі субъект қатысады: педагог (педагогикалық міндеттерді түсінетін, әдістер мен құралдарды тандайды, студенттердің іс-әрекетіне тікелей әсер етеді және нәтижелерін тексереді) және студент (ол оны оқытады және тәрбиелейді, белсенділік пен еңjarлық танытады).

Жоғары оқу орнында оқу-тәрбие үдерісінде (студент-педагог-жоғары мектеп) тығыз өзара қарым-қатынасының маңыздылығын педагог пен студенттердің қарым-қатынасының байланыстылығы туралы төмендегі модель анықталды:

1. өзара қатынастың оқу-тәрбие үдерісінде ерекшелігі (педагогтың іс-әрекеті, студенттердің іс-әрекеті) басты мәнін сипаттау негізінде жүйеленген жоспарлы зерттеуі;
2. студенттерге ықпал ететін әлеуметтік шарттардың анықталуы;
3. студенттердің әлеуметтік ортаға және оқуға бейімделу жағдайы;
4. оқу-тәрбие үдерісінде студенттердің жағымды, өзара қарым-қатынас қалыптасуын әлеуметтік-психологиялық іс-әрекетінде топтық қатынас негізінде ұйымдастыруы;
5. топта қақтығыстардың болдырмау жолдарын анықтауға мүмкіндік беруі;
6. педагог пен студенттердің өзара қарым-қатынасының реттелуі кәсіби білімнің жандануына жағдай жасайды [1].

Оқу-тәрбие үдерісіндегі студенттердің қарым-қатынасында тек қана өзге студенттерімен қатынас жасамай, оқытушымен де тікелей байланыс жасайтынын да көруге болады. Яғни, жоғары мектепте әрбір субъект өзіне берілген міндеттері мен қызметтерін жауапты орындауы тиіс.

Студенттердің негізгі мақсаты – кәсіби даярланған, қоғамда өзінің мәртебесін алуға ықпал ететін маман болып қалыптасу. Осы тұрғыдан, білім беру саласында болашақ маман ретінде дамуына студенттің психикалық және дара тұлға ретінде қалыптасуына маңызы зор. Колледжде тек білім және оқыту деңгейлерімен емес, сондай-ақ қарым-қатынастың қарқынды дамуы, студенттердің психикалық және әлеуметтік түрде жетілуінің барлық жақтары дамиды. Демек, студенттік шақ адамның танымдық процестері мен әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері, зияткерліктің барлық түрлерінің шарықтау шегі болып табылады.

Жалпы, педагогикалық қарым-қатынас – оқытудың, дамытудың және тәрбиелеудің мақсат міндеттерін шешетін және оқытушы мен білім алушының арасындағы ақпарат алмасудың, өзара әрекеттестіктің, өзара байланыстың сипатын анықтайтын құралдар мен әдістердің жиынтығы [2].

Оқу-тәрбие үдерісінде қарым-қатынасының маңыздылығын отандық психологтары Б.Г.Ананьев, А.Б.Добрович, Я.Л.Коломинский, И.С.Кон, Г.М.Андреева, Л.А.Петровская, В.В.Столин, Н.И.Шеврандин т.б. ғалымдар зерттесе, Қазақстандық ғалымдарымыз Х.Т.Шерьязданова, Т.И.Суркова, Д.А.Исмаилова, Ж.А.Абишева, М.Есенғұлова және т.б. өз зерттеулерінде жан-жақты қарастырылған.

Біздің зерттеуіміздің нәтижелері үшін айырықша маңызды дерек болып саналатын, жоғарыдағы қарым-қатынас себептілігін анықтайтын, яғни адам санасының дұрыс қалыптастыру жолдары мен дамуындағы әлеуметтік-психологиялық мәселесін шешуде Э.Фром, К.Р.Роджерс, А.Г.Маслоу, Р.Мей, С.М.Джорд тұжырымдамалары маңызды.

Э.Фромның [3] психоаналитикалық ілімінде ересек адамның қарым-қатынас жасауындағы тәжірибесі балалық шағындағы естеліктерімен тығыз байланысты екенін дәйектеген. Демек, балалық шақта бейсаналы түрде ересектердің оған деген қатынасы санасында жатталып, кейін өсе келе оның өміріне әсер беретінін көруге болады.

А.Маслоу [4] тұжырымдамасында әлеуметтік ортада өзін толыққанды тұлға ретінде сезінуі үшін жоғары қажеттіліктерін жетілдіру, яғни өзін-өзі құрметтеу мен бағалауын жоғарылату барысында жоғары сатыға көтерілетінін анықтаған. Өзара сыйластық топ немесе отбасында бір-бірлерімен қарым-қатынас жасау деңгейіне байланысты болады.

Ал К.Роджерс пікіріңше, қоршаған ортада басқа субъектіге деген позитивті қарым-қатынас арқылы жан-жақты дамыған, толымды тұлғаны тәрбиелеуге болады деп санаған.

Отандық және Қазақстандық педагог-ғалымдарының зерттеулерінде оқу-тәрбие үдерісіндегі қарым-қатынас мәселелері туралы тұжырымдамасын талдап, зерттеу жұмысымызға арқау болды.

Х.Т.Шерьязданованың [5] еңбектерінде жүргізілген зерттеу жұмысында оқу-тәрбие үдерісінде тиімді қатынасты қалыптастырудың әлеуметтік-психологиялық тәсілдері мен құралдары туралы тұжырымдалады. Демек, оқу-тәрбие жүйесінде студенттердің өзара қарым-қатынас жасау барысында алға қарай ілгері дамымауының себебі, оқытушы тарапынан көрсететін қолдау мен құрметі тығыз шеңбер құрайды.

С.Қ.Бердібаеваның [5] тәжірибелік зерттеу жұмысында жеке тұлғаның қарым-қатынас кезіндегі кәсіби қабілеті туралы тұжырымдап, жоғары мектепте түрлі тәрбиелік іс-шараның бірлесіп өткізілуі, жолдастықтың өсуіне және бір-бірлеріне көмектесе отырып, тұлғаны жан-жақты ашылуына көп септігін тигізеді.

Б.Ә.Әмірова оқу-тәрбие үдерісінде білім алушылардың қарым-қатынас құруының негізі шарты – қазіргі әлеуметтік психологияның негізгі саласы ретінде талдайды. Ең басты фактор, тұлғаны деңгейлік және көп қырларын ашу арқылы, болашақ кәсіби маман ретінде тәрбиелеу.

С.М.Жақыповтың тұжырымы бойынша, диалог түрінде қарым-қатынас жүргізу оқыту процесін тиімді ұйымдастырудың басты шарты болып табылады.

Н.Қ.Тоқсанбаеваның еңбектерінде оқу-тәрбие үдерісінде студенттердің қарым-қатынас жасауда сөйлеу процесінің маңызы зор болмақ, өйткені бір-бірлерімен ақпарат және хабар алмасу барысында ішкі қызығушылықтары мен сезімдерін біліп, тиімді қатынас жасауға барлық ықпалын жасайды деп санаған.

Ә.Алдамұратовтың зерттеулерінде сөйлеу процесі арқылы тұлға сөз арқылы кез-келген ұғымды қабылдап, саналы түрде ой әрекетінде бейнесі, сипаты мен болмысын құрып, өз бетінше талдай бастайды. Бұл көріністері арқылы өз танымдық жүйесі бойында ой қалыптасады.

Ал Т.П.Аубакированың диссертациялық зерттеулерінде қарым-қатынастың әлеуметтік-психологиялық шарттары арқылы тұлғаның қарым-қатынасқа даярлығы кезеңін дұрыс ұйымдастыру арқылы, оның жеке тұлғалық қасиетін қарым-қатынас арқылы дамытуға болатынын тұжырымдалған.

М.Есенғұлованың тұжырымы бойынша, халықтық педагогика идеялары арқылы студенттердің қарым-қатынасын қалыптастыруы жоғары білікті маман даярлауға болатынын анықтаған. Демек, студенттердің санасына ұлттық ерекшеліктерді сипаттайтын тағылымдық мәні зор халықтық шығармалары арқылы қарым-қатынас деңгейін жоғарылатуға болады.

Отандық және Қазақстандық ғалымдарының тұжырымдамасын талдай келе, оқу-тәрбие үдерісінде студенттердің тұлға ретінде дамуы мен кәсіби қабілеттіліктерінің менгеруінде қарым-қатынастың маңыздылығына ерекше көңіл бөліп, студенттік шақтағы тек жетекші іс-әрекеті ғана емес, сонымен қатар, оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде білім, білік, дағдыларының қалыптасуының және түрлі әлеуметтік рөлге еніп, өзара бірлесіп қатынас жасауында ақпарат алмасу, түсіну, өзгелерге әлеуметтік әсер ететін бірлескен іс-әрекеті ретінде сипатталады. Демек, жоғары оқу орнында студенттердің негізгі жетекші іс-әрекеті – оқу. Оқу іс-әрекетін тәжірибеде жүзеге асырудың басты формасы – қарым-қатынас. Студенттер оқу-тәрбие үдерісінде топпен өзара ықпалдастық жасамай, дәріс, семинар, емтихан, тіпті курстық және зерттеу жұмысын қорғау – педагог пен студенттер арасындағы өзара қатынас жасау негізінде атқарылады. Топта қарым-қатынастың тиімділігі – оқу мен тәрбие және кәсіби білімнің дамуына жол ашады. Сондықтан да, жоғары оқу орны студенттерінің қарым-қатынасына тек қана топ әсер етпей, педагог пен студенттер арасындағы қарым-қатынас мәселесі де басты орын алады. Өйткені, оқу-тәрбие үдерісінде педагог пен студенттер арасындағы тығыз байланыстың маңызы зор.

Біздің пайымдауымызша, жоғары оқу орнында қарым-қатынас мәселелерін оқу-тәрбие үдерісінде қарастыру барысында студенттердің дара ерекшеліктерін зерттеп, олардың тұтастай ішкі психологиялық дербестігі мен қабілеттерін, мінез-құлықтарының, қызығушылықтары мен іс-әрекетінің өзгешеліктерін талдау арқылы осы іс-әрекеттің тұлғалық субъектілігі ретінде студенттерді әлеуметтік-психологиялық идеяларына негізделген жағымды қарым-қатынас орнатып, жеке тұлға ретінде қалыптастыруды жөн көрдік.

### Әдебиет

1. Шерьяданова Х.Т., Ермекбаева Л.К., Әбеуова Р.Н.Алибаева, М.Ә.Әмірбекова. Қарым-қатынас психологиясы. – Алматы: Отан ЖҚ, 2014 -314 бет.
2. Тұрдалиева Ш.Т. Қарым-қатынас психологиясы. Оқу құралы. Алматы,
3. ЖШС «Эверо», 2013ж., - 120 бет
4. Тұрдалиева А.Ш.Әлеуметтік психология: Оқу – әдістемелік құрал. Алматы: «Отан» баспа 2015 ж. – 106 б.
5. Дружинин В.Н. Психология. – Санкт-Петербург: 2001.
6. Әбеуова И.Ә. Әлеуметтік психология (оқу құралы). –Алматы:2001-58б.



UDC: 81'243:521.5

**FLIPPED LEARNING CLASSROOM AND ITS TYPES****Mailybayeva A.I.***M.Kh.Dulaty Taraz State University, Taraz*

The Methodology of teaching a language develops day by day. The flipped classroom as a key component of blended learning arises a great interest among teachers of English language. The technology of flipped classroom implies such organization of the educational process in which classroom activities and homework assignments are reversed. The present paper gives the overview of the flipped classroom technology and states its benefits for both teachers and students.

There are many different models of a flipped classroom. Not all methods of delivering instructional content in a flipped learning environment look the same, but there are a few common, necessary, and core components to effectively put this practice into place. The idea of a flipped classroom is a mindset, a methodology, not a mold that classrooms can be placed into. To better facilitate educators in properly implementing an effective model of the flipped classroom, the Flipped Learning Network established four pillars of flipped learning that represent key practices in this model of teaching. They use the acronym "FLIP" to give an overview of these elements:

- F: Flexible Environment
- L: Learning Culture Shift
- I: Intentional Content
- P: Professional Educators
- (Hamdan, McKnight, McKnight, & Arfstrom, 2014).

A flexible learning environment means adaptability to learning styles as well as teacher accommodations in the classroom. The classroom is manipulated to best suit the learning activities that are taking place during any given lesson. Students may be given the flexibility to choose the order and importance of their learning activities. This flexibility can also apply to the assessment and evaluation tools that the teacher uses to assess student learning.

The learning culture shift refers to the idea of the teacher's role shifting from the main source from which students receive information, to a guide. The teacher, as a guide, creates meaningful exercises and allows students to construct their own understandings during supervised, critical thinking, in class activities.

Intentional content speaks directly to teachers understanding, evaluating, and focusing on the key learning content that needs to be provided and available to the students. Once the essential material is identified, teachers decide what material can be delivered via recorded introductory lectures, and which material is best suited and can be best supported during in class activities.

Lastly, the Flipped Learning Network (2014) addressed the need for professional educators. Not only are teachers who use a flipped classroom model responsible for delivering the traditional lecture, as any other teacher is, but they are challenged and required to create meaningful, critical thinking activities to deepen students' understanding. They are shifting their classroom to a student-centered model that allows valuable face-to-face interactions to be spent creating new knowledge and understanding, not introducing new concepts and asking students to explore them on their own time.

There is no cookie cutter mold that a flipped classroom has to fit. Even though there are ineffective models of a flipped classrooms that do not allow for the pedagogy to be used to the fullest potential, there are more than one effective models that has the components necessary to be successful.

Traditional flip.

Students are assigned video lectures as homework. The purpose of this homework is to introduce or preview the information that the students will need the next day. The students watch the videos and complete any corresponding work that goes with it. The next day in class, the teacher reviews any questions the students may have and introduces the learning activity for the day. Students complete during class the work that would have been traditionally assigned as homework. In all flipped classroom models, the teacher is available to facilitate discussion, guide learning, and help students problem-solve as they work through a concept. Students are responsible for completing the learning activities by a particular due date. Students are also responsible for taking ownership of their learning by completing any and all assigned at 13 home learning exercises.

In-class flip.

The in-class flip has many of the same characteristics of the traditional flip, with the exception of students needing to complete video-watching or learning activities at home. In the in-class flip, all

learning activities, including the introductory lecture or activity, is done within the classroom. The classroom is set up into stations where groups of student work independently, collaboratively, or a combination of the two, to complete the project-based, critical thinking activities. Gonzalez (2014) stressed the importance of having a few infinite stations where the activity is never really “over” but has many possibilities and variations that can be useful for students who complete an activity early. They can use these stations as reinforcement while waiting for the rest of their group to complete the original task. The difference between the in-class flip and simple station work is the role of the teacher. The teacher is free to move between the stations to guide learning, help clear up any misconceptions, “...but never having to redeliver the lesson itself” (Gonzalez, 2014). Students that need to see the video again, or would benefit from extra time at any particular station, are able to review those stations as needed because of the necessary flexibility of a flipped classroom.

#### Mastery flip.

As identified by Bergmann and Sams (2012), the mastery flip has three main components: “Students work either in small groups or individually at an appropriate pace. The teacher formatively assesses students and gauges student understanding. Students demonstrate mastery of objectives on summative assessments. For students who do not master a given objective, remediation is provided” (p. 107). At the beginning of a course, students are given a list of learning objectives, and the activities, lectures, and assessments that go along with those objectives. Through the course of the class, students are free to complete activities in their own time. As activities are completed, students demonstrate their knowledge in the summative assessments. If their performance on those assessments meets the criteria, they are free to move on to the next set of learning objectives. If not, they complete additional learning activities until they have mastered the concept. As with any classroom model, the mastery model of a flipped classroom has its challenges. Deb Wolf, from the Sioux Falls, South Dakota, district commented “for students who had not been challenged in the classroom, this was an opportunity for them to just fly... for 15 others, it was an opportunity to take the time that they needed to move slower. And for some, self-paced became no pace (Ash, 2012. p. S7). To overcome this barrier, she allowed students to work at their own pace through the given material, but she set due dates for certain learning activities and assignments.

#### The ineffective way to flip.

Though there are multiple “correct” formats of a flipped classroom, improper procedure and implementation of flipped learning can result in failure. According to Siegle (2014), “Flipping the classroom is an easy model to get wrong. Choice is an essential component of a flipped classroom. The focus is on students’ needs” (p. 55). If lectures are recorded, assigned as “homework,” but the learning activities are not changed to suit the needs of the students, a flipped classroom cannot be effectively implemented. Teachers need to be flexible in the ways they meet the needs of their students. For many, that means evaluating and changing what they would traditionally have assigned as learning activities. An effective flipped classroom requires timely, careful preparation of learning content as well as learning activities (7 things you should know about flipped classrooms, 2012).

As discussed, there are a variety of models for flipping a classroom. However, it is important to note that not all models of flipping are appropriate for all levels or situations in education. Until students have a deep understanding of themselves, their learning style, and their motivation to attain an education, the mastery flip model is not an appropriate fit. Because of these elements, an elementary education setting is not the best vehicle for adopting a model of 22 flipped learning where the students are in complete control of the information they receive, the types of learning activities they perform, and the pace at which they complete the tasks. “The flipped classroom requires a lot of autonomous work, which may be disorienting to students who prefer to rely on the teacher as the leading source of information” (Johnson et al, 2015, p. 38). It is important for students to retain, analyze, and apply the information that is presented to them as they complete their learning activities; not simply go through a required set of motions to “get a grade.” A flipped classroom model allows students to be more aware of the type of learner they are as well as their own learning processes (Roehl et al., 2013).

Consistent and thorough modeling of how a student navigates the learning materials is essential to the success of a flipped classroom. To contain, control, and observe student interactions with the learning materials can be easily achieved through the in-class model of a flipped classroom. In implementing this model, the teacher can easily monitor how the students use the information being presented, as well as walk them through using their technology concerns.

In an elementary setting, I would suggest using the in-class flip model is the most appropriate for the age level. In high school, a traditional flipped classroom could be implemented successfully with the appropriate expectations, training, and monitoring. The teacher in a flipped classroom is responsible for many tasks: creating or finding viable, essential information to present to the students; creating or finding meaningful, creative thinking activities to enhance and demonstrate student

learning; assessing learning activities for effectiveness, misconceptions, and student learning; being available to students on a daily basis for immediate feedback, support, and enrichment. Because a flipped classroom model alters the role of the teacher and the allocation of time, teachers get greater insight regarding how students interpret and understand information (Roehl et al., 2013). Using a flipped classroom model is not an easy task. It is crucial that a teacher complete his or her own research and adapt the pedagogy in a manner that fits their classroom.

Flipping the classroom adds value to face-to-face interaction between students and educators.

Students explore contents, test their skills and collaborate. Instructors provide counsel and orientation through one-on-one support when needed.

It also establishes a dynamic context in which students can experiment to obtain results. This provides counterpoint to the traditional model, which places greater emphasis on a binary answer. It is either right or wrong.

In regards to learning, the flipped classroom focuses on mastery. Traditional education, in many ways, aims to cover subjects to test memorization.

However, even the flipped concept could end up falling behind if educators fail to incorporate new tools and technologies. For now, it's a concept worth exploring to improve the offer of our Higher Education centers.

### **Literature**

1. 7 things you should know about flipped classrooms. (2012, February 7). Retrieved February 28, 2016, from <https://net.educause.edu/ir/library/pdf/eli7081.pdf>.
2. Ash, K. (2012). Schools open doors to new E-learning rules, ideas. [Educators View 'Flipped' Model with a More Critical Eye] Education Week, 32(2), s1-s16.
3. Bergmann, J., & Sams, A. (2012). Flip your classroom: Reach every student in every class every day. Eugene, OR: International Society for Technology in Education.
4. Brame, C. J. (2012). Flipping the classroom. Vanderbilt University Center for Teaching. Retrieved from <http://cft.vanderbilt.edu/files/Flipping-the-classroom.pdf>.
5. Finkel, E. (2012). Flipping the script in K12. District Administration, 48(10), 28-30, Flipped Learning Network. (2014). The four pillars of F-L-I-P. Retrieved from [www.flippedlearning.org/definition](http://www.flippedlearning.org/definition).

ӘОЖ 008:392

## **К.КУШУБЕКОВДУН АҢГЕМЕЛЕРИНДЕГИ ТЕМАТИКАЛЫК ЖАНА ИДЕЯЛЫК ӨЗГӨЧӨЛҮКТӨР**

**Келдибекова Ж.**

*КРУИАнын Ч.Айтматов атындагы Тил жана адабият институту*

XX кылымдын 70-80-жылдар кыргыз адабиятынын “жаралуу”, “калыптануу” доорунан кийинки “өнүгүү”, башкача айтканда “өнүккөн адабият” дооруна туура келет. Бул убактагы жаңы ысымдар К.Акматов, К.Жусубалиев, К.Абдышев, О.Айтымбетов, К.Өмүркулов, Ж.Жапиев, А.Матисаков, Б.Усубалиев, К.Кушубеков ж.б.

Адабиятыбызда мезгилдин талабына ылайык коомдогу болуп жаткан ар бир урунттуу учур, типтүү көрүнүштөр, жаңылануулар жана өзгөрүүлөр жазуучунун өзгөчөлүгү, стилине ылайык чагылдырылып берилери талашсыз. Чыгармачыл изденүүдө жүргөн адам кандай болбосун өз доорунун, өзү жашап жаткан коомдун орчундуу проблемаларына кааласа, каалабаса да кайрылбай, замандын жакшы-жаман ийгилик-кемчилигине көңүл бурбай койбойт. Доордогу өзгөрүү, жаңылануу ошол мезгилдин адабиятынан көрүп, таанууга шарт түзүлөт. 70-80-жылдардагы кыргыз аңгемелеринде көбүнесе учурдун каармандарынын кесип ээлери, кызмат адамдардын жеке жашоо, кулк-мүнөзүнөн мурда коомго тийгизген таасири, пайдасы же зыяны, жасаган иши аркылуу гана баалоо басымдуулук кылгандай элес калтырат.

А чынында бул жылдары көркөм адабиятка бир канча таланттуу сүрөткерлер кошулуп, ийгиликтүү чыгармаларды жаратышкан. Мына ушундай кыргыз улуттук адабиятына кошулган күндөн тартып, абдан активдүү жана жемиштүү эмгектенген таланттуу жазуучулардын бири – Кушубеков Касым. Жазуучу аңгеме менен катар новелла жазганы менен башкалардан айырмаланып турат. Адегенде аңгеме жазуудан баштап, анан новеллага, повестке, ал эми

азыркы учурда роман жанрынын үстүндө эмгектенүүдө. Анын биринчи аңгемелер жыйнагы «Өткүн» деген ат менен 1978-жылы басылып чыккан. Кээ бир чыгармалары орус жана украин тилдеринде жарыяланган. Анын калемине таандык “Алишер”, “Өткүн”, “Үмүт”, “Ишембиге чейин”, “От, эне, сүйүү жөнүндө новелла”, “Постскриптум”, “Жомок ушинтип башталат” ж.б. чыгармалары бар.

“Өткүн” аңгемеси сюжеттик-композициялык жактан чакан. Адам менен табияттын жакындыгын, алардын “ынтымагын”, ажырагыс биримдикте экенин каармандын табиятка суктануусу, талаа менен күн менен сүйлөшүүсү аркылуу көрсөтөт. Ооба, күн – бул бийиктиктин, жарыктыктын, жаркын жашоонун символу. Жалгыздык жанына батканда, күн менен маектешүү чыгарманын башкы каарманы карыянын адатына айланган. Аңгемени окуганда улуу жазуучу Ч.Айтматовдун “Саманчынын жолу” повестиндеги Толгонай менен жер энинин диалогу эске түшөт. Автор адам менен табияттын бир бүтүндүгүн балким ушул повестке шыктанып жазгандыр. “Жер эне менен Толгонайдын, абышка менен күндүн сүйлөшүүлөрү сюжеттин өнүгүшүнө көмөктөшкөн экспозиция катары кирген. “ «Саманчынын жолу» повестинде бул диалогдон кийин окуя өнүгүп, чиеленүүгө өтөт. Диалог автордун философиялык ойлоруна сугарылып, бүткүл турпаты менен повесттин сюжеттик тканына органикалык түрдө ширелишип, чыгармада маанилүү бир эстетикалык жүктү көтөрүп жүрөт.” – деп убагында баа берилгендей, [Кушубеков К. Повесттер айланасында сөз. /Ала-Тоо, №12. – 153-бет.] чыгарма жер-энесиз, бийик эстетикалык деңгээлге жетпеген өңдүү аңгемедө да ошондой.

Карылыктын доорун жападан жалгыз өткөрүп жаткан абышканын жашоосу жайы бою кокту-коллоттордо, тоолордо чөп чабуу менен өтүп, адамдарга кызмат кылуу үчүн жаштыгын чырмаоколтонгон чөптөргө, аларды оруп-жыйноого арнаган. Ар качан чалгычылардын сап башында жүргөндүктөн, колхоз жетекчилери да ага көнүп алышкан, ансыз чөп бүтпөчүдөй сезилет. Бирок, кийинки жылдары чалгы чабык токтоп, кубаттуу техника чалгынын ордун басты. Ошондо да абышканын өнөрү талаада калбай, коңшулардын калган-каткан беде чөптөрүн чаап жүргөндүктөнбү, “чалгычы аке” атканы конгону конгон. Районго аты чыккан бардык жактан өзүн көрсөтүп, ынтымагы артып турган айыл ичинде бардыр, муун-жуну күчкө толгон, билегинде каруусу бар, иш десе ишке, аш десе ашка тойбогон боз-улан, жаш жигиттер. Кантип жок болсун? Бирок жазуучунун сүрөттөсүндө, талаа иштерине абышка катышпаса, ал жер бүтпөчүдөй берилет. Ал чөптөр бир гана ошол ал-күчтөн тайган, карыганда кемпиринен айрылып, жалгыздыктын жан сыздаткан даамын татып отурган кишини күтүшөт. Каармандын ички туюму жалгыз болсом да, “жанымда жан сергиткен жаратылыш, аткан таңым, баткан күнүм бар” дегендей түшүнүк берет. Бул тууралуу: “Өткүн” аңгемесинде адамдын өмүрү өткүн сымал символдоштурулат, карыянын акыркы күнү, Күн менен сүйлөшүүсү, адам менен табияттын катышы, деги эле бир адамдын жашоо маңызы, өмүр таржымалы аналитикалык кылдаттыкта ачылган.” [Муратов А. Эки аңгемечинин эки китеби. /Ала-Тоо. 1965. – №12, 130-бет.] – деген баалар берилген. Демек, аңгеменин идеясы – адамзат менен табияттын таттуу мамилесин бир бүтүндүктө кароо болуп саналат.

Ал эми “От, эне, сүйүү жөнүндө новелласы” башка чыгармаларына үндөш, айыл темасын эске салат. Чыгарманын башкы каарманы агайына ашык болгон – Аниса. Өспүрүмдүн жан дүйнөсү да, сүйүүсү да таза, аруу. “Сиз дайым мени мененсиз. Бассам-турсам, мектепте, үйдө, койчу кайда жүрбөйүн сиздин элесиңиз кошо жүрөт, өкүнүчтүүсү – ал элес сүйлөбөйт. Мейли сүйлөбөсүн, мени менен кошо жүрсө болду.” [Кушубеков К. Тоолорго таң эрте атат. – Ф: Кыргызстан, 1985. – 150-б.]

Иниси Черик таап алган күндөлүктө эжесинин жан кишиге айтпаган сырлары, ички-туюму айдан-ачык жазылган эле. Анисанын ойлогон оюн, жүрөгүнүн баарын ал адам ээледі. Ар бир сабак ага майрам, күндө эртеңкисин күтөт, кызык, ошол күткөн сабак кызга жаңылыктын жарчысы болчудай, сезилет негедир. Чакан аңгемедө сүйүү сезими кудум жаш баланын кадамындай там-туң баскан, али эчтекеден кабары жок, турмуштун анча-мынча илебине туруштук бере албачудай сезилген өспүрүм сүрөттөлсө да, андагы улуу сезим баарынан күчтүү, баарына баш бербеген романтикалуу маанайда берилет.

Ал кенедейинен чоң эненин тарбиясын көрүп, баарына бышкан. Энесинин көз жумганына жети жылдын жүзү болсо да, атасынан дайын жок. Эс тартканы ата-эненин жылуулугун эңсегени менен артка жолу жок. Бирок аны келечекке бир үмүт жетелегенсыйт.

Чыгармада окуялар өтө тез өнүгүп, аягында Аниса сүйүктүү агайынан алыстады.

Аңгеменин табияты ушундай эмеспи, каармандар аз кездешип, алардын турмушу кара сөздүн башка түрлөрүндөй (роман, повесть) кенен-кесир тааныштырылып, ийне-жибине чейин көрсөтүлбөстөн, үзү-кесил гана урунттуу учурлар каармандын ички ал-акыбалы, сезимдери сүрөттөлөт. Буга жогорудагы каарман Аниса мисал боло алат. Жазуучу өзүнүн каармандарын

ар кайсы коомдук жай болобу же айыл чарба кызматкери болобу, негизинен, социалдык катмардын бир бөлүгүнөн алат. Алардын сырткы келбети менен ички дүйнөсүн айкалыштырууга аракет кылат. Буга үндөш “Жол караган бала” (1985) аңгемесин да мазмундук жактан, каармандардын окшоштугу жагынан алып карасак болот. Мында да турмушка аралаша баштаган өспүрүмдүн адамдар жөнүндө түшүнүгүнүн кеңейиши, романтикалык ой-чабыты, ата-эне – бала темасы козголот.

Ал эми «Бейтааныш обон» деген новелласында чоң окуя – эң ыйык, эң бийик, эң таза сүйүүнүн аянычтуу окуясы сүрөттөлгөн. Өтө эле чакан окуя, бирок адам тагдырынын эң бир драмалуу учурун, сүйүүсүнөн айрылган аянычтуу тагдырын көрсөтүү жагынан, жакшы сюжет курулган. Мына ушундай новеллалардын болушу авторду новелла жанрда иштөө жөндөмгө ээ экендигин тастыктоодо. Буга үндөш Ж.Жапиевдин “Лилия” аңгемесин салыштырууга болот. Анда да автобустан бир көрүп сүйүп калган, Лилия аттуу кыз, жигиттин үмүтүнө шам жагып жүрүп, акыры сүйлөй албагандыктан, эки ажырым жолго түшүшөт.

Көрүнүп тургандай, К. Кушубеков адамды сүрөттөөдө бир беткей баалоочул, өз пикирин билдирүүгө барбайт, анын ордуна ички дүйнөсүнө тереңдеп кирип, реалдуу турмуштагы ар түрдүү көрүнүштөрдү кырдаалга жараша ачып көрсөтөт. Чыгармаларындагы идеялык-максаты – социалдык турмуштун оор жагдайын адамдык касиет-сапатты, жаш адамдын социалдык-нравалык жактан калыптанышын, ички-дүйнөнүн ал-абалын чеберчилик менен чагылдырганы байкалат.

Идея демекчи, буга бир мисал келтиргим келет. Авар жазуучусу Расул Гамзатов мындай дейт: “Бомбейде дайыма гүлдөп турган бир бак бар. Айлана күнгө куйкаланып, кургакчылык басып турган менен ал соолубайт да кургабайт. Көрсө, ошол бактын түбүндө, жер алдында бизге көрүнбөгөн көл бар экен, ал даракты жашартып, тамырларына суу жүгүртүп турат экен. Идея деген күркүрөп-шаркырап, көрүнгөн жакка чачырап, таштан-ташка боюн ургулап, далбактаган сууга эмес, өсүмдүктөрдүн өзөгүнө азык берип, топуракка ным жүгүртүп, көзгө көрүнбөй жаткан сууга окшош. [Гамзатов Р. Менин Дагестаным. – Б., 2005. – 448-б.]. Эң көркөм, анан да туура таамай айтылган сөз. Идея деген чыгармага дем берип, шык берип, жашоо берип турган күч.

К.Кушубековдун “Үмүт” (1985) аңгемесинде үй-бүлөө маселесине тийиштүү чакан идея жатат. Мында башкы каарман Шайыргүл ооруп, дарыланып чыккандан кийин жеңил иш деп кароолчулуктай иштейт. Аны ак дили менен аткарат. Бирок жүрөк өйүгөнү – күйөөсү ички. Башында ал Керимкулду жактырбай, Аманбекке турмушка чыккан, кийин ичип кетип, “оңолоор”, эми – деп жүрүп убакыт учту. Күйөөсү шаарга кетти. Шайыргүл андан жакшы жолго түшөт, адам болот деп үмүт этти. Бирок ал үмүтү акталбады. Мындай алып караганда, булар азыркы замандын деле каармандары. Рынок мезгилинин алкагында да, Аманбек менен Шайыргүлгө окшогон үй-бүлөөлөр жок эмес. Болуп келген, боло да берчү актуалдуу маселе экени чындык. Бул тууралуу К.Бобулов: “Эгерде жазуучунун чыгармасы эл турмушунан алынып, коомдун тагдыры менен эриш-аркак болуп турса, андай орошон жазылган көркөм чыгарма көөнүнө терең уялап, адабияттагы өзүнүн туруктуу ордун табат.” [Бобулов К. Ала-Тоо, №1. – 1968. – 50-бет.] – деген. Бул чакан, бирок идеясы терең аңгемелер окурманды ойго салат. Андагы экөөнү байлап, бири-биринен алыстатпаган сезим Шайыргүлдүн психологиялык абалынан, санааркоосунан байкалат. Канчалык ызаланып, күйөөсүнөн түнүлбөсүн, баарибир аярлоо, аны күтүү, үмүт кылуу менен жашайт. Өзүн мыжыган ызадан, чүнчүдөн жогору турган башка бир сезим жеңип бараткандай. Ал дагы эле Аманбектен түнүлбөө, ага ишенүү сезими эле. “Кеч күүгүмдө Шайыргүлдүн эрбейген карааны куурай баскан картошка огородун бойлой, али жарыгы күйө элек үйдү карай бара жатты. Жыл бою үйүн көрбөй сагынып калган адамдай ал караан шашып алган”. [Кушубеков К. Тоолорго таң эрте атат. – Фрунзе, 1985. – 167-бет.] Окурман Шайыргүлдүн чыдамкайлыгына, туруктуулугуна, күчтүү ишенимдерине ыраазы болуп, аялдын ишениминин акыбети кайтып, караңгы үйүндө сүйүүнүн, бакыттын шамы тутанып, жарыгыраак жанса экен деп тилейт, ошондой болооруна ишеним артат. Демек, жазуучу турмуштун кичинекей бир көрүнүшүнөн үй-бүлөөлүк мамилелердин абалын, жандүйнөнүн психологизмин жарата алды. Кандай болбосун, кандай турмушта жашабасын – эң башкысы адам деген атка татыктуу болуу керек деген суроону коюп, башка жазуучулардай ар кандай сүрөттөөдөн алыстап, адамдын башына түшкөн оор тагдырды чагылдырат жана дал ушундай образ, турмуш аркылуу элет адамынын баёо дүйнөсүн көрсөтүүгө жетишкен.

К.Кушубековдун бул аңгемесине ага замандаш калемгер Ж.Жапиевдин “Кечирим” (1977) аңгемесинин мазмундук жактан окшоштугу бар. Түн бир оокумда айнектен айды нуру төгүлүп, ак жарыкка толгон бөлмөдө жаш келин ары-бери басып, тынчы кеткен бир аял жүрөт. Бир

маалда ал тынчтыкты бузуп, айнек такылдайт. Көрсө күйөөсү мас абалында, бирок ал наристелүү болбогону үчүн, күйүтүнө чыдабай ошондой жолдо. Алар да үмүт менен жашайт.

“Аба улам суук тартып, ак көйнөкчөн тигини чыйрыктырат. Деги турмушун кызык кээде, бүгүн саамайынан сылап эркелетсе, эртеси эле ызалантат колун кезеп. Анан «жолуң болгур» дегинчилик кылып шылдыңдаганына не бересиң минтип”. [Ж.Жапиев. Каркыралар. – Ф.: Кыргызстан, 1977. – 25-бет.] Мында автор турмушту салыштырмалуу элестүү сүрөттөгө басым жасаса, К.Кушубеков адамдын ички акыбалын көркөм психиялуу ачып берет.

Ошондуктан аталаган чыгармалар боюнча сөз кылганда К.Кушубеков түзүлүшү жактан чакан, идеялык-тематикалык жактан карапайым адамдардын өз жашоосунун маңызын табуу аракеттерине багытталган окуяларга, каармандын ички-дүйнөсүнө көбүрөөк басым жасай тургандыгын байкадык. Ошонусу менен башка авторлордон айырмаланып турат десек болот.

#### **Адабият**

1. Бобулов К. /Ала-Тоо, №1. – 1968. – 50-бет.
2. Гамзатов Р. Менин Дагестаным. – Б., 2005. – 448-бет.
3. Жапиев Ж. Каркыралар. – Ф.: Кыргызстан, 1977. – 25-бет.
4. Муратов А. Эки аңгемечинин эки китеби. /Ала-Тоо. 1965. – №12, 130-б.
5. Кушубеков К. Тоолорго таң эрте атат. Повесть, аңгемелер. – Ф.: “Кыргызстан”. – 1985. – 134-бет.

ӨОЖ 16.31.41

### **АУДАРМАТАНУДАҒЫ РЕАЛИЯ МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ РЕАЛИЯЛАРДЫҢ ЖІКТЕЛІМІ**

**Манапбаева Ж. Ж.**

*ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы*

Қазіргі аударматану аударманы тіларалық коммуникацияның бір түрі ретінде қарастырады. Бұл коммуникация барысында бір мәдени және тілдік ортада туындаған бастапқы мәтінді алмастыратын екінші реттік мәтін пайда болады. Әрбір тілде ұлттық мәдениеттің, тарихтың, діл мен тұрмыс-салттың ерекшеліктері көрініс табады, әрі олар өзге тілде сөйлеушілерге түсініксіз болуы ықтимал. Мұндай ерекшеліктер тілдің барлық деңгейлерінде, атап айтқанда лексикалық деңгейінде де көрінеді. Ұлттық бояуы бар лексикалық бірліктердің ең тығыз қатарын реалиялар құрайды [1, 3]. Осылайша, тіл мен мәдениеттің, ділдің, тарихтың тоғысуы салдарынан белгілі бір ұлттың не этникалық топтың тарихи-мәдени сипаты бар лексикалық бірліктерінің өзге тілдерде беру проблемасы көтерілді.

Реалия сөзі латын тілінен аударғанда нақты, заттық деген ұғымды білдіріп, алғашқыда ұлттық, тарихи-мәдени заттар мен құбылыстарды білдірген. Ұлттық сипаты бар заттың не құбылыстың атауы ретінде реалия терминін аударма теориясы мен тәжірибесіне ХХ ғ. 40-жылдары А.В.Федоров енгізеді [2, 26. ХХ ғ. екінші жартысында ғалымдар реалия терминін денотаттың өзіне де, оның атауына да қолданады [3, 281], [4, 74]. Дегенмен, ұлттық бояуы бар лексикалық бірліктерді атауға басқа да терминдер қолданылды. Мәселен, «экзотизм», «экзотикалық лексика» [5, 50], «локализм», «этнографизм» [6, 104], «варваризм» [7, 137], «тұрмыстық лексика» [8, 128], «ксенизм» [9, 88]. Батыс ғалымдарының еңбектерінде «мәдени сөздер» [10, 94], «мәдени сипаты бар атаулар», «мәдениетке байланысты атаулар», «мәдениетке байланысты терминдер» секілді тіркестер кездеседі. Батыстық ғалымдар мәдениетке қатысты заттар мен құбылыстардың атауларын жалпылама қарастырса, ресейлік ғалымдар мұндай лексикалық бірліктерді жіктеуге, бөліп көрсетуге бейім. Мәселен, С.Влахов пен С.Флориннің ең танымал «Непереводимое в переводе» атты еңбегінде реалия мен өзге ұқсас терминдердің ара-жігі жан-жақты ашылады [4]. Отандық ғалымдардың еңбектерінде ресейлік әріптестердің терминдері қолданылғанымен, мәдениетке қатысты атаулардың ара-жігі ашылмаған.

Сонымен, реалия дегеніміз не? Реалияның анықтамасын тұжырымдамас бұрын, реалия ретінде не қарастырылатынын анықтап алған жөн. Ресейлік және отандық аударматанушылардың көпшілігі жоғарыда аталған болгар ғалымдары С.Влахов пен С.Флориннің анықтамасын пайдаланады. Ғалымдардың пікірінше, реалия дегеніміз белгілі бір халықтың өміріне (тұрмысына, мәдениетіне, әлеуметтік және тарихи дамуына) тән, ал өзге халықтарға жат заттарды атайтын сөздер (сөз тіркестері) [4, 47]. Бұл анықтаманы «тексеру»

үшін қазақ тіліндегі *жорға* лексикалық бірлігін алайық. *Жорға* дегеніміз адамға жайлы жүрісті жылқы. Бұл – қазақ халқының ұлттық шаруашылығы нәтижесінде туындаған лексикалық бірлік. Жүрісі жайлы жылқы түрін орыс тілінде *иноходец*, ал ағылшын тілінде *ambler* бірліктері арқылы атайды. Қазақша-орысша, қазақша-ағылшынша аударма сөздіктерінде де бұл сәйкестіктер бар. Сәйкесінше, жорға бірлігі реалияға жатпайды. Дегенмен, жылқы шаруашылығымен айналыспайтын халықтар да бар, олардың сөздік қорында жүрісі жайлы жылқыға қатысты атау жоқ. Сәйкесінше, *жорға* бірлігі реалияға айналады. Бұдан шығатын қорытынды – болгар ғалымдарының реалияға берген анықтамасы тек бір тілмен шектеледі. Біздің пікірімізше, ауларматанудағы реалия тек бір тіл шегінде емес, екі тіл шегінде анықталуы тиіс, яғни бір тіл жұбында реалия болып табылатын сөздер, екінші тіл жұбында реалия болмауы мүмкін.

С.Влахов пен С.Флориннің анықтамасында реалия ретінде сөздер мен сөз тіркестері қарастырылады. Мысалы, қазақ тіліндегі *ақ боз үй, шаңырақ, сәукеле, бөрік* секілді бірліктер – осындай реалиялардың мысалы. Дегенмен, белгілі бір халықтың тұрмысына, мәдениетіне, әлеуметтік және тарихи дамуына тән этномәдени ақпарат тек белгілі бір лексикалық бірліктер түрінде ғана емес, белгілі бір ситуация, ым-ишарат, іс-қимыл арқылы «мәтіннен тыс» берілуі мүмкін. Мәтінде қандай да бір сөз не сөз тіркесі арқылы көрініс таппағанымен, бұл ақпаратты реалия емес деп айта алмаймыз, себебі белгілі бір этномәдени семалардың бары анық. С.Влахов пен С.Флорин сөз не сөз тіркесі арқылы көрініс табатын реалияларды таза («чистые») реалиялар деп, ал мәтіннен тыс реалияларды ситуативтік реалиялар деп атайды [4]. Бұл феномен бірқатар ғалымдардың еңбектерінде психологиялық реалиялар [13], аллюзиялар [11], ассоциативтік реалиялар [12] деген терминдермен аталады.

Сонымен, реалия ретінде не қарастырылуы қажет? Жоғарыда аталған сөз не сөз тіркесі арқылы көрініс табатын «таза» реалиялардан басқа аллюзиялар, мәдени мәні бар ым-ишарат пен іс-қимылдар, қандай да бір ситуация арқылы суреттелетін әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер, ұлттық мінез-құлық ерекшеліктері, мәдени ассоциациялар мен символдар жатады. Жалпы, біздің ойымызша реалияларды таза реалиялар (немесе жай ғана реалиялар) және метареалиялар деп атау орынды.

«Функция» - деген термин мемлекет және құқық теориясында кеңінен пайдаланылады және ол мемлекеттің не және қалай жасау керектігін түсіндіріп болжайды. «Функция» - деген терминді қазақша сөздіктерде қызмет деп те атайды. Бұл термин тек қана заңи немесе саяси ұғым емес, басқа да қоғамтану ұғымдары сияқты, ол өз бастауын физика мен математика ғылымдарынан алады. Оның мағынасы бір ауыспалы көлемнің екінші бір ауыспалы көлемге тәуелділігін анықтайды.

Латын тілінен аударғанда функция - «function» - орындау, жасау дегенді білдіреді. Философия сөздіктерінде функция – бұл екі топтың не объектінің қатынасы арқылы біреуінің қозғалуы, екіншісінің қозғалуына әкеліп соқтыратын, белгілі бір қатынас жүйесінде объектінің сыртқы көрінісін айқындайтын түсінік.

Мемлекет функциясы – деген ұғым маркстік-лениндік мемлекет және құқық теориясында кеңінен қалыптасып, қолданыла бастады. Бұл теорияда мемлекет ұғымынан оның таптық мәнін көруге болатын еді. Осы кезде «мемлекет қызметінің бағыты, заты мен мазмұны, оның жүйесінің құрылымдық бөліктері, мемлекеттің таптық мәні мен мемлекеттің нысанына тәуелді өзгерілсе, онда ол жерде функция - деген ұғым қажет» - деген ереже қалыптасқан. Мұндай ережелер кеңінен социалистік мемлекеттердің қызметін анықтау үшін, оның социализмді құруға басты қару болу үшін, қанаушы таптарды басу үшін, ұлттық шаруашылықты ұйымдастыру үшін, ұлттық – бостандық қозғалыстарын қолдау үшін қолданылды.

Мемлекет және құқық теориясының қазіргі дамуы, мемлекет қызметіне функционалдық көзқарастың қалыптасуымен ұштасты. Мемлекеттің таптық сипатының қатандығы, мемлекеттің әлеуметтік тағайыны мен мәні кең өріс алып, тереңдетілуімен алмастырылды, соның нәтижесінде мемлекеттің ролі мен қызметі өзгере бастады.

Функцияның мәні тек мемлекетке ғана емес, сонымен бірге қоғамға да әсері зор болып табылады. Барлық заң әдебиеттерде мемлекеттің функциясын – мемлекеттің мәні мен әлеуметтік тағайынын білдіретін, қоғамды басқарудағы мемлекеттің мақсат-міндеттерін баяндайтын, мемлекеттің негізгі ішкі және сыртқы қызметінің бағыттары деп атайды.

Мемлекеттің функциясы бір жерде тұрмайды, олар әрқашанда жылжымалы сипатта болады, әрі олар үнемі қозғалыста болып өзгеріп отырады. Мемлекеттің функциясы әртүрлі тарихи типтерде қалыптасуына қарамастан өзіне тән ерекшеліктермен, заңдылықтармен дамиды.

Бүгінгі таңда мемлекеттің басты қызметтерінің бірі – адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету болып табылады. Бұл дамыған демократиялық мемлекеттің негізгі белгісі болып табылады.

Мемлекет функциясының топтастырылуына келсек:

Социалистік мемлекет теориясында мемлекет функциясының мынадай түрлері болған: шаруашылық – ұйымдастырушылық; мәдени-тәрбиелік; еңбек шарты мен қанағат шартын реттеу; социалистік меншікті, социалистік құқықтық тәртіпті; азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын; табиғатты қорғау; әлеуметтік қызмет көрсету; басқа социалистік мемлекеттермен қарым-қатынас жасау, дамушы мемлекеттерге көмектесу және т.б.

Тоталитарлық режимдегі социалистік қоғамда мемлекет бір партия басшылығымен барлық қатынастарды реттеп отырды. Мемлекет – коммунистік қоғам құратын негізгі құрал деп түсінілген, сонымен қатар бұл кезең қатаң идеологияны ұстанды. Бүгінгі таңда мемлекет функциясын зерттеуде бұл процесстер ескіріп қалды.

Орыс ғалымдары мемлекет функциясын топтастырылуын келесідей бөледі: біреулері экономикалық, саяси, әлеуметтік, идеологиялық деп бөледі; екіншілері заң шығарушы, атқарушы және соттық функция деп бөледі;

Отандық заңгер – ғалымдардың мемлекет функциясын топтастыруы мынадай болып келеді: мемлекет функциясы пайда болуына қарай: таптық және қоғам қажеттіліктерінен; бағытына қарай: ішкі және сыртқы болып; әрекет ету ұзақтығы бойынша: тұрақты және уақытша болып; маңыздылығына қарай: негізгі және қосымша болып бөлінеді. Сонымен қатар академик М.Т. Баймаханов мемлекеттің негізгі және қосымша, жеке және өзара тектес, құқықтық нысанға ие және ие емес, жалпылама, ұжымдық және жекелік және т.б. түрлерін атайды. Ғалым сонымен бірге мемлекеттің полифункционалдық қызметін де атап көрсетеді.

Бұдан басқа мемлекеттің ұйымдастырушылық, басқарушылық, реттеу және қорғау қызметтері де бар. Мемлекет функциясының топтастырылуының ішіндегі ең маңыздысы ішкі мен сыртқы деп бөлінуі.

Қазіргі кезде көп құқықтанушылардың ойлары бойынша бүгінгі заман мемлекеттері үшін ішкі қызметтің белгілері мынадай болып келеді: экономикалық және әлеуметтік қызметі; ғылым мен білімді дамыту қызметі; салық салу және салық жинау қызметі; азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау қызметі; экологиялық қызмет; құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету қызметі; меншік нысандарын қорғау қызметі. Сыртқы қатынастарда мынадай қызмет түрлері бар: әлемдік экономикалық ынтымақтастық; елді қорғау; әлемдік құқықтық тәртіпті ұстану; қазіргі заманның келелі мәселелерін шешуде басқа мемлекеттермен қатынасқа түсу (демографиялық, экологиялық, энергетикалық, терроризммен күресу және т.б.) қызметтері болып келеді.

Қазіргі замандағы мемлекет қызметінің дамуының негізгі бағыты – олардың өзара өзгеруінде. Мемлекет функциясының даму барысында әрбір қызметтің ауқымы, көлемі бірде көбейеді, бірде қысқартылады. Сонымен қатар оның сипаты, құрылымы, жүзеге асыру нысаны мен тәсілі, нақты бағыттылығы да өзгеріп отырады.

### **Әдебиет**

1. Сапарғалиев Ғ.С., Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы. Астана. Фолиант баспасы. 2007 ж.
2. Матузов Н.И., Малько А.В. Теория государства и права. Курс лекции. Юристъ. Москва. 1997г.
3. Баймаханов М.Т. К разработке современной концепции функции государства // Правовая реформа в Казахстане № 4(12) 2001. с. 3-7.
4. Лазарев В.К. Общая теория права и государства. Москва. 1996г. С.283

ӘОЖ 173. 5

## **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗІРГІ ДІНИ АХУАЛ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Мырзахмет Ғ.К.**

*М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз*

Қандай заманда болмасын дін мәселелері қоғам мен мемлекет үшін өте маңызды күрделі мәселелердің бірі болып табылған. Кеңестік идеология құлағаннан кейін діннің қоғамдағы орны және атқаратын қызметі түбірлі өзгеріске ұшыраған. Қазіргі уақытта дін қоғамның әлеуметтік және рухани өмірінің маңызды құрамы болып отыр. Дін арқылы адамдар өздерінің дәстүрлі құндылықтарын қайта жаңғыртуға талпыныс жасауап келеді.

Біздің дүниетанымымыздағы «дін мәселесі» халқымыздың рухани мұра жүйесінде оның ертедегі дүниетанымдық ойлау элементтерінен бастап, қазіргі заманғы толысқан дүниетанымдық теориясын түгелдей қамтитын ұзақ та жемісті жолдардан өтіп, әлі де зерттеліп қарастырылып келеді. Оның бағыттары ретінде қарапайым да тұрпайы-диалектикалық ойларды, дүниеге шынайы түрдегі көзқарасты, дінді тану және басқа да еркін ойлау процестерін, адамгершілік мәселелері мен адам туралы ілімдерді, күш көрсетпеу идеясы және

оның күш көрсету саясатына қарсы бағыттарды насихаттау, тағы басқа мәселелері болды. Діннің адамзат тарихында алар орны бар, діни санасы болмаған халық жоқ. Сонымен бірге дінге деген көзқарастар да әр дәуірде, әр қоғамда әрқилы болып келген. Ол дами келе адамның танымын, сенімін қалыптастыратын күшке айналды. Діни ұстанымдар негізінде қалыптасқан сенім адамның қоршаған ортамен, басқа адамдармен, қоғаммен қарым-қатынасына әсер етті. Сол сеніммен адам әлемді таныды, өмір жолын таңдады, мінезін, ойын, дағдысын қалыптастырды. Жалпы адамзат тарихына көз салсақ, діннің шешуші рөлі бар екенін ешкім жоққа шығара алмайды. Сондықтан дін дегеннің не екенін, оның қысқаша тарихын танып білу әрбір студент жасқа қажет. Егемен ел атанған мемлекеттің азаматтары үшін бұл қажеттіліктің өзіндік ерекшеліктері бар. Сол себепті, қазіргі таңда студент жастардың дінге қатынасы көкейкесті мәселеге айналууда. Тарихи жадыға тиеселі адамзат тарихының өн бойына көз жүгіртер болсақ, онда діндарлықтың адамзат тарихын басынан аяғына дейін толық қамтып жатқандығын көреміз. Діннің халықтар өміріндегі алатын орнының зорлығы соншалықты діндердің негізін түсінбей жатып сол діндерді ұстанатын халықтардың мәдениеті туралы толық көзқарас қалыптастыру мүмкін емес. Дінді сипаттау оңай жұмыс емес.

Біздің мемлекетіміз – Тәуелсіз, зайырлы мемлекет, яғни қай дінді қабылдаймын десең, өз еркің. Қазір әлемдік үш дін – Ислам, Христиан, Будда діндері бар. Сондықтан әлемдегі танымал Ислам, Буддизм, Христиан діндеріне қысқаша тоқталып, оның пайдасы мен зияны туралы айтып өтетін боламыз.

Ислам діні – Ислам дінін қуана қуана қабылдаған әртүрлі ұлттың, елдің әр саладағы адамдардың Ислам діні туралы айтқан осы шын жүректен шыққан керемет сөздерін оқыған кезде адам мұсылман болғанына қаншалықты шүкіршілік етіп, дінін мақтаныш тұтады! Адамдар өздері үйренген және қалыпты деп санаған көптеген нәрселерді өзгелердің қатты ұнатуына таң қалады. Бір Аллаһқа сену, бауырлық, жылы жүзділік, дұрыстық, мейірімділік, қонақжайлылық, отанын сүюшілік, дінін, иманын, намысын қорғау үшін жанкештік сияқты қасиеттер арқылы Ислам ешқандай үгіт жұмыстарын жүргізбей-ақ, христиан миссионерлері бағынышты болған бай ұйымдар жасап жүргеніндей мол қаржы жұмсамай-ақ адамдардың жүрегінен орын алуда. Ислам дінінде жаман ойлар, зиянды әрекеттер жоқ. Исламды жеке бас пайдасына, саясаттарына, жаман идеологияларына құрал етуді көздеген мұнафықтар мен бидғатшылар кездеседі, яғни иманы дұрыс топтан болған шынайы мұсылман адам олардың құралы болмайды. Олардың алдауымен дұрыс иманынан айрылмайды. Мұсылман қай діндегі адам болса да, ешкімнің құқығын таптамайды. Пайғамбарымыз (алейһиссалам) хабар берген жетпіс екі қате топтың бірін ұстанған адам адасушы болып саналады. Әһли сүннет сенімінде болған шынайы мұсылман–бесуақыт намаз оқитын, тап-таза адам. Ислам діндес бауырына әзілдеп болса да қару кезенуді харам еткен. Аллаһу та аланың барлық нығметіне бөленген, жақсы климат, мол су, бай пайдалы қазбалар, көзімен әлемде теңдесі болмаған. Қазақстанымыз Әһли сүннет сенімінде болған шынайы мұсылмандарға мұқтаж. Тек осы шынайы мұсылмандар ғана бірігіп, бір-бірін құрметтеп, қорғап, қолдап, мұсылман деген атты жамылған бидғатшылар мен Ислам дұшпандарының адасқан, қате үгіттерін жоққа шығарып, үздіксіз еңбектену арқылы жиырмасыншы ғасырдың ғылымы мен технологиясын меңгеріп, тіпті одан да асып түсіп, осы қасиетті Отанды лайықты дәрежеге көтере алды. Жалпы ислам діні пайда болуы, Араб әріптері көптеген жаңалықтар, білімдер әкелді. Кейіннен осы ислам дінін бұрмалаушылық салдарынан көптеген ағымдар көбейді. Қазіргі таңда ғаламтор желісі немесе ТВ жаңалықтарынан көріп жатырмыз мұсылмандар өздерімен қырылып, өлтіріп жатқандары.

Қазіргі кезде Исламға «изм», «террор» деген жағымсыз айдар тағылуда. Жалпы, экстремизм дегенді қалай түсінеміз? Экстремизм дегеніміз – латын сөзі. Ол «шеттеу», «өз пікірімен әрекет жасау» дегенді білдіреді. Олар өздерін таза, дұрыс санап, өзгелерді адасушыларға жатқызады. Тура жол көрсеткендерді мойындамайды. Олар Ислам дінінің талаптарына үстірт қарайды. Көпшіліктің жүйкесіне тиіп, алаңдату, күмән келтіру арқылы пікір қайшылықтарына барады. Көп ілім үйрену зиян деп есептейді.

Дінге аса қатты беріліп, ішіндегі ағымдарға кіріп кетпеуді ойласақ болашағымыз жарқын болады, немқұрайлы қарасақ болашаққа жол жоқ болып есептелінеді. Қазіргі кезде ағымдар дінді бүркеніп терроризмді күшейткен. Олар өздерін Алла үшін құрбандық қылсақ, жұмақта Аллаһның рақымшылығына бөленеміз деп ойлайды. Бұл дұрыс емес.

Буддизм діні - (санскритше –buddha dharma Будданың ілімі) дүниежүзіне кеңінен таралған негізгі 3 діннің бірі. Б.з.б. V-VI Үндістанның бүгінгі Бихар жерінде пайда болды.

Буддизмнің негізін салушы Сиддхарта Гаутама деп есептеледі. Буддизм басқа ілім-танымдарды бойына оңай сіңірді және оның негізгі қағидасы жан иесіне жамандық жасамау болғандықтан, жер жүзіне соғыссыз тарады. Қазіргі кезде Буддизм дінін 1 млрдқа жуық адам ұстанады. Буддалық діни ілім көзқарастардың күрделі жүйесі болып табылады. Бұл діннің шығармалар жинағы "Трипитакада" ("Үш себет") баяндалған. Буддизмнің уағыздарының өзіне тән ерекшеліктері бар. Буддизмде дүниені жаратушы құдай жайындағы идея айтылмайды. Буддизм фәни өмірдің азаптары - ауру, кәрілік, өлімнен құтылу жолын іздейді. Ол өмірдің қасіреті - нәпсінің тілегіне байланысты деді. Адамның денесі уақытша өмір сүреді. Ал нәпсі қанағатсыз тілегімен, өлімнің қорқынышымен ылғи бейнет туғызады. Сондықтан нәпсінің тілегінен құтылу керек.

Христиан діні – әлемдегі ең көп тараған діндердің бірі, қазіргі таңда оның 2 миллиардқа жуық ұстанушылары бар. Христиандық православие, католицизм, протестанттық болып үш негізгі бағытқа жіктеледі. “Христос” сөзі грек тілінен алынған, миссия, құтқарушы деп аударылады. Көне Өсиетте Иисус Христос болашақта Израиль жеріне келіп, ол жердегі халықты қиыншылықтан құтқаратын, әділеттілікті орнататын пайғамбар ретінде сипатталады. Бұл дін біздің дәуіріміздің I ғасырында Помпей шапқыншылығынан кейін Рим империясының құрамына кірген Палестинада пайда болды. Палестинаның, әсіресе, оның орталық бөлігі – Самария тұрғындарының этностық құрамы әртүрлі еді. Бұл жерлерге қоныс аударғандар мұнда өз мәдениеттері мен нанымдарының белгілерін ала келді. Вавилон, парсы, македон басқыншылығын (б.д.б. VI-II ғғ.) және жат елдік Птоломейлер мен Селеквидтер әулеттерінің билігін бастан кешірген палестиналық еврейлер аз уақытқа саяси тәуелсіздікке қол жеткізеді. Б.д.б. 140 жылдан бастап тәуелсіз Иудеяны маккавей (хасмоней) әулетінің алғашқы священник-патшалары билейді. Олар ел аумағын ұлғайтумен қатар тұрғындарға иудей дінін қабылдатуға белсенді атсалысады.

Адамның бойындағы ең басты қасиет - ол таным және сенім. Заң талаптарына сәйкес білім беру орындарында хиджабқа тиым салынған. Бұл білім беру жүйесін діннен бөлу деген сөз емес. Өйткені, мұндай талап кімнің болсын, қай дінге сенгендігіне қарамастан, еліміздегі барлық студенттерге бірдей қойылады. Ағымға ерген азаматтардың тиісті медициналық тіркеуден, тіпті екпе егуден бас тартуы, басқа ағымға ерген жастарымыздың оқуларын тастап кетуі, жас ұл - қыздардың музыка тыңдау – «харам» деп, мемлекеттік Әнұранды тыңдамау, кеудеге қол қоймау, туға құрмет көрсетпеу, "жер бетінде шекара болмауы керек" деп, Отан қорғаудан қашып, әскери борышты өтемеу және дұрыс деген бағыттағы уағыздар жүргізуі түрлі діннің ағымында кеткендердің ұлттық әдет-ғұрып, салт-сананы естен шығаруының айғағы болса керек. Айта кетерлік нәрсе, жат пиғылды ағымдардың жетегінде кеткен жастардың, жалпы адамдардың қоғамға қайта оралуы өте қиын, тіпті кейде мүмкін де емес. Өйткені оларды Отан, отбасы, бірлік сынды қасиетті ұғымдар толғандырмайды. Санасы уланғандар тек көсемдері айтқанды екі етпай орындайтын сарбаздарға айналғанын өздері де түсінбейді. Сондықтан, жастардың рухани-танымдық жан дүниесін байыту және тәрбиелеу үзіліссіз, жүйелі жүргізілгені дұрыс. Қоғамның діни өмірінің өзіндік ерекшеліктерін жастарға жеткізіп отыру қажет. Кез-келген мемлекеттің болашағы жастардың мәдени дамуы мен біліміне байланысты болады. Сондықтан, қоғамда тұтас халықпен, соның ішінде жастардың діни білімдерін үнемі арттырып, дұрыс бағыт-бағдар беру бүгінгі күннің негізгі мәселесі болып қала береді.

### Әдебиет

1. // Ақ жол 27.02.2014 ж. Сапарғали Ә. Ислам-имандылық ұйытқысы 5 б.
2. Қызықты психология № 1, 2013 ж. Ермек Нұрым Оқушының бойындағы діни білімін педагогика және психология факторы арқылы тәрбиелеу 9-10 б.
3. //Арай Досалы Е. Әр адам қоғамға пайдасын тигізе алады №9 27.02.2014ж.
4. // Егемен Қазақстан Мекежанов Б. Қазақстандағы ислам: мәселелер мен шешу жолдары 24.10.2013ж.
5. // Иман Шариф Қ.Л. Діни экстремизм – ақиқат діннің жауы №44 31.10.2012ж.

ӘОЖ 16.01.07

**АЛАШ АМАНАТЫН АРҚАЛАҒАН ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ «АБАЙ ЖОЛЫ»**  
(«Абай жолы» роман-эпопеясы бойынша қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде  
салыстырмалы талдау)

**Набидуллин А.С.**

*Абай атындағы Қазақ Ұлттық педогогикалық университеті, Алматы*

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Назарбаевтың жүзеге асырудағы ішкі және сыртқы саясатындағы маңызды тармақтардың бірі – қазақ мәдениеті мен әдебиетінің озық үлгілерін әлемдік қауымдастыққа таныту, өз еліміздің көрнекті өкілдерін кеңінен насихаттау. Осы мақсатты жүзеге асырудағы «Мәдени мұра» бағдарламасының шеңберінде маңызды іс-шаралар атқарылып, зерттеулер жүргізілуде. Осы тұрғыдан әр ұлт қаншама ғасыр өтсе де өзінің ұлы тұлғасын дәріптеуде, соның бірі Абай Құнанбайұлы. **Сол Абайдың ұлылығы мен данагөйлігін ашқан Мұхтар Әуезов те өткен ғасырдағы қазақ әдебиетінің алыбы.**

Мұхтар Омарханұлы Әуезов қазақ өркениетінің жаңа болмысын ашқан жазушы, ғалым, ұстаз, драматург, сыншы. Ол өзінің жан дүниесін бойлаған ұлы мақсаттарды бірте-бірте жүзеге асырды. Ол жазушылық һәм ғалымдық жол еді. Осы жол Мұхтар Омарханұлын азапты жолға апарды, әлем мойындаған қаламгерлердің сапына қосты, академиктік дәрежеге, Лениндік сыйлыққа, халықтық жазушы деңгейіне көтерді. Ал халық жадына енген адамды уақыт та, заман да, қоғам да тарихтан сызып тастай алмайды. Бірақ осындай халық махаббатына жету үшін Мұхтар Әуезов «тар жол, тайғақ кешулерден», жабыла қапқан аш бөрі сыншылардан, екіжүзді саясаттың, ауыр идеологияның қанды қақпанынан өтті. Абай Мұхтарды әдебиеттің шыңына көтерді, Мұхтар Абайды әлемге танытты. Бұл – ақиқат. Осылай Абайды тану арқылы Мұхтар Әуезов қазақ әдебиетінің классигі дәрежесіне көтерілді [1, 1].

М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын қазақ ұлтына тән танымның, қазақ ұлтының мәдени қайнар көзі ретінде насихаттау да өз кезегінде үлкен маңызға ие болды. Сондай-ақ Тұңғыш Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасының тағы бір өзегіне айналған «ұлттық кодтың» басты тіні, ұлттың күллі қастерлі ұғымдарын, қасиеттерін бойына жиған өзегі – ұлт тілі мен ұлттық әдебиет. Қазақтың ұлттық әдебиеті мен ұлттық әдеби тілінің басында – М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы тұр десек қателеспейміз.

Алаш аманатын арқалаған Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын жан-жақты зерделеп түптеп келгенде Мәңгілік елдің мәңгілігін танытатын айшықты нысан ретінде тану болып шығады.

Осы тұрғыда тілтанымның ауқымды саласы – аударматану ғылымындағы түпнұсқа тілі мен аударма тілдері арасындағы күрделі ұғымдардың бірі – сәйкестік категориясы. «Абай жолы» роман-эпопеясындағы жалпы сәйкестіктерді анықтау мәселесі, көп жағдайда шет тілдеріне аударуда орыс тілі дәнекер тіл қызметін атқаратындықтан, аударматану ғылымында өзекті болып табылады.

Аударма үдерісіндегі балама табуда қолданылатын сәйкестіктердің бірі – функционалды сәйкестіктер. Бұл түпнұсқа тілді тұтынушы негізгі халықтың, ұлттың дүниетанымдық ерекшелігімен байланысты. Аударма тілін тұтынатын негізгі халық пен түпнұсқа тілін тұтынушы негізгі халықтың танымы арасында айтарлықтай ерекшелік болған жағдайда, аудармада функционалды сәйкестіктер балама ретінде алынады. Бұған бірнеше мысалдар келтіруге болады.

«Қоңыр – коричневый – brown» түстің функционалды сәйкестігіне мысал келтіріп өтсек.

Түпнұсқада: *Бөктер желі таңертең әрдайым Шыңғыс аса соғатын қоңыр салқын күйінде* [2, 28].

Орыс тіліндегі аудармасы: *Утренний ветер, пробегающий по склонам Чингиза с горного перевала, как всегда, прохладен* [3, 19].

Ағылшын тіліндегі аудармасы: *Chill as ever, the morning breeze from the mountain pass tempered the heat and refreshed everything it touched* [4, 46].

Немесе түпнұсқада: *Қарсылай соққан қоңыр жел былтырдан қалған сар көденің басын изетіп, бұралып ессе, Абай тымағын алып, маңдайын төсеп, ұзақ тұрады* [2, 170].



Орыс тіліндегі аудармасы: *Когда прохладный ветер, колебля высохшие травинки, дул ему навстречу, Абай снимал свой малахай и, стоя на месте, с наслаждением вдыхал свежий аромат* [3, 193].

Ағылшын тіліндегі аудармасы: *When the cool breezes bowed the grass before him, Abai would bare his head and take deep breathes of the fragrant air* [4, 187].

Қазақ танымында табиғат құбылыстарының ішінде желдің баяулығын, ауаның тазалығын, жалпы табиғаттың адам жанына рахат сыйлайтын сипатын беруде *қоңыр* түсінің алатын орны ерекше. Бұл қазақ тіліндегі ерекшелік ағылшын және орыс тілдерінде сәйкес келмейді. Себебі бұл ретте *қоңыр* желдің түсін емес ауыспалы мағынада сипатын беріп тұрғандықтан, басқа тілге аударуда сол тілдегі танымға сәйкес түс атауы қолданылмайды. Сондықтан да келтірілген бірінші мысалдағы *қоңыр салқын жел* мен оның орыс тіліндегі аудармасы – *похладно* және ағылшын тіліндегі аудармасы – *chill*, екінші мысалдағы *қоңыр жел - прохладный ветер - cool breezes* – функционалды сәйкестіктер болып табылады.

«Көк– голубой, синий – blue». Түпнұсқада: *Кәрі анасының қазіргі жүзі көкшіл сұрғылт тартса да, бүртүрлі бір зор тыныштыққа жеткен тәрізді* [2, 236].

Орыс тіліндегі аудармасы: *Лицо старой бабушки покрылось едва заметной смертной синевой, но все же казалось просветленным и невыразимо спокойным, как будто бы смерть и не наложила на него своей мучительной руки* [3, 257].

Ағылшын тіліндегі аудармасы: *The features of his grandmother had now taken on a deathly hue and yet she seemed as bright and serene as ever, as though death had not laid its hand upon her, as if Zereh had at last achieved a cherished desire and had become the embodiment of tranquillity* [4, 247].

Бұл мысалдағы *көкшіл сұрғылт жүз* өлім аузында жатқан адамның бейнесін суреттеу үшін жұмсалып отыр. Бұл жерде *көкшіл сұрғылт* дәл түсін беріп тұрған жоқ. Аудармада адам жүзінің осындай бейнесін түсіндіріп беру мақсатында орыс тілінде *смертной синевой*, ал ағылшын тілінде *deathly hue* баламасы таңдалған. *Deathly hue* – смертельный оттенок [82]. Сондықтан да келтірілген мысалдағы *көкшіл сұрғылт – смертный - deathly* – функционалды сәйкестіктер болып табылады.

«Қызыл – красный – red». Түпнұсқада: *Бұрын топ-толық, қызыл шырайлы, қарақат көзді Кәмшат, қазір сатқақ ұрғандай арықтап, құп-қу шөлмектей боп қалыпты* [2, 128].

Орыс тіліндегі аудармасы: *Румяная, полненькая Камшат теперь высохла и побледнела, как после тяжелой болезни* [3, 152].

Ағылшын тіліндегі аудармасы: *The once rosy and chubby Kamshat was thin and pale as after a long illness, and her arms and legs were incredibly thin.* [4, 150].

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «*шырай - адамның көркі, бет ажары.*» [2, 75]. Ал қазақша-орысша сөздікте *қызыл шырай – с румяным миловидным лицом* [3, 78]. Бірақ ағылшын тіліндегі аудармада таңдалған *rosy* деген түс орыс тілінде *розовый*, қазақ тілінде *алқызыл, қызғылт* деген, яғни *қызылға жақын, ашық түсті қызыл* дегенді білдіреді. Сондықтан да бұл ретте түсті дәл бермесе де, сипаттап беру бар. Демек *қызыл шырайлы – rosy* функционалды сәйкестіктер болап саналады.

«Жасыл – зеленый – green». Түпнұсқада: *Ашық түсті бояулары да, ұсақ шебер өрнектері де үйдің ішіне қызыл, жасыл көрік беріп тұр* [2, 181].

Орыс тіліндегі аудармасы: *Яркие краски тканей делали юрту необыкновенные нарядный* [3, 205].

Ағылшын тіліндегі аудармасы: *The framework however, was concealed by rich silken draperies and ornate carpets, and the vivid colours of many fabrics lent the dwelling a festive elegance* [4, 201].

Берілген мысалдағы үй ішінің әдемілігін, сол әдемілікті құрап тұрған түстердің үйлесімділігін беруде *қызыл* және *жасыл* түсті қатар қолданып тұр. Аудармада осы түстердің үйлесімділігі орыс тілінде *необыкновенный нарядный* тіркесі арқылы берілсе, ал ағылшын тілінде *vivid colours*, яғни *жарқын түстер* тіркесі балама ретінде алынған. Бұл ретте *қызыл* және *жасыл* түстерінің негізгі қызметі *vivid colours* тіркесі арқылы берілгендіктен, бұлар функционалды сәйкестіктер болып саналады.

«Сұр – серый – grey». Түпнұсқада: *Үй ішінде, төсек алдында ұршық иіріп үлкен қара сұр қатын отыр* [2, 128].

Орыс тіліндегі аудармасы: *У кровати сидела за прялкой крупная смуглая женщина* [3, 152].

Ағылшын тіліндегі аудармасы: *A large swarthy woman sat at a spinning-wheel by the bed* [4, 150].

Қазақ тілінде адамды суреттеуде жиі қолданылатын түстердің бірі – *сұр* түс. *Сұр* түстің орыс тілінде де, ағылшын тілінде де абсолютті сәйкестіктері бар (*серый – grey*). Ал адамға қатысты айтылғанда аудармада орыс тілінде *смуглый* сын есімі жиі пайдаланылса, ағылшын тілінде *swarthy* сын есімі қолданылады. Бұл ретте *сұр* тура мағынасында болса да, адамның терісінің түсіне байланысты болғандықтан және ол таза *сұр* түс болмағандықтан, аударма тілінде танымға сәйкес сипаттау әдісі арқылы беріледі. Оның үстіне келтірілген мысалда *сұр* түстің алдында *қара* түс қатар келгендігінен оның таза түс емес екендігі, *қара* мен *сұры* бар, қою түс екендігін бірден аңғаруға болады. Сондықтан да *қара сұр – смуглый – swarthy* функционалды сәйкестіктер болып саналады.

Демек, М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының дәнекер тіл – орыс тілі арқылы аударылған ағылшын тіліндегі нұсқасында түр-түс атауларының барлық кезде тек абсолютті сәйкестіктер арқылы ғана емес, қазақ танымының ерекшелігі өзге тілдерде сипаттау әдісі арқылы, яғни функционалды сәйкестіктердің көмегімен аударылатынына көз жеткіздік.

Сонымен қатар «Абай жолының» ағылшын тіліндегі аудармасында түр-түс атауларының түсірілуі жиі кездесіп отырады. Оның себептері қазақ тіліндегі түр-түс атауларының концептосферасына байланысты. Осымен байланысты «Абай жолының» ағылшын тіліндегі аудармасында түсіріп тастау трансформациясы молынан ұшырасады.

Мысалы, түпнұсқада: *Шай құйып отырған Манастың келіншегі, әсіресе ырза болды білем, қыл-қызыл боп, қатты күліп жіберіп, Абайға жалт етіп қарап, тамсанып қойды* [2, 108].

Орыс тіліндегі аудармасы: *Жена Манаса, разливавшая чай, даже причмекнула языком от удовольствия и засмеялась, бросив восхищенный взгляд на Абая* [3, 133].

Ағылшын тіліндегі аудармасы: *Manas's wife, who was pouring the tea, clicked her tongue and glanced (тамсану емес, ренжіген кейінде қарау боп өзгеріп кетеді) at him with pleasure* [4, 127].

Менің ұсынар вариантым: *Manas's wife, who was pouring the tea, clicked her tongue and took a look with a pleasure in her eyes.*

Немесе түпнұсқада: *Тәкежанның қанжығасында бір сары ала қаз, екі үйрек бар екен* [2, 140].

Орыс тіліндегі аудармасы: *В тороках у Такежана висели пестрая варнавка и две утки* [3, 12].

Ағылшын тіліндегі аудармасы: *Two wild ducks hung from his saddle* [4, 160].

Менің ұсынар вариантым: *A ruddy shelduck and two wild ducks hung from his saddle.*

*Біріншіден, Қанжыға – saddle* бір нәрсе байлау, бөктеру үшін ердің арт жағына өткізілетін қайыс таспа. *Торока* – бұл орыс халқында аңшылық кезінде қанжығаның қызметін атқаратын зат, бұйым. Алайда *қанжыға* мен *тороканың* айырмашылығы олардың формасында, ал ұқсастығы атқаратын қызметінде. Аудармашы қанжығаның толық мағынасын қамту үшін оның функционалдық жағынан мән берген. Бұл ретте *қанжыға* қазақы танымға сай, ұлттық бояуы бар ұғым, түсінік екенін аңғаруға болады. Сондықтан қанжығаның абсолютті баламасы жоқ.

*Екіншіден, ағылшын тіліндегі аудармада түстің атауы түсірілген, бұл ағылшын ұлтының танымында қаздың түсіне қатысты айрықша түсініктің жоқ екендігін көрсетеді. Ал орыс тіліндегі аудармасында сары ала деген тіркес тура аудармасында алынбаған, мұнда варнавка сөзінің мазмұндық көлемі оның түсін бірден қамтып тұр. Және де оның ағылшын тіліне аударылмауы ол ұлттық таным, түсінігінде болмауы. (Яғни АҚШ-та ондай құс жоқ)*

Түпнұсқада: *Қасындағы орта жаста, ақ сары әйел–Абайдың өз енесі* [2, 182].

Орыс тіліндегі аудармасы: *Рядом с нею – настоящая эне, мать невесты* [3, 206].

Ағылшын тіліндегі аудармасы: *At her side stood the real mother-in-law, the mother of the bride* [4, 202].

Менің ұсынар вариантым:

- 1/ *At her side stood the real ene, the mother of the bride.*

- 2/ *At her side stood the real mother-in-law.*

Бұл мысалда аудармашы орыс тіліндегі нұсқасын басшылыққа алған, яғни орыс тіліндегі аудармасында *эне* сөзін түсіндіру амалы арқылы берілсе, ағылшын тіліндегі аудармасында *mother-in-law* - *эне* түсінікті беретіндігіне қарамастан аудармашы орыс тіліндегі аудармаға сәйкес түсіндіру амалын, сәйкесінше қайталауды қолданған.

Түпнұсқада: *Ақ сұр жүзі жабыңқы. Қоңырқай мұрты менен сақалына кешкі аяз қылау салыпты* [2, 112].

Орыс тіліндегі аудармасы: *Бледное лицо его под лисьим малахаем было угрюмо, вечерний иней покрывал усы белым налетом* [3, 3].

Ағылшын тіліндегі аудармасы: *His pale face was somber under his fox fur hat, and the hoarfrost clung to his moustache* [4, 115].

Менің ұсынар вариантым: His pale face was somber under **malakhai**, and the hoarfrost clung to his moustache. (Өйткені бұл ХХІ ғасыр сөзі. Мәселен, «Көшпенділер» фильмінің ағылшын тілі нұсқасында осылай қолданылған. 2005ж.)

Түпнұсқада: *Ақ жаулықты келіншектер, үкілі кәмшат бөрікті қыздар көрінді* [2, 181].

Орыс тіліндегі аудармасы: *Приближалась большая толпа: женщины – в белоснежных головных повязках, девушки – камчатных шапках* [3, 204].

Ағылшын тіліндегі аудармасы: *It was a bevy of women in snow-white headdresses and girls in caps of homespun silk coming to receive the bridegroom* [4, 200].

Менің ұсынар вариантым: *It was a bevy of women in snow-white headdresses and girls in **damask** caps coming to receive the bridegroom.* (кәмшат – камшат – caps of homespun silk, британдық ағылшын тілі **damask** – аналог, қымбат материал.)

Тілдік фактілерге қарағанда, «Абай жолы» роман-эпопеясының ағылшын тіліндегі аудармасында *ақ жауын, қара жер, қара үй, қара түн, көкшыбын, ірі қара, қара жел, сары ала қамшы* сияқты тіркестер, тіпті тұтастай бөлім аударылмай түсірілген. Бұл түпнұсқаның мазмұнына елеулі нұқсан келтіретіндігі белгілі. Шығарманың ағылшын тіліндегі нұсқасындағы түсіріп тастаулардың негізгі себебі дәнекер тілдегі нұсқасының әсері деп толық айтуға болады.

Қорытындылай келгенде, М. Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясы – қазақ ұлтының танымын көрсететін күрделі шығарма. Бұл шығарма әдебиеттану саласында жан-жақты зерттелгені мәлім. Бірақ оның тілі, автордың стилі, ондағы ерекше қолданыстар академик Рабиға Сыздық көрсеткендей, қазақ тілтанымындағы зерттеулерде бір сәт толастамауы керек. Оның үстінде «Абай жолы» роман-эпопеясының еуропа, шығыс тілдеріндегі аудармаларын зерттеу маңызды болып табылады.

#### Әдебиет

1. Қалижан У. «Қазақ үні» газеті, «Әуезовке жол» 9 қараша, 2016ж.
2. Әуезов М. «Абай жолы»: роман-эпопея: I-IV том.-Алматы: Жазушы, 2006.-383б
3. «Путь Абая»: Роман.Т.1/Пер.: Николский А., Нуртазина Т., Соболева Л. – Алматы: Жазушы, 2006.-616с
4. Abai=Абай: a novel.book two / transl. from the Rus. By L. Navrozov; ed. By H. Perham; ill.By L. Pyina.-Moscow: ForeignLanguagesPublishingHouse, [1962].-431p

ӘОЖ: 346.26:316.334.23(045)

#### ӘЛЕУМЕТТІК КӘСІПКЕРЛІК: ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Нарбаева Г. К., Иебергенова Л. К.**

*С. Сейфуллин атындағы Қазақ Агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан*

Әлеуметтік кәсіпкерлік – бұл экономикалық тиімділікке қол жеткізу мен кәсіпкерлік жаңашылдықты әлеуметтік миссиямен біріктіретін әлеуметтік қызметті жүзеге асыру тәсілі. Әлеуметтік кәсіпорындар әлеуметтік мәселелерді шешуге, жергілікті қоғамдастықтардың өмір сүру жағдайларын жақсартуға және адамдардың оқуға және жұмысқа қабілеттілігіне бағытталған іс-шараларды жүзеге асырады. Әлеуметтік бизнестің маңызды белгілері: жаңашылдық, өзін-өзі қамтамасыз ету, қаржылық тұрақтылық, масштабталу және репликация.

Қазіргі заманғы нысанда әлеуметтік кәсіпкерлік 1980-ші жылдары пайда болды және 1990-шы жылдары жедел даму кезеңіне өтті, оның себептері коммерциялық емес ұйымдардың өсуі мен белсенділігі, көлік пен инфрақұрылымның дамуы, коммуникацияның жаңа құралдарының пайда болуы. Әлеуметтік кәсіпкерлік тұжырымдамасы бірнеше ондаған жылдар бойы қызмет саласының дамуымен қатар жүрді. Бірақ әлеуметтік кәсіпкерліктің нақты анықтамасының болмауы шешілмеген мәселе болып табылады.

«Әлеуметтік кәсіпкерлік» және «әлеуметтік кәсіпкер» терминдері алғаш рет 1960-1970 жылдары әлеуметтік өзгеріс туралы ағылшын тіліндегі әдебиеттерде кездеседі. Зерттеушілер мен энтузиасттар қызметі әлеуметтік кәсіпкерліктің прототипі бола алатындардың қатарына францисктер орденінің негізін қалаушы Франциск Ассизскийді, кооператив қозғалысының негізін қалаушы Роберт Оуэн, Ұлыбританиядағы алғашқы мейірбике мектебінің негізін қалаушы, мейірбикелік іс-әрекеттің прогрессивті стандарттарын жасап, олардың кеңінен қабылдануын қолдаған Флоренс Найтингейлді жатқызады. Әлеуметтік кәсіпкерлік дамыған елдер қатарына Ұлыбритания, АҚШ, Италия, Корея Республикасы, Словения, Малайзия, Үндістан, Бангладеш Скандинавия жатады.[1]

Қазақстанда кәсіпкерліктің бұл түрі 2014 жылдан дами бастады. Қазіргі таңда елімізде шамамен 250 әлеуметтік кәсіпкерлер бар. Бірақ заңнамалық деңгейде әлеуметтік бизнес қорғалмаған. Қазақстандық коммерциялық емес ұйымдар арасында әлеуметтік бизнес мәдениетін енгізу әрекетін «Самұрық-Қазына» әлеуметтік даму қоры жүзеге асыра бастады. Сонымен 2019 жылы маусымның ортасында Қазақстанда коммерциялық емес ұйымдар арасында әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған «ӘРЕКЕТ» жобасы іске қосылды. Ол еліміздің сегіз аймағында жүзеге асырылады.

Сондай-ақ біздің кәсіпкерлер шет мемлекеттердің жобаларының көмегі есебінен де сәтті жұмыс істеуде. Солардың бірі Ресейдің «Навстречу переменам» қорының арқасында 12 әлеуметтік кәсіпкер табысты жұмыс істеуде. Жобалар аясында 5514 кішкентай қазақстандықтар көмек алды. «Навстречу переменам» - бұл Reach for Change халықаралық коммерциялық емес ұйымының филиалы, ол әлемнің 17 еліндегі балалардың өткір проблемаларын шешуге бағытталған инновациялық әлеуметтік және кәсіпкерлік жобаларды жүзеге асырады. Қазақстандық әлеуметтік кәсіпкердің әр жобасына 700 мыңнан 4 миллионға дейін инвестиция құйылды. Сонымен бірге әр кәсіпкердің дамуына 3-4 миллион теңгеге дейін жеке инвестиция салынды. Қор Қазақстанда 2013 жылдан бастап жұмыс істей бастағаннан бері, 16 әлеуметтік жобаларға қаржылық және ресурстық қолдау көрсетілді.

«I-SEED: Инновация - әлеуметтік кәсіпкерлік және білім» - бұл British Council мен Chevron компаниясының 2013 жылдан бастап Астана мен Алматыда іске асырылған серіктестік жобасы. 2017 жылдан бастап I-SEED жобасы Атырауда жастарға инновациялық және интерактивті оқыту бағдарламасын ұсынатын «Шеврон» корпорациясының «Атыраудағы жастарды дамыту бағдарламасы» аясында жүзеге асырылуда. I-SEED жобасы Қазақстандағы әлеуметтік белсенді жастарды қолдауға және әлеуметтік кәсіпкерлікті жылжыту арқылы әлеуметтік мәселелерді тұрақты шешуге жағдай жасауға бағытталған. Жоба белсенді жастар арасында Қазақстанда әлеуметтік кәсіпкерлік мәдениетін дамытуға ықпал етеді. Жобаға қатысушылар - 12-25 жас аралығындағы жастар, олар өз қоғамдастығында жағымды өзгерістер жасағысы келеді. Жоба жастарға өмірлік дағдыларын дамытуға және еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуға көмектеседі. Алынған білімді тәжірибеде қолдану және жаңа дағдыларды нығайту үшін I-SEED қатысушылары шағын топтарда өздерінің әлеуметтік жобаларын жасап, жүзеге асырады. Олардың жобалары қарт адамдар мен тұрмысы төмен отбасыларды қолдауға, балаларға өмірлік дағдыларын дамытуға көмектесуге, хоспистерді қолдауға, жастар арасындағы экологиялық сауаттылықты арттыруға, салауатты өмір салтын насихаттауға, мүмкіндігі шектеулі балалар мен жастардың қоғамға кірігуін қолдауға бағытталған. [2]

Елімізде халықтың әлеуметтік осал топтары (мүгедектер, жалғызбасты аналар, балалар үйінің түлектері) арасындағы жұмыссыздықтың жоғары деңгейі бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылатыны бәріне аян. Әлеуметтік осал топтағы адамдарды жұмысқа орналастырудағы негізгі кедергілер - бұл қажетті білімнің болмауы және жұмыс берушілердің «қиын» жұмысшыларды жалдауға қаламауы. Қазақстандағы белгілі тренинг жаттықтырушы, бизнесмен, «GREEN TAL» әлеуметтік кәсіпорнының басшысы Эмин Аскеров бұл мәселені шешу үшін 2015 жылы жиһаз, кәдесыйлар мен киім-кешек өнімдерін өндіру және IT қызметтерін ұсыну бойынша әлеуметтік шеберханасын құрды. Бұл кәсіпорын мүмкіндігі шектеулі жандарды оқытып, оларды жұмыс орындарымен қамтамасыз етеді. Green TAL әлеуметтік шеберханасының негізін қалаушы Эмин Әскеров - екінші буын әлеуметтік қызметкер, ол бала кезінен бастап біздің қоғамның негізгі өткір проблемаларымен таныс, сондықтан әлеуметтік жобаны құру идеясы одан бұрын пайда болды. Адамдарға табыс табуға көмектесетін жоба бойынша, Эмин бұл туралы 2014 жылы ойлана бастады. Нарықты зерттей отырып, Эмин ағаштан бұйымдар тоқуды шығаратын цех құруды ұйғарды. Алдымен қызметкерлерді - мүмкіндігі шектеулі жандар мен балалар үйінің түлектерін тоқу өнеріне үйрету керек болды. Бұл кезеңде кәсіпорынның ең үлкен проблемасы жұмысшыларды даярлау үшін тоқу шеберін іздеумен байланысты болған. Бірінші топ 12 адамнан тұрды. Арнайы білімі жоқ әлеуметтік кәсіпорынның барлық қызметкерлері алдымен оқытудан өтіп, содан кейін шеберлер командасына қосылады. Бүгінгі таңда шеберханада 42 адам жұмыс істейді.[3]

Еліміздегі тағы бір өзекті мәселелердің бірі балалар үйінің түлектеріне қолдау көрсету, оларды кәсіби бағдарлау, оқыту және жұмысқа орналастыру үшін мамандандырылған бағдарламалардың болмауы. Балалар үйінің қабырғасынан тыс, туыстарсыз және достарсыз және тиісті өмірлік дағдыларсыз өздерін таба алмайтын түлектер болашақ жолын нақты таңдай алмай, өте қиын жағдайға тап болады. Осындай мәселелерді шешу мақсатында 2014 жылы Геннадий Франк «Шаңырақ» әлеуметтік кәсіпорнын құрды. «Шаңырақ» әлеуметтік кәсіпорны балалар үйінің түлектерін қолдауға, жұмыспен қамту мәселелерін шешуге, сондай-ақ оларды кәсіпкерлік қызметке тартуға бағытталған кәсіпорын. Бүгінгі таңда әлеуметтік кәсіпорын келесі бағыттарда жұмыс істейді: өндіріс және қызмет көрсету, практикалық оқу мектебі және жұмыспен қамту агенттігі. Бұл әлеуметтік кәсіпорын арматура, шанақ, тігін және дәнекерлеу цехтарында, сондай-ақ халыққа тазалық қызметтерін ұсыну арқылы пайда табады. Сонымен қатар тігін шеберханасы балаларға арналған жұмсақ ойын модульдерін шығарады, жұмыс киімдерін, тоқыма бұйымдарын, автомобиль интерьерін тігу және басқа да тапсырыстарды қабылдайды. Кәсіпорында балалар үйінің 92 түлегі еңбекке бейімделуден өтті, олардың 39-ы жалдау агенттігі арқылы жұмысқа орналастырылды, 38 түлек шеберханаларда оқыды, 7 түлек жеке кәсіпкер болды және «Шаңырақта» 13 жұмыс орны құрылды. Геннадий әлеуметтік кәсіпкерлік саласына қадам баса отырып, қандай да болмасын бизнестегі сияқты проблемалар мен қиындықтар болатынын, сіз мемлекеттен, бәсекелестерден немесе тұтынушылардан жеңілдіктер күтпеуіңіз керек екенін, бірақ кәсіпкердің өзі шығармашылық қызметтен ішкі қанағат алуға болатынын ұмытпауыңыз керек деп әр болашақ кәсіпкерге ақылын айтады. Қазақстанда басқа да осы кәсіпкерлер сияқты жұмыс істеп жатқандар баршылық.

Шетелдік тәжірибеге назар аударсақ, мысалы британдық танымал шеф-повардың және тележүргізуші Джейми Оливер талантын тек тамаша тағамдар дайындауға ғана емес, өзінің «Fifteen» мейрамханасында осы өнерді игергісі келетін жандарға оқытуда қолданады. Бұл мейрамханада негізінен есірткі қолдану проблемалары бар жастарға сабақтар өткізіледі. Барлық пайда арнайы қорға басқа да адамдарға көмектесу үшін жіберіледі. Джейми Оливер Лондон, Амстердам, Корнуолл және Мельбурнда «Fifteen» қайырымдылық мейрамханаларын ашты. 2003 жылы маусымда ол тамақтану мен дұрыс тамақтануды насихаттауға қосқан үлесі үшін Британ империясының орденімен марапатталды. 2013 жылдың қарашасында ол құрметті стипендияға ие болды және корольдік жалпы дәрігерлер колледжіне балалық семіздікпен күресу және дұрыс тамақтануды насихаттағаны үшін қабылданды.

Тихомирова Анна Владимировна - ресейлік әлеуметтік кәсіпкер, әлеуметтік кәсіпкерлік саласындағы жобаның және «Бампер» атты кітап дүкені мен дөңгелекті кітап клубының негізін қалаушы. Мақсаты - қазіргі заманғы балалар әдебиетін барлық адамдар үшін, оның ішінде ірі орталықтардан алыс орналасқан ауылдық елді мекендердің тұрғындары үшін қол жетімді ету. 1990 жылдан бастап әлеуметтік ортада, оның ішінде қиын жасөспірімдермен жұмыс жасады. Жұмыс барысында ол қиын жасөспірімдер, әдетте, балалық шағында кітап оқуға көп уақыт жұмсамайтынын біліп, кітап дүкенін ашуға шешім қабылдады. Ол 20 жыл мінезі ауыр балалармен жұмыс істеген. 2010 жылдан бастап «Бампер» Ресейді саяхаттап, 80 мың шақырым жүріп өткен. 50 қаланы шарлаған. Психологтардың арнайы таңдауымен 1500-нан аса кітап бар. «Бампер» ерекшелігі сол, онда әр кітап туралы, балаға керекті кітапты таңдауға көмектеседі. Кез келген кітапты сол жерде отырып оқуға болады. «Бампер» автобусын мектепке, балабақшаларға, кітапханаға, әр түрлі мәдениет үйлеріне шақыруға болады. [4]

Тәжірибе көрсеткендей, халықтың әлеуметтік әлсіз топтарының өмір сүру деңгейін жақсарту мәселелерін шешудегі әлеуметтік кәсіпкерліктің рөлі артады. Әлеуметтік кәсіпкерлердің әлеуметтік мәселелерді шеше отырып, жаңа немесе бұрын тартылмаған ресурстарды іздеуімен, бұл мүмкіндігі шектеулі тұлғалар үшін, не болмаса жалғыз басты аналар үшін арнайы жұмыс орындарын құру түйткілдерін шешу, не болмаса қоршаған ортаны ластаумен байланысты түйткілдерді шешу болуы мүмкін. Әлеуметтік түйткілдер жетіп артылады, ал әлеуметтік кәсіпкерлер оларды шеше отырып, елдің жиынтық экономикалық тиімділігін көтереді, өйткені бұрын қолданылмаған ресурстарды экономикалық айналымға енгізеді.

## Әдебиет

1. <https://ru.wikipedia.org/wiki/>
2. <https://www.britishcouncil.kz/ru/i-seed>
3. <https://the-steppe.com> > lyudi > socialnyy-predprinimatel-emin-askerov-lu.
4. «Образ социального предпринимателя — Россия и Казахстан. Взгляд SAP», Н.Ю. Гладких, М.Г. Гульбекян, В.Л. Вайнер, Е.И. Фролова (Астана, 2017)

**ЖАСТАР ЖЫЛЫ АЯСЫНДА**

**М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінде жастар саясатын жүзеге асыру барысы туралы**


**Наурызбекова А.Е., Кеңесова А.Ж.**

*М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз*

Елбасы Н. Назарбаев Қазақстан халқына арналған Жолдауында 2019 жылды Жастар жылы деп жариялауына байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысымен (30.01.2019 ж. №27) Жастар жылын атап өтуге арналған Жол картасы бекітіліп, оның негізінде М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің Ғылыми кеңес отырысында бірнеше бағыттардан құрылған кешенді жоспар қабылданып, қазіргі таңда кең ауқымды іс-шаралар атқарылуда.

Осы кезекте ҚР «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы (2015 жылғы 9 ақпандағы № 285-V ҚРЗ.), «Қазақстан 2020: болашаққа жол» мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі Тұжырымдамасы және Жамбыл облысында мемлекеттік жастар саясатын іске асырудың 2019-2020 жылдарға арналған Жол картасындағы ұсынылған бағдарламалар мен жобаларды назарға ала отырып, университет жастарының жан-жақты дамуына жағдай жасау, қолдау көрсету, оларды біліммен, жұмыспен қамту, әлеуметтендіру, жасампаздық, шығармашылықпен айналысу және волонтерлікті дамыту мақсатында, Жастар ісі жөніндегі комитеттің құрылымы жаңа жастар ұйымдарымен, жастар қозғалыстарымен толықтырылды.

**ЖІЖК ҚҰРЫЛЫМЫ**



Ағымдағы жылдың 7 ақпан күні университетімізде Жастар жылының ашылу салтанаты облыстық мекеме басшылары, университет студенттері мен профессор-оқытушылар құрамының қатысуымен өткізіліп, салтанатты жиын алдында студент жастардың соңғы жетістіктерінен көрмелер ұйымдастырылып, шара барысында университетте табысты еңбек етіп, жемісті білім алып жүрген «Тәуелсіздік ұрпақтары» - өз замандастарына үлгі болып жүрген жас ғалымдарға арналған мемлекеттік грант және стипендия иегерлері, студенттік құрылыс жасактары, еріктілер қозғалысы, университет жастар ұйымдарының белсенді, креативті көшбасшылары мен өкілдері өз жетістіктерімен бөлісті.

Осы орайда университет жастарының арасында елінің патриоты, толерантты, рухани-адамгершілік қасиеті жоғары, азаматтық ұстанымы биік тұлғаны тәрбиелеу барысындағы студенттік қозғалыстарына бірқатар тоқталып өтсек:

1. «ҚР жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» (23.01.2001ж.) және «Волонтерлік қызмет туралы» (30.12.2016ж.) Заңдарына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігінің қаулысымен өңірде еріктілер қозғалысын дамыту мақсатында «Қамқор» волонтерлік-қайырымдылық жобасын» іске асыру жөніндегі жоспары бекітіліп, жобаны ілгерілету ұсынылған.

Аталған жобаның маңыздылығын ескере отырып, ректордың бұйрығымен (10.04.19 №192-ст.) бекітілген университеттің 125-ке жуық ерікті студент-жастары, «Қамқор» волонтерлік-қайырымдылық жобасын» іске асыру бойынша бекітілген қаламыздың №1 және №2 округтерінде орналасқан 11 000 мыңға жуық шағын және көпқабатты үйлерін аралап, отбасылардың әлеуметтік жағдайын зерделеу жөніндегі 822 сауалнамалар толтырылып, жұмыс барысында халықтың әлеуметтік жағдайымен танысып, шұғыл көмекке мұқтаж жандарға әкімшіліктен берілген байланыс картасын ұсынып, түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, кеңестер берілді.

Осы орайда «Жаксылық жасап, жарысайық» атты қайырымдылық акциясы аясында «Үздік волонтер – 2017» иегері Мырзабаев Фарух және «Үздік волонтер –2018» Успанбаев Ақниет бастаған волонтерлердің ұйымдастыруымен 30-ға жуық қайырымдылық шаралары және өңіріміздегі әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларына азық-түлік, киім-кешек беру және 25-ке жуық балаларға «Бір күн өз қамқорына алу» акциясының барысында облыстық «Өлкетану» музейіне экскурсия жасалып, тарихи кезеңдермен таныстырылып, «Astana Park» кинотеатрына бару және т.с.с. қайырымдылық жұмыстары жүргізілді.

2. Қазақстандық мәдениетті халықаралық деңгейде ілгерілетуге және бүгінде жастардың кәсіпкерлікке қадам басуына бағытталған "Startup" жобалары әзірленіп, арнайы мемлекеттік әлеуметтік тапсырманы, жастар стартаптар және инновациялық бағыттары бойынша университетімізде жобаларды іске асыру мақсатында жастардың кәсіпкерлік бастамасына қолдау көрсетілуде.

«ТарМУ-дың үздік жастар ұйымы-2018» номинациясының жеңімпазы атанған "Enactus Dulaty" ұйымының жұмысы да қарқынды дамып, жетістіктері де ауыз толтыра айтарлықтай: ағымдағы жылы "Enactus Dulaty" командасы «Жастар және кәсіпкерлік», «Арбадағы марафон» атты бизнес-форумдарына, облыс әкімінің қатысуымен өткен «Тараз Хаб» жастар стартабына қатысып, «Enactus Dulaty және», «Start-U» студенттік бизнес-инкубаторымен бірге «Taza jer – deni saý bolashaq» атты «Жастар экологиялық десантын» ұйымдастырып, "Enactus Kazakhstan" директорлар Кеңесімен өткен «Reading Club» Студенттік кәсіпкерліктің көшбасшы мектебі тақырыбындағы кездесу, «Enactus Kazakhstan National Expo 2019» ұлттық студенттік кәсіпкерлер кубогында жобаларын қорғап, Сан-Хосе қаласында өткен «Enactus World Cup» (АҚШ, Силиконды жазық дала) еліміздің әлемдік кубокта қорғау мүмкіндігін жеңіп алып, сонымен бірге Жастар жылы барысында «Enactus Kazakhstan National Expo 2019» атты халықаралық жарысқа қатысып, еліміздің 50-ден аса ЖОО-ның арасындағы дода барысында біздің команда топ жарып, чемпион атанды. Ендігі кезекте «Enactus Dulaty» командасы АҚШ, Калифорния, Сан-Хосе қ. Силикон алқабының астанасында өтетін «Enactus World Cup 2019» Әлемдік кубогында Қазақстан намысын қорғайтын болады.

3. Университетте жастарды әлеуметтендіруге басымдық танытылып, оларды жұмыспен қамтуға бағытталған Студенттік еңбек жасақтарының штабы араға жылдар салып, бірлікті де белсенді түрде жазғы еңбек маусымының даңқты дәстүрін жалғастырып, жұмысын үйлестіріп, аймағымызда «Ең үздік» жасақ қатарында тек жоғары сатыларда көрініп, жеңімпаз аталынып келуде. Биылғы 2019 жылы кезекті еңбек маусымында жұмыс жасауға 335 студент өтініш білдіріп, медициналық тексеруден 299 студент жарамды болып танылып, оның ішінде 103-і оқу төлем ақыларынан жеңілдік алатын студенттер қатарынан болды.

Осы орайда айта кететініміз, ағымдағы 2019 жылдың 16 мамыр күні Жоғары және Жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті директоры Ә.Тойбаевтың №14-5/652 хатында Жастар жылын өткізу жөніндегі Жол картасының 27-тармағына сәйкес «Құрылыс компанияларының жобаларына жастардың қатысу үшін квота бөлу мәселесін пысықтау» бойынша берілген тапсырмасына орай, Жамбыл облысы әкімінің орынбасары Е.Ә.Дауылбаевтың төрағалығымен өткен жиналыста аталған тапсырманы орындау үшін облыс



әкімдігінің құрылыс басқармасына, мердігер компаниялардың басшыларына жергілікті әкімшілік тарапынан тапсырма берілді.

Сонымен қатар "Жасыл Ел" қозғалысының негізінде "Жасыл қала - Жасыл ауыл" жалпыұлттық жобасын жүзеге асыру мақсатында бүгінде «Жасыл Ел» еңбек жасақтары қала аумағындағы тазалау, абаттандыру, көгалдандыру, көріктендіру жұмысына 48 студент тартылуда.

Осы орайда өңіріміздің Жасыл Эко жүйесін дамыту, жастарды экологиялық мәдениетке тәрбиелеу және жасыл экономиканы дамытуға бағытталған 2017 жылдан бері жұмысын жүргізіп келетін "Грин-лайф" экологиялық клубы бүгінде "Таза қаладағы - таза университет" жобасы аясында қаламыздың, университетіміздің жасылдануына атсалысып келеді. "Грин-лайф" экологиялық клубының жеткен жетістіктері де аз емес, олар республикалық жобалар байқауының I және II орын иегерлері атануда.

4. Сондай-ақ дене шынықтыру мен спортты насихаттау мақсатында 2014 жылдан бері университет қабырғасында Street workout – көше спорты түрі студенттер арасында кеңінен қолдауға ие болып, кез-келген алаңдарда, кез-келген уақытта еркін айналысатын көше спортының жұмысы жастар арасында күннен-күнге даму үстінде.

Қазіргі таңда "Street work out" спорттық қозғалысы салауатты өмір салтын насихаттап, жастардың арасында кеңінен таралып, оны қазіргі заманның трендіне айналдыру үрдісінде. Біздің студент-воркаутерлер оқу жылының басынан бері "Тәні саудың – жаны сау" ұранымен темекі, нашакорлық, ішімдік дерттерге қарсы түрлі акцияларын және облыстық, қалалық, университет жарыстарын ұйымдастырып, жеңімпаздар қатарынан көрінуде.

5. Ағымдағы Жастар жылы аясында жастар саясатын жүзеге асыру барысында студенттердің жан-жақты дамуына ықпал ету, өзін-өзі басқару жүйесін дамыту мақсатында университеттің жастар ісі жөніндегі комитеті құрылымының саны бірнеше жастар қозғалыстарымен ұлғаю үстінде.

В соответствие с законодательством, Республика Беларусь – унитарное государство, АТЕ первого уровня являются шесть областей (Брестская, Витебская, Гомельская, Гродненская, Минская, Могилевская), которые, в свою очередь делятся на 118 районов и 10 городов областного подчинения, которые являются АТЕ второго уровня. Третий, первичный уровень административно-территориальных единиц образуют 89 посёлков городского типа, 104 городов районного подчинения, 1164 сельских, поселковых и городских Советов. Минск, областные центры, а также город Бобруйск, разделены на 24 городских района [7]. Следует отметить, что в послевоенное время АТД страны было иным (территория была поделена на двенадцать областей).

Например, в Беларуси, на сегодняшний день, отмечают неравномерность развития регионов. Полагая, это происходит по двум причинам: хозяйствующие субъекты, в большинстве случаев, расположены далеко от областного центра. А также, четыре областных центра, такие как Брест, Гомель, Витебск, Гродно, находятся на периферии. Многие райцентры очень удалены от областных центров, а некоторые находятся ближе к столице, нежели к ним. Это, по нашему мнению, является основной причиной, по которой население ищет наиболее удобные варианты, уезжая за границу или же в более крупные города с целью заработка. Вывод складывается сам собой: необходима реформа АТД.

Хотя дискуссии относительно реформирования АТД Республик Беларусь и Казахстан ведутся давно, тем не менее, ученые и практики не пришли к общему мнению относительно способов его осуществления. В Республике Беларусь точки зрения ученых и практиков разделились

в двух направлениях: мягкий способ проведения реформирования и радикальный способ. В связи с этим, в 2011 г. принят стратегический документ – «Государственная схема комплексной территориальной организации Республики Беларусь 2030» В данном документе очерчена стратегия совершенствования АТД страны и ее частей с учетом геополитических условий, национальных ресурсов и социально-экономического потенциала [8].

Изучив основные направления и приоритеты развития комплексной территориальной организации Республики Беларусь Власюк Н.Н., кандидат архитектуры, доцент провел анализ внешних и внутренних предпосылок, влияющих на общую стратегию развития территории. Ученый считает, что вследствие реформирования АТД страны произойдет также и совершенствование территориальной организации социальной инфраструктуры: «Основной целью развития социальной инфраструктуры будет создание необходимых условий для обеспечения всеобщей доступности и общественно приемлемого качества базовых социальных услуг (прежде всего медицинского обслуживания и общего образования), расширение возможностей выбора их населением. Государственная поддержка этих важных сфер общества будет осуществляться в рамках обеспечения государственных минимальных социальных стандартов, реализации мер по укреплению материально-технической базы социальной инфраструктуры» [9, С.4-5]. Это очень важный момент, так как это будет способствовать активизации участия населения в местном самоуправлении, в целях решения вопросов жизнеобеспечения населения.

Рассмотрим предложенные варианты реформирования АТД Беларуси. В одном случае предполагается провести реформирование методом объединения малочисленных населенных пунктов (не более 20 тыс. человек) и более крупных. Произойдет укрупнение малочисленных сельских Советов. Полагаем, что на уровне сел следует упразднить сельсоветы. Председатель районного Совета депутатов должен избираться населением, так как это будет способствовать поднятию его авторитетности среди населения, а значит, доверия. Вопросами местного управления и самоуправления могут заниматься местные администрации. При этом, необходимо урегулировать прямую выборность местным населением также и должностных лиц местной администрации. Аналогичное устройство в Казахстане, где в сельской местности функции местного самоуправления осуществляет аким села, который выбирается районным маслихатом, т.е. местным представительным государственным органом. Но, следует отметить, что хотя и считается, что должности сельских акимов выборные, но эти выборы, к сожалению, не прямые, а косвенные. Полагаем, в Казахстане в законодательство о выборах внести изменения относительно урегулирования прямых выборов сельских акимов.

В Беларуси предлагается объединить районы и крупные города, т.е. образовать одну АТЕ. Следует отметить, что данный способ реформирования возможен лишь на основе проведенной переписи населения.

В Беларуси некоторые ученые и практики придерживаются мнения относительно радикального способа реформирования АТД республики. Основная суть этого метода – переход от трехуровневой системы АТД к двухуровневой: район – округ, создание новых районных центров. Предполагается образовать на месте шести областей 18 округов на основе внутриобластных регионов, тем самым деление осуществится внутри границ. Внутриобластной регион будет состоять из населенных пунктов, относящихся к районному центру. При двухуровневой системе АТД, предположительно упразднятся первичные и базовые уровни АТЕ. На данный момент в республике 118 районов, 1173 сельсоветов, они будут оптимизированы и создано 475 районов на расстоянии не более 17 км. от центра. Положительным и ключевым моментом данного варианта, по нашему мнению, выступает то, что данные населенные пункты будут находиться недалеко от районного центра, это более удобно для местного управления и самоуправления. Получат развитие города – административные центры, т.е. улучшится инфраструктура, так как финансы будут оставаться в местных бюджетах. С активизацией производства, появятся новые предприятия, а следовательно рабочие места. Население будет более заинтересованно в участии делами местного сообщества, в целях решения вопросов жизнеобеспечения. Таким образом, реализуется такой принцип местного самоуправления, как субсидиарность. Местные вопросы будут решаться на местах, а на государственный уровень отданы национальные вопросы стратегического значения. Но, не стоит забывать, что для решения вопросов органы местного управления, самоуправления, население должны обладать необходимыми компетенциями, свободой в принятии решений. Одним словом, самостоятельность и соответствующая финансово-экономическая основа – необходимое условие.

В Казахстане, по нашему мнению, необходимо объединить мелкие населенные пункты. Районные центры образовать в нормальной доступности для населения. Таким образом, будет легче решать вопросы местного значения. Все основные вопросы местного значения должны

решаться на районном уровне, на уровень области отнесены стратегические вопросы развития региона. Необходимо изменить ситуацию, когда граждане в любых ситуациях обращаются в областные органы или Президенту, по причине беспомощности местной власти.

Очень правильно по этому поводу выразил свою точку зрения белорусский ученый-аналитик - Мирослав Кобаса: «В первую очередь, нужно приблизить социальные услуги к людям, для этого следует расширить полномочия местной власти, Мало полномочий - мало денег [10].

### **Литература**

1. Административно-территориальное деление [Электронный ресурс]: Большой энциклопедический словарь. – Электрон.дан. (76,7 Мб). – М.: Propaganda ART, 1998]
2. Об административно-территориальном делении и порядке решения вопросов административно-территориального устройства Республики Беларусь: Закон Респ. Беларусь, 9 мая 1998 г., №154-З: в ред. Закона Респ. Беларусь от 23.11.2005 г. №62-З //Нац. реестр правовых актов Респ. Беларусь. – 2001. – № 2/686.
3. Закон Республики Казахстан от 8 декабря № 2572-ХІІ «Об административно-территориальном устройстве Республики Казахстан» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 28.12.2018 г.).
4. Злотников, А. От перестройки к переустройству // Белорусская думка. – 1993. – № 7. – С. 27.
5. Лис, А.Г. Проблемы развития и размещения производительных сил Белоруссии/ А.Г.Лис. – М.: Мысль, 1972. – С. 254.
6. Кивель В.Н. Местное самоуправление в Беларуси/ В.Н.Кивель [и др.]; М53 под науч. Ред. И.П.Сидорчук.- Минск: Тонпик, 2007. – С.29.
7. Административное деление Белоруссии. Материал из Википедии — свободной энциклопедии. - Режим доступа: <https://ru.wikipedia.org/wiki/> - Дата доступа: 15.10.19.
8. Государственная схема комплексной территориальной организации Республики Беларусь 2030/ [Электронные ресурсы]. - Режим доступа: [http://habitat3.org/wpcontent/uploads/NationalReport\\_BelarusRepublic\\_Rus.pdf](http://habitat3.org/wpcontent/uploads/NationalReport_BelarusRepublic_Rus.pdf)-. Дата доступа: 29.10.19.
9. Власюк Н.Н. Государственная схема комплексной территориальной организации Республики Беларусь: основные направления и приоритеты развития/ Н.Н.Власюк. Вестник Брестского государственного технического университета. 2012. №1 Режим доступа: [http://www.bstu.by/uploads/vestnik/1/2012\\_1\\_vlasyuk\\_n.n.\\_gosudarstvennaya\\_sxema\\_kompleksnoj\\_territorialnoj\\_organizacii\\_respubliki\\_bielarus\\_osnovnye\\_napravleniya\\_i](http://www.bstu.by/uploads/vestnik/1/2012_1_vlasyuk_n.n._gosudarstvennaya_sxema_kompleksnoj_territorialnoj_organizacii_respubliki_bielarus_osnovnye_napravleniya_i). С.4-5.
10. Вместо шести областей могут создать 18 округов. Посмотрите, как предлагают изменить регионы Беларуси/ [Электронные ресурсы]. - Режим доступа: <https://onlinebrest.by/novosti/vmesto-shesti-oblastey-mogut-sozdat-18-okrugov-posmotrite-kak-predlagayut-izmenit-regiony-belarusi.html>. - Дата доступа: 27.10.19.

ӨОЖ 34: 342

### **ҰЖЫМДЫҚ ЕҢБЕК ДАУЛАРЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Тоқтар І.Қ., Садвакасова Ж.Қ.**

*«Өзін-өзі тану» Адамның үйлесімді дамуы гуманитарлық колледжі, Алматы*

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алып, қысқа мерзім ішінде нарықтық экономикаға бет бұрды. Сондықтан, осыған байланысты жалдамалы қызметкерлердің еңбек құқығын қорғауда үлкен мәселелер туындады. Себебі, олардың құқықтарын кейбір жұмыс берушілер жиі бұзып, еңбек құқығы нормаларын қолданғанда көп қателер жібереді. Осыған байланысты, еңбек қатынасындағы әлсіз жақ – жалдамалы қызметкерлердің құқығын қорғау қазіргі еңбек құқығының функционалды рөлі болып табылады. Ал осы еңбек қатынасындағы әлсіз жақтың құқығын қорғауды қамтамасыз етудің басты тәсілі осы мақсатқа арналған еңбек дауы институты танылған.



Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің (бұдан әрі ҚР ЕК) 1 – бабының 1 – тармағының 19 – тармақшасына сәйкес еңбек дауы – бұл ҚР еңбек заңнамасын қолдану, келісімдердің, еңбек шартының және (немесе) ұжымдық шарттың, жұмыс беруші актілерінің талаптарын орындау немесе өзгерту мәселелері бойынша қызметкер (қызметкерлер) мен жұмыс берушінің (жұмыс берушілердің) арасындағы келіспеушіліктер болып табылады [1,17 б.].

Еңбек дауларын құқық қатынастарының түрі бойынша еңбек құқықтық қатынастарынан туындайтын жеке еңбек даулары және еңбек ұжымы мен жұмыс беруші арасында туындаған ұжымдық еңбек даулары болып екіге бөлінеді.

Қазіргі заңи әдебиеттерде ұжымдық еңбек дауларының мәселелері, оның ішінде ұғымы, классификациясы әлі толық зерттелмеген.

Қазақстан Республикасында ұжымдық еңбек дауларын шешу тәртібі мен әдістерін, сондай-ақ ереуіл жасау құқығын жүзеге асыру тәртібін реттейтін құқықтық негіз 1996 жылы шілденің 8-інде қабылданған «Ұжымдық еңбек даулары мен ереуілдер» туралы Қазақстан Республикасының Заңы болды. Мұнда: «ұжымдық еңбек даулары – ұйымдарда еңбек жағдайларын белгілеу мен өзгертуге және еңбекке ақы төлеуге, ұжымдық шарттар мен келісімдер жасасуға, оларды орындауға байланысты, сондай-ақ қолданылып жүрген заңдардың, ұжымдық шарттар мен келісімдердің ережелерін қолдану мәселелері бойынша жұмыс беруші (жұмыс берушілер бірлестігі) мен қызметкерлер ұжымдары (қызметкерлер өкілдері) арасындағы келіспеушіліктер» – деп белгіленген [2,3 б.].

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырда Еңбек кодексі шығуымен байланысты бұл заң өз күшін жойды. Басқа елдердің Еңбек кодекстерімен салыстырғанда ұжымдық еңбек дауларының түсініктемесі ҚР ЕК көрсетілмеген. Бірақ ҚР ЕК комментарийінде қазақстандық ғалым, профессор Е.Н.Нурғалиева ұжымдық еңбек даулары – бұл ұйымдарда еңбек жағдайларын белгілеу мен өзгерту (жалақыны қоса), ұжымдық шарттар мен келісімдерді жасау, өзгерту және орындау бойынша, сонымен қатар еңбек құқығы нормаларынан тұратын актілерді қабылдаған кезінде қызметкерлердің сайланбалы органының ойын ескеруге жұмыс берушінің бас тартуымен байланысты қызметкерлер (олардың өкілдері) және жұмыс берушілер (олардың өкілдері) арасындағы реттелмеген келіспеушіліктер деген түсініктеме береді [3,497 б.].

Бұл анықтаманы нақтырақ деуге болады. Ал, Ресей Федерациясының Еңбек кодексін қарастыратын болсақ, мұнда ұжымдық еңбек дауларының ұғымы берілген. Және осы берілген ұғым бойынша ресей ғалымдары түрлі көзқарастарды ұстанады. Сөйтіп, РФ ЕК 398 – бабына сүйеніп, И.О.Снигирева ұжымдық еңбек дауының нысанасын үш топқа бөліп қарастырған. Олар:

- еңбек жағдайларын белгілеу және өзгерту (жалақыны қоса);
- ұжымдық шарттық келісімдерді жасау, өзгерту және орындау;
- локальды нормативтік актілерді қабылдау кезінде қызметкерлердің сайланбалы өкілетті органының ойын ескеруге жұмыс берушінің бас тартуы [4,546 б.].

Сонымен қатар, РФ ЕК түсініктемесінде В.Н.Толкунова РФ ЕК ұжымдық даулар ұғымын кеңейтті, бірақ «және еңбек заңнамасын қолдану» деген сөздермен толықтыру керек екендігін ескермеген деп көрсетеді [5,621 б.]. Л.Н.Анисимов пен А.Л.Анисимова: «бұл заңдағы олқылық», – деп тікелей көрсетеді. Сонымен қатар: «Осылай, Ресейде ереуілдерге, әсіресе бюджет саласы қызметкерлерінің жалақысын төлеуді көптеген айлар бойы кідірту сұрақтары бойынша басқа ұжымдық наразылықтарға әкелетін көптеген ұжымдық даулар пайда болды. Ал бұл даулар еңбек заңнамасын сақтау бойынша және қазір көптеген даулар осындай», – деп көрсетеді [6,229 б.].

Жұмыс берушілер өкілдері –

ұйымдар басшылары немесе нормативтік құқықтық актілерге, ұйымның құрылтай құжаттарына сәйкес басқа да өкілетті адамдар, жұмыс берушілер бірлестіктерінің өкілетті органдары, жұмыс берушілер уәкілдік берген өзге де органдар. [2,3 б.].

ҚР ЕК комментарийінде қызметкерлер өкілдері және жұмыс берушілер өкілдері субъектілер ретінде көрсетілген. [3,497 б.].

Мысалы, И.Л.Люттов түрлі елдердің еңбек дауының анықтамаларын талдап, оның нысанасы түрліше тұжырымдалады деп белгілеген [7,53 б.]. Бұған 1981 жылғы Халықаралық Еңбек Ұйымының «Ұжымдық келіссөздерге жәрдемдесу туралы» Конвенциясы мүмкіндік туғызды. Осы конвенция бойынша ұжымдық еңбек даулары төмендегідей мақсаттарда жүзеге асырылады:

- еңбек пен жұмыспен қамтамасыз етілудің жағдайларын анықтау үшін;
- кәсіпкерлер мен жұмысшылар арасындағы қатынасты реттеу үшін;

– кәсіпкерлер немесе олардың ұйымдары мен жұмысшылар ұйым немесе ұйымдар арасындағы қатынастарды реттеу үшін [8,1937 б.].

Біз болсақ, Қазақстанның және ТМД елдері ғалымдарының көзқарастарына тоқталатын боламыз.

Мысалы, кейбір қазақстандық авторлар ұжымдық еңбек дауының нысанасы бұл – еңбек жағдайларын және оның ақысын немесе әлеуметтік жеңілдіктерінің көлемін белгілеу және өзгерту бойынша келіспеушіліктер, сонымен қатар ұжымдық шарттар мен келісімдерді жасаған немесе өзгерткен кезде пайда болатын келіспеушіліктер деп белгілейді [3,498 б.].

И.Я.Киселев өз жұмысында ұжымдық еңбек дауларының нысанасы қандай да болмасын топтың ұжымдық мүддесі болып табылады, ал ұжымдық еңбек жанжалының нысанасы қызметкерлердің ұжымдық мүддесін қозғайтын әр түрлі мәселе болуы мүмкін деп жазған. [9,13 б.].

Экономикалық еңбек дауы заңда көрсетілген нақты құқықпен байланысты туындамайды, ол заңда немесе басқа нормативтік акте көрсетілген жағдаймен салыстырғанда тараптардың осы жағдайды жақсарту талаптары бойынша туындайды», – деп белгілеген [10,439 б.].

Сонымен қатар, тағы бір кеңес дәуірінің ғалымы Н.Г.Александров бұл сұраққа баса назар аударған. Оның ойынша: «еңбек даулары орнатылған еңбек дауларын қолдану негізінде (еңбек құқығының нормаларында, ұжымдық және еңбек шарттарында) немесе орталықтанған тәртіппен реттелмейтін орнатылған еңбек жағдайлары негізінде туындайды». А.Ф.Нуртдинова: «ұжымдық еңбек дауы – ұжымдық – шарттық реттеу тәртібінде орнатылған нормаларды жүзеге асыру және еңбек қатынасын құқықтық реттеу қызметкерлердің қатысуымен байланысты құқықтарын қорғауға бағытталған», – деп санайды [11,54].

Бұл ой өте бағалы болып табылады, себебі, ол осындай ұжымдық еңбек дауларын заңи тәртіпте шешуге мүмкіндік береді. [12,27 б.].

Ал өз еліміздің ғалымдарының түйіндемелеріне келсек, жалақымен қоса әлеуметтік жеңілдіктерінің көлемін белгілеу және өзгерту бойынша келіспеушіліктер туралы ой басқа елдерде қозғалмаған мәселе еді. Және олар еңбек құқығы заңнамасының орындалмағандығынан болғаны өте өкінішті жайт. Сондықтан, мұндай мәселерді одан әрі зерттеу, зерделеу біздіңше өз өзектілігін жоғалтқан жоқ. Керісінше, одан әрі жалғастырсақ еліміздің еңбек құқығы саласындағы құқықбұзушылықтар санының азаюына үлкен қадам болар еді.

## Әдебиет

1. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі 2007 жылдың 20 мамырынан // СПС «Юрист», 2010.
2. «Ұжымдық еңбек даулары мен ереуілдер» туралы 1996 жылы шілденің 8-нде қабылданған Қазақстан Республикасының Заңы.
3. Нургалиева Е.Н. Комментарий к Трудовому кодексу Республики Казахстан. Общая и Особенная части. – Алматы: Жеті жарғы, 2009.
2. Трудовое право: Учебник / Под ред. О.В.Смирнова, И.О.Снигиревой. М.:Проспект,2007.
3. Комментарий к Трудовому кодексу Российской Федерации/ Под ред.К.Н.Гусова. М.: ООО «ТК Велби», 2002.
4. Анисимов Л.Н., Анисимова А.Л. «Трудовые договоры». «Трудовые споры». М.:Бератор-Прес,2002.
5. Лютов И.Л. «Понятие и предмет коллективных трудовых споров» // Государство и право, 2003, № 1.
6. Конвенции и Рекомендации МОТ. Т.П. Женева, 1991.
7. Киселев И.Я. «Трудовые конфликты в капиталистическом обществе: социально-правовые аспекты». М.: Наука, 1978.
8. Киселев И.Я. «Трудовое право России и зарубежных стран». «Международные нормы труда». М.: Эксмо, 2005.
9. Нуртдинова А.Ф., Окуньков Л.А., Френкель Э.Б. «Комментарий к законодательству о социальном партнерстве», М.:Юрист,1996.
10. Нуртдинова А.Ф. «Комментарий к Закону «О порядке разрешения коллективных трудовых споров». М.,2002.

ӘОЖ 94 (574) : 323 (574)

**ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ АЛҒАШҚЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ БАЙЗАҚ АУДАНЫНДАҒЫ  
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АХУАЛ****Тобаджанов Р.Т.***М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз*

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласындағы: «Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі» - деп атап көрсеткеніндей, мемлекетіміздің басты байлығы, адам капиталының негізгі ұлттық тірегі – руханият. Ұлт руханиятының басты белгілерінің бірі - рухани құндылықтарымызды қадірлеу, туған жерді сүю арқылы ұлттық кодымызды сақтау. Сананы оятып, рухани жадымызды жаңғыртқан, тарихтың төрінен орын алған маңызды мақала Қазақстанның түкпір-түкпірінде талқыланып, ұшан-теңіз жұмыстар атқарылып, әлі де жалғасын тауып жатыр.

Байзақ ауданының тарихы 1938 жылдан бастау алады. 1936 жылы Қазақстан одақтас республика мәртебесіне ие болған соң, мұнда жаңа облыстар мен аудандар құрылды. Оңтүстік Қазақстан облысы Мирзоян ауданының құрамында болған ауданға Оңтүстік Қазақстан облыстық Кеңесі атқару комитетінің 1938 жылғы 4 ақпандағы №89 шешіміне сәйкес Свердлов атауы беріліп, өз алдына аудан болып бөлініп шықты.

1938 жылы 12 мамырда өткен аудандық партия комитетінің пленумында ауданның бірінші хатшысы қызметіне Әділ Сәттібаев сайланды. Ол кезде аудан құрамына 17 жергілікті Кеңес, 42 ұжымдық шаруашылық, бір кеңестік шаруашылық, 2 машина-трактор станциясы кірді.

Ел тәуелсіздігін алған алғашқы кезеңде, 1991 жылы 16 қазанда «Қазақ КСР Президентін сайлау туралы» Заң қабылданды. 1991 жылы 1 желтоқсанда Қазақстан тарихында тұңғыш рет республикада жалпы халықтың қатысып, дауыс беруімен Президент сайлауы өткізілді. Сайлауға республиканың 8 681 276 тұрғыны қатысты. 1991 жылғы қазан айында Қазақ КСР Президентін сайлау науқанында Байзақ ауданында (сол кездегі Свердлов ауданы) Халық депутаттары Свердлов аудандық кеңесі төрағасының №13 және №16 Қаулысымен 32 сайлау учаскесі және сайлау комиссиясы құрылды. Президент сайлауы қарсаңында Қазақ КСР Президенті болып Н.Назарбаевтың кандидатурасын қолдау жөніндегі аудандық штаб жұмыс істеді. Штабты аудандық Кеңес төрағасының орынбасары М.Мұхамеджанов басқарды. Ауданның барлық 32 сайлау учаскесінде Президент кандидатурасын қолдау топтары құрылды. Жалпы саны 115 кездесу мен жиналыстар өткізілді. 12 мыңнан астам тұрғын Н.Назарбаевтың кандидатурасын қолдап, дауыс берді.

1991 жылы еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін ауданның саяси және шаруашылық құрылымдары түбегейлі өзгерістерге ұшырай бастады: аудандық партия комитеті, бастауыш партия ұйымдары мен ауылдық Кеңестер өздерінің қызметін тоқтатты. Бұрынғы колхоздар мен совхоздар таратылып, солардың негізінде жеке шаруа қожалықтары мен өндірістік кооперативтер құрыла бастады. 13 ауылдық Кеңестердің қамтуында болып келген елді мекендер аумақтық 10 округке топтастырылды, аудан мен ауыл аттары өзгертілді. Барлық билік тізгіні аудан мен ауыл әкімдеріне берілді.

ҚСП еліміздегі бұқаралық партия болып есептелді. 1991 жылғы 23 қарашада аудандық құрылтай жиналысы өткізіліп, онда Қазақстан Социалистік партиясының аудандық ұйымы құрылды. Оның хатшысы болып Ж.Қалдыбеков сайланды. Сондай-ақ 9 адамнан аудандық ұйым бюросының құрамы сайланды.

Сонымен қатар, 1991 жылдың соңында Республикалық «Азат» партиясының аудандық үйлестіру Кеңесі жұмыс істей бастады.

Кеңес билігі кезінде қарқынды жұмыс жасаған ұйымдар 1990 жылдардың басында өз қызметін тоқтата бастады. Сондай ұйымдардың бірі - комсомол ұйымы еді. 1992 жылы ақпанда кезектен тыс XXXIII аудандық комсомол мәслихаты болып өтті. Жиында Қазақстан ЛКЖО аудандық комитетінің бірінші хатшысы Ж.Сейдалиев қалыптасқан қиын жағдайды баяндап, соңғы 6 айда ұйымға мүшелікке қабылдау өтінішінің жоқтығын айтып, ұйым жұмысын тоқтатуды ұсынды. Жиналыстың шешімімен ұйым өз қызметін тоқтатты. Ұйымның меншігі Свердлов аудандық жастар ісі жөніндегі комитетке және балалар мен жасөспірімдер орталығына берілді. Аудандық комсомол ұйымының туы өлкетану мұражайына тапсырылды.

Тәуелсіздіктің алғашқы он жылдығында Байзақ ауданындағы әлеуметтік-экономикалық үрдістер Жамбыл облысы мен елімізде жоспарланып жүргізілген түбегейлі өзгерістер сынды кезең-кезеңімен жүргізілді.

Аудан басшылығының алдында дағдарыстан шығудың жолдарын қарастыру мәселесі тұрды. Оның ең бастысы – бағаны ырықтандыруды белгілі бір жүйеге келтіру еді.

1992 жылдың қарашасында ұлттық валютаның айналымға енуіне байланысты, аудан әкімінің өкімімен ақша айырбастау бойынша комиссия құрылды. Еліміздің барлық аймағында жұмыс істеген мұндай комиссиялар ақша реформасының сәтті жүргізілуіне үлес қосты.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы бағаны ырықтандырудан кейінгі екінші атқарылған іс - жекешелендіру болды. Қазақстан тәуелсіз, егеменді ел болып, нарықтық қатынастарға көше бастағанда республикада, соның ішінде ауданда жекешелендіру процесі кең өріс алды.

Жекешелендіру мәселесі бойынша аудандық бағдарлама құрылды. 1992 жылы мемлекет меншігіндегі 13 объектіні, оның ішіндегі барлық аудан совхоздарын жекешелендіру белгіленді. Свердлов ауданы әкімінің 1992 жылғы 12 наурыздағы №14 шешімімен ауданның коммуналдық меншігіндегі мемлекеттік ауылшаруашылық және басқа да кәсіпорындарды приватизациялау мақсатында комиссия құрылды. Алғашқы аукционға шығарылған нысандардың бірі аудандағы қонақ үй болды.

Мемлекеттің аса көңіл бөлетін салаларының бірі – білім беру ісі Байзақ ауданында кенже қалған емес. Бұл бағыттағы атқарылған жұмыстың нәтижесін біршама оңды істерден көруге болады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ауданда 34 мектеп жұмыс істесе, бүгінде мектеп саны 45-ке жетті. Яғни, білім ошақтары 11-ге, оқушылар саны 5 мыңға артқан.

1992 жылдың 18 қаңтарында «Білім туралы» Заң, 1993 жылдың 10 сәуірінде «Жоғары білім туралы» Заң қабылданды. Сол кездегі елдің жаңа білім беру жүйесі мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш және орта мектептер, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім сияқты бес деңгей бойынша қарастырылды. Бұрын тәжірибеде болмаған жаңа типтегі гимназиялар, лицейлер, колледждер, академиялар сияқты оқу орындары пайда болды. Ауданымызда алғашқы гимназиялық сыныптар 1999-2000 оқу жылында Ғ.Мұратбаев атындағы орта мектепте аудандық білім бөлімінің ұсынысымен ашылды.

1990 жылдардың орта тұсында еліміздің барлық аймақтарында жаңа мешіттер бой көтере бастады. 1995-1998 жылдар аралығында республикадағы діни бірлестіктердің саны артты. Бұл өз кезегінде қоғамның рухани өміріне әсерін тигізді. Маскүнемдік, нашакорлық сияқты қоғамға жат қылықтардың азаюына соңғы жылдары көптеп ашыла бастаған мешіт пен шіркеулер өзіндік ықпал етуде. Ауданымызда орталық мешіт болып саналатын ғимараттың құрылысы сонау 1992 жылдан бастау алады.

1992 жылдың 8 сәуірінде аудан әкімінің орынбасары Х.Б.Байназаровтың қатысуымен Райавтодор ұжымында жиын өтті. Жиында талқыланған негізгі мәселе ұйымның соғылып бітпеген кеңсесін ауылдық мешіт ашу үшін беру туралы болды. Бұл ұсынысты ұжым бірауыздан қолдады. Нәтижесінде аудан әкімінің 6 шілдедегі №240 шешімімен Свердлов Райавтодор мекемесіне қарасты 4 бөлмелі ғимарат мешіт ашу үшін берілді. 29 шілдеде (1992ж.) сәрсенбінің сәтті күні аудан орталығы – Сарыкемер ауылында мешіт-медіреме салтанатты түрде ашылды. Мешіттің құрылысына жалпы аудан тұрғындары мен аудандағы кәсіпорындар белсене араласты.

Еліміз тәуелсіздігін алып, өткенін саралап, арғы-бергі тарихын түгендей бастаған тұста 1994 жылдың 22 маусымында аудан әкімінің №231 «Аудан атын өзгерту туралы» Қаулысымен Свердлов аудандық ономастикалық комиссиясының 1994 жылғы 16 мамырдағы мәжілісінің шешімі және Свердлов аудандық мәслихаты депутаттар жиналысының 1994 жылғы 16 мамырдағы кезектен тыс II сессиясында ауданның атын «Байзақ ауданы» етіп өзгерту туралы шешімдері мен қаулысы қуатталып, облыстық ономастикалық комиссияға, облыстық мәслихат депутаттар жиналысына ұсынылды. Ал аудан орталығы болып табылатын ауылдың «Михайловка» атауын «Сарыкемер» деп өзгерту туралы аудан әкімінің №31 Қаулысы 1995 жылдың 31 қаңтарында шығып, Қаулыны бекіту туралы ұсыныс облыстық ономастикалық комиссияға, облыс әкіміне сұранысқа жіберілді. Сонымен қатар осы жылы қаңтар айында аудандағы бірнеше елді мекендердің атауын өзгерту туралы аудан әкімінің Қаулылары шығып, шешімді бекіту туралы ұсыныс облыс әкіміне жіберілді. Атап айтсақ, Ынтымақ ауылы-Мәдімар, Политотдел-Көктал, Свердлов-Байзақ, Буденовка-Түймекент болып өзгертілуі туралы ұсыныстар. Бұл ұсыныстар қолдау тауып, ҚР Президенті Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 1995 жылғы 20 желтоқсандағы №2696 Жарлығымен Свердлов ауданының аты Байзақ ауданы болып өзгертіліп, ауданымыз Байзақ батыр атына ие болды. Аудан әкімінің 1995 жылғы 6 желтоқсандағы №13 шешімімен Сарыкемер ауылына кіреберістегі (бұрынғы «Орақ-балға» белгісінің орны) 0,3 гектар жер Байзақ батырдың 216 жылдығына орай ескерткіш орнату үшін

берілді. Ескерткіш 1998 жылдың қазан айынан бері ауданның ең көрнекті орны ретінде бой көтерді.

Тәуелсіздік жылдарында аудан орталығы Сарыкемер ауылы мен Дихан ауылдық округінің шекарасында орналасқан Байзақ датқа кесенесі жаңадан бой көтерді. Аталған кесене «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» транзиттік дәлізі бойында орналасқан. Тарихи нысан төңірегі көріктендіріліп, абаттандырылып, туристердің аялдайтын қасиетті орнына айналып келеді. Жыл сайын кесенеге мектеп оқушылары және аудан жастарымен қатар өзге өңірлерден туристер келеді. **Байзақ батыр кесенесі «Қазақстанның жалпыұлттық киелі орындары» жобасы бойынша 100 нысанның тізіміне енді.**

Кезінде ауданды Түймекент деп атау туралы да ұсыныстар болды. ХХІ шақырылған аудандық кеңестің ХІІ сессиясында аудандық Кеңестің халық депутаттары Жамбыл облыстық Кеңесінен Свердлов ауданын Түймекент деп атау туралы республиканың Жоғары Кеңесінің Президиумында, ал Жоғары Кеңес алдында Фрунзе атындағы колхозды Төле би, «Еңбек» учаскесін Сеңкібай ауылы деп өзгерту туралы мәселені қою жөнінде қаулы қабылдады. Бұл ұсыныстағы «Еңбек» учаскесін Сеңкібай ауылы деп өзгерту туралы мәселе қолдау тапқанымен, аудан атын өзгерту туралы мәселе ашық күйінде қалған болатын.

Қазіргі таңда ауданда 18 ауылдық округ, 43 елді мекен бар. Аудандағы халық саны жүз мыңнан аса (105000) адамды құрайды. Халықтың құрамы 30-дан астам ұлттан тұрады, оның 83,6 пайызы қазақтар.

Тәуелсіздік жылдарының аудан тарихында алатын орны ерекше. Өйткені осы мезгілде оның өмірі түбегейлі өзгерістерге ұшырады, аудан тұрғындарының әл-ауқаты, тұрмысы, күнделікті тыныс-тіршілігі жаңа сатыға көтерілді. Ауданда заман сұранысына лайық аграрлық өндіріс, өнеркәсіп ошақтары, білім және мәдениет жүйелері жаңа сипатқа ие болды.

Байзақ ауданы өз тарихын қалыптастырған қойнауы ырыс пен берекеге толы, табысты тірлік ордасы ретінде республика жұртшылығына кеңінен мәлім. Талай белестерді бағындырып, табандылықпен бүгінгі күнге жеткен, тарихи тағлымы мол Байзақ елінің алдағы уақытта тың бастамаларды іске асыруына мүмкіндігі жетерлік.

### Әдебиет

1. Дидарбеков Ж. Өрені өскелең Байзақ өңірі. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2007. – 368 бет.
2. Байзақ елі – тарихи өлке. – Алматы: Классика, 2011. – 240 бет.
3. Байзақ ауданы әкімінің қаулылары мен шешімдері. Байзақ ауданының мемлекеттік мұрағаты. 99-қ., 1-т., 1-б., 2-іс, 174 п.
4. Байзақ ауданы әкімінің қаулылары. Байзақ ауданының мемлекеттік мұрағаты. 99-қ., 1-т., 1-б., 3-іс, 69, 84, 147, 156 п.
5. Байзақ ауданы әкімінің шешімдері. Байзақ ауданының мемлекеттік мұрағаты. 99-қ., 1-т., 1-б., 6-іс, 51, 64 п.

ӘОЖ 34: 342

## ЕҢБЕКАҚЫНЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Тунтекова Ш.К., Садвакасова Ж.Қ.**

*«Өзін-өзі тану» Адамның үйлесімді дамуы гуманитарлық колледжі, Алматы*

«Қазақстан-2030» Стратегиясына сәйкес әлеуметтік-еңбектік қатынастар саласын жетілдіру Қазақстанның дамуының маңызды бағыттарының бірі болып саналады [1].

Мемлекеттік саясат халықтың жұмыспен қамтылуын көтеруге, лайықты жалақыға, қауіпсіз жағдайларды қамтамасыз етуге және еңбекті қорғауға бағытталған.

Сол себепті де нарықтық қатынас жағдайында қызметкерлердің еңбек ақысын дұрыс төлеу негізгі рөл ойнайды. Президенттің соңғы жолдауына сәйкес: «Жалақының орта айлық көрсеткіші 5 есе, ал зейнетақының орташа өлшемі 3 есеге өсті. Күнкөрістің ең төменгі деңгейінен аз табысы бар халық саны 4 есеге азайғаны атап көрсетілді (50 % дан 12%)» [2].

Нарықтық жағдайда еңбек ету барысында түрлі экономикалық түсініктердің, тәртіптердің мағынасы өзгерді. Бұл жалақыға да қатысты. Еңбекақы- бұл жұмысшының біліктілігіне,

атқарылған жұмыс шарттарының саны мен сапасының қиындығына байланысты еңбегіне ақы төлеу, сонымен бірге өтемдік және ынталандыру сипатындағы төлемақылар. Ал жұмыс беруші үшін еңбек өндіріс факторының бірі болса, жалдамалы жұмысшылардың еңбекақысы өндіріс шығындары элементтерінің бірі болып табылады.

Нарықтық экономика жағдайында еңбек нарығы да қалыптасады.

Оның субъектілері: нақты бір еңбек қорына сұраныс білдіретін жұмыс берушілер (өндіріс құралдарының жеке меншік иелері), және жалдамалы жұмысшылар (еңбек қорының жеке меншік иелері). Олардың саны және кәсіби-біліктілік сипаттамасы еңбек нарығындағы ұсынысты қалыптастырады, сол үшін шартты еңбек қатынастары жүйесіндегі еңбекақы категориясын дұрыс түсіну маңызды. Еңбек құқығында еңбекақыға қатысты ұғымдардың кемшіліктері бар. Оларға, атап айтқанда, «төлем» (өтеу, төлеу, төлем, сыйақы) түсінігін білдіретін артық синонимдік түсінікті жатқызуға болады.

Мысалы, А. Ахметов пен Г. Ахметов оны еңбекке сыйақы ретінде анықтап, еңбекақы түсігін күрделендірмеуді ұсынады [3].

Өз кезегінде Е.О. Қожабаев «сыйақы» терминін жұмысшы мен оның отбасы мүшелерінің (өтемақылық төлемдерге кәсіпорындағы жазатайым оқиғалар негіз болады) пайдасына жұмсалатын, сонымен бірге жұмыс берушінің де пайдасына іске асатын өтемақылық төлемдер ретінде түсінуді ұсынады [4].

Біздің ойымызша, бұл жағдайда жұмыс беруші мен жұмысшының әрекет етуі, материалдық жауапкершілік институтына жатады.

Еңбекке ақы төлеу- бұл жұмыс берушінің Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі мен Қазақстан Республикасының басқа да құқықтық нормативтік актілеріне және келісімдерімен еңбек, ұжымдық шарттар мен жұмыс берушінің актілеріне сәйкес жұмысшыға еңбегі үшін міндетті төлемді қамтамасыз ететін қатынастар жүйесі.

Еңбекақыны реттеудің негізгі екі әдісі бар:

1. Орталықтандырылған әдіс – барлық кәсіпорындарға, не бөлек салалар мен кәсіби топтарға ғана міндетті еңбекақы төлеу нормасының заңнамалық бекітілуін қарастырады.
2. Еңбекақыны жүйелеудің жергілікті әдісі – еңбекақыны ұйымдастыруда өндірістер өздігінен әзірлейтін барлық процедураларды, механизмдер мен әдістерді енгізеді. Бұл еңбекақыны төлеу жүйесін таңдау мен тарифтік жалақыны белгілеу, еңбекақысын төлеуге ақшалай қаржы өлшемі, түрлі қосымша төлеулер мен үстемелерді енгізу туралы шешім, сонымен бірге сыйлық беру туралы ережені әзірлеу.

Біз шетелдік, анағұрлым жарқын еңбек құқығының өкілдері - Т. Хартли мен Д. Майнстың ұстанымдарын қарастырдық.

Біріншісі еңбек туралы шарттардың бәрін locatio-cogulctio шартының түрлеріне жатқызады (өтемді пайдалану туралы шарттар) және шарт бойынша ақы төлеу деген ақшалай баламаны, затты немесе әрекетті пайдаланудың ақшалай түрі, ол әділ, адал және нақты болуы тиіс [5]. Д. Майнс еңбек туралы шарттардың ерекше түрінің қолдаушысы бола тұрып, оның қазіргі заманғы заңнамадағы үрдісін еңбекақыны ерекше, алиментті сипатта, оның міндеті жұмысшыға және отбасына материалды күнкөрісті қамтамасыз ету үшін қажет деп түсіндірді [6].

Көріп тұрғанымыздай екі автор да еңбекақыны азаматтық-құқықтық қатынастар арқылы түсіндіреді, бұл әдіс нарықтық қатынас жағдайындағы еңбек қарым-қатынастарына кеңес одағынан кейін көп қолданылмайтын.

Кеңес одағынан кейінгі нарықтық қатынастар жағдайындағы еңбекақы институтының мәнін түсінуде елеулі үлес қосқан Ресей және отандық құқықтанушылар болды. Басин Ю.Г. алғаш рет еңбекақыны қоғамдық және саяси экономикалық санатта қарастырмай, ерекше белгілері ретінде еңбек қарым-қатынасы тараптарының құқығы мен міндеттеріне сілтеме жасайтын қатал заңдық түсінік ретінде қарастырды. Басин Ю.Г. жұмысшының есебіне барлық төлемақыларды екі үлкен топқа бөлді: бірінші топтың төлемақылары өзара кепілдік принципіне негізделген, бұл жерде төлемақы қандай да бір жұмыстың орындалғаны үшін беріледі, оның өлшемі жұмыстың көлемі мен сапасына байланысты (еңбекақы); екінші топтың төлемақылары өзара кепілдікті талап етпейді (өтемақылық төлемдер) [7]. Бірінші топқа – бұл сағат, күн, қиындығы мен сапысына және т.с.с. белгілі бір уақытта еңбек бірлігін пайдаланғаны үшін төленетін құнды жатқызады. Ал екінші топқа ерекше орынды мақсатты топтар алады – бұл жұмысқа орналасуда қиындық көретін және әлеуметтік қорғауды талап ететін тұлғалар.

Нысаналы топтарға: жеткілікті түрде қамтамасыз етілмеген азаматтар, жастар, балалар үйінің тәрбиеленушілері, жетім балалар, жалғызбастылар, көп балалы ата-аналар, зейнеталды тұлғалар, мүгедектер жатады. Қазақстанда бұндай азаматтарға мемлекет кемсітушіліктен қорғауға кепілдік береді, жұмыс табуға және жұмысқа орналасуға көмектеседі, өйткені олар нарықтағы бәсекелес жағдайында өте осал болып келеді. Сондықтан оларды өтемақалық төлемдер төле алушылар тобына жатқызуға болады.

С.Т. Тұрсынақұнов және Ю.Г. Басинның ұйғарымын еңбекақыны сыйақалық төлемдерден шектеп, бөліп тастайтын қосымша белгілерін көрсетіп, анықтады: еңбекақыға алдын ала белгіленген нормалар мен бағалар бойынша жұмысшыға әділ еңбек өлшеуішінің негізінде белгіленген міндетті еңбек өлшемін орындағаны және асыра орындағаны үшін төленетін сыйақыны жатқызу керек деп белгіленеді [8]. Еңбекақы барлық жұмысшылардың: мамандығы әртүрлі жұмысшылардың, еңбектері білімге, арнайы оқытуға көп шығын жұмсайтын жоғары білікті мамандардың- дәрігерлердің, оқытушылардың, заңгерлердің және т.с.с; халыққа тұрмыстық қызмет көрсететін шағын кәсіпорындардың қожайындарына (тұрмыстық техниканы жөндеу шеберлері, шаштараздар және т.б.) еңбегіне ақы төлеуді қамтиды. Еңбекақыны анықтаудағы бұндай көзқараста оған қалам ақы, сыйлықақы және басқа да сыйақылар сияқты табыстар та кіреді. ҚР Еңбек Кодексінде заң шығарушы еңбекақыны анықтау барысында дәл осындай көзқарасты қолданады- «еңбекақы- жұмысшының біліктілігіне, орындалатын жұмыстың қиындығына, санына, сапасына және жағдайына байланысты төленетін ақы, сонымен бірге өтемақылық және ынталандыру төлемдері» (41 т.) 1 б. 1т.).

Н.М. Саликова еңбекақыны жұмысшыға еңбек міндеттерін орындағаны үшін берілетін сыйақы ретінде қаралатын қарапайым құқықтық қатынастар, ұзаққа созылатын еңбек құқық қатынастары шенберінде қарастырады [9].

РФ Еңбек Кодексінің 129-б. 1-тармағында берілген еңбекақының қазіргі анықтамасы өз құрылымы жағынан қиын болып келеді және үш анықтаманы енгізеді: нақты еңбекақы анықтамасы (еңбекақының тар мағынасында), өтемақылық төлемдер анықтамасы және ынталандыру төлемдері анықтамасы.

Еңбекақыны зерттеу барысында біз заң шығарушы көрсеткен алғашқы түсінікті дұрыс деп шештік – бұл еңбегі үшін берілетін сыйақы (ҚР Еңбек Кодексінің 1 б. 1т.) [10]. Бұл тұста еңбекақы анықтамасының тар мағынада жұмысшының біліктілігіне, атқарып жатқан жұмыстың қиындығына, санына, сапасына және жағдайына тәуелділігі деген белгілерін енгізуде күмән тудырамыз. Біздің ойымызша, көрсетілген белгілер еңбекақының белгісі болып келмейді (яғни еңбекақы мен басқа да төлемдерді айырудың өлшемі емес), ал заңды талаптарға сай келетін еңбекақы болуы керек. Біздіңше, еңбекақы жұмыс берушіде әрекет ететін еңбегіне ақы төлеу жүйесінің негізінде жұмысшыға сыйақы болып келеді, және де жағымды жағдайлардан ауытқитын жұмыс үшін берілетін төлемдер мен көтермелеу төлемдері болып табылады.

Сонымен бірге мағынасына тек еңбекақыны қоспай, жұмыс беруші жұмысшының пайдасына іске асыратын барлық төлемдерді негізге ала отырып, «еңбекке ақы төлеу» (17т.) ҚР Еңбек Кодексінің 1 б. 1 т.) түсінігін анықтауды ұсынамыз. Бұл төлемдердің ішінде кепілдікті, өтемақылық және әлеуметтік төлемдерді жатқызуға болатын еңбекақы мен басқа да төлемдерді белгілеуді ұсынамыз.

Нарықтық экономика жағдайында жұмысшы үшін жалақы – бұл жеке табыстың басты және негізгі бабы, отбасының ұдайы өсуі және оның әл-ауқат деңгейін арттыру құралы.

Халықаралық құқық нормаларын ескере отырып еңбекақыны реттейтін ҚР Еңбек Кодексі нормаларын жетілдіру аса қажет болып табылады. Еңбекақының әлеуметтік кепілі жағынан бұл Халақаралық Еңбек Ұйымы Конвенциясының (ХЕҰ) талаптарына қатысты. «Еңбекақыны қорғау туралы» №95 Конвенцияның белгілеуінше, ақшалай еңбек ақы тек осы елде заңды айналымдық күші бар валютамен төленеді [11].

Бұл тұста Қазақстан экономикасында таратылған салық есебінде жалақыларын ресми түрде төмендетіп көрсету жұмысшылардың құқын бұзу, бұл жұмысшының әлеуметтік мәртебесін бұрмалау болып табылады.

Қазақстандағы мемлекеттік құқықтық реттеу бағытына:

- халыққа еңбекақы мәселесі бойынша құқықтық және әлеуметтік қорғаныс құру;
- кедейлік шегін анықтау және осы шектен шығатындар үшін атаулы әлеуметтік көмек көрсету, кедейлік және жұмыссыздықпен күрес;

- түрлі меншік нысандарындағы кәсіпорындарда еңбекке ақы төлеу реформасының заңдық және әдістемелік негізін құру;
- шаруашылық жүргізуші субъектілері жұмысшыларының жалақысына салық салудың тиімді жүйесін құру;
- жұмысшылар үшін жағымсыз инфляциялық үдерістерді жеңілдету бойынша шараларды әзірлеу;
- жұмыс берушіге жалақыны дер кезінде төлемегені үшін жауапкершілік белгілеу жатады.

Қазіргі жағдайда еңбектің қиындығы тәжірибеде қолданылатын тарифтік кестенің немесе кәсіби-біліктілік белгілері бойынша саралаудың басқа да түрлерінде ескеріледі. Еңбек шарты қосымша төлемдермен, үстемелермен немесе өтемақылық төлемдердің басқа да түрлерімен толтырылады. ҚР Еңбек Кодексіне біз ұсынып отырған өзгерістер еңбекақыны өзара байланысы бар түсініктер жүйесінде қарастырып, нарықтық жағдайдағы қазіргі еңбек қатынастарының ерекшелігін ескеруге мүмкіндік беретінін тұжырымдап, осындай қорытындыға тоқталамыз.

### **Әдебиет**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы (2 бөлімі) «Қазақстан дамуының жаңа кезеңіндегі біздің ішкі және сыртқы саясатымыздың 30 маңызды бағыттары «Қазақстан-2030» Стратегиясы» (Астана, 28 ақпан 2007 жыл) // <http://online.prg.kz>
2. Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана Новое десятилетие – новый экономический подъем – новые возможности Казахстана // *Казахстанская правда*. – 2010. – 2 февраля. – Б.2
3. Ахметова А., Ахметова Г. Еңбек құқығы. Оқулық. – Алматы: Заң әдебиеті, 2006. – Б.152
4. Кожобаев Е.О. Правовое регулирование трудовых отношений в акционерных обществах. Дисс. ... к.ю.н.: 12.00.05 – Алматы, 2002. – Б.105
5. Хартли Т. Права работников в праве Европейского сообщества. пер. с англ. Б.Н. Топорнин. – М.: НОРМА-ИНФРА, 1998. – Б. 145
6. Майнс Д. Труд в правовом поле/пер. с англ. О.В. Смирнов. – М.: ПРАДОС, 2000. – Б.69
7. Басин Ю.Г. Правовое регулирование заработной платы в новых условиях// *Предприниматель и право*. – 1999. - №2. – Б.5
8. Турсунакунов С.Т. Индивидуально-договорные трудовые правоотношения в условиях формирования рыночных отношений. Дисс. ... к.ю.н.: 12.00.05. – Алматы, 1998. – Б.36
9. Саликова Н.М. Правовое регулирование оплаты труда: Вопросы теории и практики. Дисс. ... д-ра юрид.наук: 12.00.05.. – Екатеринбург, 2003. – Б.56
10. Трудовой кодекс Республики Казахстан от 15 мая 2007 года № 251-3 (с изменениями и дополнениями по состоянию на 19.03.2010 г.)// <http://online.prg.kz>
11. Конвенция Международной Организации Труда № 95 об охране заработной платы, Женева, 1 июля 1949 г. // <http://online.prg.kz>

УДК 075.8.33

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ**

**Төленді Ш.Қ.**

*ал-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы*

Инвестициялар (күрделі салымдар) - бұл халық шаруашылығының барлық салаларының негізгі қорларын, кеңейтілген қайта жаңғыртуға бағытталған материалдық, еңбек және ақша ресурстарының шығын жиынтығы.

Инвестициялар-біздің экономикамыз үшін салыстырмалы түрде жаңа термин. Орталықтандырылған жоспарлы жүйе шеңберінде "жалпы күрделі салымдар" ұғымы пайдаланылды, олар негізгі қорларды қалпына келтіруге арналған барлық шығындар, оның ішінде оларды жөндеуге арналған шығындар түсінілді. Инвестициялар-кең түсінік. Ол біздің "Күрделі салымдар" және "қаржылық" (портфельдік) инвестицияларға, яғни акцияларға, облигацияларға, меншіктен табыс алуға құқық беретін меншік иесінің титулымен тікелей байланысты басқа да бағалы қағаздарға жақын нақты инвестицияларды да қамтиды.



Инвестициялар тұтастай алғанда елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін де, шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметі үшін де ерекше маңызға ие. Экономикалық өсу көптеген факторлармен анықталады, оның ішіндегі ең маңыздысы - инвестициялар көлемін арттыру және олардың тиімділігін арттыру.

Инвестиция тиімділігі проблемасындағы ең бастысы-тез қайтарым беретін неғұрлым бәсекелі өндірістерге салымдарды интенсификациялау үшін жағдай жасау. Инвестициялар кәсіпорындардың қалыпты жұмыс істеуін, тұрақты қаржылық жай-күйін қамтамасыз ету және барынша табыс алу үшін қажет. Осының барлығы микро - деңгейдегі инвестициялардың рөлі мен мәнін анықтайды. Біздің елдегі инвестиция мәселесі өте өзекті, олар туралы әңгіме өшпейді. Бұл мәселе, ең алдымен, Қазақстандағы инвестицияларға үлкен жай-күйді басуға болады, бірақ сонымен бірге салынған қаражатты жоғалтудан қорқу инвесторларды тоқтатады.

Инвестициялар әртүрлі нысандарда жүзеге асырылуы мүмкін. Инвестициялау нысандарының жіктелуі негіздегі критерийді таңдаумен анықталады. Инвестицияларды жіктеу критерийлері: қаражатты салу объектісі, мақсаты, инвестициялау мерзімі, меншікті қаражат нысаны, салым саласы, салалық және өңірлік белгі болып табылады. Инвестициялар нысандарының шеңберінде инвестициялардың негізгі нысандарының одан әрі нақтылануын көрсететін белгілер бойынша жіктелетін Инвестициялар түрлерін бөлуге болады. Жеке белгілер бойынша инвестициялардың жіктемесін қарастырайық.

Инвестицияларды жіктеу кезінде қаражат салу объектісі базистік типологиялық белгі болып табылады. Осы критерийге сәйкес инвестициялар нақты, қаржылық және материалдық емес активтерге бөлінеді. Мұндай жіктеудің қажеттілігі инвестициялық процеске тән қатынастардың әртүрлілігімен байланысты.

Нақты капиталға инвестициялар (оларды капитал жасаушы инвестициялар немесе қаржылық емес активтерге инвестициялар деп атайды) Негізгі капиталды жаңғыртуға және жаңартуға әкеледі. Нақты инвестициялар-бұл нақты капиталдың өсуін қамтамасыз ететін экономика саласы мен экономикалық қызмет түрлеріне салымдар.

Бұл топқа негізгі капиталға инвестициялар, күрделі жөндеуге шығындар, жер учаскелері мен табиғат пайдалану объектілерін сатып алуға Инвестициялар, материалдық емес активтерге (патенттер, лицензиялар, бағдарламалық өнімдер, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық эзирлемелер және т.б.) Инвестициялар, материалдық айналым қаражаты қорларының өсуіне Инвестициялар кіреді.

Негізгі капиталға инвестициялар (күрделі салымдар) негізгі қорларды сатып алуға, құруға және жаңғыртуға (жаңа құрылыс, кеңейту, қайта жаңарту және объектілерді техникалық қайта жарақтандыру, Машиналар, жабдықтар, құрал-саймандар мен мүкәммал сатып алуға, негізгі табынды қалыптастыруға, көпжылдық екпелер мен т.б.) бағытталған шығындар жиынтығы болып табылады.

Материалдық емес активтер – бұл патенттер, лицензиялар, жер учаскелерін пайдалану құқығы, табиғатты пайдалану объектілері, авторлық құқықтар, ұйымдастыру шығындары, сауда маркалары, тауар белгілері, бағдарламалық өнімдер, ноу-хау және т. б.

Қаржы инвестициялары ақша қаражатын, материалдық және өзге құндылықтарды басқа заңды тұлғалардың бағалы қағаздарына, мемлекеттік және жергілікті заемдардың пайыздық облигациялары, ел аумағында құрылған басқа заңды тұлғалардың жарғылық (қоймалық) капиталдарына, Шетелдегі кәсіпорындардың капиталына және т.б. салу, сондай-ақ заңды тұлғаға басқа заңды тұлға берген заемдар болып табылады.

Инвестициялау мақсаты бойынша:

1. тікелей;
2. портфельдік (тікелей емес) инвестициялар.

Тікелей инвестициялар инвестициялау объектісін тікелей бақылау мен басқаруды белгілеу мақсатында кәсіпорындардың (фирмалардың, компаниялардың) жарғылық капиталдарына салымдар ретінде болады. Олар тек табыс алуға ғана емес, ықпал ету саласын кеңейтуге, болашақ қаржылық мүдделерді қамтамасыз етуге бағытталған.

Портфельдік инвестициялар инвестициялық объектілердің нарықтық құнының өсуі, дивидендтер, проценттер, басқа да ақшалай төлемдер) және тәуекелдерді әртараптандыру нысанында қаржы, табыс алу мақсатында экономикалық активтерге салу болып табылады. Әдетте, портфельдік инвестициялар бағалы қағаздардың, басқа да активтердің түрлі элементтеріне тиесілі сатып алуға салымдар болып табылады.

Жиі нақты және қаржылық инвестициялар тиісінше тікелей және портфельдік ретінде қарастырылады. Бұл ретте бір жағдайларда тікелей инвестициялар деп тікелей қаражат салуды, өндіріске, ал портфельдік деп - бағалы қағаздарды сатып алуды түсінеді, яғни жіктеу критерийі осы жағдайда инвестициялау объектісінің сипаттамасы болып табылады.

Инвестициялар сондай-ақ инвестициялық ресурстарға, өңірлерге, салаларға, тәуекелге және басқа да белгілерге өзіндік құнның мерзімдері, нысандары бойынша жіктелуі мүмкін.

Қазақстан Республикасында салымдардың мерзімі бойынша:

- қысқа мерзімді инвестициялар;
- ұзақ мерзімді инвестициялар.

Қысқа мерзімді инвестициялар деп әдетте бір жылға дейінгі кезеңге қаражат салу түсініледі. Бұл инвестициялар, әдетте, алыпсатарлық сипатқа ие. Ұзақ мерзімді инвестициялар- бір жылдан астам мерзімге.

Меншік нысандары бойынша инвестициялық ресурстарға:

- жеке;
- мемлекеттік;
- шетелдік;
- бірлескен (аралас) инвестициялар.

Жеке (мемлекеттік емес) инвестициялар деп жеке инвесторлардың: азаматтар мен мемлекеттік емес меншік нысанындағы кәсіпорындардың қаражатын салуды түсінеді.

Помимо этого, технологии позволяют более гибко осуществлять деятельность и получать больший эффект от работы для саморазвития, к примеру удаленная работа или программы, которые предлагаются организациями для сосредоточения работника на здоровом образе жизни, поиске мира и для побуждения их делать перерывы в работе, изменять обстановку, сосредотачиваться на своих увлечениях и хобби [5].

Определяя новые digital-технологии как определенный инструмент для достижения *workandlifebalance* невозможно говорить об их плохом или хорошем влиянии. Но на данном этапе многие работодатели и организации пытаются создавать культуру, которая может создавать условия для достижения баланса между двумя жизненными сферами.

**Литература**

1. Штроо В.А., Кольцова, Е.А. Worklifebalance, или есть ли жизнь после работы? – Психология в экономике и управлении, 2012, №2. – С. 30-37.
2. Hubbard, A.G. The effect of technology on work-life balance: Women in higher education – MastersTheses, 2016, 98.
3. Моспан, А.Н., Осин, Е.Н., Иванова, Т.Ю., Рассказова, Е.И., Бобров, В.В. Баланс работы и личной жизни у сотрудников российского производственного предприятия – Организационная психология, 2016, №2. – С. 8-29.
4. Research Report: The Impact of Technology on Work/Life Balance – First Psychology Scotland, 2015. – 8 с.
5. Jaspar Weir Three Ways Technology Can Help With Work-Life Balance – Forbes Media LLC, Young Entrepreneur Council (YEC), 2019.

UDK 376.33

**ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДА СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУДЫ ДАМУ****Юсимбаева С.Х.***Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті*

Сын тұрғысынан ойлау бақылау, тәжірибе, толғану және пайымдау нәтижесінде алынған ақпаратты ұғыну, бағалау, талдау және синтездеуде қолданылатын әдіс болып табылады.

Сын тұрғысынан ойлау мәнмәтінді есепке ала отырып, бақылау мен тыңдау арқылы дәлелдер жинастыру және шешім қабылдау үшін талапқа сай өлшемдерді қолдану сияқты дағдыларды дамытуды қарастырады.

Сын тұрғысынан ойлау теріске шығаруды немесе сынды білдірмейді, бұл тұжырымдама негізгі пайымдар мен шешімдер қабылдау үшін әр түрлі тәсілдерді саналы түрде қарастыруды білдіреді. Сын тұрғысынан ойлауға бағыттау әр студент, биліктілерге қарамастан, оқу жоспары аясында өз пікірін қалыптастырады деген тұжырым жасайды. Бұл ашық ойлау, догмаларды қабылдамау, өмірлік тәжірибе туралы жаңа ақпаратты басып шығару арқылы дамиды. Мұны дәстүрлі ойлаудан ерекшелендіретін нәрсесын тұрғысынан ойлау шығармашылық ойлауды дамытудың бастапқы нүктесі болып табылады, олар синтезде, өзара тәуелділікте дамиды. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы оқушыға:

- Басқалармен бірлесе жұмыс жасау шеберлігі;
- Өз біліміне жауапкершілікпен қарау шеберлігі;
- Ақпаратты қабылдаудың тиімділігін арттыру;
- Зерттелетін материалға да, оқу процесіне де қызығушылықты арттыру;
- Өмір бойы үйренетін адам болуға деген ұмтылыс пен қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы мұғалімге:

- Сыныпта ашық және жауапты ынтымақтастық атмосферасын құруға;
- Тәуелсіздіктің дамуына ықпал ететін тиімді әдістер жүйесін қолдануға;
- Студенттерге бір уақытта өз іс-әрекеттерін сауатты талдай алатын практик-аналитик болуға көмектесу;
- Әріптестер үшін құнды ақпарат көзі болуға жағдай жасайды.

Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту үшін технологияны қолдану кезінде жаңа білімді игеру белгілі бір мәселені немесе мәселені шешудің белгілі әдістерімен танысудан басталмайды, бірақ осы нақты мәселені шешу қажеттілігін қалыптастыратын жағдайлар жасаудан басталады. Мақсатқа жету жолында туындаған маңызды сұрақтарға жауап бере отырып, адам жаңа материалды тезірек және терең игере алады.

Сыни ойлауды дамыту технологиясы бірнеше кезеңдерді қамтиды.

Бірінші кезең – қиын. Бұл кезең студенттің берілген тақырып немесе проблема бойынша білімін жаңартып, қорытындылауға мүмкіндік береді; оқылатын тақырыпқа деген тұрақты қызығушылықты оятады, оқушының оқуға деген белсенділігін арттырады.

Екінші кезең – рефлексия. Бұл кезең оқушыға жаңа ақпаратты алуға, оны түсінуге, оны қазіргі біліммен байланыстыруға, жаңа ақпарат пен бұрыннан бар білімге талдау жасауға мүмкіндік береді.

Үшінші кезең – рефлексия. Мұнда бастысы: тұтас түсіну, алынған ақпаратты жалпылау, әр оқушының зерттелетін материалға деген өзіндік көзқарасын қалыптастыру.


Мен «Тиімді оқыту және оқу» бағдарламасымен таныспас бұрын сын тұрғысынан ойлау стратегиясын сабақтарымда қолданып көргенмін. Бірақ көңіл толарлықтай нәтижеге жеттім деп айта алмаймын. Себебі бұл стратегияны өзім де жеткілікті дәрежеде білмейді екенмін. Мысалы мен сабақтарымда сыни тұрғыдан ойлауға тақырып немесе мәтін беріп, тек жеке баланы ғана сөйлеттім. Оған ешкім қосылып немесе қарсы пікір айтпайтын. Демек ешқандай талқылау, пікірталас болмады, диалогтік тәсіл қолданылмады. Ал бағдарламаның бірінші кезеңінен өткеннен кейін жағдай мүлде басқаша болды. Тәжірибе кезеңінде берілген сабақтар әлдеқайда сапалы өтті. Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту мақсатында қолданылған түрлі әдіс-тәсілдер жақсы нәтиже берді. Студенттердің қызығушылығы артты. Осындай сабақтарымның бірі–бірінші курс студенттерімен «Шет тілі» пәнінен «Past Simple» шағын қолдану тақырыбына өткізілген сабақ.

Сабақты амандасқаннан кейін бір студентті тақтаға шығарып кеше не істегені туралы бір сөйлем айтуын сұрадым. Ол: - Yesterday I went shopping.

Қалған студенттер оған: -Where did you go shopping? Who did you go there with? What did you buy there? What time did you go there? How long did it take you to go there? How did you get there? Did you see anybody from our group there? деген сияқты сұрақтар қойды. Бұдан кейін тағы бір студент шықты. Ол да өткен шақта сөйлем айтып, қалғандары сұрақ қойды.

Сөйлем: I watched an interesting film yesterday. Сұрақтар: What kind of film was it? Who were the main characters? How long did it last? How was it called? Was the film in Kazakh? Why did you like it? Бұл жаттығу арқылы біріншіден аудиторияда тілдік орта орнады, екіншіден өткен тақырыпқа рефлексия жасалды.

Сабақтың келесі кезеңінде мозаика тәсілімен студенттерді топтарға біріктірдім.




Бүгінгі сабағымның басты мақсаты – студенттердің өткен шақты қолданып сөйлеу дағдысын дамыту. Мақсатыма жету үшін бұл бағытта түрлі тәсілдерді қолдандым.

Сабақтың негізгі кезеңін тыңдалымнан бастадым. Мәтін «We are millionaires» деп аталады. Тыңдалым үш кезеңнен тұрады. Бірінші кезең тыңдалымға дейінгі жұмыс. Тақтаға мәтіннің аты жазылады. Студенттер мәтіннің мазмұны не туралы болуы мүмкін деген сұраққа өз болжамдарын айтады.

Бұл кезеңде ортақ пікірге келу міндет емес, маңыздысы–білім алушылардың сөйлегені. Әр студент өз идеясын ұсынады. Мерсердің зерттеуіне сәйкес бұл әңгіме - дебат, яғни студенттер бәсекеге қабілетті, басқа адамдардың көзқарасын қабылдауды қаламайды. Орындалған жаттығу студенттердің сын тұрғысынан ойлауының негізгі ерекшеліктерінің бірі–сыңаржақтылықтың болмауын дәлелдеп берді. Ашығырақ айтқанда барлық қорытындыларды бағалау, болжамды көзқарастар мен мүмкіндіктердің барлығын қарастыру.


Мәтін студенттер деңгейіне сәйкес дайындалғандықтан, бірден тыңдау сатысына көштік, бірақ топта кейбір тілге қабілеті нашар студенттердің болуына байланысты мәтін екі рет тыңдалды.



Мәтіннің жалпы мазмұнына түсінген студенттерге үлестірмелі материал таратып, грамматикалық жаттығудың мақсатын түсіндірдім.



Жаттығу мәтінді тыңдау үстінде орындалуы тиіс. Тапсырма: көп нүктенің орнына бұрыс етістіктің өткен шақтағы формасын қою. Білім алушылар тапсырманы орындап болғасын бір-бірінің жұмысын тексеріп, өз жұмыстарының дұрыс екендігін дәлелдеуге тырысты. Бұл жұмыс түрін орындауда жеткен жетістігім студенттердің сын тұрғысынан ойлау арқылы бір-біріне қарсы дау айтып, негізделген дәлел табуында.



Мәтінді студенттердің түсінген түсінбегендігін тексеру үшін сыни тұрғыдан ойлаудың бір тәсілі Блум «түймедағына» сүйеніп қарапайым сұрақтан бастап алты түрлі сұрақ қою арқылымәтінді тереңірек талқылауды ұйғардым. Білім алушылардың бірінші курс және ЭЭ (Электр Энергетика) тобы студенттері екенін ескеріп сұрақты өзім қойдым.

1. When were three friends on holiday in the town of Laraque? (қарапайым сұрақ) - They were on holiday in the town of Laraque in August, 1999.
2. If I'm not mistaken they bought a dirty, old painting of the Virgin Mary, didn't they? (Анықтаушы сұрақ) - Yes, they really bought a dirty, old painting of the Virgin Mary for 1,400 francs.



3. What would you do if you were one of these three friends? (Тәжірибелік сұрақ) - If I were one of three friends I would sell the painting.
2. Why was the painting worth 500,000,000 francs? (Түсіндіруші сұрақ)
3. The painting was worth 500,000,000 francs, because Leonardo de Vinci painted it.
4. What do you think they will do when they sell the picture? (Шығармашылық сұрақ)
- I think they will divide money among them.
- How did the painting of the Virgin Mary differ from others in the market? (Бағалаушы сұрақ) - It was dirty and old.

Сұрақ бірінші топ ішінде талқыланып, жауапты әр топтың көшбасшысы ұсынды. Талқылау барысында байқағаным деңгейі төмен студенттердің берген жауабы тым қысқа да қарапайым. Тіпті сөйлемей отырған бір студентке түрткі болу техникасын пайдаланып, қарапайым сұрақтар беру арқылы оны толығырақ жауап беруге итермеледім. Бұл студенттердің сыни тұрғыдан ойлауы жоғары деңгейде болғанмен, ағылшын тілінде сөйлеу тәжірибелері жеткіліксіз екенін көрсетті. Дегенмен қойылған сұрақтарға жауап беруге тырысып, белсене ат салысты. Әрине көшбасшы барлық жауаптың ішінен мәтін мазмұнына ең жақынырағын таңдады. Осы сәтте тіл дамыту мәселесіне көбірек көңіл бөлуім керек деген ойға келдім. Бұл менің оқыту тәсілдерім туралы сыни тұрғыдан ойлауымның нәтижесі еді.

Сұрақтар талқыланып болғаннан кейін рефлексиялық оқыту тәсілін қолдандым. Бұдан он минут бұрын тыңдалған мәтіндегі барлық деректерді толықтай еске түсіруін өтіндім. Бұл кезде студенттер тиянақты, нақты және жан-жақты болып, топ ішіндегі барлық көзқарастарға көңіл бөлу керектігін ескерттім. Осылайша білім алушылардың сыни тұрғысынан ойлауының негізгі ерекшеліктерінің бірін пайдаландым. Тағы бір міндет бұрыс етістіктердің өткен шақтағы формасын қолдана сөйлеу. Бүгін бұл топ студенттері ерекше талпыныспен жұмыс жасап отыр. Оған түрткі болған, ынталандырған бірнеше топтың ішінен жоспарланған тізбектелген сабағымның бірін осы топпен өтуім. Міне студенттер қызу жұмысқа кірісті.

Ал мен үнсіз жақындап келіп мәтін мазмұнын қысқаша баяндап беруге тиісті студенттің қолына түсті қағаз жапсырып кеттім.



Жұмыс процесін сырттай қадағалап отырдым. Студенттер мәтінді толық естеріне түсіріп, сөйлеуге дайын екендерін білдірді. Әрине оларға мәтінді сыни тұрғыдан талқылап бір шешімге келуге белгілі бір уақыт берілді. Сол уақыт аралығында істелген жұмыс өз нәтижесін берді. Сабақтың соңғы кезеңінде студенттер шеңбер құрып доп лақтыру арқылы бұрыс етістіктердің өткен шақтағы формаларын тағы бір естеріне түсіріп қайталады.



Мәтінді тыңдау, үлестірмелі материалмен жұмыс жасау, сұрақ-жауап, рефлексиялау, топпен сыни тұрғыдан талқылау сияқты оқыту тәсілдерін орынды пайдаланғаннан кейін, студенттердің ағылшынша сөйлеу дағдысы дамып, кері байланыс сәтті өтті. Сыни тұрғыдан ойлау студенттердің өз бетімен білім алуы және оқытушы мен білім алушы жұмысының тиімді болуында маңызды роль атқаратынына көзім жетті.

Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы шет тілі сабақтарында қолданылады және әр оқушы үшін сабақта сөйлеу тәжірибесінің уақытын едәуір арттыруға, топтың барлық қатысушыларының материалды игеруіне, әртүрлі оқу және дамытушылық міндеттерді шешуге мүмкіндік береді.

Мұғалім, өз кезегінде, студенттердің дербес оқу, танымдық, коммуникативті, шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастырушы болады, оның оқу процесін жетілдіруге, студенттердің коммуникативті құзіреттілігін, жеке тұлғасын жан-жақты дамытуға ықпалын тигізеді.

### **Әдебиет**

1. Студентке арналған нұсқаулық. Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрлігі педагог кадрларды даярлайтын жоғары оқу орындарының оқу үдерісінде пайдалану үшін ұсынған. Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2015 - 184 б.
2. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасының негізінде әзірленген педагог кадрларды даярлайтын жоғары оқу орындарының бітіруші курс студенттеріне қосымша кәсіби білім беру бағдарламасы. Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2015 - 44 б.
3. Жоғары оқу орнындағы тәжірибе кезеңінде орындауға арналған тапсырмалар. Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2015 - 16 б.
4. Үлестірме материалдар. Бірінші-екінші апта. Екінші «Бетпе-бет» кезеңі. Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2015 - 84 б.

ӘОЖ 37.01/37.012

## **М.Х. ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНДЕГІ ЖАСТАР ЖЫЛЫНДА ЖАСТАРМЕН ЖҮРГІЗІЛГЕН ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ**

**Жарасбаева Ж.Б., Октябрева Б.Б.**

*М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз*

**Түйіндеме.** Біз үшін биылғы жыл ерекше жыл болғаны баршамызға мәлім. Жастар жылының бастамасы қазақстандық жастардың жан-жақты дамуына, ел болашағының жарқын болуына мол мүмкіндік беруде. Тәрбие жұмыстары жоғары оқу орындарының ең маңызды көкейкесті мәселелерінің біріне жататыны белгілі. Әр жас ұрпақтың арман мақсаттарының орындалуына, олардың бойына білімге негізделген этикалық құндылықтар мен өнер қуатын дарытуға тәрбиелеуге септігін тигізуші, мүмкіндіктер ортасы – біздің іргелі оқу ордамыз ТарМУ-де мемлекеттік саяси және бағдарламалық құжаттарды: «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақалаларын, кезекті халыққа арналған Жолдауларын, Жол карталарында міндеттелген тапсырмаларды, Жастар саясатын іске асыруда, М.Х. Дулати атындағы ТарМУ-нің Даму стратегиясын, тәрбие жұмысының жоспарын ілгерілету мақсатында студенттер арасында түсіндіру, талқылау және насихаттауға бағытталған университеттің академиялық топтарымен тақырыптық, бірыңғай кураторлық сағаттары, түсіндіру жұмыстары, кездесулер, дөңгелек үстелдер, конференциялар мен семинарлар т.б., сонымен қатар оқу жылы бойы университет ұжымы, профессор-оқытушылардың, студент жастардың ұйымдастыруымен атаулы, оқиғалы күндерге орайлас әр-түрлі форматта ауқымды азаматтық-патриоттық, рухани-адамгершілік, эстетикалық, мәдени-көпшілік, құқықтық, салауатты өмір-салты, еңбек тәрбиесі бағыттарында жоғары интеллектуалды деңгейде жергілікті, аймақ және республика көлемінде өткізілген іс-шаралары әлі де жалғасын табуда.

Оқу жылы тарихи сәттермен бастау алып, ТарМУ тарихын кеңінен насихаттаған 60-жылдық еңбектің жемісін атап өтуге арналған үлкен тоймен ұласқан ерекше жыл сан-алуан, ірі-ауқымды, нәтижелі іс-шаралармен жалғасып келеді. 60-жылдық мерейтойға дүние жүзінің түкпір-түкпірнен келген зиялы қонақтарымыз, сондай-ақ оқу жылы барысында ҚР Мемлекеттік хатшысы Гүлшара Әбдіқалықова, ҚР Білім және ғылым министрі Күләш Шамшидинова,

Ә.Дербісәлі, университет ректорлары, өнер-майталмандары және Нұрлан Нығматулин, Бақтияр Артаев, Асқар Мырзахметов, Равиль Төлебаев, шет елден, көрші елдерден келген Вахаб Рахманов, Сергей Шахов, республикалық, облыстық, жергілікті басқару органдарының зиялы өкілдері университетіміздің төрінен көрініп, өз болмыстарымен қуантқаны университет үшін ерекше мақтаныш және жоғары мәртебе.

I. Оқу жылы барысында студенттердің тарихи музейлер мен көрмелерге дәстүрлі мәдени құндылықтарға сый-құрмет білдіруге тәрбиелеуге арналған экскурсиялары, факультеттің және кафедраның атаулы мерейтойларына орай көрмелер, патриотизм, Отансүйгіштік, рухани-адамгершілік, мәдениет сабақтары, библиофреш, әдеби сазды кеш оқырман бенефисі, әдеби дилижанс, PR-акция, флеш бук, букросинг, библиогид, өлкетану сағаты және Студенттік телестудия тарапынан «Туған өлке тарихы» жобасымен Жамбыл облысының тарихи және киелі жерлеріне арналған бірнеше бөлімнен тұратын деректі фильм жасалынып, («Ақыртас; тарих және таным», «Әулиеата өңірінің киелі жерлері» т.б). «Тұлға тағылымы» айдарымен Ә.Дербісәлі, Е.Әлімжан, М.Рысдәулет, М.Қазбек, А.Саттаров, Д. Жамалбекұлы, Б. Әлімтайұлы сияқты әдебиет, білім және ғылым саласының ардагерлерімен телесұхбаттар жасалынып, әлеуметтік желілерде жарияланып, «Рухани жаңғыру» мақаласы аясында «Қазақ жазу және латын графикасы», «100 жаңа есім», «Үш тұғырлы тіл» тақырыптарында бірнеше видеороликтер түсірілді.

II. Университеттегі дәстүрлі іс-шаралардың бірі «22 наурыз Ұлыстың ұлы күні» мерекесі аясындағы 19 наурыз күні «Қамқорлық күні» әлеуметтік ахуалы төмен отбасыларына, көмекке мұқтаж, мүгедек жандарға, тұрмысы төмен отбасыларға қайырымдылық көмек көрсету күніне орай университет ұжымы, факультеттері, құрылымдық бөлімдерінің тарапынан наурыздың 12-30 күндері аралығында «№1 Арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну орталығына», «Үміт» мамандандырылған бөбектер үйіне, «Жамбыл облыстық мүгедектерді оңалту және бейімдеу орталығына», **Өмірлік қиын жағдайдағы балаларды қолдау орталығы» КММ**, «Жамбыл облыстық жасөспірімдер үйінде», «Ақыл ойында кемістігі бар балалар мектеп-интернатына», «Жамбыл облыстық зорлық зомбылық немесе зорлық зомбылық қаупі салдарынан қиын өмірлік жағдайға түскен әйелдерге арналған дағдарыс орталығына», Тараз қаласы «Аналар үйіндегі», №2 Қарттар үйіне «Арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну орталығы» КММ, «№4 Арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну орталығында», «№3 Арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну орталығында» (Қарттар үйі, Қаратау қ.) қайырымдылық апталығы ұйымдастырылып, шамамен 931650 теңге көлемінде қаржы жұмсалды.

III. Бүгінде жастар қоғамның қозғаушы күші ретінде озық идеялармен қаруланып, еліміздің дамып, өркендеуінде жастарға үлкен үміт артылуда. Болашақта ел тізгінін ұстайтын, еліміздің әлемдік деңгейдегі бәсекеге қабілетті, экономикасы дамыған, өркениет көшінен лайықты орын алатын, еліміздің қарқынды дамуына өзіндік үлес қосатын қоғамның негізгі белсенді күші жастар екені сөзсіз.

ҚР «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы (2015 жылғы 9 ақпандағы № 285-V ҚРЗ.), «Қазақстан 2020: болашаққа жол» мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі Тұжырымдамасы және Жамбыл облысында мемлекеттік жастар саясатын іске асырудың 2019-2020 жылдарға арналған Жол картасындағы ұсынылған бағдарламалар мен жобаларды назарға ала отырып, университет жастарының жан-жақты дамуына жағдай жасау, қолдау көрсету, оларды біліммен, жұмыспен қамту, әлеуметтендіру, жасампаздық, шығармашылықпен айналысу және волонтерлікті дамыту мақсатында, Жастар ісі жөніндегі комитеттің құрылымы жаңадан құрылған: «Болашақ сардар», «Гид мектебі» «Саналы ұрпақ», «Нұрлы әлем» т.б. бірнеше жастар ұйымдарымен, жастар қозғалыстарымен қозғалыстарымен ұлғаю үстінде. [3].

IV. Университетіміздің студент-жастар арасында Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасында нақтыланған тапсырмаларға сәйкес діни экстремизмнің алдын-алу, экстремистік идеологияға қарсы иммунитетін қалыптастыру, діни сауаттылықты жетілдіру мақсатында университетпен Жамбыл облысы Дін істері департаменті арасындағы бірлескен екі жақты Меморандумының негізінде дәстүрлі емес діни ағымдардың іс-әрекетінің алдын-алу бойынша жүйелі іс-шаралары: Жастар және дін», «Ғаламтор және дін», «Зайырлық және дін», «Дәстүрлі дін танымы туралы», «Жаңа діни ағымдардың кері әсері» атты бейне-роликтерінің көрсетілімі академиялық топтардың бірыңғай кураторлық сағаттарында ұйымдастырылып, талқыланып, оқу кешендерінде орналасқан электронды киоскілерінде және ақпараттық стенділерінде орналастырылды.

Сондай-ақ оқу жылы барысында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы Серікбай қажы Ораздың Жамбыл облысына іс-сапары барысында ТарМУ-нің студенттеріне арналған кездесуімен бастау алып, оқу жылы бойы республикалық «Терроризмге қарсы

комитеті» оңалту, оқыту-әдістемелік орталығының басшысы Мирхат Мадияровпен, Жамбыл облысы прокуратурасы қызметкерлері, Жамбыл облысы әкімдігінің Дін істері басқармасының дінтанушылары, Жамбыл облысы әкімдігінің Дін істері басқармасының Дін проблемаларын зерттеу орталығының, Жамбыл облысы әкімдігінің «Оңалту орталығының» басшыларының қатысуымен «Ұлттық құндылықтар – жат діни ағымдарға қойылатын тосқауыл», «Жастар және дін: терроризм мен экстремизмнің алды-алу жағдайлары», «Адамгершілік – рухани тәрбиенің маңыздылығы», «Діни-радикалдық ағымдардың ықпалына қарсы тұру – бүгінгі күннің өзекті міндеті», «Қазіргі әлемдегі лаңкестік және діни экстремизмнің қаупі» тақырыптарында студент жастармен және жатақхана студенттерімен кең-ауқымды кездесу, дөңгелек үстел отырыстары өткізіліп, университеттегі діни атрибутикалық киім үлгісін киетін 14 студент қыздың 3-і оқу бітіріп, 1-і оқудан шығып кетуіне байланысты, қазіргі таңда 10 студент қыздармен Тараз қалалық Дін проблемаларын зерттеу орталығының инспекторы Садық Мадина мен университет психологы А.Т.Абдрахманованың тарапынан арнайы «Жеке кеңес беру», «Сұхбаттасу», «Мандала», «Арт» (диагностикалық және психикалық) терапиялары тұрақты жүргізілді.

V. Жастар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, студенттердің құқықтық мәдениетін арттыру мақсатында университет пен Жамбыл облыстық Ішкі істер департаменті Жергілікті полиция қызметі арасындағы ынтымақтастық туралы Меморандумындағы көзделген міндеттерді орындау барысында насихат, түсіндіру, талқылау және жүзеге асыруға арналған жұмыстары тиісті деңгейде жүргізіліп, университет жастарымен, жатақхана студенттерімен облыстық жергілікті полиция қызметі өкілдерінің қатысуымен жастар мен жасөспірімдер арасында жиі орын алатын ұсақ бұзушылықтарға жол бермеу туралы дәрістері оқылды.

Жастар арасында құқықбұзушылықты болдырмау, әлеуметтік осал отбасынан шыққан жастарды қылмыстық құқықбұзушылыққа жол бермеу мақсатында университетімізде оқитын 18 жасқа толмаған –353 студентке, оның ішінде 38-і жатақхана студенттеріне кешкі уақытта жүруге тиым салынатын, т.б. заңдар мен заңнамаларды түсіндіру, психологиялық-педагогикалық көмек көрсету мақсатында «Қылмыстық және қылмыстық іс-жүргізу құқығы» кафедрасының меңгерушісі Қ.Ернишевтің басшылығымен «Кәмелетке толмаған студенттер арасында құқықбұзушылықтың алдын-алу» бойынша іс-шаралар жоспары әзірленіп, лекциялар, дөңгелек үстелдер өткізілді.

Сонымен бірге заң факультетінің білікті оқытушылары студенттерге, магистранттар мен кураторларға құқықтық сауаттылықты арттыру мақсатындағы Жалпы құқықтық оқыту курсы (правовой всеобуч) «ҚР Еңбек кодексінің негізгі ережелері мен М.Х.Дуллати атындағы ТарМУ ішкі еңбек тәртібі, «ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру және құқықбұзушылықтың алдын-алу мен қоғамдық қауіпсіздік туралы заңнамалары» тақырыптарында лекциялар ұйымдастырылды.

Ағымдағы оқу жылы М.Х.Дуллати атындағы Тараз мемлекеттік университеті ректорының басшылығымен жастар арасында құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында, студенттер қауіпсіздігінің маңыздылығын ескере отырып, университет ректоры М.Н. Сарыбеков және Жамбыл облысы ІІ Департаментінің бастығы, полиция полковнигі Арман Оразалиевтің қатысуымен гидроқешені аумағында полиция тірек пункті салтанатты түрде ашылып, шараның өту барысында «Әскери» кафедра құрамындағы «Бүркіт» полициямен бірлескен студенттік отрядының ұрыс тәсілдерінің көрнекі қимылын, саптық әдіс-тәсілдер мен сапта қару-жарақпен жүріп өту үрдісін көрсетіп, саптық ән орындады.

Алдағы уақытта «Әскери» кафедрамен бірлескен екі жақты жоспарға сәйкес отряд студенттері участок инспекторларына студенттік қалашықта және гидро қешені аумағында қоғамдық тәртіпті қорғауға көмек көрсету бойынша жұмыстары жүргізілетін болады. Департамент бастығы тарапынан университет басшылығына тірек пунктін ашуға көрсеткен көмегі үшін, мұндай маңызды шараға аса көңіл бөлініп, болашақта өзара ынтымақтастықта тиісті жұмыстар атқарылатынына сенімін білдіріп, алғысын жеткізді. Студенттердің өмірі мен қауіпсіздігін сақтау және ішкі тәртіпті бақылау мақсатында, университеттің оқу кешендерінде және студенттік жатақханаларында профессорлық-оқытушылар құрамы тарапынан бекітілген кестеге сәйкес жүйелі түрде кезекшілік, күзет қызметкерлерінің кіру-шығу режимін қадағалау жұмыстары ұйымдастырылып, барлық оқу кешендері мен студенттік жатақханаларында бейнебақылау камералары орнатылған.

Университетімізде «Қазақстандағы адам құқықтарын қорғаудың ұлттық және халықаралық тетіктері» атты оқыту семинар-тренингі ҚР Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссиясы, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы, Нұр-Сұлтандағы бағдарламалар офисі және Жамбыл облысы әкімдігі аппаратымен университет бірлесе ұйымдастырған семинарға университет басшылығы, оқытушылар, студент жастардың қатысты.



Жоғарыда аталған жүйелі, тұрақты жұмыстар мен іс-шаралардың нәтижесінде қазіргі таңда студент жастар арасында айтарлықтай қоғамдық тәртіп күшейтіліп, жылдан-жылға құқықтық сауаттылықтары артып келуде.

VI. Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігі Жамбыл облысы бойынша департаментімен университетіміз арасындағы ынтымақтастық туралы Меморандумын және Жамбыл облысы ЖОО сыбайлас жемқорлыққа қарсы Хартиясын назарға ала отырып, оқу жылы барысында Республикалық Агенттік пен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен бірлескен университеттің академиялық топтарындағы студенттердің қатысуымен «Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу бірыңғай сағаты» атты республикалық акциялары өткізіліп, іс-шараларға жергілікті БАҚ-ы, облыстық «Жамбыл», «77TV» телеарналары мен ғаламторларда (ақпараттық агенттіктер және әлеуметтік желілердегі тікелей эфир қосылуымен) жаппай жарияланып агенттіктен берілген плакаттар және басқа да материалдар университеттің «Болашаққа жемқорлықсыз» онлайн-порталына орналастырылды.

Жолдау аясында 2018 жылдың 10 желтоқсан күні Республикалық агенттік төрағасының орынбасары Айгүл Шайымова мен ҚР білім және ғылым вице-министрі Бибігүл Асылвананың қатысуымен университеттің студент жастарымен еркін форматтағы кездесуі ұйымдастырылып, кездесу барысында Айгүл Шайымова мен Бибігүл Асылова университет жастарымен еркін байланыс орнатып, өскелең ұрпақ бойында адалдық пен адамгершілік қасиеттерін арттыру, жемқорлықсыз қоғам қалыптастыру бағытында жастармен келелі әңгіме сұхбат жүргізіп, жиында «Жастар жылына» қойылған үлкен міндеттер, жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі рөлі кеңінен талқыланды.

Сонымен қатар 2019 ж. 17 сәуір күні Нұр-Сұлтан қаласында Республикалық Агенттік пен Қазақ гуманитарлық заң университетінің ұйымдастыруымен «Адал жастар – еліміздің гүлденуінің кепілі» атты сыбайлас жемқорлықты алдын-алу мәселелеріне арналған форумға біздің университеттен «Саналы ұрпақ» клубының жетекшісі А.Қадырқұлов және Студенттік парламент мүшесі И.Сардарова қатысып, дәл осы уақытта университет ректоры, жергілікті департамент, басқарма басшылары, оқытушылар және «Саналы ұрпақ» клубының мүшелері ТарМУ-да он-лайн режиміндегі көрсетілімді тамашалап, талқылап өтті. Аталмыш форумның өткені бойынша университеттің «Саналы ұрпақ» фронт-офисінің жетекшісі А.Қадырқұловтың ұйымдастыруымен №2 студенттік жатақханада «Саналы ұрпақ – елдің жарқын болашағының кепілі!» тақырыбында Жамбыл облысы «Адалдық алаңы» жобалық офисінің басшысы Қайрат Меклисов, Жамбыл облысы әкімі аппараты ғылыми-сараптамалық қолдау бөлімінің өкілі Қуат Жылқыбековтің қатысуымен ашық семинар-дискуссия өткізілді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының 17-бабына сәйкес әзірленген 2018 жылғы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндама Президентпен мақұлданып, Республикалық агенттіктің ресми сайтына және агенттіктен келген тапсырмаға сәйкес университеттің ресми сайтына жарияланып, университет ректорының және Жамбыл облысы бойынша департаментінің басшысы Р.Қ.Төлебаевтің қатысуымен аталған заңның 22-бабына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз құзыреті шегінде Ұлттық баяндаманың қорытындылар мен ұсыныстарын талқылау жөнінде студент жастармен кездесуі өткізіліп, бірлескен екі жақты іс-шаралар алдағы уақытта жалғасын табатын болады. Сонымен бірге Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Республикалық «Саналы ұрпақ» жобалық кеңсесінің жетекшілігімен ТарМУ-де ағымдағы 2019 жылдың мамыр айында «Саналы ұрпақ» фронт-офисі ашылып, қазіргі таңда жобалық офисі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру, білім беру ұйымдарының ашықтығы, академиялық адалдық, білім беру саласындағы заңнамасына талдау жүргізу, ақпараттық қолдау бағыттары бойынша жұмыс атқаруда.

2019 жылдың 28-29 мамыр аралығында университеттің базасында «ISO енгізу агенттігі» ЖШС-нің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі» атты курсы ұйымдастырылып, курсты интеграцияланған менеджмент жүйесінің бас кеңесшісі Бандуро Анатолий Владимирович жүргізді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы «ҚР Заңының талаптарын зерделеуді қамтитын, Қазақстанның және шет елдердегі білім беру мекемелерінде қолдану тәжірибесі, іс-қимыл жоспарын, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалаудың цифрланған әдістемесін зерттеу бар оқыту курстарын қалыптастыру мақсатындағы оқыту курсына М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеттің әкімшілік-басқару персоналынан – 72 қызметкер, профессор-оқытушылар құрамынан – 94 оқытушы және 2-3 курстың студенттік бақылаушылар тобынан – 24 студенттер қатысты. [1-2].

VII. Университетте күндізгі бөлімде оқитын қаладан тыс, алыс аймақтардан келген студенттерге 804 орынға арналған 3 жатақханадан орын Мемлекеттік білім ұйымдарының жатақханалардағы орындарды бөлу қағидаларына (ҚР Білім және Ғылым Министрінің 2016

жылғы 22 қаңтардағы №66 бұйрығы) «Жоғары оқу орындарында оқитындарға жатақхана беру» мемлекеттік қызмет Стандартына және Жатақхана ережесіне сәйкес ұсынылып келеді. Студенттерді жатақханаға орналасу кезінде әр студентке «Жатақханада тұратын студенттердің міндеттері мен құқықтары» екі тілде түсіндіріліп, оларға жеке-жеке әр студенттің қолына нұсқау (памятка) беріліп, студенттерге Жатақханада тұру қауіпсіздігін сақтау мақсатында өртке қарсы бағытталған іс-шаралар кешені жүзеге асырылып, студенттердің тұрмыстық жағдайлары мейлінше жақсартылған. Студенттер үйінің тұрғындары ғаламтор ресурстарын қалыпты қолдану және спорттық-мәдени іс-шаралармен айналысу мүмкіндіктеріне ие. Студенттер жатақханаларында оқытушылар кезекшілік міндеттерін атқарып, Студенттік кеңестері мен Студенттік старосталарының да жұмыстары ұйымдастырылып, студенттердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында №1, 2, 3 жатақханаларының кіре берісінде (фойе), дәліздерінде, аула сырттарында бейне-бақылау (камера) құрылғылары орнатылған.

Жатақхана студенттері уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында түрлі патриоттық, рухани, салауатты өмір салтын, құқықбұзушылықтың алдын-алу, еңбек тәрбиесін насихаттайтын іс-шаралары ұйымдастырылуда.

VIII. Университет бойынша 2018-2019 оқу жылында кураторлық жұмысқа – 487 академиялық топқа – 331 куратор, сондай-ақ әр факультет бойынша аға кураторлары бекітіліп, оқу жылы дәстүрлі түрде университет ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор М.Сарыбековтің бірінші курс студенттеріне арналған «М.Х.Дулати бабамыздың өмірі өнегесі, танымы, тағылымы» атты лекциясы және қоғамдық лекцияларымен басталып, тәрбие жұмысының кешенді жоспарына сәйкес, атаулы, оқиғалы, тақырыптық және бірыңғай кураторлық сағаттары өткізіліп, топ кураторларына «Психология және педагогика», «Қазақстан тарихы» кафедралары және «Дулатитану» ғылыми-зерттеу орталығының тарапынан дайындалған «Ұлы дала мәдениеті: жастардың азаматтық-рухани қалыптасуындағы М.Х.Дулати мұрасының маңызы»; «Информационно-методический материал к проведению открытия года молодежи 23 января 2019»; «Студент-жастардың арасында суицидтік әрекетін алдын-алу жұмыстары»; «Қазақстан Республикасының гендерлік саясаты және оның ұлттық салт-дәстүрі» тақырыптарында қазіргі жастардың рухани әдептілік тәрбиесіне көңіл бөліуде, студенттердің көркемдік мәдени бағытын, талғамын және эстетикалық білімін, Отансүгіштік, патриотизм қабілеттерін арттыруға бағытталған топ кураторларының жұмысына пайдалануға арналған әдістеме-құралдары қолданысқа берілді.

Университеттің Даму стратегиясында көрсетілген міндеттер мен мақсаттардың бірі кураторлардың кәсіби білімін жетілдіруге арналған «Кураторлар мектебі» курсы бекітілген бағдарламаға сәйкес Кәсіби даму және карьера орталығы, «Психология және педагогика» кафедрасы және тәрбие бөлімімен бірлесе ұйымдастыруымен білім, өнер, мәдениет қайраткерлерімен, құқық қорғау органдары өкілдерінің, дін істері, салауатты өмір салтын қалыптастыру және жастар саясаты басқармалары өкілдерінің, университеттің белгілі түлектерінің қатысуымен кезекті халыққа Жолдаулары, «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың- жеті қыры» атты мақалалары, «Мәңгілік ел» идеясы, «Ұлт жоспары - 100 нақты қадам», Жол карталарындағы тапсырмалар, ҚР Заңдары мен заңнамаларындағы өзгертулер мен толықтырулар және т.б. бағдарламалық құжаттарды түсіндіру, талқылауға бағытталған лекцияларымен қамтылды.

Кураторлық жұмыстың сапасын бағалау мақсатында әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі бөлімнің ұйымдастыруымен дәстүрлі «Үздік куратор» конкурсының ережесіне сәйкес ағымдағы 2019 жылдың 10.05 – 25.05.2019ж. аралығында кураторлар тарапынан үміткер қатысушылардың тізімі жасақталып 2019 жылдың 30 мамыр күні байқау өткізілді. Байқауға университеттің 1-4 курс академиялық топтарының 22 кураторы өтініш білдіріп, оның ішінде 16 кураторы сайысқа түсіп, байқау нәтижелі жүлделі орындармен қорытындыланып, үздік жеңімпаздар ақшалай сыйақымен марапатталған болса, қатысқан 11 кураторға ректордың алғыс хаттары табысталды.

IX. Сонымен бірге ҚР Президентінің 2016 жылғы 15 қаңтарда №176 қаулысымен бекітілген ҚР денсаулық сақтауды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған "Денсаулық" мемлекеттік бағдарламасын орындау мақсатында университет пен Жамбыл облыстық АИТВ/ЖИТС (адамның қорғаныш тапшылығының қоздырғышы/жүре пайда болған иммунитет тапшылық синдромы) алдын-алу бойынша бірлескен кешенді іс-шаралар жоспары және "Даримет" медициналық орталығымен бірлескен келісім-шарт негіздерінде Салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған студенттермен арнайы профилактикалық тексеру жұмыстары тұрақты жүргізілуде.

Оқу жылы барысында «Нашақорлық – ХХІғ. дерті!», «Маскүнемдік пен нашақорлық – қылмыстар мен оқиғалардың, ВИЧ инфекциясын жұқтырудың көзі», «Есірткісіз өмір», темекі тарту, ішімдік және басқа да психикалық белсенді зиянды заттарды қолдану мәселесі бойынша арнайы «нарколог», «психолог» мамандардың қатысуымен кездесулер жүйелі ұйымдастырылып, оқу жылы барысында технологиялық, гидро медициналық кабинеттерінде студенттік жатақханаларда университет студенттеріне, арнайы қыздарға арналған медициналық профилактикалық тексеру бойынша ашық есік күндері тұрақты өткізіліп келеді.

Х. Университетте студент жастар арасында бұқаралық спорт түрлерін және салауатты өмір салтын насихаттауға арналған спорттың 28 түрі бойынша секцияларына 1190 студент қамтылған. (жалпы оқитын студенттер санынан 18% құрайды), Студенттер секцияларға қатысуда арнайы ұйымдастырылатын спартакиадалар мен үлкен тәрбиелік әлеуеті бар мемориалдық турнирлерде әдіс-тәсілдерін қолданудағы шеберліктерін шындауға мүмкіндік алады.

Соңғы жылдарда университетіміздің студент спортшылары қалалық, облыстық, республикалық және дүниежүзілік жарыстарда 145 жүлделі орындарды иеленіп, университет қоржынын жеңіспен толықтыруда. Әрине біз үшін бұл мәртебе, әлбетте мақтаныш.

Сондай-ақ дене шынықтыру мен спортты насихаттау мақсатында 2014 жылдан бері университет қабырғасында Street workout – көше спорты түрі студенттер арасында кеңінен қолдауға ие болып, кез-келген алаңдарда, кез-келген уақытта еркін айналысатын көше спортының жұмысы жастар арасында күннен-күнге даму үстінде. "Street work out" спорттық қозғалысы салауатты өмір салтын насихаттап, жастардың арасында кеңінен таралып, оны қазіргі заманның трендіне айналдыру үрдісінде. Біздің студент-воркаутерлер оқу жылының басынан бері "Тәні саудың – жаны сау" ұранымен темекі, нашақорлық, ішімдік дерттерге қарсы түрлі акцияларын және облыстық, қалалық, университет жарыстарын ұйымдастырып, жеңімпаздар қатарынан көрінуде.

Университетте жастарды әлеуметтендіруге басымдық танытылып, оларды жұмыспен қамтуға бағытталған Студенттік еңбек жасақтарының штабы араға жылдар салып, бірлікті де белсенді түрде жазғы еңбек маусымының даңқты дәстүрін жалғастырып, жұмысын үйлестіріп, аймағымызда «Ең үздік» жасақ қатарында тек жоғары сатыларда көрініп, жеңімпаз аталынып келуде. Биылғы 2019 жылы кезекті еңбек маусымында жұмыс жасауға 335 студент өтініш білдіріп, медициналық тексеруден 299 студент жарамды болып танылып, оның ішінде 103-і оқу төлем ақыларынан жеңілдік алатын студенттер қатарынан болды. Сонымен қатар "Жасыл Ел" қозғалысының негізінде "Жасыл қала - Жасыл ауыл" жалпыұлттық жобасын жүзеге асыру мақсатында бүгінде «Жасыл Ел» еңбек жасақтары қала аумағындағы тазалау, абаттандыру, көгалдандыру, көріктендіру жұмысына 84 студент жұмылдырылды. [1-2].

Мұхаммед Хайдар Дулати бабамыздың – тәрбие адамды ақылдыққа адамгершілікке үйретеді, адамгершілік пен ақыл-ой тәрбиенің алғашқы ұғымдарын енгізеді – деген нақыл сөзін санамызға бейімдеп, болашақ Елдіміздің патриот жастарын тәрбиелеу жолында талмай еңбектенейік.

### **Әдебиет**

1. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы Жолдауында 2019 жыл – Жастар жылы деп жариялан құжаты.
2. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы СЫНДАРЛЫ ҚОҒАМДЫҚ ДИАЛОГ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ МЕН ӨРКЕНДЕУІНІҢ НЕГІЗІ атты (2 қыркүйек 2019 ж.).
3. ҚР Мемлекеттік Жастар саясаты туралы Заңы (09.02.2015г. №285V).
4. ЖОО-ның профессор-оқытушылар құрамы мен студенттеріне арналған әдістемелік құралдары: 1. Ұлы дала мәдениеті: Жастардың азаматтық-рухани қалыптасуындағы М.Х.Дулати мұрасының маңызы.
5. Қазақстан Республикасындағы гендерлік саясат және оның ұлттық салт-дәстүрмен байланысы.
6. «Студент-жастардың арасында суицидтік әрекетін алдын-алу жұмыстары» кураторларға арналған әдістемелік нұсқау.
7. Информационно-методический материал к организации медиа-компании к проведению открытия года молодежи (23.01.2019г.).

## EVALUATING THE EFFECTIVENESS OF INFORMATION MEASURING SYSTEMS SALT FORMATION

**Umbetov U.U., Omirbayuly D.**  
*M.Kh.Dulaty Taraz State University, Taraz*

In this paper we consider the measurement system and its components, information systems of salt formation, provided the stages of designing measurement systems for oil salt formation, considered microprocessors control systems, as well as the communication channel.

The testing of finished products requires a considerable investment of both time and money, and the complexity of the tests, despite the advances in the field of creation of automated test equipment, is constantly growing.

The most important condition for the testing of pipelines is their unity, under which understand the reproducibility limits established in the normative-technical documentation (NTD) tolerances results of tests performed by the developer, manufacturer, supplier and consumer products.

In the system of ensuring the uniformity tests include: measuring and testing equipment, Metrology and testing, standards, regulatory requirements to methods and means of testing.

Development of production technology, the complexity of scientific research has led to the need for simultaneous measurement, control and analysis of several tens, hundreds and thousands of options at the same time. All this gave impetus to the creation of the most sophisticated automatic systems of measurement, testing and control oil production

Finding the optimal variant of the IMS or the determination of its effectiveness is a complex task, as it requires consideration of a large number of characteristics of the object of salt formation and IMS oil related complex dependencies.

Consider various criteria for evaluating the effectiveness of the system. Performance evaluation of object

In the process control four possible outcomes, which are incompatible events and are illustrated in table. 1.

**Table 1 - Status of the control object**

Object condition	The result of the control	Designation of the control	The probability of obtaining the result
Fit	Fit	$A_1$	$P_1$
Fit	Bad	$A_2$	$P_n$
Bad	Bad	$A_3$	$P_2$
Bad	Fit	$A_4$	$P_u$

The probabilities **P1** and **P2** describe the correct assessment of the object. Probability Pn and Pn characterize incorrect assessment of the state of the object and are, respectively, the probability of false and undetected failure.

In the future we will consider the denial of the elementary stream of failures.

The conditional probability of the health of the i-th uncontrolled scale parameter equal to its conditional probability of failure-free operation, which will be denoted by , where r is the number of the scan:

$$P_{0i/i-1}^{(r)} = \exp(\lambda_{pi/i-1} - \lambda_{xi/i-1}e), \tag{1}$$

where is the conditional failure rate for the  $i$ -th parameter, respectively, in the working and non-working States; and  $t$  respectively of the working and non-working time for the  $i$ -th parameter of an object to some point after its  $r$ -th test.

Under the conditional failure rate  $(\lambda)$  and the conditional probability of health understand the meaning of these values for any parameter, based on the fact that you have defined the appropriate values for any of the other related parameters.

With a small dependence of the controlled parameters or approximate calculations can be considered unconditional probability of health.

The conditional probability of the health of the  $i$ -th controlled channel

$$P_{i-1}^{(r)} = D_i^{(r)} P_{\delta i/i-1}, \quad (2)$$

where  $P$  is the conditional probability for the  $i$ -th monitored parameter;  $D$  is the reliability of the  $r$ -th check and adjust the  $i$ -th parameter of the object.

$$P_{\delta i/i-1} = \exp(-\lambda_{pi/i-1} \tau_{pi} - \lambda_{xi/i-1} \tau_{xi}), \quad (3)$$

where  $\tau_{pi}$  and  $\tau_{xi}$  are respectively the working and non-working time for the  $i$ -th parameter of the object to the time  $\tau$  after verification.

The overall probability for the health of the object after its  $r$ -th check and adjust

$$P^{(r)} = \prod_{i=1}^{n_1} D_i^{(r)} \prod_{i=1}^{n_1} P_{\delta i/i-1} \prod_{i=n_1+1}^n P_{\delta i/i-1}, \quad (4.4.4)$$

where  $n$  is the total number of parameters characterizing the performance of the object;  $n_1$  is the number of controlled parameters.

In general, the reliability of the  $r$ -th check and adjust the  $i$ -th controlled parameter of an object depends on the probability of undetected and those of false rejections, which when configuring become undetected failures. Let us denote the last probability for the  $i$ -th parameter  $P_{\lambda \rightarrow \delta i}$

Then

$$D_i^{(r)} = 1 - P_{\delta i}^{(r)} - P_{\lambda \rightarrow \delta i}^{(r)}, \quad (5)$$

The higher the probability of a correct evaluation of the object, the more effective the IMS. In general, the average time monitoring and adjustment of the  $j$ -th object type can be expressed by the formula

$$\bar{T} = \bar{T}_z + \sum_{i=1}^{\gamma} T_{cci} \sum_{i=1}^{n_1} (\tau_{0i} + T_{\kappa i}) \sum_{i=1}^{n_1} (\tau_{0i} + T_{\kappa i}) + \sum_{i=1}^{n_1} P_{ci} T_{nni} \sum_{i=1}^{m_i} (\tau_{0\delta i} + \bar{T}_{\delta i} + T_{pi}) P_{ci}, \quad (6)$$

where,  $\bar{T}_z$ ,  $\bar{T}_{cci}$ ,  $\tau_{0i}$ ,  $T_{\kappa i}$ ,  $T_{nni}$ ,  $\tau_{0\delta i}$ ,  $\bar{T}_{\delta i}$ ,  $T_{pi}$  - the values of the components of the control object; - the average ready time of the control system;  $\bar{T}_{cci}$  - self-test of the  $i$ -th channel;  $\gamma$  - the number of self tests;  $\tau_{0i}$  the number of self tests;  $n_1$  is the number of controlled parameters that determine the performance of the object;  $T_{\kappa i}$  - time control of the  $i$ -th parameter;  $R$  is the number of blocks of the control system;  $\bar{T}_{yi}$  - repair of  $i$ -th block of the control system;  $q_{ai}$  - the probability of failure in the  $i$ -th block of the control system;  $T_{nni}$  - time verification of the  $i$ -th parameter;  $P_{ci}$  - total probability to recognize good option is worthless ( $P_{ni}$ ) fit parameter fit( $P_{2i}$ );  $m_i$  is the number of monitored parameters for localization of a fault on the  $i$ -th parameter of the object, determining its efficiency; - the time to wait before checking the  $i$ -th parameter localizing a fault;  $\tau_{0\delta i}$  - wait time before checking the  $i$ -th parameter localizing the fault;  $\bar{T}_{\delta i}$  - the average time of failure;  $T_{pi}$  - repair correctly or falsely rejected devices.

Naturally, the smaller the time control of the object, the more effective operation of the IMS.

The average cost of a monitoring system of  $C$  is based on the total costs of its development and operation

$$C = C_p + C_o, \quad (7)$$

where  $C_p$  is the cost of development and production systems;  $C_s$  - the cost of its operation. in his turn

$$C_p = b_p C_{\text{оп}} \left( \frac{1-P_0}{1-P} \right)^{\mu_{\text{оп}}}, \quad (8)$$

where  $b_p$  is the coefficient defined in the production process,  $0 \leq b_p \leq 1$ ;  $C_{\text{оп}}$  value of a simple control system when the initial probability of failure-free operation of  $P_0$ ;

$C_{\text{оп}} \left( \frac{1-P_0}{1-P} \right)^{\mu_{\text{оп}}}$  - cost advanced IMS with regard to the additional costs for achieving a given probability of failure-free operation.

Under other equal conditions, the control system is better than less.

The efficiency of IMS  $\mathcal{E}_1(t, \tau)$  can be expressed by the entropy of the object used without IMS and

$$\mathcal{E}_1(t, \tau) = \frac{\sum_{i=1}^{n_1} [H_{0i}(t, \tau) - H_i(t, \tau)]}{\sum_{i=1}^n H_{0i}(t, \tau)} \frac{C_u(t, \tau)}{C_p(t, \tau)}, \quad (9)$$

where  $H_{0i}(t, \tau)$  is the entropy of the  $i$ -th parameter of the object without IMS;  $H_i(t, \tau)$  is the entropy of the  $i$ -th parameter of the object with the IMS;  $C_p(t, \tau)$ ,  $C_u(t, \tau)$  is the value of the real and the ideal control processes.

$H$  - state function of a thermodynamic system, which changes  $dH$  in the equilibrium process is equal to the ratio of a quantity of heat  $dQ$ , communicated to the system or removed from it, to the thermodynamic temperature  $T$  of the system.

